



# ҚАЗАК ӘДЕБИЕТІ

Қазақстан Республикасының әдебиет, мәдениет және өнер апталығы

«Біріңді, қазақ,  
бірің дос,  
Көрмесең,  
істің бәрі бос!»

12+



№30-31 (3976-77), 1 тамыз, 2025 жыл

1934 жылы 10 қаңтардан шыға бастады

www.qazaqadebieti.kz

## «АБАЙ – БІЗДІҢ РУХАНИ ТІРЕГІМІЗ, АҚЫЛ-ОЙЫМЫЗДЫҢ ТЕМІРҚАЗЫҒЫ»

Ғұлама Абай –  
қазақ  
топырағынан  
шыққан  
әлемдік  
деңгейдегі  
кемеңгер.  
Ол күллі адам-  
зат баласына  
ақыл-ойдың  
жемісін  
сыйлады...  
Абай мұрасы –  
біздің  
ұлт болып  
бірлесуімізге,  
ел болып  
дамуымызға  
жол ашатын  
қастерлі  
құндылық.

Қасым-Жомарт  
ТОҚАЕВ  
Қазақстан  
Республикасының  
Президенті



### Абай ҚҰНАНБАЙҰЛЫ

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қиыннан қиыстырар ер данасы.  
Тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыр келсін айналасы.

Бөтен сөзбен былғанса сөз арасы,  
Ол – ақынның білімсіз бейшарасы.  
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Бұл жұрттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі аят, хадис – сөздің басы,  
Қосарлы бәйітмысал келді арасы.  
Қисынымен қызықты болмаса сөз,  
Неге айтсын пайғамбар мен  
оны Алласы.

Мешіттің құтпа оқыған ғұламасы,  
Мүнәжәт уәлилердің зар наласы.  
Бір сөзін бір сөзіне қиыстырар,  
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің-ақ бар таласы,  
Сонда да солардың бар таңдамасы.  
Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын  
Қазақтың келістірер қай баласы?

Бұрынғы ескі биді тұрсам барлап,  
Мақалдап айтады екен, сөз қосарлап.  
Ақындары ақылсыз, надан келіп,  
Көр-жерді өлең қыпты жоқтан қармап.

Қобыз бен домбыра алып топта сарнап,  
Мақтау өлең айтыпты әркімге арнап.  
Әр елден өлеңменен қайыр тілеп,  
Кетірген сөз қадірін жұртты шарлап.

Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап,  
Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап.  
Жат елде қайыршылық қылып жүріп,  
Өз елін бай деп мақтар Құдай қарғап.

Қайда бай мақтаншаққа барған таңдап,  
Жиса да, бай болмапты,  
қанша малды ап.  
Қазаққа өлең деген бір қадірсіз,  
Былжырақ көрінеді солар даңдақ.

Ескі бише отырман бос мақалдап,  
Ескі ақынша мал үшін тұрман зарлап.  
Сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел,  
Сендерге де келейін енді аяндап.

Батырды айтсам, ел шауып алған талап,  
Қызды айтсам,  
қызықты айтсам қыздырмалап,  
Әншейін күн өткізбек әңгімеге  
Тыңдар едің әр сөзін мыңға балап.

Ақыл сөзге ынтасыз, жұрт шабандап,  
Көнгенім-ақ соған деп жүр табандап.  
Кісімсінген жеп кетер білімсіз көп,  
Жіберсем, өкпелеме, көп жамандап.

Амалдап қарағайды талға жалғап,  
Әркім жүр алар жердің ебін қамдап.  
Мақтан қуған,  
малқұмар нені ұға алсын,  
Шықпаса мыңнан біреу талғап-талғап.

Мал жиып арамдықпен ұрлап-қарлап,  
Қусың десе, қуанып жүр алшандап.  
Қақса-соқса бір пайда түсе ме деп,  
Елдің байын еліртіп «жау мұңдалап».

Ынсап-ұят, ар-намыс, сабыр, талап,  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.  
Терең ой, терең ғылым іздемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабап.

(Жалғасы 2, 18-беттерде)

Суретті салған: Л.В.ПАК



\*\*\*

Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
 Ұстарасыз аузыңа түсті мұртын.  
 Жақсы менен жаманды айырмадың,  
 Бірі – қан бірі – май боп енді екі ұртын.  
 Бет бергенде шырайың сондай жақсы,  
 Қайдан ғана бұзылды сартша сыртың?  
 Ұқпайсың өз сөзіңнен басқа сөзді,  
 Аузымен орақ орған өңкей қыртың.  
 Өзімдікі дей алмай өз малыңды,  
 Күнді күлкің бұзылды, түнде ұйқын.  
 Көрсеқызар келеді байлауы жоқ,  
 Бір күн тыртың етеді, бір күн – бұртың.  
 Бас-басына би болған өңкей қықым,  
 Мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқың?  
 Өздерінді түзелер дей алмаймын,  
 Өз қолыңнан кеткен соң енді өз ырқын.  
 Ағайын жоқ нәрседен етер бұртың,  
 Оның да алған жоқ па Құдай құлқын?  
 Бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ,  
 Сапырылды байлығың, баққан жылқын.  
 Баста ми, қолда малға талас қылған,

Л.П. Леонтьев. Абай Семей қаласының кітапханасында, 1954



Олжас  
 СҮЛЕЙМЕНОВ,  
 Қазақстанның  
 Еңбек Ері,  
 мемлекет және  
 қоғам қайраткері



## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰСТАЗЫ

Абай – қазақ халқының ұстазы. Өйткені ол өзінің замандастарына қарағанда көп нәрсені түсініп, алдағыны болжай білді. Абай дүниеге өз көзімен қарап, көргені мен сезгенін жалтақтамай айтқан. Ақынның шығармалары бүгін де өзектілігін жоғалтқан жоқ. Абайдың қара сөздеріндегі ой-тұжырымдары баршамазға қашан да рухани азық бола алады. Алайда біз оның айтқандарын әлі де толық орындамай келеміз. Бүгінде біз оның «басқа халықтармен дос болып, оларды құрметтесен, сіздің халқыңызға құрмет көрсетіледі» деген ойын жүзеге асырдық. Дегенмен, Абайдың егіншілікпен айналысу туралы өсиетіне құлақ аспадық, көшпенділік дәстүрден бас тартпадық. Соның салдарынан 30-жылдары қазақ халқының 2/3 бөлігі немесе 3/4 бөлігінен айырылды. Егер олар ХХ ғасырдың басынан бастап егіншілікпен айналысса, өлімнен құтылар еді. Қаншама ұлы адамдар кетті. Олардың қатарында болашақ ғалымдар, ұлы суретшілер бар болатын. Олар ұстазы Абайға бағынбады. Болашақ ұрпақ осындай қателіктерге бой алдырмау үшін біз бүгін Абайға қайта қайырылып отырмыз.

# «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес...»

Күш сынасқан күндестік

бұзды-ау шырқын.  
 Оналмай бойда жүрсе осы қыртың,  
 Әр жерде-ақ жазылмай ма,  
 жаным, тырқын?  
 Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,  
 Қыр артылмас болған соң, мінсе қырқын?  
 Тиянақсыз, байлаусыз байғұс қылпың,  
 Не түсер құр күлкіден жыртың-жыртың.  
 Ұғындырар кісіге кез келгенде,  
 Пыш-пыш демей қала ма ол да астыртын?

\*\*\*

Өлсе өлер табиғат, адам өлмес,  
 Ол бірақ қайтып келіп, ойнап-күлмес.  
 «Мені» мен «менікінің» айрылғанын  
 «Өлді» деп ат қойыпты өңкей білмес.  
 Көп адам дүниеге бой алдырған,  
 Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.  
 Өлді деуге сыя ма, ойландаршы,  
 Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?  
 Кім жүрер тіршілікке көңіл бермей,  
 Баки қоймас фәнидің мінін көрмей.  
 Міні қайда екенін біле алмассың,  
 Терен ойдың телміріп соңына ермей.  
 Дүниеге дос, ақиретке бірдей болмас,  
 Екеуі тап бірдей боп орныға алмас.  
 Дүниеге ынтық, мәңшарға амалсыздың  
 Иманын түгел деуге аузым бармас.

\*\*\*

Адаस्कанның алды — жөн, арты — соқпақ,  
 Оларға жөн, арамның сөзін ұқпақ.  
 Қас маңғаз, малға бөккен кісімініп,  
 Өсте жоқ кеселді істен биттей қорықпақ.  
 Бір аршопке шапаны сондай шап-шак,  
 Мүшесінен буынып, басады алшак.  
 Қас алдына жымырып келтірем деп,  
 Ақ тымақтың құлағы салтақ-салтақ.

Жаздықүні ақ бөркі бүктелмейді,  
 Қолында бір сабау бар, о-дағы аппақ,  
 Керегеге сабауды шаншып қойып,  
 Бөркін іліп, қарайды жалтақ-жалтақ.  
 Тірі жанға құрбы боп жап-жасында-ақ,  
 Қалжындамақ, қасынбақ, ыржандамақ,  
 Бет-аузын сөз сөйлерде жүз құбылтып,  
 Қас кермек, мойын бұрмақ, қоразданбақ.  
 Осындай сидуаң жігіт елде мол-ақ,  
 Бәрі де шаруаға келеді олақ.  
 Сырын түзер біреу жоқ, сыртын түзеп,  
 Бар өнері — қу борбай, сымпыс шолақ.  
 Олардың жоқ ойында малын бақпақ,  
 Адал еңбек, мал таппақ, жұртқа жақпақ.  
 Жалғыз атын терлетіп, ел қыдырып,  
 Сәлемдеспей, алыстан ыржан қақпақ.

## Қыс

Ақ киімді, денелі, ақ сақалды,  
 Соқыр, мылқау, танымас тірі жанды.  
 Үсті-басы ақ қырау, түсі суық,  
 Басқан жері сықырлап, келіп қалды.  
 Дем алысы — үскірік, аяз бен қар,  
 Кәрі құдан қыс келіп, әлек салды.  
 Ұшпадай бөркін киген оқшырайтып,  
 Аязбенен қызарып ажарланды.

“**Өлеңдерінен көрініп тұрғандай, Абай асқақ поэтикалық қуаттың иесі, қазақ халқының мақтанышы болды. Абай сияқты халықтың рухани творчествосын осыншама жоғары көтерген қазақ ақыны әлі кездескен жоқ. Оның жылдың төрт мезгіліне арналған (көктем, жаз, күз, қыс) тамаша жырлары оны Европаның атақты ақындарының қатарына қосар еді.**

Әлихан БӨКЕЙХАН

Бұлтай қасы жауып екі көзін,  
 Басын сіліксе, қар жауып, мазанды алды.  
 Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда,  
 Алты қанат ақ орда үй шайқалды.  
 Әуес көріп жүгірген жас балалар,  
 Беті-қолы домбығып, үсік шалды.  
 Шидем мен тон қабаттап киген малшы,  
 Бет қарауға шыдамай, теріс айналды.  
 Қар тепкенге қажымас қайран жылқы  
 Титығы құруына аз-ақ қалды.  
 Қыспен бірге тұмсығын салды қасқыр,  
 Малшыларым, қор қылма итке малды.  
 Соныға малды жайып, күзетіндер,  
 Ұйқы өлтірмес, қайрат қыл, бұз қамалды!  
 Ит жегенше Қондыбай, Қанай жесін,  
 Құр жібер мына антұрған кәрі шалды.

## Күз

Сұр бұлт түсі суық қаптаиды аспан,  
 Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.  
 Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,  
 Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан.  
 Жасыл шөп, бәйшешек жоқ бұрынғыдай,  
 Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай.  
 Қайыршы шал-кемпірдей түсі кетіп,  
 Жапырағынан айрылған ағаш, қурай.  
 Біреу малма сапсиды, салып иін,  
 Салбыранқы тартыпты жыртық киім.  
 Енесіне иіртіп шуда жібін,  
 Жас қатындар жыртылған жамайды үйін.  
 Қаз, тырна қатарланып қайтса бермен,  
 Астында ақ шомшы жүр, ол бір керуен.  
 Қай ауылды көрсен де, жабырқанқы,  
 Күлкі-ойын көрінбейді, сөйіл-серуен.  
 Кемпір-шал құржан қағып, бала бүрсен,  
 Көңілсіз қара суық қырда жүрсен.  
 Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,  
 Үйде ит жоқ, тышқан аулап, қайда көрсен.  
 Күзеу тозған, оты жоқ елдің маңы,  
 Тұман болар, жел соқса, шаң-тозаны.  
 От жақпаған үйінің сұры қашып,  
 Ыстан қорыққан қазақтың құрысын заңы.

\*\*\*

Біреудің кісісі өлсе, қаралы — ол,  
 Қаза көрген жүрегі жаралы — ол.  
 Көзінің жасын тыймай жылап жүріп,

Зарланып неге әнге салады ол?

Күйеу келтір, қыз ұзат, тойынды қыл,  
 Қыз таныстыр, қызыққа жұрт ыржаншыл.  
 Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,  
 Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл?  
 Бала туса, күзетер шілдехана,  
 Олар да өлең айтар шулап жаңа.  
 Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,  
 Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара.

Туғанда дүние есігін ашады өлең,  
 Өлеңмен жер қойнына кірер денен.  
 Өмірдегі қызығың бәрі өлеңмен,  
 Ойлансаңшы бос қақпай елең-селең.

Өлеңді айтпақ түгіл, ұға алмайсың,  
 Айтсаң да ұлдасынан шыға алмайсың.  
 Сен білмейді екен деп айтпасың ба,  
 Неге мұнша сіресіп құп алмайсың?

Өлең деген — әр сөздің ұнасымы,  
 Сөз қосарлық, орайлы жарасымы.  
 Сөзі тәтті, мағынасы түзу келсе,  
 Оған кімнің ұнасар таласуы?

Қарны тоқ қас надан ұқпас сөзді,  
 Сөзді ұғар, көкірегі болса көзді.  
 Қадірін жақсы сөздің білер жанға  
 Таппай айтпа оған да айтар кезді.

Сый дәмепте, берсе алма еш адамнан,  
 Нен кетеді жақсы өлең сөз айтқаннан?  
 Сүйенерлік адамды құрмет қыл,  
 Аулақ бол әнін сатып нәрсе алғаннан.

Көп топта сөз танырлық кісі де аз-ақ,  
 Ондай жерде сөз айтып болма мазақ.  
 Біреуі — олай, біреуі — бұлай қарап,  
 Түгел сөзді тындауға жоқ қой қазақ.

Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
 Өлені бірі — жамау, бірі — құрау.  
 Әттең дүние-ай, сөз таныр кісі болса,  
 Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау.

Мақсұтым — тіл ұстартып, өнер шашпақ,  
 Наданның көңілін қойып, көзін ашпақ.  
 Үлгі алсын деймін ойлы жас жігіттер,  
 Думан-сауық ойда жоқ әуел баста-ақ.

\*\*\*

Жүрегім, ойбай, соқпа енді!  
 Бола берме тым күлкі.  
 Көрмейсің бе, тоқта енді,  
 Кімге сенсең — сол шикі.  
 Жетім қозы — тасбауыр,  
 Түңілер де отығар.

Сорлы жүрек мұнша ауыр,  
 Неге қатты соқтығар?  
 Сенісерге жан таба алмай,  
 Сенделеді ет жүрек.  
 Тірілікте бір қана алмай,  
 Бұл не деген тентірек?  
 Жоқ деп едің керегің,  
 Топ жиып ең бір бөлек.  
 Кезек келер демедің,  
 Ендігі керек қай керек?

(Жалғасы 18-бетте)

Сұлтан РАЕВ,  
 ТҮРКСОЙ  
 халықаралық  
 ұйымының Бас  
 хатшысы



## ТҮРКІ ДҮНИЕСІНІҢ ОРТАҚ ҚУАНЫШЫ

**Құрметті бауырлар!**

Ұлы ақын, ойшыл және ағартушы Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойы — бүкіл түркі дүниесінің ортақ қуанышы әрі мәдени-рухани маңызы зор тарихи белес.

Абай — қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі әлемінің рухани кеңістігінде өзіндік орны бар тұлға. Оның шығармаларынан терең парасат, адамгершілік пен даналық аңғарылады. Ол — өз заманының озық ойлы перзенті ғана емес, келешек ұрпаққа бағыт-бағдар беретін рухани шамшырақ.

ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымы ретінде біз Абай мұрасын түркі халықтарының ортақ игілігі ретінде жоғары бағалап, оның 180 жылдығына арналған түрлі мәдени, ғылыми іс-шаралар ұйымдастырып отырмыз. Бұл — ұлы ойшылға деген құрметіміз бен тағзымымыздың көрінісі.

Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп» деген ұлағатты сөзі біз үшін әрдайым темірқазық болып қала бермек. Бұл қағида — түркі елдері арасындағы бірлік пен достықты нығайтудың рухани негізі.

Ұлы ғұлама Абай Құнанбаевтың 180 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтай отырып, оның мол мұрасы жас ұрпаққа өнеге мен тәрбие кезі бола беретініне сенім білдіреміз.



Биыл қазақ ойын жаңа арнаға салып, дәуірдің бұрылыс кезеңін жасаған дала данышпаны Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толды. Бұл еліміз бен халқымыз үшін айтулы дата, маңызды мерекенің бірі. Себебі қазақ өркениеті бүгінде Абайға дейін және Абайдан кейін деп сараланады. Дәуірлерді жіктеген данышпанның тойы туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған жаңажылдық құттықтау сөзінде «Ұлы Абайдың 180 жылдық мерейтойын лайықты атап өтуіміз керек» деп арнайы тапсырма берген болатын.



**Берік УӘЛИ, Абай облысының әкімі**

# АБАЙ ТОЙЫ – ЕЛ МЕРЕЙІ

Абай – қазақ халқы ескі мен жаңаның өткелінде тұрған алмағайып дәуірде туған, ұзақ заманалар бойы Ұлы Даланы ең жайлаған халықтың еркі өзінен кетіп, «болу мен бордай тозу» сұрағын өзіне шарасыз қоюға мәжбүр болған шақта өмірге келген кемеңгер. Халықты қасіреттен арашалайтын ерен тұлғалар осындай қиын шақта өмір есігін ашатынын әлемдік тарихтан жақсы білеміз. Абай арқылы қазақ халқы жаңа ой көкжиегіне көтерілді әрі әлемге қосар үлесіміз, философиялық тұжырымымыз мол екенін көрсетті. Абай біз үшін ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан айтқандай, «Тағдырдың өзі сыйлаған сом алтын». Ұлттың потенциалы осындай тұғырлы тұлғаларымен көрінеді. Себебі әлемнің өзге халықтарды данышпандары арқылы танып, солардың күллі әлемге шуақ шашқан сәулелі ойлары мен сапалы туындылары арқылы қабылдайтыны ежелден орныққан, дәстүрге айналған аксиома. Осы тұрғыдан келгенде, хакім Абайды ұлттың паспорты деуге толық негіз бар.

Абай мұрасының кемелді салаларының бірі, ұлттық танымның ұстынына айналуы тиіс тұғырлы дүние – толық адам ілімі. Бұл адамның рухани кемелденуін үш негізде, атап айтсақ, ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек сынды үш айнымас темірқазыққа байлайды. Хакім айтатын «қашық болуға тиісті бес нәрсе, бойға сіңірілген «бес асыл іс», «атаның емес, адамның баласы болу», «адамзаттың бәрін бауырым деп сүйю» осының бәрі де осы ізгі ілімнің тараулы жолы, танымдық негізі. Түптеп келгенде, бұл тұжырымдар қазақ дүниетанымын жүйелеп, түркі ғұламаларының «жүрек ілімімен» тамыры ұштасып жатқан ұлттық кодты бекітетін жаңа ілім, ұлттық ойды өзгеше ағынға бастаған жаңа арна болатын.

Бүгінгі заманауи тәрбиенің, саясаттың, экономиканың, дін мен ғылымның мәнін тереңнен қозғап, қыры мен сырын жүрек құпияларынан іздейтін бұл тұрпаты бөлек таным, шындығында, адамзаттық тұтастыққа негізделген ұлы идея. Бұл ілім арқылы хакім адам мен қоғам арасындағы байланысты, мемлекеттің тірегі – әділетке жаны құштар азамат, пайымы парасатқа табан тірейтін саналы тұлғаның қалыптасуын, тіпті ұлттық өркениеттің болмысын жаңаша сипаттайды.

Сөз басында дәуірдің бұрылыс кезеңі дейтін себебіміздің бірі осы болса, енді бірі хакім өзінің сүйікті ұлы Әбішті жоқтауында:

*«Жаңа жылдың басшысы – ол,  
Мен ескінің арты едім.  
Арман деген ащы сол,  
Сүйекке тиді, қарт едім», –*  
деп толғанады. Өзінің заман бұрылысында тұрғанын, алда жаңа кезең келе жатқанын ишаралайды. Бұл тұрғыдан мемлекет басшысының «Біз Абайды XIX ғасырда өмір сүріп, XXI ғасырдың сөзін сөйлеген данышпан ретінде әлемге танытуымыз керек. Сонымен қатар оны ұлттық сананы жаңғыртуға зор ықпал еткен рухани реформатор ретінде

**77** **Қазақтың бас ақыны – Абай (шын есімі Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ!**

**Ахмет БАЙТҰРСЫНҰЛЫ**

дәріптеуге міндеттіміз» деген толғамды тұжырымының Абайдың өз таныммен тамырлас, пайымымен үндес шыққанын айтуымыз керек.

Сондай-ақ қазақ ойын жаңа арнаға түсірген Абай өзін «ескінің арты едім» дейді. Жаңаның басын өзінен кейінгі буыннан, Әлихан Бөкейхан мен Ахмет Байтұрсынұлдарының замандасы Әбдірахманнан көріп отыр. Бұл да хакімнің бір даналығы, келер заманды оймен болжап отырған көрегендігі болса керек. Алда қазақ ренессансының атойшылары Алаш қозғалысының сойы бөлек, сом алтын тұлғалары келе жатыр еді. Абай үміт артқан, Абай сенген осы буын қазақтың ең алғашқы білім жүйесін, ғылымын, терминологиясын, тіл ғылымы мен әдебиет теориясын қалыптастырды. Мемлекетшілдіктің негізін қалады. Бұл Абай арнаға түсірген қазақ ренессансының шарықтау шегі болатын.

Абай қазаққа, өзі туған, өзі ержеткен ортаға жаңа сұрақ қойды. Оған дейінгі сұрақтардың дені дидактикалық танымға негізделіп келсе, хакім сұрақты өзгертті: адам деген не, адам не үшін өмір сүреді, билік пен байлықтың мәні қандай, Адам болып өмір сүру мен адамзат болып тірлік етудің ерекшелігі қандай деген сұрақтарға жауап іздеді. Заманды жаңа сұрақ өзгертеді. Сұрағы жаңармаған қоғам жаңармайды. Абай қазақ қоғамына ғана емес, адамзатқа ортақ сұрақтарды көп қойды. Өзіне сұрақ қоя алған адам

– жанашыл адам. Оның кез келген кара сөздері мен жырларынан біз өте өзекті сұрақтарға жолығамыз. Әсіресе «Отыз сегізінші кара сөзіндегі» сұрақтар талай оқымыстылардың жауап іздеп, Абаймен сұхбаттасуына себеп болып келеді. Абаймен сұхбаттасқан адамның адасқаны жоқ. Ал Абаймен мұңдасқан, Абаймен сырласқан, ойымен дос, ниеттес болған адам – бақытты адам. Абай – «Абай» яки «Абай шығармалары» деген кітаптардың авторы ғана емес, ол – тірі адам, ол сенің жаныңда, рухыңда, болмысыңда күнделікті өмір сүрсе, онда сенің ғұмырыңның текке өтпегені, зая кетпегені. Еліне қызмет етем деген адам Абайдан алыстаса, оның бізге қойған сұрақтарына мән бермесе, одан жалтарса, түптің түбінде опық жеуі бек мүмкін. Абаймен ауыра білу керек. Оны кие тұту – оның кемел ойларынан цитата келтіру емес, оны оқуда емес, оның идеясымен өмір сүру деп ойлаймын. Абайды оқымай, оның идеясына үңіліп, қағидаларымен өмір сүрмей кеткен уақытымызды ойласақ, опынуды, өкінуді үйренейік.

Бұл әрбір қазақстандыққа қаратылған сөз екенін аңғарып отырған боларсыздар.

Хакімнің туғанына 180 жыл толуын мерекелеу – Абай рухына тағзым ғана емес, Абайды жаңа қырынан танып, оның мол рухани байлығынан тағылым алатын елдік мейрам, ұлттық толғам болуы тиіс. Себебі неміс жұрты үшін Гете, қытай халқы үшін Конфуций қандай құрметті болса, біз үшін Абай сондай. Ол «Адамзаттың бәрін сүй» деген деғдар гуманизмді, «бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесен, істің бәрі бос» деген ұлттық бірегейлікті өсиет еткен данышпан. Үндінің ұлы деғдары Рабиндранат Тагор: «Адамзат мәдениетінің тарихына жалғыз да болса дара данышпан тудыру арқылы үлес қоспаған ұлттың – өркениетті заманда өмір сүруге хақы жоқ», – деген. Бұл тұрғыдан әр қазақ әлем ақыл-ойына Абайдай бірегей тұлға сыйлағаны үшін кеуде керіп мақтануға хақылы деп ойлаймыз.

Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толған мерейлі мерекені ел болып атқару баршамыздың перзенттік парызымыз. Себебі Абай тойы – ұлттың рухани түлеуінің өзегі, қазақтың жоғалтқанын қайта тапқан, ұмытқанын қайта еске салған тарихи белес. «Той тойламақ не керек?» дейтін бықсыма пікірді өрбітіп отыратын да адамдар жетерлік. Мұндайда орыс тарихшысы В.О.Ключевскийдің: «Данышпан адам әрбір ұлтқа қажет! Оның мерейтойын өткізу – ұлттық қажеттілік. Ұлының жүрегіне үңіле отырып, біз ұлтымыздың өткенін талдаймыз, бүгінгі күніне баға береміз, сондай-ақ күні ертенгі даму болашағымыздың бағдарын анықтап, шешім қабылдаймыз» деген сөзі еске түседі.

Абай тойы елдің рухани өмірін серпілтіп қана қоймай, әлеуметтік тұрғыдан да өңірге пайдасын тигізіп, жұрт есінде қалар өнегелі шара болуы тиіс. Хакім тойына дайындық барысында осы түйінді басты назарға алғанымыз жөн.

Қазақта «жақсы өкенің аруағы қырық жыл азық» деген дана сөз бар. Абай тойының өңірімізге ең басты сыйлығы – Мемлекет басшысының қолдауымен басталған «Абайға құрмет» акциясы. Хакімнің тойында еліміздің әр өңірі жаңадан құрылған облысымызға бір нысаннан салып беретін болды. Қазір кейбір өңірлер құрылысты бастап жатса, жалпы барлық аймақ бүгінде қандай сыйлық жасайтынын жариялап үлгерді. Атап айтсақ, Маңғыстау «Достық үйін», Шымкент шығармашылық орталығын, Түркістан көрме орталығын, Астана жайлы мектеп,

Ақтөбе жекпе-жек орталығын, Павлодар облысы үстел теннис орталығын, Шығыс Қазақстан Ертіс жағажайын жасап беруге ниеттеніп отыр. Өзге өңірлер де хабарласып, ықылас-ниеттерін білдіріп жатыр.

Бұл жолы Абай тойы 10 күндік ретінде өтпек. Облыс орталығы Семей қаласында басталған дүбірлі тойдың түйіні 9–10 тамызда кіндік жұрт Жидебай-Қарауылда тарқайды. Абай тойы ең алдымен той тойлайтын емес, ой ойлайтын басқосу болмағы лазым екенін барша жұрт айтады. Мерейтой тек сахналық мереке ғана емес, ұлтқа пайдалы мұра қалдыратын нақты жобалар кезеңі де болуы тиіс. Бұл тойдың бедерінде елге игілікті біраз шаруа атқарылды. Той тарап, әбігер басылған соң да ел игілігіне қызмет ете беретін дүниелер жасауды мұрат еттік.

180 жылдық құрметіне «Абай-Шәкәрім» кесенесі аумағында «Этно ауыл Жидебай» кешені бой көтереді. Абай ауданының тумасы, меценат Бектас Медғатовтың бастамасымен жүзеге асатын, 60 гектар аумақты қамтитын кешен өңірдегі туризмді дамытып, рухани-мәдени мұраны дәріптеп, Жидебайды халықаралық туристік бағыттардың біріне айналдыруға қызмет етері сөзсіз. Жыл бойы жұмыс істейтін кешенде киіз үйлер мен бунгало үлгісіндегі қонақүйлер, этно-SPA орталығы, қоғамдық тамақтану орындары бар. Сондай-ақ ипподром, хайуанаттар бағы, конференц-зал, тимбилдингке арналған арнайы аймақтар, электромобильдерді қуаттау стансылары мен қымыз құю желісі қызмет етпек. Бұл – дүбірлі тойдан кейін де ел игілігіне қалатын дүние.

Сонымен қатар Жидебай мен Бөріліде антенна-дінгекті құрылғы орнатылып, инернет қосылады. Демек, Абай тойы қарсаңында Абай ауданы 100 пайыз инернетпен қамтылады. Облыстық бюджет есебінен жүзеге асатын бұл жұмыс туристер ең көп келетін қасиетті орынның ғана емес, аудан жұртшылығының қажеттілігін өтеп, ел игілігі үшін қызмет ететін болады.

Сондай-ақ Абай мұрасын толық бір интернет платформаға жинақтап, осы кезге дейінгі абайтанудың барлық қазыналары мен Абай төңірегіндегі барлық мәліметтерді топтастырған «Абай академиясы» порталы іске қосылады. Бұл ізденушілер үшін ең ауқымды академиялық алаң болмақ. Бұлар көптеген мәдени іс-шаралар мен салтанатты кештерден, хакім құрметіне шығып жатқан кітаптар мен ғылыми конференциялардан бөлек атқарылып жатқан шаруалардың бір парасы ғана.

Қысқасы, Абайдың мұрасы – ұлттық өркениетіміздің ең биік шыңы. Әдебиет, театр, кино, музыка, бейнелеу өнері – бәрі де Абай рухында жаңа биікке көтерілуі тиіс. Абай идеяларын үнемі заманауи платформаларда насихаттау біздің міндетіміз. Бүгінгі ұрпақ хакімнің мерейлі датасын тойлап қана қоймай, оның идеяларын іске асыруға, оны өмір сүру дағдысына айналдыруға ұмтылуы керек. Сонда ғана бұл той нағыз ел мерейі болмақ.

Бүгінде ұлттық идеологияда Абай идеялары басты орынға қойылып, Абай ауданы мен Семей қаласының символдық маңызы артты. Семей бірнеше ғасырдан бері ұлттық ойдың бастауы, ұлттық өркениеттің ең мәнді нүктесі болып келе жатқаны белгілі. Абай, Алаш арыстары – бәрінің негізі рухани орталығы осы ескі шаһар болғаны бүгінде барлық отандастарымыз үшін мақтаныш. Абайдың туған өлкесі – Жидебай мен Шыңғыстау бірте-бірте әлемдік зиярат орнына айналып келеді.

Сөз соңында әйгілі испан ғалымы, кезіндегі ЮНЕСКО бас директоры Федерико Майордың «Абай – заманалар есімін өшіре алмайтын дана» деген байламы ойға оралып отыр. Иә, Шыңғыстаудың бауырында туып, даналықтың шыңына шыққан хакім Абайдың есімін ешқандай уақыт дауылы, заман құйыны өшіре алмайды. Абайдың рухы қазақ халқының өркениетінің өзегі, біздің дамуымыздың қозғаушы күші болып қала бермек.



шексіз сүйетін жас ұрпақтың рухани азығына айналды. Бүгінгі таңда Абайды білмейтін біреуді көрсек, құбыжық көргендей шошына қарайтын болдық.

Қазантөңкерісіне дейін және кеңес өкіметі орнағаннан кейін ұлы ақынның шығармашылығын бұқара халыққа жан-жақты таныстыруда біздің сол кездегі зиялыларымыз Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Кәкітай Ысқақұлы, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Міржақып Дулатов, Нәзір Төреқұлов, Мағжан Жұмабаев, Самат Әбішұлы, ағайынды Белослюдовтар, Смағұл Садуақасов, т.б. зиялы азаматтар белсене ат салысты.

Семейде 1918 жылы шыға бастаған «Абай» журналында ақын шығармаларын зерттеген және ғажайып талантына тәнті болған мақалалар мен оның өлеңдері, қара сөздері жиі шыға бастады.

Әсіресе «Екеу» деген бүркеншік атпен жарияланған Абай өмірі мен шығармашылығы туралы танымдық-зерттеу мақалалары оқырмандарды елен еткізді. Бұл «Екеу» қазақтың енді таныла бастаған қос таланты Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов еді.

Жиырмамыншы жылдары Абай шығармашылығын терең түсініп қолдайтын Мұхтар Әуезовті қоршаған зиялылар көп еді, 1937 жылы Мұхтар Әуезовтен басқа ешкім қалған жоқ.

Алайда ұлы Абайдың шығармашылығын қызғыштай қорғау жолында өзінің терең білімі мен дарқан дарынының, парасаты мен асқан зиялылығының арқасында қарсыластармен жалғыз өзі табанды күресе білген, ұлы Абайдың шығармашылығы мен биік тұлғасын халқына қайта алып келген де Мұхтар Әуезов болатын.

Кеменгер жазушы, қайтпас қайсар күрескер ұлы тұлға Мұхтар Әуезов ұлы Абайдың шығармашылығын зерттеп, талдаған ғылыми мақалалар мен монографиялар, көркем эпопеялар жазып қана қойған жоқ, біртуар тұлғаның қоғамдағы орнын белгілеп берді. Басқа еңбегін айтпағанның өзінде Абайдың өмірбаянын төрт рет қайта жазғаны неге тұрады?!

Ол тұңғыш рет Абай өмірбаянын 1933 жылы, содан соң 1940 жылы, одан соң 1944 жылы жазып, ұзақ жыл жарияламай, ең соңында 1950 жылы жазған соңғы нұсқасын салыстыра оқығанда, осы төрт нұсқаның өзіне жазушының қаншама жылдарын сарп етіп, дер кезінде айтарын айта алмай қиналғанын аңғару қиын емес.

Мұхтар Әуезов — Абайтану ғылымының негізін салушы ғана емес, осынау жан-жақты ғылымды толыққанды жасаушы ғұлама.

Егер кеменгер Мұхтар Әуезов болмаса, біз Абайды дәл осылай таныр ма едік, танымас па едік.

Егер ұлы суреткер Мұхтар Әуезовтің қолымен «Абай жолындай» ғажайып эпопея

**Бексұлтан НҮРЖЕКЕ-ҰЛЫ,**  
жазушы,  
Мемлекеттік сыйлықтың иегері



## ӨШПЕЙТІН СӨЗ, ӨЛМЕС ӨСИЕТ ҚАЛДЫРҒАН

Осы күнгі ұрпақ Абайды мақтайды, оның өлеңдерінен, қара сөздерінен мысал, үзінді келтіреді. Бір қарағанға, Абайды білетін, сыйлайтын адам болып көрінеді. Бірақ Абайды олай алыстан сыйламау керек. Шын мәнінде Абаймен өмір сүру керек, айтқанын жүзеге асыру керек. Міне, нақ осы тұрғыдан алғанда, Абай бізге бүгін де қол жетпейтін алыс. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым» деп бодандықтағы халқының жағдайына күйзеліп, болашағына алаңдаған, өркениетті ел болып, өсіп-өркендеу үшін ғылым, білім, өнер үйренуді, етектен тартар мінез-құлықтан арылуды үндеген Абай өсиеті бізге бағдарлам болу керек.

Абай қазақпен бірге өмір сүрді, жақсысына сүйініп, жаманына күйінді. Сол күйініші сын болып, жанға батыра айтты. Бұл — халқын жақсы көруден, жанашырлықтан туған еді. Бір-екі мысал келтірейін. «Таласып босқа, жау болып досқа, Қор болып, құрып барасын» дейді ақын. Дұшпаны мен досының кім екенін ажырата алмаған еліне осылай айта келіп, «өкінер уақытың болды ғой» деп қорытады. Сұмдық айтылған, бар мен жоқтың арасында тұрсын, осылай жалғастыра берсен құрысын деген, бүгін де мәнін жоғалтпаған сөз. Бірақ оның мән-маңызын түсініп, тереңіне бойлай қойған жоқпыз. Сөйтіп отырып, Абайды айтқан боламыз, білімді, мықты болып көрінеміз.

Тағы былай дейді: «Жасымда ғылым бар деп ескермедім, Қолымды мезгілінен кеш сермедім, Баламды медресеге біл деп бердім, қызмет қылсын, шен алсын деп бермедім». Тәуелсіздігіміз жарияланғалы беріде қаншама қазақ мектебі ашылды. Иә, мақтанамыз, дегенмен сол мектептердегі білім, тәрбие жағдайы қалай? Он бір жыл оқып, мектеп бітірген түлектер қазақ тілінде емін-еркін ойын жеткізуді айтпағанда, өз өмірбаянын айтып бере алмайды. Сонда бұл қандай білім, қандай мектеп, осыны ойлаған кім бар? Абай жасымда ескермей, қолымды кеш сермедім деп өкініп, бізге ескертіп отыр емес пе. Ал біз ұл-қыздарымыздың қазақ тілінде терең білім алғанына емес, ағылшынша, орысша, қытайша білгеніне мақтанамыз. Бұл Абайды сүйе ме, оның өсиетіне адалдық осы ма?..

«Өсек, өтірік, мақтаншақ, еріншек, бекер мал шашпақ — бес жаман іс, білсеңіз» дейді тағы Абай. Бұдан 180 жыл бұрын айтылғанымен, осынау бес жаманнан әлі арыла алмай келеміз. Абайды айтамыз, оқып-білген боламыз, мақтанамыз, ал шындығына келгенде ақын даналығына бойламақ түгілі, мінез-құлқымыздағы жамандықтарды жөндеуге мойынсұнбадық. Ақынның өзі айтпақшы, құр мақтаннан не пайда. Сөзде бар, ділімізде жоқ. Халқының өркениетті болашағы үшін өшпейтін сөз, өлмес өсиет қалдырған Абайды өмірге араластыруымыз керек, Абаймен өмір сүруіміз керек. Сонда ұлт сақталады, ұлт сақталған жерде Абай да бар, ертеңіміз де бар.

## Мереке ҚҰЛКЕНОВ,

Қазақстан Жазушылар одағы Басқармасының төрағасы,  
Ұлттық Құрылтай мүшесі

# ҰЛТ РУХЫНЫҢ МӘНГІЛІК КӨКЖИЕГІ

«Абайды қазақ баласы түгел танып,  
теіс білуі керек».  
Ахмет Байтұрсынұлы

**Әдебиетіміздің негізін қалаған бірінші кірпіш — Абай сөзі, Абай ойы боларға керек. Абайға дейін қазақ қолға алып, оқырлық, шын мәнінде, қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Бәлкі мұнан кейін, Абайдан үздік ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жұлдыз — Абай!**

Міржақып ДУЛАТҰЛЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлттық Құрылтайдың IV отырысында: «Абай — біздің рухани тірегіміз, ақыл-ойымыздың темірқазығы. Оның мұрасы — ұлттық құндылықтарымыздың алтын арқауы. Біз Абайды ұлықтау арқылы өзімізді, болмысымызды тереңірек танимыз. Сондықтан Абай институтын Конфуций, Гёте, Сервантес сияқты әлемдік мәдени-ағарту орталықтарының үлгісінде дамыту — маңызды міндет», — деп атап өткен еді.

Бұл — ұлы Абайдың рухани мұрасын жаһандық деңгейде танытып, мәдени ықпалдастықты күшейтудің стратегиялық бағыты. Осы мақсатта Сыртқы істер министрлігіне, «Отандастар» қорына және Мәдениет және ақпарат министрлігіне шетелдерде осындай Абай орталықтарын ашу бойынша жұмыстарды жалғастыру тапсырылды.

Аллаға шүкір дейік, мемлекет басшысының өзі ұлы Абайдың шығармаларын бүкіл әлемге кеңінен танытып, насихаттап, шетелдерде Абай орталықтарын ашуға тапсырма беріп жатса, қалай қуанбайсың!

Ойлап қарасаң, қазақтың Абайды білгеніне бір ғасыр, ал терең зерттеп, оқи бастағанына 80 жыл ғана уақыт өтіпті-ау! Кеңес өкіметі орнағаннан кейін біз, қазақтар асыл ойымыз, кеменгер ғұламамыз Абайдың рухани мұрасынан айырылып қала жаздағанымыз тарихи шындық қой.

Сонау өткен ғасырдың 10—20-жылдарын еске алайықшы. Абайдың қайтыс болғанына 10 жылдығын атап өтуді қолға алып, күллі қазаққа ұлы ақынның өмірі мен ақындық өнерін кеңінен таныту мақсатында ертерек қамданған «Қазақ» газеті болды. Газеттің бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлов «Қазақтың бас ақыны» деген мақала жазып, елді дүр сілкіндірді. Ал Міржақып Дулатов өзінің Абай туралы мақаласында былай деп еді: «Абайдың өлген күнінен қанша алыстасак, рухына сонша жақындармыз. Халық ағарар, өнер-білімге қанар. Сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...»

Бабамыздың айтқаны пайғамбардың сөзіндей дәл келді, жылдар, ғасырлар өткен сайын біздер — ұлы ақынның ұрпақтары оған жақындап келеміз. Оның ойлы өлеңдері мен парасатты қара сөздері — халқын

Екеудің «Абай» журналында жарияланған «Абайдың ақындық өнері хәм қызметі» және «Абайдан соңғы ақындар» деген мақалалары Абайдың қара сөздері мен аудармаларына терең талдау жасаған зерделі дүниелер еді. Бұл мақалалар болашақ ұлы жазушы Мұхтар Әуезовтің кейінгі жазатын ғылыми монографиялық еңбегі мен «Абай жолы» эпопеясына апаратын алтын соқпақ еді.

Бәрі осылайша өз жолымен, жүйелі басталып келе жатқандай әсерде еді. Бірақ кеңес үкіметі бұндай мазмұнды сара бағытқа келіспейтінін көп кешікпей аңғартты.

Бәрі Сәбит Мұқановтың «Қара тақтаға жазылып жүрмендер, шешендер!» деген Абай туралы жазылған мақаласынан басталды. Міне, осы сын мақаладан кейін ұлы ақын шығармасын бағалауға арналған ой-пікірлер екіге жарылып, таптық сипат алып, қарама-қарсы екі бағытта дами бастады. Пролетариаттық бағыттағы сыншылардың пікірі «Абайдың шыққан тегі — феодалдық, үстем тап өкілі, сондықтан оның шығармалары кеңес өкіметінің идеясына қайшы келеді, оны мүлде насихаттамау керек» дегенге саяды. Қазақстанда Абай шығармаларына үрейлене қарап, өре тұру Орталық большевиктер партиясының ұстанған бағыты болатын. Өйткені бұл кезең большевиктер партиясының тап күресі, пролетариат диктатурасы туралы өз идеяларын қалың бұқараға сіңіруге кіріскен кезең еді. Қоғамды тапқа бөліп, жана пролетариат мәдениетін жасауға ұмтылу ақыры тұрпайы социологиялық танымға алып келді. Біздің көптеген ақын-жазушыларымыз солардың шылауында кетті. Кетіп қана қойған жоқ, Абай шығармаларын халыққа жеткізуге елеулі кедергілер жасады.

жазылмағанда, Абайды бүкіл әлем таныр ма еді, танымас па еді. Үлкен сұрақ. Әрине, Абай туралы шығармалар әлі талай жазылар, бірақ «Абай жолының» жөні бөлек қой.

«Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла...» деген хәкімнің жұмбағын шешу — ұрпақтың рухани міндеті. Абайды құр жаттап қана қою жеткіліксіз — Абайша ойлау, Абайша сезіну, Абайша әрекет ету — ұлтқа серпін беретін бағыт. Ұрпақты Абаймен тәрбиелеу — елдігімізді мәңгі ету жолындағы рухани кепіл деп айтар едім.

**Биылғы мереке — осы асыл мұраны ардақтау мен оны жаһандық деңгейде дәріптеуге бағытталған тарихи кезең. Бұл мерейтой бір ғана тарихи датаның айналасында өтпеуі керек. Біз үшін бұл рухани реформаның өзегіне айналуы тиіс. Абайдың өлеңдерінен бастап қара сөздеріне, философиялық мұрасынан бастап қоғамдық көзқарасына дейін — қазақ ұлтының ішкі жаңғыруының кілті жатыр. Бүгінгі таңда әлемдік өркениет биігіне шыққысы келген әрбір ұлт өз рухани тамырын қайта жаңғыртып, оны қазіргі заманмен үндестіре білуі шарт. Абай — осы үндестіктің алтын көпірі. Біздің көрнекті абайтанушымыз Мекемтас Мырзахметов ғылыми айналымға енгізген оның «Толық адам» ілімі бүгінгі жаңа заман адамы үшін де өмірлік бағдар. Шіркін деп ойлайсың осындайда, Абайдың «Толық адам» ілімін мектеп және жоғары оқу орнындағына қашан бағдарламаға кіргізер екен деп. Біздің қаламгерлер қауымы, зиялы жұрт — осы ұлы мұраның шырақшысы. Жазушылар одағының алдында тұрған мақсат — оның ұстанымдарын бүгінгі әдебиетте, өнерде, қоғамда тірілту.**

Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп...» деген ұлағаты қазақ әдебиетінің халықаралық дәйексөзіне айналуы тиіс. Біз, осылайша, ұлт ұстазының мұрасын ұлықтап қана қоймай, Абайдың «Толық адам» ілімін бойына сіңірген толқынның қалыптасуына жол ашамыз.

Мақаламды Мұхтар Әуезовтің сөзімен аяқтағым келеді: «Көп адам дүниеге бой алдырған, Бой алдырып, аяғын көп шалдырған. Өлді деуге сыя ма? Айтқындаршы! Өлмейтұғын артында сөз қалдырған», — деген ақынның өз өлеңін өзіне айтуға болады. Абай халқының алып азаматы болғандықтан мәңгі өлмейді»...



**Фарифолла ЕСИМ,**  
академик, жазушы

## «ОСЫ МЕН – ҚАЗАҚПЫН...» (Тоғызыншы сөз)

Ақын тоғызыншы сөзін осылай бастайды. Олай болса, қазақтың қай қылығын қостап, оны жақсы көрмекпін немесе нендей қылықтарынан жиреніп, оны жек көруім керек. Ақын оған жауап бермейді. Қазақтың жөнделіп, көңілге қуат қыларлық іске көшеріне ақынның сенімі жоқ. Халқына, оның ұсақ-түйек тіршілігіне налып, қапа болған Абай: «Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін», – дейді.

Ақынның айтқандарын дәлме-дәл түсінуге болмайды, оның күйзелісі – Асан қайғы іспетті болашаққа үмітпен қарау, өз дертінді өзің анықтау, өзіңді-өзің аяусыз сынау, сөйтіп кеселді дерттен құтылу жолында қарекет ету. Бұл – өмір философиясының қағидалары. Өмір мен өлім болмысын қатар алып келе жатқан қазақтың философиясында сонау Қорқыт, одан бергі Асан қайғыда молынан кездесетін ойлар жүйесі. Қазақ тұрмысында өлім туралы өлмес ойлар қалдыру дәстүрі болған. Сондықтан да Абай өлер кезде «Әттеген-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеуді тілеп, артқа алаң болмай өлуді айтады. Сонда өлімнің қайғысыз болуы оның мәніне жеткендік емес пе? Бұл – мәселенің бір қыры, екіншісі – өлімнің қайғысыз болуы өмірдің мәнсіздігін, өкінішті екенін де мойындау емес пе? Бұл сұрақтарға жауапты адамзат баласы әр заманда қойып келеді, нақтылы жауап жоқ, себебі өмір мен өлім мәнін адам баласы ешқашан шешпек емес. Бұл – табиғат құпиясы, оны адамның мойындауынан өзге еш лажа жоқ. Абай осы қысқа сөзінде осы бағытта ой өрбіткен.

## «БАЛАНЫҢ ЖАҚСЫСЫ – ҚЫЗЫҚ, ЖАМАНЫ – КҮЙІК» (Оныншы сөз)

Бұл сөзде әңгіме арқауы – өмірдің мәні, бала мен өкенің арасындағы қарым-қатынас, яғни болашақ туралы ой айтылады. Ақын қазақ санасына сіңісті болған түсінікпен біреулер Құдайдан бала тілейді, ол баланы не қылады дейді. «Бала адамның бауыр еті» деп өзі айтқандай, дүниеде адамға балалы болғаннан артық қуаныш бар ма?

Бала – өмірдің мәні де, сөні де. Қазақ «Балалы үй – базар» деп бекер айтпаған. Мұның бәрі – Абайға да, оқырманға да айғақты жайлар. Бірақ осы мәселеге Абай өзге қырынан келген. Ақын көпшіліктің Құдайдан бала ғана тілеп, оны баптап-бағу жауапкершілігіне жете мән бермейтініне назар аударған.

Біріншіден, біреулер «өлсем, балам орнымды бассын» дейді. Бұл тілекке ақын уәж айтады: «Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүние иесіз қалар дейсің бе?.. Өліп бара жатқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қимайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді?

Баланың жақсысы – қызық, жаманы – күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың?»

Ақынның бұл ойлары кімді болса да бей-жай қалдырмақ емес. Осы мәселелер төңірегінде бала тілемей тұрып кім ойлаған? Әйтеуір, балалы болу шарт. Шынында да, балаң жаман болса, қалған өмірің тозақ болмақ. Балаң жақсы болса, қызыққа кенелерің сөз-

мау деген адамшылыққа қатысты мәселе. Абай бұл мәселе туралы терең әрі өткір ойлар айтқан: «Артымнан балам құран оқысын десен, тіршілікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Жаманшылықты көп қылсаң, балаңның құраны неге жеткізеді? Тіршілікте өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма? Ахирет үшін бала тілегенің – балам жасында өлсін дегенің. Егер де ержетсін десен, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің

# АБАЙ СӨЗДЕРІ



А.С.Бергер.  
Абай ұлы Мағауиямен,  
1944

**Абай – біздің көркем әдебиетімізге үлкен еңбек сіңірген, көп жаңалық кіргізген ақын. Ол бұрынғы қазақ өлеңінің арнасына тыңнан табыстар тауып, үлгілер қосты. Терең ойдың толғауы, мұңның, махаббаттың лирикасы, кестелі көркем суреттер, алдыңғы елдің ақындарының үлгілері, мысал, сықақ түрлері бізге Абаймен келіп кірді.**

Лияс ЖАНСУГІРОВ

сіз. Бірақ өзің бұл ғұмырыңда аз азап, аз қорлық көрдің бе? Жалпы, өмірінде азап, қорлық көрмеген адам бар ма? Әрине, жоқ. Әйтеуір, адамға бірдене жетпей жатады. Не мал, не жан тапшы. Өмірдің азап екені – тура сөз. Бала тілейсің Құдайдан, оның азапсыз өмір сүруіне кепілдік бере аласың ба? Жаныңды қинатып оны несіне өмірге әкелмексің? Дүние есігін аштың дегенің, азап әлеміне ендің дегенмен бірдей. Немесе бұл дүниенің мехнаты аздай, оған қоса өзің қаншама иттік істер жасадың, күнәлі болдың. Енді балаңа да сол иттік істерді жүктемексің бе?.. Иә, ойлану керек. Алайда ойланып-толғануға уақыт жоқ, тез арада құдайдан бала тілеп ала қойған жөн деп санайсың. Одан әрі өзіңе-өзің азап аласың. Бұл – өмір заңы. Одан ешкім құтылып көрген жоқ. Баласы мен ата-анасы арасында түсінбестік болмаған заманды мен білмеймін. Екеуінің арасында әр заман түсінігі жатыр. Бұл – әлімсақтан келе жатқан дәстүр. Олай болса, Құдайдан бала тілесен, арадағы туатын түсінбестікке дайын бол. Абай бұл жерде «әке мен бала арасы былай болуы керек» деген ерекше қағида ұсынып отырған жоқ, тіптен ғибрат айттып та отырған жоқ. Ол өмірде міндетті түрде орын алатын ұрпақтар арасындағы әңгіме өрісі, жеке бастың жауапкершілігі туралы мәселе қозғаған.

Екіншіден, біреулер «баланы құран оқысын» деп тілейді. Өлген адамның соңында қалған ең жақын туыстары, әсіресе баласы құран оқып, марқұмды еске алу мұсылмандықтың бір шарты болып саналады. Сірә, құран оқуды тек дін деп те қабылдаған жөн болмас, бұл – аруақты еске алу, оны естен шығар-

еліндей ел асырап өсірмек пе екен?»

Парасатқа толы ойлар. Жақсы адам бұл өмірде де, ахиретте де жақсы. Ондай адамды баласы түгіл, ел болып құрметтемек. Сондықтан тіршілікте өзің жазамаған жақсылықты балаң жасай алар ма екен?

Үшіншіден, «балам қартайғанда асырасың» дейсің. Бұл да бос сөз дейді Абай. Ол мұндай тілектің мәнсіздігін былай дәлелдеген: «Әуелі өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па?»

Құдай емессің, басың жұмыр пендесің, ғұмырын аз ба, көп пе, кім қайдан білсін? Балаң артыңда қала ма әлде, жазмыштан озмыш жоқ, өзіңнен бұрын дүниеден өте ме? Бұны бір делік. Екіншіден, қартайғанда балаң сені асырай қойса жақсы. Бала мейірімсіз, қатыгез болып туса не болмақ? Үшіншіден, малың болса кім асырамайды дейді Абай. «Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шарлық болары – ол да екіталай».

Абай бала тілегенде не болатынын осылайша талдай келіп, бар мал-мүлік, байлықты баланың ғылым іздеуіне жұмсау керек деген тұжырым айтады. Ғылымсыз ахирет те жоқ, дүние де жоқ, сондықтан баланы ғылым жолына салу керек.

Абай осы сөзіндегі кезекті айтпақ ойы мал тауып бауды емес, ғылым тауып зор болуды тағы қайталаған. Бұл ой ақынның өлеңдерінде жиі кездеседі. «Ғылым таппай мақтанба» деген өлеңінде де осы ойды өрбіткен. Абайдың ғылымы тек рационалдық мазмұнда емес, оның ғылым туралы түсінігі кең. Ақын айтуында ғылым – ақыл мен сезімнің синтезі. Ол ғылымды дүниетанымдық мәнде қолданған.



**Ақүштоп БАҚТЫГЕРЕЕВА,**  
ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

## САРҚЫЛМАС ҚАЗЫНАМЫЗ

Ғасырлар бойы саналы ұрпақпен сырласа беретін сарқылмас қазынамыз – Абай!

Ақынның 180 жылдық тойы әр қазақтың жүрегінде бір мақтаныш сезімді оятарға керек. Өйткені ұлттың жанашыры болған ойшыл, болашағына бағыт сілтеген – шамшырақ ақын.


Абайдың туған күнін атап өткен сайын оның өсиетін оқытындар санын өсіру жолын ойластыру қажет.

Абай әр үйдің төрінен орын алса, әр жүректің сырласына айналса ғана ұлт санасының өсуіне ықпал ете алады.

Ұлы даланың иесі болатын жас ұрпақ, жаңа оқырман Абайды оқу басты міндетім деп білетіндей саналы, сауатты болғай!

Той құтты болсын!

Ұлы ойшыл Абай мұрасы өздеріңе аманат, елін ойлаған азаматтар мен жас оқырман қауым!



**Смағұл ЕЛУБАЙ,**

Қазақстанның халық жазушысы

## БЕЙБАҚЫТ ҒҰМЫР КЕШКЕН КЕМЕҢГЕР

Бүгін бозала таңнан тұрып қоңыр дәптерімізді парактап отырсақ, алдымыздан Абайдың мына бір оймақтай ойы шыға келгені:

«Алла тағала өлшеусіз, адам ақылы өлшеулі. Өлшеулі бірлән өлшеусізді білуге болмайды» деген.

«Астапыралла!» деп ақыл жетпес аласапыран ғалами ақиқатты мынандай оймақтай ойға сыйғызып жіберген деп хакім рухына таңғалып тағзым етіп отыр едік. Телефон сынғыр етті. «ҚӘ»-нен Еркін екен. «Абай атамыздың тойына ой қосыңызшы!» – деп тұр. Еркінге атаның өзі де өлмес сөзімен таңмен таласа аян бергенін айта алмай қалдық. Шынға бақсақ, алыптың көз алдымызға таңмен таласа тартқан әлгі бір оймақтай ойының өзі үлкен бір монография тақырыбы еді. «Өлшеусіз Алла тағала» мен «Өлшеулі адам» жайлы тереңдігі теңіздей түпсіз толғау тақырыбы еді. 180 жылдығы тойлана бастаған Абай, міне, осындай толағай. Бақытсыз халқын көріп, бейбақыт ғұмыр кешкен кемеңгер. Көз жасы құрғамаған қазағын көріп, ақылдың азабын көрген кемеңгер. Бізге бұл алыптың әр сөзіне тәу ету парыз.



**Жанғара  
ДӘДЕБАЕВ,**

*эл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық университеті  
жанындағы Абай  
институтының директоры*

Абай ілімі ұлттық және адамзаттық маңызы зор абзал қасиеттерге негізделген. «Адамды сүй, Алланың хикметін сез / Не қызық бар өмірде одан басқа?!» – деген бір ауыз сөзде Абай адамзат баласының өміріндегі басты рухани құндылық адамның адамды сүюі екені туралы терең ой айтты. Ақын ойының өзегінен таралатын ұғымдар мен түсініктердің әлеуметтік маңызы зор. Оның мәнісіне терең бойлау, сырын ұғу оңай емес. Ақынның бұл бағыттағы маңызды қағидаларының жүйесі үш сүюге негізделеді. Үш сүю туралы қағидаттар жүйесі – Абай ілімінің берік негізі.

Үш сүю туралы өзекті ойын ақын «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде өрнектеді:

*Махаббатпен жаратқан*

*адамзатты,*

*Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.*

*Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,*

*Және хақ жолы осы деп әділетті.*

*Осы үш сүю болады имани гүл...*

Имани гүл болатын үш сүю ақынның өлеңінде анық көрсетілген. Адамдар осы шарттарды шын ниетімен қабыл алып, адал орындайтын болса, осы қасиет сыртына бітпей, тілінің ұшында қалмай, «Алла тағала қарайтұғын қалыбына, боямасыз ықыласына бітсе», Алла да оларды сүйеді. Ақынның сөзі, ойы анық та айқын. Алайда үш сүюдің әрбірін даралап көрсету, саралап пайымдау, оларға тән ортақ жүйеге тоқтау оңай емес.

Ақын өлеңінің мәтініне, мағыналық-құрылымдық бірліктеріне сүйене отырып, бірінші сүю туралы нақты пікір түюге болады. Әуелі берілген өлең шумағындағы алғашқы екі тармаққа назар аударайық. Екі тармақта екі сүюдің мәнісі ашылған. Бірінші сүюге қатысты ой бірінші тармақта айтылған, оның иесі Алла екені екінші тармақта көрсетілген. Онда мынадай мағына бар: Алла адамзатты махаббатпен жаратқан. Алла – бірінші сүюші. Алланың кімді сүйіп жаратқаны, Алланың махаббатпен жаратқан сүйіктісі кім екені де барынша анық, түсінікті. Алла өзінің махаббатына бөлеп жаратқан сүйікті – адам. Екінші тармақта ақын адамзатқа: «Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті», – деп, екінші сүюші мен сүйіктіні көрсетеді. Екінші сүюші – адам, адамзат. Адамның кімді сүйетіні де нақты, айқын, түсінікті айтылған. Адамның махаббат нұры түсетін сүйікті – адамзатты махаббатпен жаратқан Алла.

Бастапқы екі сүюдің мәні мен мәнісі ақын өлеңінің осы екі жолында нақты анықталған. Оның негізі халықтың дәстүрлі дүниетанымының қисынымен тиянақталған. Құран аяттарындағы осы

кисындардың әрқайсысында үлкен мән бар. Оның тереңіне бойлау, мәнісін түсіну, қырларын көріп, сырларын ұғу Абайдың үш сүюінің мазмұны мен мағынасын, Абай ілімінің жүйесін, ақынның азаматтық көзқарасын дұрыс пайымдауға жол ашады.

Абай дүние жаратылысы жайындағы ойларын Құран аяттарына сүйеніп жинақтайды. Алла жер жүзіндегі барлық нәрсені адамдардың пайдасы үшін жаратқаны, адамдарға жерді төсек, аспанды төбе етіп жаратқаны, көктен жаңбыр жауғызып, жерден мал мен жанға азық болатын түрлі жеміс-жидек, астық, көкөрай шалғын өсіріп шығарғаны... адамдарға Раббы тарапынан көрнеу дәлелдер екенін Құран аяттарының мәнісі аясында түсіндіреді, Алланың адамды сүйетіні туралы пікір түйеді. Адамның жаратылысындағы

Зерттеу еңбектерде Абайдың үш сүюін мына түрде саралау бар: бірінші сүю – адамның Алланы сүюі; екінші сүю – адамның «адамзаттың бәрін сүюі бауырым деп»; үшінші сүю – адамның «хақ жолы деп әділетті сүюі». Бұл жерде Алланың адамды сүюі туралы ой көңілден тыс тұр.

Абайдың Имани гүл болатын үш сүюінің мәнісін мына қалыпта қабылдап, түсінген дұрыс болмақ: бірінші сүю – Алланың адамды сүюі; екінші сүю – адамның Алланы сүюі; үшінші сүю – әділетті хақ жолы деп адамның адамды, адамзаттың бәрін сүюі. Осы пікірді әуелі Сәбит Мұқанов айтқан еді. Біз осы пікірді дұрыс деп білеміз.

Имани гүл болатын үш сүю туралы осы жүйеде тұжырым жасау үшін оларға ортақ ерекше асыл жүйені табу шарт.

# ҮШ СҮЮ

артықшылықтарды көрсете отырып: «... бірінші қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіне махаббат қылса, сен де оған махаббат қылмағың қарыз емес пе?» – деп бір толғайды да, сөзін жалғастырып, ойын байыта түседі: «... һәммасы адам баласының пайдасына жасалып... бәрі – адам баласына таусылмас азық, ...адам баласының рақаты, пайдасы үшін жасалса, бұл махаббат бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе?» «Адам баласынан махшарда сұрау беретұғын қылып жаратқандығында һәм гадаләт, һәм махаббат бар».

Абайдың осы ойлары мен қағидаларын кеңестік кезеңнің идеологиялық талаптары үстемдік жасап тұрғанда ашық насихаттау Абайдың шығармашылық мұрасына қатер төндіруге әкеліп соққан болар еді. Абайға, Абайдың шығармашылық мұрасына, әдеби айналасына жаулықпен, жат пиғылмен қарау белен алып тұрған шақта Абай шығармашылығындағы адам мен Алла арасы туралы ойларды ашып айтудың өзі қатерлі еді: айтушыға да, Абайдың шығармашылық мұрасына да.

Абайдың адам мен Алла туралы айтқан ойларының негізі тереңде. Әбу Насыр әл-Фараби Алла турасында: «Ол – Бірінші сүюші әрі Бірінші сүйікті», – дейді.

Құран аяттарында да, әл-Фарабидің тұжырымдарында да адамзаттың тарихи есі мен қоғамдық санасында ежелден қалыптасқан құндылықтар көрініс тапқан. Олар – Алланың адамзат баласын сүйетіні мен адамзат баласының Алланы сүйетіні туралы анық және ақиқат таным деректерінің көзі. Имани гүл болатын үш сүюдің түп мәні мен мәнісі Құран аяттары мен әл-Фарабидің еңбегінде, Абайдың ілімінде толық сәулеленген.

Адам баласының өзіне достықпен, сүйіспендікпен қараған жанға достықпен, сүйіспендікпен қарауы адамшылық болады. Адам баласының өзіне достық, сүйіспендік қылғанға достық, сүйіспендік қылмауы оны адамшылықтан шығарады. Олай болғанда, адам достықтан, махаббаттан шет қалады. Бұл адам баласының жақсылықтан үміт үзуіне әкеліп соғады. Адам баласы жақсылықтан үміт етпей өмір сүре алмайды.

Айтылған жайлардан белгілі болатын нәрсе – Алланың адамды махаббатпен жаратуы. Бұдан Алланың адамды сүюі, адамға деген махаббаты бастапқы екендігі белгілі болады. Абайдың махаббат пен ғадауат туралы қағидасының мәнін тану үшін мұны білудің және оның растығына сенудің маңызы зор.

**“ Қазақ тілінің барлық байлығын, барлық тұлғасын Абай шығармалары толық көрсете алады. Сондықтан да Абай шығармаларының мәні зор. Онан қазақ тілін сұлулар, көркем нақыштап, әдемі кестелеп, әсерлі жыр, сұлу күйлі өлең қылып шығару ретінде де Абай үлгі өрнек болатын үздіксіз шебер ақын екендігі белгілі.**

*Сәкен СЕЙФУЛЛИН*

Ол жүйені үш сүюдің өзіне тән айқын да анық басты белгілері негізінде көрсету орынды болмақ. Аллаға қатысты ол белгі, сипат қандай екені жоғарыда көрсетілді: Алла – Бірінші сүюші және Бірінші сүйікті. Ықшамдап айтқанда, Алла әрі сүюші, әрі сүйікті. Келесі екі тұлғаның бірі адамның бойындағы осындай сипатқа назар аударайық: адамды Алла сүйеді, адам Алланы сүйеді. Демек, адам әрі сүюші, әрі сүйікті. Енді үшінші нысан адамзатты алып қарайық: Алла адамзатты сүйеді, адамзат Алланы, Алланың сүйгенін сүйеді. Демек, адамзат әрі сүюші, әрі сүйікті. Сөйтіп, Имани гүл болатын үш сүюдің жүйесіндегі үш нысан да әрі сүюші, әрі сүйікті. Әрі сүюші, әрі сүйікті бола алмайтындарға Имани гүл болатын үш сүю жүйесінде орын жоқ.

Мазлұмға жаны ашу, мейірімі түсу, оның мүшкіл халіне күйіну, көпке пайдасы тиетін харекет қылу дүниеге дос болған адамның қолынан келмейді. Дүниеге дос туралы, надан туралы Абай негіздеген қағидалардың мәні терең, күрделі. Әдепкіде ақын наданнан түңіліп, одан жерінген күйін білдіреді. Ол үшін наданнан асқан жаман жоқ, адам баласының дұшпаны да сол. Оны жек көрмеске, одан жерінбеске лажсыз болды. Өйткені дүниедегі зұлымдық, ғадауат біткеннің бәрі содан шығар еді. Екінші жағынан, ақын өзгеге айтқан ақыл сөзінде осы надан көпке жаны аштынын, мейірімі, рақымы түсетінін білдіреді. Жұртын надан екен деп, «шектен шыққан ел екен деп», үгіт айтудан айнып кетпеді [Құран 43:5], «үгіт мүміндерге пайда береді» [Құран 51:55], – деген қағиданы ұстанды. «Түпсіз терең жақсылық сүйемек» ниетін барша адамзатқа деген махаббатпен ұштастырды. «Түпсіз терең жақсылық сүйемек» барша адамзатты бауырым деп сүюмен парапар деген түсінікте болды. Алланы, адамды, адамзаттың бәрін сүюге бір адамды емес, бар адамды үгіттеді. Адамды, барша адамзатты сүюдің мәнісін

«...әрбір адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай ойды оларға да болса игі еді демек» деп түсіндірді, сол жолда ой ойлап, сол жолда қызмет етті.

Ақын үгітін, насихатын шын ниетімен, бар ықыласымен айтты, өзі сүймегенді өзгеге сүй демеді. Жүрегін қырық жамау қылған, надандығынан жерінген, көңілі қалған көпті Абайдың өзі сүйді. Шын ниетімен. Риясыз. Адам үшін дүниеде осы сүюден игілікті, одан баянды, одаң аяулы еш нәрсе жоқ деп білді. Жүрегіндегі махаббатқа қарсы ғадауат болып майдан ашқан, өзі жерінген, көңілі қайтқан көпке жаны ашып, оны осынша кешіріммен, шынайылықпен, шын ниетпен сүю Абайдың ақындық, азаматтық, адамдық кемелдігінен ғана тууы мүмкін еді.

Адам баласының адамды, барша адамзатты бауырым деп сүюі – рух кемелдігінің, даналық танымның сәулесі. Адамзат баласының көкірек қазынасына мұндай нұрдың түсуі өте сирек кездеседі. Тіпті мұндай таңғажайып жарық жер-жаһанда бір ғасырда бір адамның көкірегінде ғана жанады дейтін болсақ, тым артық айтып, кең пішіп қойған болуымыз мүмкін. Абайдың көкірегінен адамзаттың бәрін игілігі үшін жағылған махаббат отының жарығы мен қуатындай қасиет арғы-бергі заманда бірде-бір ақында немесе басқада болған емес. Өйткені Абай адамды, көпті, адамзатты сүюдің құдіретін сезіп, танып қана қойған жоқ, оны өз адамшылығының, өз жаратылысының кемел қасиетіне айналдырды, сол сүюдің сәулесін қалың елінің көкірегіне түсіру үшін күресті, бейнет кешті. Бұл ретте Абайдың адамды, көпті, адамзаттың бәрін бауырым деп сүюі жан-сезім ғана емес, кемел оймен ұштанасқан берік ұстаным, нақты және игілікті іс. Бұл Алла қалағандай қаншалықты ізгілікті, игілікті іс болса да, дүниедос жұрттың жалғанға ауып кеткен беті бері қарамады. Сол жұрт өзін елжіреп сүйіп, өзіне құтты білім беріп, жақсылыққа асық болуды, жамандықтан қашық болуды насихаттап тұрған кемелгердің махаббатын да, құтты білімін де, абзал насихатын да керек қылмады. Адамзаттың бәрін шын ниетпен, елжіреп сүйген адамның махаббатын олар жазадай ауыр азап қатарында қабылдады және оған қарсы болды. Махаббат пен ғадауаттың бір жүректе майдандасуы осылай туды. Ақын адамзаттың бәрін бауырым деп сүйген махаббатынан бұрын-сонды жан баласы көтеріп жүре алмаған жарық пен қуат алды, бұрын-сонды жан баласы төзіп көрмеген азап пен мекнат шекті, жаны ашып, іші күйді.

Зордың зорлығынан, сұмның сұмдығынан, зұлымның зұлымдығынан, қудын қулығынан, бәлелінің бәлесінен, жалалының жаласынан қорғанар амалы аз қалып елге, тәуелсіз мемлекеті жоқ, әділетті әкімі жоқ халыққа жанашырлықпен қарауға, солардай көптің пайдасына қаракет қылуға ақын ерекше мән берді. Осыдан Абайдың ілімінде үш сүю туралы айрықша ұстаным, ерекше қағидат өріліп шықты.

Абайдың үш сүюінде үш сүюші мен үш сүйікті бар. Үш сүюдің құрамдастарының әрқайсысы әрі сүюші, әрі сүйікті. Бұл жүйедегі сүюші әрі сүйікті құрамдастарды басқалармен ауыстыруға, алмастыруға болмайды. Бұл үшеуінің бірлігі мен тұтастығын бұзуға негіз жоқ.

Үш сүю – Абайдың өзі қасиет тұтқан, қалың елінің де соны қадір тұтуын көздеген ақындық, азаматтық асыл мұратынан туған, даналық ақыл-ой қуатынан өнген, ел үшін, елдің өсер өркені үшін игілікті, болмыста баламасы жоқ биік рухани құндылық.

Абайдың үш сүю туралы қағидалары мен тұжырымдарын Абайдың ілімі жүйесінде ғана терең және дұрыс түсінуге болады. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті жанындағы Абай ғылыми-зерттеу институтында жасалған және оқу үдерісіне енгізілген «Абай ілімі» оқу пәні осы мақсатқа қызмет етуде.



**Арап ЕСПЕНБЕТОВ,**  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері,  
Шәкәрім университетінің профессоры

аты – Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ», – деген еді ғұлама ғалым Ахмет Байтұрсынұлы.

Сол Ахан нұсқап көрсеткен Абай асуы ақындарға алынбас қамалдай бәз-баяғы қалыпта әлі де асқак, әлі де оқшау тұр.

Десек те, ұлы ақын поэзиясының нәр алған бастаулары жөнінде ой өрбіткенде Мұхтар Омарханұлы Әуезов ескерте кеткен мына бір жайға да құлақ түрелік: «Тегінде, Абайдың ақындығындай ақындық қуат Абайдан бұрынғы ақындарда да болуы мүмкін. Олардың бірталайы тіпті атсыз ақын боп та өткен болар. Сондай ақындардың ғана санасы мен таптық тұрғысында, мәдениеттік дәрежесінде қалса, Абай классик Абай

ұрпақ санасында қалып қоятын өміршен өлең тудыру өнегесі айқын көрінеді.

Сол «қайран елім, қазағым» деп қансыраған ақын шығармашылығының танылуы да қилы-қилы кезеңді, тар жол, тайғақ кешуді бастан өткереді:

– жиырмасыншы жылдары абайтанушыларға «қара тақтаға жазылып қалып жүрмендер, шешендер» деп сес көрсетіледі;

– отызыншы жылдары пролетарлық, социалистік мәдениет теоретиктері Абайды әдебиет тарихынан шығару қажет деген барынша надан, әсіресе солақай тұжырым жасады;

– елуінші жылдардың соңы үлкен сойқанға ұласқан Абай және оның ақындық айналасы жөніндегі қолдан жасалған саяси

алтын ғасыр – ХХ ғасыр поэзиясының туын даярлап кетті. Сондықтан да Мағжан Жұмабаевтың:

*Шын хакім, асыл сөзің — баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанды  
Дүние қолын жайып енді күтпес, —*  
деп алғысын білдіруі заңды.

Абай қазақ әдебиетінің жеке бір дәуірі деген әншейін лепірге сөз үшін емес, ұлы ақынның поэзия көзжиегін барынша кеңейтуіне байланысты айтылса керек.

Ұлы Абай өнерге қатаң талап қоя отырып сөзді түзеді де, тыңдаушылар бұрын құлағы шалмаған тосын образдармен қазақ өлеңінің құдіретін танытты. Сөйтіп Абай өлеңдері арқылы қазақ поэзиясы жаңа сапалық қасиеттерге ие болды, ал ұлы ақынның өзі өлең өнерінің өлшеміне айналып, ақындық құдіреті пайғамбарлыққа баланып жүре берді.

Абай мұрасы – халқымыздың асыл қазынасы. Олай десек, айтылар ой да, жазылар кітап та, әр дәуір ұрпағы өзінше алар тағылымы да толастамайды, толастауға тиіс емес.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» мақаласы – биік мұраттарға бастайтын, қазақстандықтарды біртұтас ұлттық идеяға жұмылдыратын бағдарламалық сипатты өнеге. Мемлекет басшысы: «Мен көп жылғы дипломатиялық қызметімде басқа елдердің саясаткерлерімен, түрлі сала мамандарымен жиі кездестім. Шетелдіктермен адамзатқа ортақ көптеген түйткілді мәселе туралы пікір алмасып, ой бөлістім. Жалпы, олар Қазақстанның саяси және экономикалық жетістіктері жөнінде жақсы біледі. Ал рухани және мәдени құндылықтарымызбен жете таныс емес. Осы орайда «Неге қазақтың бітім-болмысын, мәдениетін Абай арқылы танытпаймыз?» деген сұрақ туындайды», – деп өзекті ой тастаған еді.

Расымен де, ұлы Абай әлемдік деңгейдегі тұлға десек те, оның шығармаларының бүкіл дүниежүзілік дәрежеде әлі де кенінен таныла қоймауы бізді қатты ойлантады. Абай мұрасын дүниежүзілік өркениет ауқымында зерттеу – бүгінгі абайтану ілімінің басты қағидаты. Абайдың шетелдік оқырманы көбейсе, қазақтың танымалдығы да арта түсері хақ. Қазіргі таңда көптеген ел Абай шығармаларымен өз тілдерінде сусындауда. Абай туындылары ағылшын, неміс, француз, түрік, венгр, поляк, жапон, қытай, үнді тілдерінде және бірқатар араб мемлекеттерінде аударылды. Ал сол аудармалар қаншалықты Абай сөзін дұрыс жеткізуде? Абайды танымай, Абайға терең бойламай, оны өзге елге танытам деу – бос әурешілік.

Ұлы ақынды қалай танытып жүрміз, Абайдың ұлы тұлғаға айналуына қандай үлес қостық, оқырманы кім, Абайды оқушы түсіне алып жүр ме іспетті сұрақтарға жауапты әркім өзінен іздеуі керек. Абайдың әр сөзі қарапайым халыққа толық жетті, халық оны толық түсінді деп айта алмаймыз. Абайдың әр ұлағатын қарапайым халықтың жүрегіне жеткізуде әлі де қыруар жұмыстар жүзеге асыруды талап етеді. Әсіресе жас ұрпаққа, мектеп оқушыларына, керек десеніз, балабақшада Абайды таныту – күрделі дүние. Абайдың ақындық құдіретіне бойлау оның асыл арманына үнілуге бағыттайды.

Абай арманы – барша қазақтың арманы. Қазақтың өткен тарихы, тағдыры, болашағы жөнінде Абай айтпаған сөз қалмаған. Сол ақылмандық трактаттарды қайтсек әрбір азамат өзінің күнделікті іс-әрекетінің бағдары, ішкі рухани әлемінің компасына айналдыра алады?

Осыдан жүз жылдан астам уақыт бұрын Алаш ардақтысы Міржақып Дулатұлының: «Бәлкі, мұнан кейін Абайдан үздік, артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғары, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сөуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз – Абай», – деген сөзі ғасырлар ағысына төтеп берген көрегенді ой. Халық пен хакім Абай арасының ыстық ықыласпен, махаббатпен жалғасын бағамдап айтқан сөуегейлік дерсіз. Иә, расымен де, Абай – қазақтың бас ақыны, Абай – мәңгілік.

Абайдың ақындық құдіретін қопара қазу уақыт үлесінде.

# Ақындық құдіреті

Абай құдіреттілігінің құпиясын ақтаруға ұмтылған зерттеушілердің ақ қағаздың бетіне ой өрнектерін сала бастағанына да ғасырдан астам уақыт өтіп үлгеріпті. «Қазақтың бас ақынына» (А.Байтұрсынұлы) көрсетілер құрмет Абайдың әрбір сөзін талғап танудан басталары хақ.

Заманында жұрты сыйлап, құрметті қазақ атандырып, төбе би сайлаған Абайға бүгінгінің де құрметі риясыз, шексіз. Абайын ардақтайды. Абай ұлағатына басын иеді. Ұлы ақын өзінің ой-танымы арқылы адамдықтың биік идеал бейнесі ретінде халық жадынан мәңгілік тұғырлы орын алғандығының куәсі бұл. Абайдың ақын шәкірті, кеменгер ойшыл Шәкәрім Құдайбердіұлы:

*Сендерден белгі нең қалар?  
Жемтігін жеген жем қалар.  
Ақылы дария Абайдан  
Таусылмас қоры кен қалар, —*

деп Абайды үлгі етті, жоғын Абайдан іздеді.

Абай сөзі – адастырмас темірқазық, кең жолда жақсы мен жаманды өлшер мизан таразы. Абай «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп», «Бірінді, қазақ, бірін дос, көрмесен – істің бәрі бос» деп адам бойындағы биік қасиеттерді сөз өнерінде дәріптеді. Қоғам уақыт тынысымен бірге жаңарады. Сол қоғамның сұранысына сай жаңа зерттеулер, соны идеялар пайда болады. Абайтану қазақ әдебиетінің арналы саласы ретінде замана белесімен бірге дамуда. Қалыптасқанына ғасырдан астам уақыт өтсе де, тың зерттеулер, жаңаша пайымдаулар оқырманына ұсынылып келе жатыр. Олай болса, Абайды зерттеу де толастамақ емес.

Абайды тану – қашан да өзекті. Ақын мұраларының идеялық ерекшеліктері, ақынның қоғамдық қызметі, Абай туындыларының текстологиясы, Абай шығармашылығының рухани қайнар көздері тектес өзекті тақырыптар қазақ әдебиеттану ғылымында әлі де бір арнаға ұтқан жоқ. Әсіресе ақынның кітапханасы мәселесі – отандық әдебиеттануда мән берілмей, көңіл бөлінбей келе жатқан мәселе.

Абай мұрасына бүгінгі буын зор сергектікпен, керек десеніз, перзенттік махаббатпен қараса игі. Абай – қасиетіміз, асылымыз. Абай – ұлттық ұранымыз. Абай – жаңа Қазақстанның бренді.


Абай қазақ өлеңінің жаңа дәуіріне жол салды. Әдебиеттің тұтас бір дәуірін жеке қаламгер есімімен байланыстыра қарастыру әлемдік әдебиет тарихында да көз қанып, құлақ үйренген құбылыстар қатарында емес. Алайда жер жүзін мекен еткен халықтар тарихында бір-біріне ұқсамайтын, тіпті ғылымда белгіленген заңдылықтар аясына сия бермейтін жағдаяттардың бар екені де көпке аян.

Қазақ әдебиетінің Абай дәуірі!

Құлағымызға сіңісті бола қоймаған ұғым. Қалай десеніз де, бұл — шындық. Жиырма бірінші ғасыр табалдырығын көңілдегі күдікпен әрі болашаққа деген үміт сезімімен аттағалы тұрғанда, бар дауысымызбен айқайлап айтар шындық.

«Қазақтың бас ақыны – Абай (шын

*В.И. Третьяков  
Абай жандармерия  
басқармасында,  
1971*



болмас еді. Өзінен бұрын жүз ақын болса – жүз бірінші, мың ақын өткен болса – мың бірінші болар да қалар ма еді, әлде қайтер еді?!»

Ана сүтімен дарыған, табиғат сыйлаған ақындық Абайды бұл қатарда қалдырған жоқ. Уақыттың талабы, халықтың тағдыры ұлы ақынды басқаша сөйлетті:

*Шортанбай, Дулат пенен Бұқар жырау,  
Өлеңі бірі – жамау, бірі – құрау.  
Әттең, дүние-ай, сөз таныр кісі болса,  
Кемшілігі әр жерде-ақ көрініп тұр-ау.*

«Қазақта қара сөзге дес бермеген» сөз патшасындай ақын айта алар сын, үш

**” Абай деген – терең теңіз, алып мұхит. Абайды таныған сайын, оның түбіне маржандарын алу үшін сүңги беруің керек, сүңги беруің керек. Ал мен оның бетін ғана қалқыдым.**

**Мұхтар ӘУЕЗОВ**

ақынның қоршаған ортаны танудағы тар өрістілігі, саяздығы, қоғамдағы кертартпа сипаттарды дөп басып аша алмағандығы үшін сынап отыр деу – тарихи қиянат. Сөз саптау мен өлең қиыстыруға тағылған кінәрат еместігі де түсінікті. Өлеңнің адамзат рухына ықпалын тигізер эстетикалық қуаты мен халықтың ой самғауына ұласар салауатты ақыл салмағын басты назарда ұстаған ұлы Абай өзіне де, өзгеге де биік те қатал талап қояды.

*Іші алтын, сырты күміс сөз жақсысын,  
Қазақтың келістірер қай баласы?! —*

дегенде менмендік, даңғазалық, астамшылықтың жұқанасы да жоқ. «Сөз сарасын» «қибыннан қиыстырар ерді» жігерлендіру, қайрау әрі саф алтындай таза өлең сайысына, өнер сайысына шақыру, тіпті ғасырлар бойы

дискуссия, соның жемісі іспетті С.Нұрышев сияқты көрсоқыр «абайтанушылардың» пайда болуы бәз бір сұрқай уақыттың сүренсіз суретіндей еді;

– Токсаныншы жылдары Е.Қурдаков сипаттас жерімізді жайлап, тұнығымызды лайлағысы келетіндердің жаласы ойландырмай, толғандырмай, селқос қалдыратын, қайтер дейсіңге саятын әдепкі дүние емес;

– ХХІ ғасыр табалдырығынан ұялмай, қызармай аттап З.Батаева сияқты ұяттан безген «қандасымыздың» Абай ақын болмаған деуі әр қазақтың жанына батады, намысын қорлайды.

Ендеше ұлы атамыздың асыл мұрасын жайбарақаттыққа салынбай, жүйелі зерттеу объектісіне айналдыру шарт. Қол қусырып қарап отыру тоғышарлыққа апарып соғады.

Мұхтар Әуезов Абайдың қайтыс болуына елу жыл толуына орай жазған мақаласында зерттеушілерге ой сала толғаған еді: «Абай мұрасын зерттеушілердің алдында тұрған маңызды тақырып – қазақтың демократиялық әдебиетінің бұдан былайғы дамуындағы Абай дәстүрін тексеру».

Бұл тұжырыммен Мұхтар Әуезов Абай ақындығының айналасы ұғымын кең мағынада қарастыруды ұсынғандығы анық. Ақын балалары, інілері мен ауылдастары төңірегінде Абай дәстүрін әрі асырмай, ауыл-үйдің аумағынан шығармауға тырысқан дәрменсіз дәлелдердің тығырыққа тіреліп, іргесі сөгіле бастайтын тұсы – дәл осы шақ.

Әсіресе әдеби процеске Шәкәрім Құдайбердіұлы, Әлихан Бөкейханұлы, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабайұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Міржақып Дулатұлы есімдері қайта оралған қуанышты сәтте дүрмек арасында қара көрсетіп дүркірей шаппай, дәстүр жалғастығын саралай салмақтаған абзал. Абай үрдісіндегі эстетикалық сипат, көркемдік сапа, философиялық ой ендігі жерде қандай деңгейден көрінгендігін жоғарыда аталған бес арыс шығармашылығы анықтап, белгілеп беретіндігі сөзсіз.

Абай өмірдің өзінен ойып алғандай шыншыл поэзиясымен қазақ өлеңіндегі



**Нұрлан ОРАЗАЛИН,**

ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

*Абай — біздің жүрегімізде...*

*Абай — біздің ой-санамызда...*

Абай жырымен әрбір көзі ашық, көкірегі ояу қазақ ұлы дүниенің есігін ашады. Абай жыры өзінің сахарадай кең мінезімен, ерекше жаратылысымен бізді «үйренуге», «жиренуге» үйретеді, жаман мен жақсының арасын анықтайтын критерийлерді тануға, бағалауға бағыттайды.

Абай өлеңдері — өміртануға көмектесетін ойдың, парасаттың дәрісі. Бұл — кез келген буын өкілінің жанына терең бойлайтын мәңгілік дүниенің үзілмес сабағы...

Абай феноменінің бүкіл сиқыры мен жұмбағының кілті де осы мәңгілік дүние хақындағы сабақ пен дәрістің астарында жатыр. Ақын ойы мен жүрегінің тынымсыз күйі дүниелік, өмірлік құбылыстармен бітеқайнасып кеткен... Абай өлеңдерін қайыра оқып, әр сөзіне бойлаған сайын өз кемшілігімізді тауып, әлдебір құдіретті күштің алдында өзімізді емтихан тапсыруға әзірленген әбігерлі студенттей немесе ұстаз алдында өзін-өзі қалай ұстарын білмей дегбірсізденген шәкірттей сезінетініміз рас. Апыр-ай, әлдебір жаңа ойды, тың сөзді таптық па дей бергенімізде, Абай сөзі мен Абай ойлары алдымыздан шыға келеді.

Кеше де солай болған... Бүгін де солай... Ертен де солай болары күмәнсіз... Өйткені Абай әлемі — құдіреті күшті сөз бен терең ойдың келісті, үйлесімді жаратылысы. Ал өлмес өнер мен сөздің құдіреті «уақыт кеңістігі» дейтін ұғымға бағына бермейді. Ол өзі өмір сүрген заманның ақиқаты мен шындығын аркалап, дәуірлер кеңістігін еркін кезеді. Қасында тұрып, жүрегіне үңіледі, ойында сапырады, жаныңды әлемтапырақ етеді. Кестелі сөз, кернеулі ой, кеменгер пікір өз арнасына салып, тереніне тартады. Біз білетін ақын әлемі — осындай сыры қалың, жұмбағы мол әлем...

«Қазақ халқы бір кезде адамның өмірін мүшелмен санаған. Ал поэзияның аңыз болған қайнары Әбілхаяттан мәңгі суын татқан жыршы үшін мүшел ғасырлармен өлшенеді. Өзінің еңбегін жете бағаламаған және аз түсінген замандастарын артқа тастап, Абай дәл бүгінгідей біздің қасымызда тұр» деп жазады ұлы суреткеріміз Мұхтар Омарханұлы Әуезов.

Бұл — осыдан жарты ғасырдан астам уақыт бұрын айтылған сөз. Ұлы ақынның дүниеден озғанына елу жыл толған кезде жазылған осынау өрісті сөз, өркенді пікірді қайыра оқып отырып, еріксіз ойға шомасыз.

*«Патша — Құдай, сиыңдым,  
Тура баста өзіңе.*

*Жау жағадан алғанда,*

*Жан көрінбес көзіме!»* — деп, мына екі дүние ақиқатын төрт жолға шебер сыйғызған ұлы ақынның өлмес рухы дәл бүгін қазақ жерінің осынау киелі төрін қайыра кезіп, Шыңғыстау мен Семейді, күллі қазақ жерін бауырына баса, қапсыра құшақтап, ұлылар мен ұландарды

өсірген елге, Алаштың айдынды кең байтақ даласына бата-тілегін ағыл-тегіл айтып жатқандай әсерге бөлейді. Ұлысын ұлықтай білген елге алғыстан өзге айтар сөз болмауға тиіс.

Көзі тірісінде бір кітабы баспа бетін көрмеген, бірақ артына өлмейтін сөз қалдырған, қазақ дейтін халықтың рухани ұстазына айналған Абай әлемі он тоғызыншы ғасырдағы Алаш жұртының жүрегін қалай қозғаса, жиырмасыншы ғасырдағы адамзат ойын солай тербеді. Енді, міне... Жиырма бірінші ғасыр ақиқатымен де бетпе-бет келіп, қазақ

**Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы, ерінбе,  
Адалдықты көздесең,  
Жаттап тоқы көңілге.**

*Сұлтанмахмұт  
ТОРАЙҒЫРОВ*

рухын асқақтатып, «махаббат пен ғазауат майданын» ашып отыр.

Жаңа дәуір, жаңа ұрпақ тұғыры биік, тумысы бөлек кеменгер ойды таныған үстіне тани түсуде... Абайсыз өткен бір ғасырдан асып жығылар уақыт кеңістігі ақын жанын терең тануға, ақын жанын терең тану арқылы қазақ жанын терең танып-білуге мүмкіндік берді. Күні кеше ғана иығына шапанын желбегей жамылып, мына кең дүниеге, ғалам атты кеңістікке Жидебай төрінен барлай карап, ойлана көз тіккен ұлы ақын туған елінің махаббатына бөленіп, өкініші мен өксігін, өрлігі мен ерлігін жыр-сөзімен тұмар қып түйіп, мәңгіліктің төріне бір-жола жайғасты...

Абай ақиқаты аңызға айналды. Абай шындығы жұмыр жерді кезіп кетті. Абай бейнесі қазақтың санасында даналық пен парасаттың өлмес кескіні болып, қалай қалыптасса, әлем жұртшылығының жадына да көрегендік пен кеменгерліктің далалық үлгісі болып, солай бекіді...

Құдіретті жырдың құдіретті сарыны қазақтың байтақ сахарасын еркін кезді. Қала-қала, ауыл-ауылды аралап, үйді-үйге кірді; мындаған ғашық жүректердің сағынышы мен сазына айналып, тойлар мен жиындардың сәнін келтірді. Осыған дейінгі жұмыр бас пенденің арғы-бергі кезеңдерінде өмір сүріп, жерүсті құндылықтарының сапалық тұрғыдан молаюына, баюына үлес қосқан ұлы дүниелер қатарын ақынның ғажайып әндері мен өлмес сөздері еселей толықтырды. Абай дейтін феноменалды құбылыстың тарихы мен тамыры тым әріде, адамзат баласының қалың қатпарлы қойнауларында жатқанын алты құрлық танып, мойындады. Ғарыштан түскен ғажайып сарын ұлтына, ұлысына, жеріне, еліне бөліп жатпай, адам дейтін Алла жаратқан тіршілік иесінің бәрін ортақ өмірлік сауалдар мен жауаптар айналасына үйірді.

Қазақ елі Абайын тану арқылы өзін таныды. Қазақ елі Абайын таныту арқылы әлемге өзін танытты. Тәуелсіздік дәуірінің алғашқы жылдарымен тұспа-тұс келген ЮНЕСКО шеңберінде аталып өткен ақынның 150 жылдық мерейтойы тұсындағы әлемдік деңгейде өткен тарихи шаралар — осы айтқанымыздың тағы бір айғағы.

*«Күн артынан күн туар,  
Бір күн дамыл еткізбес,  
Ой артынан ой қуар,*

*Желге мінсең, жеткізбес...»* — деген бұрауы берік, өрімі мықты классикалық

жыр ұлттың мәңгілік қазынасына айналды, ұлтты мәңгілік айдынына алып шықты.

Қасіреті мен қайғысын, мұны мен зарын атам заманнан өмірдің өзіндей өркенді сөз бен табиғаттың өзіндей таңғажайып сұлу әнге жүгінтіп үйренген қазақтың арғы-бергі тарихында алпыс екі тамырын дәл осылай кезіп, жүрек қылын дәл осылай тербеткен сөз бен саз бұрынсонды Ұлы дала төсінде мүлде болмады деу, әрине, күпірлік болар еді...

Болған!

Біздің дәуірімізге дейінгі Анарыс, Заратуштра, Майқы билерден бастап, бергі

# ҚАЗАҚ СӨЗІНІҢ

дәуірдегі Тоныкөк, Естеми, әл-Фараби, Құл-Қожа Ахмет Ясауи, Қорқыт ата, Асан қайғы, Шалкиіз, Ақтамберді, Дулат, Махамбет, Шоқан, Ыбырай, Сүйінбай, Жамбыл, Қашаған, Құлмамбет, Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Қазанғап, Иманжүсіп, Үкілі Ыбырай, Ақан, Біржан, Мұхиттарға жалғасатын сөз бен ойдың, саз бен күйдің тыңдаушысын ұйытып, таңдайын қақтырар орасан үлгілері осынау далалық мәдениет пен көшпелі өркениеттің бітімін танытар бір-бір айрықша құбылыс екені айтпаса да белгілі.

Мындаған жылдардан керуенін тартар қазақтың сөз өнері мен саз өнері ондаған ұлыны тағына қондырып, сандаған сәйгүліктің жалын тарағаны ақиқат. Абай — сондай ұлыларды туған ел мен жердің нәрі мен арынан жаралған алып жаратылыс иесі. Абай — ғасырлар толғағы тудырған, кіндігін өмір ақиқаты кескен ұлттың ұлы ақыны. Абай — ғаламдық тұлға.

Осыдан жүз жылдай бұрын айтылған Ахмет Байтұрсынұлының «Қазақтың бас ақыны — Абай (Шын аты Ибраһим) Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы-соңғы заманда қазақ баласында біз білетін ақын болған жоқ» дейтін пікірі сол сөзіміздің айғағы.

\*\*\*

Абай жалпыхалықтық мойындау биігіне көзі тірісінде жеткен. Ибраһим Құнанбайұлымен әңгімелесу мүмкіндігіне ие болған тілі, діні бөлек замандастарының қай-қайсысы да осынау Батыс, Шығыстың өрісі мен өркеніне қанық ғұлама жанмен болған әңгімеден соң Абай турасында ғана емес, Абайды жаратқан әулет, орта, ел, халық хақындағы пікірі өзгеріп, түлеп, жанарып отырған. Ақынның арғы-бергі дәуірлердегі өмір сүрген әлемнің атакты ойшылдары мен сөз зергерлері хақындағы мол біліміне, олар жайлы бағасы мен көзқарасына таңырқай отырып, таңдай қаққан замандастары қаншама мол болғаны белгілі. Ол туралы деректер көп.

Иә, Абай ойы мен парасатының шуақ, нұры ерекше болды.

*«Қуңгірт ойым сырласар,*

*Сұрғылт тартқан бейуаққа.*

*Төмен қарап мұңдасар,*

*Ой жіберіп әр жаққа...»* — дей келіп:

*«Адаққан күшік секілді,*

*Ұлып жұртқа қайтқан ой...»* — деп ақынның өз дәуірі жайлы тереңнен суырып, таусыла сөз айтуы бекер емес. Ол Алланың өзіне берген көл-көсір дарынын айналасына, халқына беруге

ұмтылды. Бірақ... Ол ойы көп жағдайда жаңғырығып, межелі жеріне жетпей, орта жолда үзіліп жатты. Ақын-жүрек соны біліп, соны сезіп күйзеледі. Әуезов айтпақшы, дәуірі де, ортасы да ақынын «жете бағаламады, аз түсінді...». «Көзіме жас бер жылайын, шыдам бер, сабыр қылайын» дейтін қайғы мен қасіретке толы ұлы жолдар осындай кезде жазылғаны шүбәсіз.

Орта дегеннен шығады... Ретті жерінде айта кеткен жөн... Қазаққа шекесі торсықтай дара бітімді, дарынды ұлдарды сыйлаған Ырғызбай-Өскенбай-Құнанбай әулеті жайлы бүгінде таратып пікір

айтушылар көп. Өз кезінде отаршыл жұрт бір бүтін елді қырық руға бөліп билесе, келе-келе Кенес Одағының тұсында тегін тергеп, таптық саясат дейтін қып-қызыл өртті қаулатып, оңына да, солына да аямай салған идеологияшыл қоғамның өз ықпалын қалай жүргізгені бәрімізге белгілі. Ғасырлар бойы қалыптасқан ел тізгінін ұстаудың мектептері тасталқан болып күйреген тұста құрық тек тірілерге ғана түскен жоқ. Құрық ұлттық құндылықтарымызды дәйектер арғы-бергі дәуірлерге де, дәуірлерді өз қолымен құрған ұлт көсемдерінің аруақтарына да ілінді. Бай, кедей дейтін ұранмен ел құлағында болған көсегелі көсемдер мен қызыл тілді шешендердің, сөз бастаған билер мен ел бастаған хан-сұлтандардың барлығы ұлт тарихынан сызылып жатты. Сол сызылудан Құнанбай әулеті де сырт қалған жоқ. Құнанбай әулеті де айдалды, атылды. Азуы алты қарыс, тебінгілі, текті тұқым не көрмеді?! Басынан нендей күндер кешпеді?! Абай балаларынан тараған әулеттің қайғы-шері жетіп-артылады. Ақынның ұлы інісі Шәкәрімнің қолдан өліп, сүйегі отыз жыл құдық түбінде сұраусыз жатуы соның айғағы емес пе?! Айналып келгенде бәрі, ақынның өзі айтпақшы, «Өткен өмір — қу соқпақ, қыдырады, талайды» деп, талайды қан қақсатқан күрделі заман, тауқыметі мол дәуір Абайды да, Абайды дүниеге алып келген қазақ халқын да талайлы тағдырдың сынына аямай салды.

Бірақ Абай да, қазақ та майыспады... Абайдың ұлы болуы, ең әуелі, сол қазақ есімді ұлы халықтың сүйегінен жаралып, сүтін емгені!..

Ақын әлемі тұтас... Абай қуанса да, қайғырса да, шаттанса да, шабыттанса да мол пішілген қазақы болмысымен құшағын жайып, алдан шығады. «Өнер алды — қызыл тіл» санаған, халықтың шешен тілді, көсем мінезді елдің еміренген сәті мен тебіренген тұсының тұңғығын кезгендей болатынымыз да сондықтан. Мұхиттың түбіндей терең, теңіздің ақ толқындарындай айбынды сөз, асау ой!.. Абайды оқып отырып, әлемді сөзге бағындырып, әлемді сөзге табындырған көшпелі жұрттың жер үстіндегі бірде-бір елге ұқсамайтын патша-кейпін көргендей күй кешеміз... Сөзбен дауды шешіп, сөзбен жауды қайырған, сөзбен бойын жаралап, сөзбен ойын саралаған, сөзбен елін тізгіндеп, сөзбен жерін ұстаған неткен ақылды, неткен кеменгер еді бұл халық?! Абай әлемі бізді осындай сұрапыл мінезі мен сыр-сымбаты қатар жүретін сөз дейтін сиқырдың канатына



кондырады. Бірде алпыс екі тамырынды атқататып, бойынды өртесе, енді бірде жауабы қиын мәңгілік сауалдардың қорығына айдап әкеледі... Жүрек-бойынды тоңдырады.

Қазақы сөз... Қазақы ой... Қазақы таным...

Жер де, көк те, өзен де, көл де, жусанды дала, бетегелі бел де «ұлт ақыны» дейтін ұлы ұғымға сананы жұдырықтай жұмылдырып, жұмыр бас пендеге кең дүниені кемел қалпында ұғындырып, оқырманын жаңа кеңістікке жетелейді. Ақынның жаны қазақтың жаны болып сөйлеп, кең даланы шексіз ғаламға жалғайды. Жыр жалпыадамзаттық се-

күнде айтып жүрген сөздері. Қолданыста жүрген көненің көзіндей болған ұғымдар. Әлгі қазақ санасына шегелене біткен ескі сөздер бірі мен бірі байланысқа түсу арқылы ұғымы өзгеше, жаңа, бейнелі тіркестерді құраған... «Тәңірінің күні жарқырап, ұйқыдан көңіл ашар кез» дейді Абай! Бірімен-бірі жымдаса қабысқан осындай өрісі кең жыр жолдары ақын жаратылысының даралануына, ой әлемінің төрінен суырылып шығып, ақын сөзінің саралануына қызмет етеді...

\*\*\*

Абай сөзінің астарында адам жанын күрсінте білер қуат пен адам жанын

айтқандай, «Абай дәл бүгінгідей біздің қасымызда тұр».

«Қарашада өмір тұр, тоқтатсаң, тоқсан көнер ме?» деп басталатын фило-софиялық терең ойға құрылған белгілі жырдың әлгіндей өмірдің ашы шындықтарын қақыратып айтар тұстарын оқып отырып, бүгінгі дәуір, замана ақиқатын аңғарғандай боларымыз анық...

Жұмыр бас пенденің бәріне тән, бәріне ортақ «қызыл түлкі — дүние» алдындағы әлсіздігіне майдан ашқан ақынның:

*«Жара басты кеудені,*

*Жаудан өлді ар үшін»,* — деп ашына налуына сенесіз немесе ойы тығырыққа

Жер бетіне Тәңір өзі сыйлаған жаратылыс иесі — адамның орнын асқақтату, ақыл-парасатын төрге шығару хақында толғанудан туған ұлы сезім Абай жырын әлем әдебиетінің төріне көтеріп отырғаны анық.

Ұлы ақынның жалғыздық хақындағы толғанысы бүгін адам өмірі мен санасында өз мағынасын жойды деп ешкім айта алмайды. Өркениеттер кеңістігі мен мәдениеттер айдынын мидай болып араласуға үндейтін жаһандану дәуірі Адам-ата, Хауа-ананың бүгінгі ұрпағын жиі-жиі меңіреу жалғыздықтың тұйығына қамап келе жатқаны жасырып-бүгер сыр емес...

Бұл — бүгінгі күннің ақиқаты.

Бүгінгі қазақ, бүгінгі қазақ тілін кәдір тұтатын ұрпақ өз елінің рухани тұтастығы мен рухының асқақ болуын қамтамасыз еткісі келсе, қазақ сөзінің құдіретті қағбасы — Абай дейтін тамырын терең ғасырлардан тартатын ұлт ойының ұлы төріне жиі-жиі бұрылып, халықтық қалыбымыз бен ұлттық тұтастығымыз жайлы толғануы керек. Керек! Сайып келгенде, бұл керек Қазақ елінің мемлекет ретінде іргесінің бекуін, тәуелсіздік дейтін киелі де қасиетті ұғымның тамырын терең жіберуін қамтамасыз етер толып жатқан ұлттық керектердің тағдырын оң шешері анық.

*«Қайрат пен ақыл жол табар,  
Қашқанға да, қуғанға.  
Әділет, шапқат кімде бар,  
Сол жарасар туғанға.*

*Бастапқы екеу соңғысыз  
Біте қалса қазаққа,  
Алдың — жалын, артың — мұз,  
Барар едің қай жаққа?!*

Біз айтып отырған ұлттық керектерге алып барар жол жатқан жоқ па осынау өлең шумақтарының төркінінде?! Абай айтар ой мен Абай қояр сауал төркінінде кешегінің ойы мен кешегінің ғана сөзі жатқан жоқ. Бүгінгінің сөзі, бүгінгінің ойы жатыр баққанға. «Алдың — жалын, артың — мұз...» дейді жүректі қылта тұсынан ұстап тұрып ұлы ұстаз.

Бүгінгі қазақ ғана емес, бүгінгі жерүсті өркениеті нағыз «алды — жалын, арты — мұз» дейтін ақиқатпен бетпе-бет келіп отыр. Сол бетпе-беттен абыройлы шығу — ұлтқа сын. Ұлттың рухын сүріндірмей, тарих талқысынан аман өтуде ақын Абайдың да, хакім Абайдың да берері мол, үйретері көп.

Ұлы ақын хақындағы сөзімізді Алаш арыстарының бірі Міржақып Дулатовтың мына бір пікірімен аяқтағанды жөн санадық. Сөз Абайдың дүниеден өткеніне он жыл толуына орай 1914 жылы жазылған. «Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасак, рухына сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабіріне халқы жиі зиярат етер, халық пенен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...», — дейді Алаш көсемі.

Алаш арыстарының айтқаны келіп, армандары орындалды.

Халық ағару биігіне көтерілді.

Енді... Абайды сол биіктен аласартпай, биіктеткен үстіне биіктете беру — парыз...

Өйткені Абай биігі — ұлттың биігі.

Абай биігі — қазақ сөзінің құдіретті қағбасы!

# ҚҰДІРЕТТІ ҚАҒБАСЫ



Ақылбай Абайұлы, Абай Құнанбайұлы және Тұрағұл Абайұлы. Семей. 1896 жыл

зінү, түйсіну, бағалау, ой қорыту биігіне көтеріледі.

*«Сылдырап өңкей келісім,  
Тас бұлақтың суындай,  
Кірлеген жүрек өз ішін  
Тұра алмас әсте жуынбай.  
Тәңірінің күні жарқырап,  
Ұйқыдан көңіл ашар көз,  
Қуатты ойдан бас құрап,  
Еркеленіп шығар сөз...»* — дейді Абай-жыр.

Әрі қазақы, әрі адамзатқа ортақ көңіл ауаны. Сөйте тұра осыған дейін қазақ ұғымында кездеспеген әлденеше тіркеске көзіміз сүрінеді. «Кірлеген жүрек өз ішін тұра алмас әсте жуынбай...» Қазақ өлеңіне жаңылмай жол салған бейнелі жаңа тіркестер. Бірақ соншама ұғынықты, соншама ұлттық бояу-реңі қанық екі жол сізді еріксіз өзге бір талғам сорабына салып, таным мен талдау айдынына алып шығады. Жырдың құдіреті осындай жаңа, тосын тіркестерден көрінеді. Бір қарағанда, кәдімгі кара орман қазақ жұртының

қуанта білер сикыр бар. Жұмбақ жанның жұмбақ жаратылысы бар.

Сол жұмбақ жаратылыс жер үсті тіршілігімен сырласып, тілдескелі, қайғырып, мұң кешкелі, міне, үшінші ғасырдың жүзі болып отыр. Қайта уақыт озған сайын қанаттанып, күрделеніп, ұлт рухын сақтауға, ұлт мінезін қорғауға, тіл мен діннің тұтастығын бұзбауға, бір сөзбен айтқанда, бүгінгі жаһандану дейтін алпауыт құбылыс қалыптастырып отырған өмір, тіршілік, қоғам ақиқаттарымен тереземізді тең ұстап отырып сөйлесуге үйретеді.

*«Досыңа достық — қарыз іс,  
Душпаныңа әділ бол.  
Асығыс түбі — өкініш,  
Ойланып алмақ — сабыр сол».*

Міне... Жұмбақ жаратылыс иесінің жұртына айтар ғибраты. Қазақ «жауды аяған жаралы» десе, Абай «Душпаныңа әділ бол» дейді. «Асығыс түбі — өкініш» дейді. Бүгінгі өмір. Бүгінгі ой. Әуезов

тіреліп, жүрегі жалғыздық қорығына қамалып:

*«Жүрегім менің қырық жасау,  
Қиянатшыл дүниеден»,* — деп торығуына да нанасыз.

Қазақ жырына өлшем мен түрдің ондаған үлгісін енгізіп, өлең дүниемізде түбірлі реформалар жасаған, қазақ поэзиясын бұрын-сонды көрмеген, білмеген жаңа өріске, жұлдызы жарық жаңа әлемге алып шыққан жаңашыл ақынның:

*«Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым,  
Онан да шықты жаңғырық,  
Естісем үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып.  
Баяғы жартас — бір жартас,  
Қаңқ етер, түкті байқамас...»* — дейтін атақты «Сегіз аяқ» білмейтін қазақ жоқ.

«Сегіз аяқ» — жаңашыл жырдың үлгісі ғана емес, заман, қоғам, адам хақындағы концептуалды терең ойлардың асау тасқыны. «Сегіз аяқ» — ойды мәнерлеп, «алыстан сермеп, жақыннан тербеп» айтудың берісі — қазақ, әрісі — әлемдік поэзияға Абайдың тарту еткен жаңалығы. «Сегіз аяқ» — жалғыздық жыры! «Сегіз аяқ» — адам мен ғалам арасындағы тылсым байланысты тануға шақыратын құдіретті жыр! Кемел сөз! Бұл — ұлы жүректің ұлы шері!.. Әр сөзі қорғасындай салмақты. Әр жолы тас қозғайтын толағайдай сұрапыл. Сөзі мен сазы шыпшымыр болып табысқан, түрі мен сыры ажырамастай қабысқан ұлы жыр!

Осы өленді оқып, тындап отырып, тіліміздің ұшына әркез жалғыздық деген ұғымның жаңғырығып орала беретіні несі екен?! Бұл рухани қанағатсыздықтан туатын ойдың жалғыздығы емес пе?! Арғы-бергі дәуірлерде ғұмыр кешкен ұлы тұлғалар мен терең ойлы ғұламалардың басында жиі болатын «теріске шығарудың» текті үлгісі емес пе?! Өзі терезесін тең ұстап, иықтасып отырып, қазақ тілінде қапысыз сөйлеткен Пушкин мен Лермонтовтың, Гете мен Байронның тағдыр-талайларын еске салатын Абай жалғыздығы өз заманынан озынқырап кеткен ұлы жүректің қасіретті, қасиетті жалғыздығы екені шүбәсіз. Төркінінде адамды сүю мен кісіні құрметтеу жатқан Абай жалғыздығы — ғайып берен мінезді ұлы ақынның жалғыздығы! «Ішек бойлап, он саусақ жорғаласа, бейістің үні шығар қоңыр салқын» дейтін екі дүние барына бек сенген жанның Жаһанмен бетпе-бет келген жалғыздығы!

Иә...

Жер жалғыз...

Ғалам жалғыз...Адам жалғыз...

Қазақ үшін Абай қашан да жалғыз...



## Қансейит ӘБДЕЗҰЛЫ,

филология ғылымдарының докторы,  
Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

Әуезовтің шәкірт-досы,  
қазақ прозасына өлшеусіз  
үлес қосқан жазушы,  
сыншы, әдебиет зерттеушісі  
Тәкен Әлімқұлов осыдан  
жетпіс жыл бұрын Абай  
шығармашылығын зерттеуге  
ат басын бұрыпты.

1954 жылдың алғашқы айларында Абай поэзиясының көркемдік құндылықтары, жаңашылдығы, тұтас қазақ поэзиясына, күллі қазақ әдебиетіне, руханиятына жасаған әсер-ықпалы, тарихи миссиясы туралы тұңғыш ой-толғамдарын қағаз бетіне түсіре бастаған.

Алдымен, алғашқы үзінділерін газет беттерінде жариялап алған соң, осы дүниесін үлкен сүйекті мақалаға, тұтас зерттеу еңбегіне айналдырып, 1958 жылы Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасынан жарық көрген «Жемісті жолда» атты тұңғыш әдеби-сын мақалалар жинағына енгізіпті.

Осынау 50 бетке жуық көлемді, іргелі мақала кейінгі жылдары тереңдетіліп, ақынның басқа да тақырыптарды кең қамтып толғаған туындыларына да терең талдаулар жасаған ой-толғамдарымен толықтырылып, 1978 жылы «Жазушы» баспасынан «Жұмбақ жан» деген атпен жеке зерттеу еңбегі ретінде жарияланды.

Бұл кітап жарық көре салысымен әдебиет сыншыларының назарына бірден ілікті. Басым көпшілігі еңбекті абайтануға қосылған үлкен үлес, Абай поэзиясын насихаттап, оның көркемдік құндылығын, Абай шығармаларының тарихи, рухани орнын танытудағы биік белес болды деп бағалады. Әсіресе абайтанушы ғалымдар, әдебиетшілер тарапынан да жақсы бағасын алды.

Сол тұста өнер адамдарының, яғни әйгілі күйшілер мен арқалы ақындардың, сал-серілердің, тарихи тұлғалардың көркем бейнесін қазақ прозасында сәтті бейнелеп жүрген, өнер тақырыбындағы талантты туындыларымен танылып үлгерген Тәкен Әлімқұловтың бұл әдеби-зерттеу еңбегі, шын мәнінде, елуінші жылдар ішінде дүниеге келген Абай туралы кітаптардың қатарында шоқтығы биік, жаңа белес болған жұмыс ретінде әділ бағасын алды.

Бүгін, міне, араға жетпіс жыл салып осынау тарихи маңызы бар, керек болса абайтану тарихында да өз орнын ойып алған іргелі зерттеудің өзіндік құндылығына бір оралып өтсек, артық болмайды.

1954 жылы Тәкен Әлімқұлов өз зерттеуін, яғни мақаласының кілтін неден бастаған деп назар салып едік, бірден баурап алып кетті. «Халық тарихында мәңгілік ұмытылмас ұлы уақиғаларды бастасқан, бүкіл ұлт тағдырына ортақтасқан адамдар, шынында да, өлмек емес. Олар халықтың жанына, болмысына, табиғатына сіңіп, өз өмірінің жалғасын келешек ұрпақтан табады, заман озған сайын жанарып, ұлылығы өсе, тереңдей түскендей болады: өскен заман тереңдегі қазынаны тезірек таниды, тезірек аршып алады. Жеке адамдардың ұлылығы заман ұлылығына жараса түседі.

Осындай халықтың жүрегінде сақталған ұлы адамдардың бірі Абай еді. Ол өз халқының тарихы Ресей тарихымен ұласқан ең бір елеулі кезеңде туды да, асқан көрегендік жасап, туған елін үміті мол тың бағытқа қарай меңзеді. Өз басы соның жолын, тәсілін, саясат, экономика, мәдениет жағынан кенже қалған сахара жағдайында, ең алдымен, өнерден іздеді. Бұл салада «адасқанның алды жөн, арты соқпақ» болған шиырға соқпай, омбылай тартып сенімді төте жолға шықты».

Осынау екі абзац сөздің өзінде-ақ Тәкен Әлімқұлов Абайдың пассионарлық, ренессанстық тұлғасының тарихи мәнін, оның өнер арқылы, яғни поэзия арқылы ұлтын өркендету жолына бастап, тұтас тағдырын халқының болашағына арнағанын дөп басып айтып отыр.


Заманалар көшінде Абай тұлғасы биіктей берді, биіктей берді дейді. Тап бүгінгі XXI ғасыр шындығын болжап, біліп айтып отырғандай. Әділетті Қазақстан бүгін ұлттық идеологиялық ұстанымының, ұлттық құндылықтарының ең басты өлшемі, басты бағыты етіп Абай ілімін, Абай тағылымын, Абай мұрасын тандап алды. Абай даналығын қазіргі ұрпақтың баға жетпес байлығына балап отырмыз. Болашақта да осылай жалғаса берері ақиқат.

Өлеңнің қадірін терең сезетін, Абайдың әрбір сөзіне қатысты түбіне бойлай отырып ой

шакырады ақын. Ал енді Тәкен өзінің кітабының кіріспесін, кілтін осынау жүректен басталатын екі жол өлеңіне сыйғызған. Осынау аса құнды, құнарлы зерттеу еңбегіне араға жылдар салып қайта оралғанда зерттеушінің сөз орамдарына, ойлау жүйесіне, ғылыми тұжырымдарына, толғамдарына таңғалмасқа әлдініз қалмайды.

Алғашында ақындықтан бастаған, екі өлең жинағын шығарған Тәкен Абай тақырыбына кездейсоқ келген жоқ. Сыншылық жолының басында да қазақтың екі ұлы ақыны туралы іргелі, сүйекті еңбектері тұрады. Бірі – Абай туралы болса, екіншісі – кезінде әдебиет сыншында құбылыс болған мақаласы, қазақтың арқалы ақыны Қасым Аманжоловтың поэзиясы туралы дүниесі. Бүгінге дейін бұл мақала да Аманжолов шығармасын танудағы үлкен белестің бірі болып есептеледі.

# Абай және Тәкен



тарқататын, пікір түйетін суреткер қаламгер, зерделі сыншы Тәкен әу дегеннен ұлы Абай жүрегін түбінде нендей сыр, нендей шер мен мұң жатыр, міне, осы мәселеден бастаған...

*«Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек, Ашуың – ашыған у, ойың – кермек. Мұңдасарға кісі жоқ сөзді ұғарлық, Кім көңіліді көтеріп, болады ермек?»* деген ақын жүрегінде жүгінеді.

Қамшының сабындай қысқа ғұмырында тағдырдың бар соққысына төтеп беріп, өмірдің барлық ашы-тұшысын қатар татқан, заманның ырқына көнбеген, бар ауыртпалығын арқалаған, достан да, дұшпаннан да көңілі қалған қайран ақынның ендігі жүгінері де жалғыз жүрегі екенін сезінесін...

*«Қарашада өмір тұр, Тоқтатсаң, тоқсан көнер ме? Арттағы майда көңіл жүр, Жалынсаң, қайтып келер ме?»*

*Майдағы жұрттың іші қар, Бәйшешек қарға өнер ме? Ішінде кімнің оты бар, Қар жауса да сөнер ме?»* – дейді ақын мұнайған бір сәтінде. Өмірдің мәнін, құнын, басы мен соңын терең пәлсапалық ойлармен астарлап, табиғат құбылыстарымен қатар жарыстыра, қабыстыра бейнелейтін ақындық қолтаңба Абайдың адам өмірі туралы барлық өлеңінде арқалы үзілмейді.

Ақын адам өмірінің барлық кезеңіне өлең арнаған. Таңғаласың және сол сезімдерінің, жан толқындарының барлығын жүрек көзінен өткізеді. Жүрек қалауына салады. Абай неге жұмбақ адам? Осыны ойлауға

Демек, Тәкен поэзия жанрындағы талантты туындыларды талдауға үлкен дайындықпен келді. «Жұмбақ жан» зерттеуінің барлық бетінің, тұтас тарауларының мазмұны Абайдың осынау жұмбақ сырын ашуға, зерделеуге бағытталды.

Тәкеннің Абай туралы түйіп-түйіп айтатын пікірлері де кесек-кесек. Бір тұста Тәкен: «Абай сынды айрықша дарынның, сыршыл, шыншыл суреткердің қоғам атаулыдан алатын әсері, бағдарлайтын байқауы, түйетін түйіні, қазақша айтқанда, жақсыға жанасумен, жаманнан жерумен шектелмейді.

Әлеуметтік көзқарас пен суреткерлік шындықтың арасындағы қайшылық өз алдына. Халқының өсіп-өркендеуін, үлгілі ел болуын тілеген Абай – қайсар қайраткердің қатарында нәзік те әсершіл ақын, қиын болмыс. Оның ішкі әлемі өзі айтқандай, жатқан жұмбақ. Ол халқын танудан жаза баспаса, өзін тануға келгенде ғажайып қайшылықтарға ұрынады. Бұл – өте-мөте ұлы суреткерлерге тән қасиет. Гете мен Омар Хайямның, Пушкин мен Мицкевичтің, прозада Онуоре де Бальзак пен Лев Толстойдың тәжірибесі – осының айғағы», – деп толғанады.

Тәкен, осылайша, Абайды ұлы тұлғаларға, заманның ұлы ойшылдарына теңейді. Ой-зердесін, білім ауқымын, таным көкжиегін, кісілік, қайраткерлік сипатын зерттеуші бірнеше сөйлеммен-ақ қайтара қорытып, еске алады. Ақынның сан қырлы талантының, дарын күшінің мұхиттай терең ағысын айнытпай танитын қаламгер көпсөзділікке ұрынбайды. Әрдайым қысқа қайырылатын тұжырым-

дары арқылы ұлы тұлғаның ұлы қасиеттерін созбаламай, дәмін кетірмей сығымдап, Абайдың қандай деңгейге, қандай парасат биігіне көтерілгенін толғанып, тебірене жеткізеді.

Абайды хакім, кеменгер, ойшыл әрі данышпан деп танығанда Тәкен жалаң, қызыл сөзге, құрғақ байламдарға құрық бермейді. Абайдың өз шығармаларына арқа сүйейді, әсіресе өлеңдеріне терең үніледі. Поэмалары мен қарасөздеріне де, аударма туындыларына да мейлінше нақты тоқталады.

Ақынның қаламынан туған барлық туындыларын Тәкен ой елегінен өткізеді. Әлеуметтік талдауларға да бой ұрады. Оның рухани ізденістері қазақ поэзиясын жаңа биікке көтергенін, классикалық үлгілерді Абай поэзиясынан көреміз дейді.

Хакім философиясы да өмірдің өзінен, адамзат тарихында ғасырлар бойында жи-

нақталған, іріктелген білім қорынан нәр алатынын айтады. Осынау философиялық, пассионарлық таным Абай дәстүріне де жаңалық алып келді. Мәңгілік құндылық – адамзаттық гуманизм идеясына терең бойлаған поэтикалық талғам, ақындық ұстаным Абай шығармаларының алтын арқауы болғанын дәлелдейді. Шығарма мәтіндері арқылы Тәкен осыларды да аңғарып отырады. Шегелеп жазады.

Шығыстың жауһар поэзиясы, оның Абай дүниетанымына қалайша жақын келгендігі, өз кезегінде Шығыс поэзиясын Абайдың да қалайша түрленде, тереңдете қабылдағанын нақты өлеңдерге тоқтала отырып тарқатады.

«Абай Шығыс мәдениетін менгергенде талғампаздықпен сыни қарап менгерді. Махаббат бостандығын, әділетшілдікті, әлеуметтік прогресті жырлайтын сыршыл поэзияға құмартты.

Ол Низамиді, Науаиді, Хафизді, Сағдиді, Физулиді, Фирдоусиді қадір тұтты. Бұлардың ішінен Науаидің «Фархад – Шырыны», Фирдоусидің «Шахнамасы», Низамидің «Ләйлі-Мәжнүн» қазақ даласына кең тараған еді. Парсының, арабтың кейбір мифологиясының ұзын-ырғасы қарасөзге айналса, «Төрт дәрбіш» (Ағайынды төртеу) тәрізді тәжіктің халық романы ертегіге айналып кеткен еді. Рудаки, Омар Хайям сынды санжақ ақындар ертеден-ақ әлемге әйгілі болса, шәкірт Абай сиыңған Хафиз ұлы Гетеге үлкен әсер еткен-ді», – деп жазады Тәкен.

Шын мәнінде, Шығыс шайырларына көп үңілген Абай шығармашылығында Шығыс сарыны мен сюжеті күс жолындай сайрап жатыр. Әсіресе Абай поэмалары, ондағы оқиғалық, сюжеттік арналар, баяндау тәсілі, кейіпкерлер шоғыры – соның айқын бір дәлелі. Абай өмірінің соңына таман жазған:

*«Ауру жүрек ақырын соғады жай, Шаршап қалған, кеудемде тулай алмай. Кейде ыстық қан басып кетеді оны, Дөңбекшіген түндерде тыншыға алмай»,*

– деп келетін өлең жолдарында жабырқаған, шаршаған, көңілін мұң басқан жан дүниесі бір сөз көрінгенімен, бірақ Абайдың түнілісін, жазмышқа жығылуын немесе бүкіл дүниені төрк етіп, рухани күйзеліске түскен болмысын байқамаймыз деген түйін жасайды.

Абай поэзиясындағы биік рух, биік жігер, отты, өткір келіп отыратын өлең жолдарының ішкі қуаты ұлттық намысымыз бен бітім-болмысымыздан нәр алатынын айқын ажыратады. Халық қасиетін айшықтап алдыңғы қатарға шығарған ақындық дарынын жоғары бағалайды.

Т.Әлімқұлов еңбегінің ең сүбелі беттерін хакім Абайдың өмірбаянын, өскен ортасын, ата-тегін, білім алған белестерін әнгімелеуге арнайды. Абайтанудың бірнеше кезеңнен тұратын ұзақ, жемісті жолын Мұхтар Әуезовтің шығармашылық мұрасына, дәстүріне арқа сүйеп, ол зерттеген қыруар дүниені, жарыққа шығарған еңбектерін аттап кетпей, баға жетпес рухани байлыққа үлкен ілтипат көрсете отырып ой толғайды.

Түйіндей айтқанда, Тәкеннің «Жұмбақ жан» атты зерттеу еңбегі – бүгінгі абайтанудың, қазіргі Абай тұлғасы мен феномені, Абай ілімі туралы көптеп жазылып, айтылып жатқан дүниелеріміздің биік төрінде тұратын зерделі еңбектердің бірі хәм бірегейі.



**Меңдібай ӘБІЛҰЛЫ,**

филология ғылымдарының кандидаты

Алғаш ауыз әдебиетінен, сонан соң Шығыс және Батыс ақын-жазушыларының шығармаларынан нәр алған Абайдың қазақ әдебиеті мен Шығыс, Батыс әдебиетінің арасында алтын көпір болғаны рас.

Абай Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан үзінді («Онегиннің сипаты», «Татьянаның Онегинге жазған хаты», «Онегиннің Татьянаға жауабы», «Онегиннің сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты», «Татьяна сөзі», «Ленский сөзінен», «Онегиннің өлердегі сөзі»), Крыловтың: «Емен мен шілік», «Қазаға ұрынған қара шекпен», «Жарлы бай», «Есек пен бұлбұл», «Қарға мен бүркіт», «Шегіртке мен құмырсқа», «Әншілер», «Ала қойлар», «Қарға мен түлкі», «Жұрт біледі, күледі...», «Қарға мен түлкі» «Боқтықта талданба...», «Бақа мен өгіз», «Піл мен қанден», «Есек» мысалдарын аударды. Сонымен бірге орыстың белгілі ақыны Лермонтовтың «Тұтқындағы батыр», «Рақат, мені тастап, қоймадың тыныш», «Өзіңе сенбе, жас ойшыл», «Ал, сенейін, сенейін», Дж. Байрон М. Ю. Лермонтовтың «Көңілім менің қараңғы», И. В. Гете-Лермонтовтың «Қараңғы түнде тау қалғып», И. А. Буниннің «Қорқытпа мені дауылдан», А. Мицкевичтің «Дүрлідеген нажағай» атты өлеңдерін қазақ тіліне тәржімалап, орыс әдебиетінің інжу-маржандарын қазақ азаматтарына таныстырды.

Қазақ әдебиетінде әдеби шығармаларды аудару дәстүрі сонау Алтын Орда (қыпшақ) дәуірінен тамыр тартады. XIV-ғасырдың орта кезінде өмір сүрген белгілі ақын Құтыб әзірбайжан халқының кемеңгер ойшылы, ұлы ақыны Ілияс Жүсіпұлы Низамидің «Хұсрау мен Шырын» атты дастанын аударды. Алтын Орда әдебиетінің XIV-ғасырдағы көрнекті өкілі Сайф Сарай парсы-тәжік әдебиетінің классигі Сағди Ширазидің «Гүлстан» атты дастанын түркі тіліне аударып, дастанның атын «Түркі тіліндегі Гүлстан» деп қойды. Абай ежелден келе жатқан осы аударма дәстүрін өзі өмір сүрген дәуірде аса білімділікпен жалғастыра білді. Абай орыс әдебиетінен, Лермонтов арқылы неміс әдебиетінен нәр алды. Орыс, неміс әдебиетін қазақ халқына насихаттады.

Абайдың аудармалары туралы профессор З. Ахметов былай деп жазады: «Абайдың аудармалары жайлы сөз қозғағанда, ең алдымен анықтап алуға тиісті мәселе мынау. Оларды саралап, жіктеп, орыс классиктерінен аударма және белгілі шығарманың сарынымен жазылған төл шығарма деп екі топқа бөліп қарастыру қажет. Өйткені аударма деп аталып, аударма саналып жүрген бірталай өлеңдері, әрине, осы сөздің бүгінгі қалыптасқан, қолданылып жүрген тура мағынасындағы аударма емес. Олар небір белгілі шығармамен сарындас келетін, жарыса жазылған көп дегенде жартылай тәржімаланған, түгелдей алғанда өзіндік төл тума шығармалар. Абайдың орыс классигінің өлеңін қызықтап, жарыса жазып, өзінің ой-сезімін, өз көңілінің күйін толғап, еркін кететіні, сөйтіп, қазақ тілінде тың, төл шығарма тудыратыны оның ақындық шабытының қуаттылығының бір көрінісі деп қараған жөн. Ал ақын толғауы түскен өлеңді дәл аударуды мақсат еткенде орысша ай-

тылған ойды қазақша жеткізудегі асқан шеберлігімен және таңғалдырады...»

Шынында, Абайдың аудармалары түсініп, бар ынтасын салып оқыған адамға өзінің төлтума шығармасындай әсер қалдырады. Бар ынтасымен, жан-тәнімен беріліп, жүрегінің төрінен орын бере отырып, аударған өлеңі өзін де, өзгені де рақат сезімге бөлейді. Оның аударма саласында батыл қадам жасап, анау-мынау емес, орыс классиктерінің шығармаларын аударуы да әдебиетті зерттеп жүрген ғалымдарды тандандырып

тілінде Лермонтов қанша аударылса да, осы жалын атқан дарыны бар жас ақынның өршіл қиял, қуатты оймен суарылған өлеңдерін Абайша сөйлеткен адамды таба қою қиын-ақ болар. Лермонтовтың өмірге үлкен оптимистік сеніммен қарайтынын, жабырқаған көңілін сергітуге ұмтылатынын айқын аңғартатын өлеңдерінің бірі «Молитва» болса, Абайдың оны «Дұға» (Өмірде ойға түсіп кем-кетігін), «Қасиетті дұға» («Өмірден соққы жесем, жазығым жоқ») деп екі рет бірінен-бірінен асыра ерекше

Лермонтов лирикасында ақ желкен алыстан, тұман арасынан ағарандап, эзер көрінеді. Тулаған толқыны буырқана соққан асау теңіздің өр мінезі көз алдыға келеді. Ақын оған бізді жақындата түседі. Бір сәт ақ желкенді қайықта жүзіп бара жатқандай күй кешесіз. Ақын осынау әдемі көріністі көзге елестетіп қана қоймай, соған қатысып жүргендей сезімге бөлейді. Уақыт пен кеңістікті теңіз табиғатымен астастыра көркемдікпен бейнелеп, оқырманды қызықтыра тартады. Тұманды көгілдір теңізде ағарандап,

# АБАЙДЫҢ АУДАРМАЛАРЫ



Абайдың кіндік қаны тамған жер – Сыртқасқабулақ

отыр. Мұның өзі Абайдың тегін адам еместігін дәлелдейді.

Профессор А. Исмақова Абайдың аудармалары жөнінде: «Абайдың аудармалары да деколоциялық ұстанымда іске асқан. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының толық мазмұнын емес, үзіндісін қалперге алуы сондықтан. Абай өз аудармасына сазды әуен қосып, мәтінге жан беріп тірілтіп, Онегиннің сөзіне қазақи ортаның көңіл күйі мен сезімін қосты» — деп жазды.

З. Ахметов Абай шығарған Татьяна жыры мен Татьяна әні туралы былай деп жазады: «Абай шығарған Татьяна жыры, Татьяна әні бар деп мақтаншы етеміз. Мұның өзі екі өлең. Бірі — «Амал жоқ-қайттім білдірмей» деп басталатын жас Татьянаның Онегинге ғашықтық сезімін білдіріп жазған хаты. Екіншісі — «Тәңірі қосқан жар едің сен» дейтін кейінірек Онегин Татьяна күйеуге шыққаннан соң кездесіп, жоғалтқан махаббатын қайта таппақ ниетімен өзі хат жазғанда, Татьянаның оған айтқан жауап сөзі. Өнер сүйетін қазақ баласында осы екі өлеңді білмейтін, әнге салып айтпайтын адам кемде-кем десек, артық айтқан бола қоймас

Абай Татьяна мен Онегиннің арасындағы махаббатты жырлайтын өлеңдерді аударғанда сөз жоқ, осындай махаббатты өз басынан өткізгендей шексіз өмірге құмарлықпен аударды. Назым сөзді ширатпа шумақпен көркем жеткізе алған ақын осы аудармасы арқылы орыс әдебиетінің көрнекті ақынын қазақ халқына жақындата түседі, орыс поэзиясын жеріне жеткізе қазақша сөйлетіп, ғашық жастарды махаббат мұхитына алып шығады.

З. Ахметов былай деп жазады: «Лермонтовтан аударған «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз», «Рақат, мені тастап қоймадың тыныш», «Күнді уақыт итеріп», «Менің сырым, жігіттер, емес онай», «Жалғыз жалау жалтылдап», «Ал сенейін, сенейін» секілді өлеңдерінде Абай олардың мазмұн-мағынасын қазақша мейлінше дәл түсіре отырып, өз ой-толғанысын, өз жүрегінің тебіренісін де анық жеткізетінін байқаймыз. Қазақ

құштарлықпен тәржімалағаны тегін болмаса керек...»

«Яш Түркістан» журналының жауапты хатшысы Тахир Шағатай «Түркістанның ұлы ақыны — Абай Құнанбайұлы» деп аталатын мақаласында Абайдың орыс әдебиетінің алыптары Пушкин мен Лермонтов шығармаларын қазақ тіліне аударудағы еңбегі туралы: «Абай орыс әдебиеті және сол арқылы Еуропа әдебиетін жетік білетін... Орыс зерттеуші ғалымдары Абайды орыс әдебиетінің алыптары Пушкин мен Лермонтовты оқып, олардың шығармаларымен жақын таныс болған деп жазады. Ал большевиктер оны «дала аристократы» ретінде қарап, «феодализм мен байшылдықтың жыршысы, ұлтшыл» деп қаралауда» деп жазды

М. Әуезов Абайдың аудармашылық таланты туралы: «...Лермонтовтай ақын-дардың өлеңдерін қазақша аударса, сол сөздерді құр ғана сыртқы келісімен сүйгендіктен аудармайды. Барлығында өз жүрегіне түсінікті, өз халіне жана-сатын, өз қиялына дәл келетін ерекше жақындығы болғандықтан аударды. Өзі шығаратын өлеңдермен қатар, аудармалар ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас тынысы сияқты болады...» деп жазды

Шындыққа бас иер болсақ, Абай қазақ әдебиетіндегі аударма жанрында да жаңалық ашты. Бұл жоғарыда ғалым ағамыз Зәкидің айтып отырған Лермонтовтың «Молитвасы». Бір өлеңді екі өлең етіп аударған, екі түрлі нақышпен аударған.

Профессор Әнуар Тарақов М. Ю. Лермонтовтың «Желкен» («Парус») өлеңін аударғандағы Абайдың шеберлігі туралы былай дейді:

*«Белеет парус одинокой,  
В тумане моря голубом!..  
Что ищет он в стране далекой?  
Что кинул он в краю родном...»*

Абай желкенді «жалау» деп алған. Бірінші шумақты салыстыра талдайық.

*Жалғыз жалау жалтылдап,  
Тұманды теңіз өрінде.  
Жат жерде жүр не тыңдап?  
Несі бар туған жерінде?»*

**“ Шын хакім, сөзің асыл –  
баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсө,  
дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған  
сендей жанды,  
Дүние қолын жайып енді  
күтпес.  
Мағжан ЖҰМАБАЕВ**

анда-санда бір көрінген жалғыз желкен көзге елестейді. Теңіз көрмеген балалар оны сол кездегі суреттерден, кинолардан елестете еске түсіргенбіз...»

Теңіз өмірінен хабарсыз, ұлан-ғайыр далада өмір сүріп, биік таулардың қойнауында балалық-жастық шағын өткізген Абайдың теңізде жүзген ақ желкенді кемеңі жырлауында да біз білмейтін ғажап жайып құпия, өлеңге деген құштарлық сезіледі. Абай өлеңге құмартқан жастарды орыс ақынымен таныстырғысы келді.

Профессор Ә. Тарақов одан әрі өз ойын былай деп өрбітеді:

*Играют волны-ветер свищет,  
И мачта гнется и скрипит ...  
Увы! Он счастья не ищет,  
И не от счастья бежит.  
Абай аудармасы:  
Ойнақтап толқын, жел гулеп,  
Майысар діңгек сықырлап.  
Ол жүрген жоқ бақ іздеп,  
Қайтайды бақтан бойды ұрлап.*

Абайдың аудармашылық шеберлігі керемет. Шумақ ұйқасы да, ойы да шымыр. Тәржімасы түп нұсқамен теңдес. Аударма тілінде ой да, мағына да, тіл көркемдігі де суреттеу шеберлігінде өзара үйлесіп, үндесуін балама десек, сол баламаның жарқын үлгісі. Лермонтов желкенін жел керген кемеңі мачтасын, діңгегін алса, Абай оны тіршілік діңгегіне теліген. Лермонтовта асау теңіздің толқын ойнап, толқып, буырқанған сәті суреттелген. Абайда да солай. Лермонтовта жел ызылдап уілдеп, ысқыра соғып тұрса, Абай «гуілдеп» деп бір ғана сөзбен бере қойған. Теңіз саяхаты туралы кино көрсеңіз, қатты дауыл кезінде кемеңі ары-бері шайқалтып теңселтіп, мачта-дінгекті сықырлатып, түбірімен копарардай, кемеңі аунатып тастардай көрінеді...»

Абай Лермонтовтың «Желкенін» қазақшаға аудармастан бұрын теңізде ақ желкенді кемеде жүзіп, қатты соққан дауылдың ортасында таудай-таудай толқындарға қарсы жүзген кемеңі ішінде сықырлаған мачта-дінгектің жанында тұрып кемеңі қақпақыл қылған дауылды толқындардың аспанға шапшығанын көрген жоқ, бірақ Абай теңіздегі толқындармен алысқан адамдар туралы әдебиеттерді оқымауы мүмкін емес қой.

Қалай, десек те, Абай аударған шығармалар қазақ оқырмандарының жүрегінен орын алып, Шығыс пен Батысты қазақ ортасына жақындатқаны рас. Олай болса Ұлы Абайды қазақ әдебиетіндегі аударма саласына қомақты үлес қосты деп айта аламыз.

Абайдың әдеби мұрасын зерттеу бағытында шығарма текстологиясының ғылыми-дерекнамалық негіздері өзектілігін жойған жоқ. Абай өлеңдерінің сақталу, жиналу, баспа жүзін көру үдерісінде көшірме қолжазбалар мәтіндік тұғыр болды.

Нақтылы бір мәнде ақынның өз қолымен жазғаны сақталмағандықтан (кылы саяси қысталанда қасақана жойылу ықтималдығы да бар. — *Қ.М.*), көшірме өлең нұсқалары жазылу мерзіміне, мәтіндік тұрғыдан мейлінше бастапқы қалпында сақталуы (яғни Абайдың көзі тірісінде хатқа түсуі. — *Қ.М.*) бойынша түпнұсқалық мән басымдылығында қабылданып келеді. Ұзақ жылдар бойы кезінде Абайдың өзі өлеңдерін көшіріп отыруды қалап тапсырған Мүрсейіт Бікіұлының 5 қолжазба дәптерінің Мұхтар Әуезов түпнұсқа ретінде бағалаған 1905 (1906), 1907, 1910 жылғы көшірмелері ғылыми айналымда болды.

Кейінгі кезеңдегі Абай шығармаларының әр жылдағы басылымдарын, Абай өлеңдерінің ақынның өзі қатысып отырып әзірлеуі ықтимал көшірме нұсқаларын саяси қыспақтан арылған уақыттың таным кеңістігіне сай арнайы шығару бағытында ауқымды мәтінтанымдық зерттеулер жүргізіліп, бұл абайтану тарихында кенжелеп келе жатқан текстологиялық зерттеулер бойынша жаңа бағыт түзуге мүмкіндік берді. Осы ретте Абай Құнанбайұлының 175 жылдығына орай, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты шығарған көптомдық толық академиялық шығармалар жинағы («Жазушы» баспасы, 2020, 1, 2, 3-том) мен ҚР МОМ ұжымы әзірлеген екі том еңбектің нәтижесін атап айтуға болады.

Көптомдықта Абай өлеңдерінің Мүрсейіт көшірмелерінің 1907 жылғы нұсқасы мен 1909 жылғы тұңғыш жинағы алғаш рет толық нұсқасында қазіргі кирилл жазуына түсіріліп, ақын мұрасының 1933, 1939–1940, 1945, 1954, 1957, 1961, 1977, 1995 жылдардағы толық басылымдарымен арнайы салыстырылды, мәтіндік-мағыналық саралаулар жүргізілді.

М.Әуезов атындағы ӘӨИ қолжазба орталығында сақталуы Абай өлеңдерінің әр жылдардағы көшірме нұсқаларына (жекелеген көшірме қолжазбалардың фотокошірмелері де бар. — *Қ.М.*) жазу-танушы маман, белгілі шығыстанушы ғалым Төрәәлі Қыдыр ғылыми сипаттама жазды.

«Абайдың өмірбаяны мен шығармашылығы туралы түпнұсқа қолжазбалар» (Қазақстан Республикасы мемлекеттік орталық музейі қорынан. Ғылыми-инвентарлық каталог, 1, 2-томдар. — Алматы: Интеллсервис, 2020) атты жинақтарда Мүрсейіт Бікіұлының жылы белгісіз, айналымға түсе қоймаған бір көшірмесі, Шәкәрім Құдайбердіұлының, Тұрағұл Абайұлының көшірме қолжазбалары берілген.

Ендігі кезекте қолжазба нұсқасында айналымға түсу ықтималдығы ұзақ жылдар бойы тежеліп келген осы нұсқалар текстологиялық зерттеулер айналымына толық тартылуы тиіс. Сонымен бірге бітпейтін дауы көп текстологияның мүддесінде абайтануда айтылғанымен, арнайы мәтіндік салыстыру, саралаулар толық жасалмаған жеке қолжазба нұсқалар; Абайдың өз уақытында жарық көрген басылымдарда шыққан өлең мәтіндері әлі де бар. Абай шығармаларының қолжазба нұсқалары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу абайтануда арнайы ғылыми бағыт түзген сала десек те, түбегейлі бірізді мәтіннамалық негізде әлде де мақсатты жұмыстар күн тәртібінде тұр.

Абай өлеңдері Мұхтар Әуезов деректері бойынша 1896 жылдан бастап арнайы көшіріліп, жиналған. 1897 жылы Санкт-Петербургтегі Орыс Географиялық қоғамының қорына түсіп, баспаға әзірленіп, оң пікірмен мақұлданып, жарыққа шықпаған өлең қолжазбасы туралы нақты деректер бар. Осы шаруаға Абай елімен араласып тұрған, өз уақытындағы озық ойлы адамның бірі Сәдуақас Шорманов қол-

жазбасының қаншалықты қатыстылығы әлі де беймәлім.

Абай шығармаларының түпнұсқа мәнді көшірмелері саналып отырған (М.Әуезов) Мүрсейіт Бікіұлының 1905 (1906), 1907, 1910 жылдардағы қолжазба жинақтарының ілгергі уақытта хатқа түскендігі бұл қолжазбаға белгілі бір мәнде түпнұсқалық мәртебе беретіндігі тұрғысында арнайы мәтіндік сараптама жасау өзекті.

Абай Құнанбайұлы шығармаларының өз қолымен жазылған түпнұсқа мәтіндері мұраны ауызша сақтаудың кең таралған

**“ Абай халқын сүйді; халқының көшін жаңа жолға, өнер-білім, өсу жолына, орыс халқымен бірлесу, сонан үлгі, өнеге алу жолына бастады; халқының тарихын өзгертіп, жаңғырту жолында қажымай еңбек етті; қазақ елінің бүгінгідей ерікті, бай, мәдениетті, күшті, бақытты ел болуын көкседі.**

*Бейсембай КЕНЖЕБАЕВ*

нан кейін баспа жүзін көруге оң пікір айтылғанымен, сол қалпынша жинақ болып шықпау себебі әлі де арнайы зерттеуді қажет етеді. Кейінде А.Н.Самойлович архивіне түскен бұл қолжазба жинақта Абайдың «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат», «Талай сөз мұнан бұрын көп айтқанмын», «Өлеңді мен айтпаймын ермек үшін», «Ұрлық, кулық, сұмдықпен мал табылмас», «Ішім өлген, сыртым сау», «Қажымас дос халықта жоқ», «Бойы бұлған», «Бүркітші күз болғанда шығады аңға», «Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан»,

# АБАЙДЫҢ КӨШІРМЕ ҚОЛЖАЗБАЛАРЫ

дәстүрлі негіздерінде; кылы ырықтан тыс идеологиялық бақылау, басқа да себептерден сақталмағандықтан, ақын мұрасын игеруде 1896 жылдан бастап арнайы көшірілген қолжазба нұсқалардың маңызы зор.

Осы бағытта Абай өлеңдерін ақынмен ілгеріден таныс, жақсы білетін, сыйласқан, сол уақыттағы көзі ашық, қолы ұзын ел азаматының бірі Сәдуақас Шормановтың 1897 жылы Орыс Географиялық қоғамына баспадан шығаруға әзірлеп өткізгенін академик Әлкей Марғұлан алғаш жария еткен. Абайдың 17 өлеңі жазылған қолжазбаның ақын мұрасын текстологиялық зерттеулерге тартуда ара-тұра аталғаны болмаса, арнайы қарастырылмағандығы Абай текстологиясындағы жеке сөз, ұғым атауларының жазылуы; тыныс белгілерінің қойылуы тұрғысында бүгінге дейін күн тәртібінен түспеген мәтінтанымның өзекті ғылыми міндеттері саналып, осы бағытта мақсатты салыстыру, саралау жүргізудің қажеттігін көрсетеді.

Сәдуақас Шорманов қолжазбасы Абай өлеңдерінің хатқа түсіріліп жеткен алғашқы мәтіндік нұсқалары болуымен маңызды. Бұл тұрғыда осы қолжазба абайтануда арнайы зерттеуден қағаберіс, қалыс қалып келді.

Абайдың әр сөзінің уақыт көшінде дұрыс жазылу, дұрыс танып оқу, идеологияға бұру, кездейсоқ жаңсақтық т.б. қылы ішкі, тысқы себептерден өзгеріске түсу; нақты бір сөздің мән-мәтіндігі функциясының құбылмалылық еркіндігі Сәдуақас Шорманов қолжазбасы бойынша арнайы жұмыста да мұқият назарға алынуы тиіс.

Абайдың әдеби мұрасын текстологиялық тұрғыдан зерттеуді дамыта жетілдіру өзектілігі нақтылы мәтіндік нұсқа — көшірме қолжазбалар, жеке жинақтардағы қалпы бойынша арнайы зерделену арқылы көрініс табады. Абай Құнанбайұлы ғұмыр кешкен тарихи ортада сөз өнері, негізінен, ауызша тарау дәстүрінде сақталды. Абайдың өз шығармаларын арнайы көшіртіп, баспаға беруді ойластырған уақыты деректерде 1896 жылмен көрсетіледі.

Сәдуақас Шормановтың қолжазбасындағы 17 өлеңнің барлығында дерлік басқа қолжазба, басылымдардағы сөз нұсқаларынан айырмашылықтары аз емес. Салыстыру негізінде айқындалған өзгерістер бойынша абайтанудың текстологиялық зерттеулер тарихы, тәжірибесі ескеріле отырып пайымдаулар, болжамдар, қорытулар жасалып отырды. Ендігі кезекте Сәдуақас Шорманов нұсқасындағы Абай өлеңдерінің басқа қолжазба, жинақтармен салыстырғандағы айырмашылықтарын текстологиялық, ғылыми негізде талқылаймыз.

Шығыстанушы ғалым, жазутанушы маман Т.Қыдыр Сәдуақас Шорманов қолжазбасын арнайы тұтас қазіргі жазуға түсіріп, қысқаша сипаттама жасады. «Мәтіннің орналасуы: Көшірме кәсіби тұрғыда жасалған. Әр беттің соңында келесі бәйіттің бастапқы сөзі жазылған. Дәстүрлі қолжазба дайындау қағидалары қатаң сақталған. Мәтіндердің орналасуы дәстүрлі манзумалар (диуан, баяз) үлгілеріне ұқсайды. Сондықтан да өлең жолдары бәйіт-бәйіт болып, мәснәуи



*С. Айтбаев,  
Абай,  
1994*

калыбымен өрілген (9 бәйіт, 18 жол). Ал кейбір өлеңдер бәйіттік үлгіде, ғазал формасымен жазылған (20 бәйіт, 40 жол). Хаттаттық жазу мәнері XVII—XIX ғғ. қолжазбаларға өте ұқсас» (Абай, 3-том, 2020: 20).

Абай өлеңдерін, қазақ ақындарының шығармаларын Сәдуақас Шорманов баспаға өткізу үшін әзірлеген. «Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов (1849—1927) — Абай шығармаларын баспадан бастырып шығарғандардың бірі. Санкт-Петербургке қазақ әдебиетінің көптеген нұсқасын алып барған. Олардың ішінде Абай өлеңдері мен Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жырлары да болған» (Абай энциклопедиясы, 1995: 501).

Абай энциклопедиясында берілген анықтама авторы М.Бейсенбаев С.Шорманов Абай шығармаларын баспадан шығарған дейді. Абайтануда Сәдуақас Шормановтың Абай өлеңдерін шығарғаны туралы нақты дерек айтылмайды. Бұл тұрғыда 1897 жылы шыққан, Абай өлеңдері берілген (Субханбердина, 1971: 36–44), бірде «Князь бенен Загифа», бірде «Хикая Загифа» аталып жүрген жинақты құрастыруына қатысты зерттеулер жоқтың қасы. Баянауыл жағының бір адамы деген ақпарат бойынша іздеу қажет. Осы құрастырушы Сәдуақас Шорманов болуы да мүмкін. Қолжазба жинақтың аннотациясы іспетті сөз басында құрастырушы осы жұмыс нендей себептен қолға алынғанын ұғындырып өтеді. «Мына пақырдан кейбір қазақ бауырларымыз өтініп айтты: «Қазақ тілінде болып айтылған мақал, бәйіттер, мәсрийә (жоқтау), атақты адамдар туралы (айтылғандарды) жиып, жинақ жасасак. Жарыққа шықса, біздің шығармаларымыз да зая кетпестен, майданға түссе, пайда болмаса, зияны болмас еді», — деген өтініштеріне орай бірнешеуін жиып, басқаларға басшы болсын деген үмітпен осы кітапшаға «Басшы» деп ат қойдым. Әмин. Әр бәйіттің соңына кімнің жазғаны белгілі болуы үшін айтушылардың аттарын да бір-екі әріппен ишара еттім. Сәдуақас Мұсаұлы Шорманов, 1897» (Абай, 3-том, 2020: 21).

Қолжазба жинақтың профессор П.И.Мелиоранскийге тапсырылған-

«Қараша, желді тоқсан сол бір-екі ай», «Жазғытұры қалмайды қыстың сызы» деген атаулармен 17 өлеңі берілген. Осы 17 өлеңді Абай мұрасының 1907 жылғы Мүрсейіт көшірмесіндегі, 1909 жылғы тұңғыш жинағы мен кейінгі жылдардағы басылымдармен салыстырып қарағанда, Сәдуақас Шорманов қолжазбасында бір өлең болып берілген жеке туындының кейінгі жинақтарда екі немесе үш өлең есебінде бөлініп алынғандығы, енді бір өлеңдердің көлем айырмасы көрінді.

С.Шорманов көшірме жинақта айтқанындай, шығармаларының баспадан шығуын қалаған адамның бірі Абайдың өзі болуы да әбден ықтимал.

Абайтанушы, белгілі текстолог Қайым Мұхамедханұлы Санкт-Петербургте 1909 жылы Абайдың тұңғыш жинағын баспадан шығарушы Исмаил Бороганский өміріне қатысты зерттеулерінде түркі халықтары әдебиетін насихаттау мұратында жеке баспахана құрған бұл адамның «Тәржіман» газеті арқылы кітап шығарам деушілер үшін жарнама мәнді ақпарат бергенін, бұл хабарды Абайдың да оқып-біліп, сол бойынша өз жинағын баспаға даярлау қамын жасағандығы туралы да айтқан (Мұхамедханұлы Қ. 10 томдық шығармалар жинағы. 4-т. 2012: 140).

Абай Құнанбайұлының шығармашылық мұрасы мәтіндік тұрғыда ауызша тарау, ауызша сақталу басымдығында; қолжазба нұсқалардың ескі араб графикасында хатқа түсуінде, қайта көшіруде қадимше жазудың күрделілігінде, жазу тәртібін сақтайтын сауатты көшіруші хаткердің тапшылығында; кейінде латынға ауысып, одан кирилл жазуына түсуінде; баспа барысындағы түзетулер жаңсақтығында; идеологиялық талапта түзетулер жасалуында; бір сөздің әр қолжазба, әр кітапта, тіптен бір адамның қолымен жазылған мәтіннің өзі қайта көшірілгенде кылы себептен кейде жымы білінбей кірігіп кететін бөтен сөзбен берілу сынды т.б. елеулі өзгерістерге түсті.

Салыстыру: «Сұхбат» атауымен берілген бірінші өлең С.Шорманов қолжазбасы мен М.Бікіұлының 1907 жылғы көшірме қолжазбасында, 1909 жылғы жинақта:

1. Өлең атауы	Қолжазба	Жинақ дерегі
1	2	3
1897	1907	1909 Ескерту: Бұл жинақта өлең шумаққа бөлінбеген
1 өлең – «Сұхбат»	«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»	«Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат»
2. Сөзде, орын тәртібінде айырма бар тармақтар		
1-ш. 2-т. Нәрсе ғой екі түрлі сыр мен сымбат	Нәрсе ғой екі түрлі сыр мен сымбат	Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат
1-ш. 4-т. Дос табылса жарайды, қылса сұхбат	Ер табылса жарайды, қылса сұхбат	Ер табылса жарайды, қылса сұхбат
2-ш. 3-т. Сөз мәнісін білетін кей адам бар,	Сөз мәнісін білерлік біреулер бар,	Сөз мәнісін білерлік кейбіреу бар,
2-ш. 4-т. Абайлар әрбір сөзін өз халынша.	Абайлар әрбір сөзді өз халынша.	Абайла, әрбір сөзді өз халынша,
3-ш. 2-т. Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.	Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе	Бір сөзімен тұрса екен, жанса-күйсе.
3-ш. 4-т. Оңғақ болса былғайды, бір дым тисе.	Оңғақ пұлдай былғайды, бір дым тисе.	Оңғақ болса былғайды, бір дым тисе,
4-шумақ көп нүктемен берілген.	Керек іс бозбалаға – талаптылық, Эр – түрлі өнер, мінез, жақсы қылық Кейбір жігіт жүреді мактан күйлеп, Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.	Керек іс бозбалаға – талаптылық, Эр түрлі өнер, мінез, жақсы қылық Кейбір жігіт жүреді мактан күліп, Сыртқа пысық келеді, көзге сынық.
5-ш. 2-т. Біріндікін жетпесе, бірін жеткізі!	Жетпесе, біріндікін бірін жеткізі!	Жетпесе, біріндікін бірін жеткізі!
5-ш. 3-т. Тату бол күншілдіксіз шын көңілмен.	Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен	Күншілдіксіз тату бол шын көңілмен
8-ш. 3-т. Бірінді біреуің құрмет әйле,	Бірінді бірін ғиззәт құрмет етіс	Бірінді бірін ғиззәт құрмет қылыс,
6-ш. 4-т. Бейне қорқып тұрғандай, денен шашып.	Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып	Тұрғандай бейне қорқып, жаның шошып.
7-ш. 1-т. Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс	Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс	Жолдастық, сұхбаттастық – бір үлкен іс,
7-ш. 2-т. Жетесіз оның қадірін адам білмес	Оның қадірін жетесіз адам білмес.	Оның қадірін жетесіз адам білмес.
Әрі қарайғы 8, 9, 10, 11, 12, 13, 14, 15, 16, 71-шумақтар көп нүктемен келген.	мәтіні бар	мәтіні бар
Талай сөз мұнан бұрын көп айтқанмын	осы қалыпта	осы қалыпта
1-ш. 3-т. Ақылдылар арланып ойланыс соң.	Ақылдылар арланып ұялаған соң	Ақылдылар арланып ұялаған соң,
3-ш. 1-т. Шыртмай, шалқақтамай сөзге түсін,	Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін	Жұртым-ай, шалқақтамай сөзге түсін,
3-ш. 2-т. Сыртын қойып, өлеңнің байқашы ішін,	Ойланшы, сыртын қойып, сөздің ішін	Ойланшы, сөздің қойып, сөздің ішін.
3-ш. 3-т. Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,	Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді,	Ыржаңдамай тыңдасаң нең кетеді
4-ш. 1-т. Адасып аландама, сөз таба алмай,	Адасып аландама, жол таба алмай,	Адасып аландама, жол таба алмай,
4-ш. 2-т. Берірек түзу жолға шық, қамалмай.	Берірек түзу жолға шық, қамалмай.	Берірек түзу жолға шық, қамалмай.
4-ш. 3-т. Не ғылым жоқ, немесе білім де жоқ,	Не ғылым жоқ немесе еңбек те жоқ	Не ғылым жоқ немесе еңбек те жоқ,
4-ш. 4-т. Кеттің ғой еш болмаса мал баға алмай.	Ең болмаса кеттің ғой еш болмаса мал баға алмай.	Ең болмаса кеттің ғой еш болмаса мал баға алмай.

Сәдуақас Шорманов қолжазбасында үшінші тұрған өлең «Кәсіп» деп аталған. Ал 1907 жылғы қолжазба мен 1909 жылғы жинақта бұл өлеңнің С.Шорманов қолжазбасындағы мәтіні елеулі өзгеріспен, «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей?» деген атаумен берілген. 1897 жылғы С.Шорманов қолжазбасында 4 тармақ болып келген 10 шумақ өлең 1907 жылғы қолжазбада әр шумақтың бірінші тармағы ілгері озып, аралары бөлінбеген тұтастықта келген. 1909 жылғы кітапта шумаққа бөлінбеген 40 тармақ болып тұр. 1897 жылғы С. Шорманов қолжазбасымен, негізінен, бірдей келген 1907 жылғы қолжазба, 1909 жылғы жинақ мәтіндерінде елеулі құрылымдық айырма бар.

«Кәсіп» атауымен берілген 1897 жылғы қолжазбадағы 1-шумақ (4 тармақ) 1907 жылғы нұсқасында 7-шумақ, 1909 жылғы жинақта 25–28-тармақтар болып тұр. 1897 жылғы қолжазбадағы 2-шумақ 1907 жылғы көшірмеде 6-шумақ, 1909 жылғы кітапта 21-тармақ. Әрі қарай да құрылымдық реттегі шумақ, тармақ мәтіндерінің 1897 жылғы жинақтағы рет тәртібі аталған 1907, 1909 жылғы ретінен басқаша болып келіп отырған.

Жеке сөздің жазылуында да айқын айырмалар кездеседі. Мәселен, жеке тармақтар: 1897 жылғы нұсқада «Ұрлық, сұмдық, қулықпен мал табылмас» (1-ш. 1-т.).

1907 ж. – «Қулық, сұмдық, ұрлықпен мал жиылмас» (7-ш. 1-т.).

1909 ж. – осылай (25-т.).

1897 ж. 1-ш. 3-т. – «Зиян шекпей қалмасың ондай істен».

1907 ж. 7-ш. 3-т. – «Зиян шекпей қалмайсың ондай істен».

1909 ж. – 27-т. – осылай.

1897 жылғы қолжазбада 1907, 1909 жылдарда өлең атауы болып келген «Аш қарын жұбана ма, майлы ас жемей?» 7-шумақтың 1-тармағында тұр. 1907, 1909 жылдардағы нұсқаларында, негізінен, бір қалыпта берілген бұл өлеңнің 1897 жылғы жазылуы, салыстыруда анықталған жеке сөздердің кейінгі жазылуында өзгеріп отыруында Сәдуақас Шорманов нұсқасы қисынды көрінді.

«Кәсіп» атауымен берілген өлеңде жүйелі сабақтастықта айтылған негізгі ой, мінеу мен сынның қисындылығы басым көрінеді. Әрине, негізгі мазмұн үш нұсқада да сақталған. Алайда С.Шорманов нұсқасы Абайдың көзі тірісінде хатқа түскенін, тіпті өз қолымен жазылған нұсқадан көшірілу ықтималдығын болжап, ескергенде осы нұсқасындағы мәтін түпнұсқалық құққа әлдеқайда қақылы деуімізге болады. Осы ой С.Шорманов қолжазбасындағы өлең мәтіндерінің қай-қайсысына да қатысты.

Абай сөздерінің түпнұсқалығын салыстыра зерттеулерде нақтылау жайы қозғалған бұл мақалада «Қансонарда шығады бүркітші аңға» өлеңінің мәтіндік құбылулары да арнайы қарастырылады.

«Қансонарда бүркітші шығады аңғаның» әр жылғы басылымдағы сөздерінің қалай орналасуы керек екені туралы ортақ шешімге келген жөн, өйткені кей жолдар сөзі әр басылымдарда әртүрлі.

1897 жылғы басылымда:

*Көріп тұра қалады сонда түлкі,*

*Құтылмасын білген соң құр қашқанға.*

*Керіліп көпке қарай секіреді,*

*Аспаннан қыран қымдап құйылғанда,*

1905 жылғы қолжазбада, 1909, 1957 жылғы басылымдарда:

*Көре тұра қалады қашқан түлкі,*

*Құтылмасын білген соң құр қашқанға.*

*Аузын ышп, қоқақтап, тісін қайрап,*

*О да талас қылады шыбын жанға*

(Қазақ фольклоры мен әдебиет шығармаларының текстологиялық зерттелуі., 1983: 210).

Осы көріп, көре сөздері енді бір нұсқада, болжамдарда кері, кере болып та жазылған (Мұхамедханұлы Қ., 1959:).

Өлең әр жылдарда текстологиялық тұрғыдан қарастырылғанда С.Шорманов қолжазбасымен салыстыру жасалған жоқ. Ол қолжазбада «Бүркітші» аталған өлеңде «қансонарда» сөзі жоқ. «Бүркітші күз болғанда шығады аңға» деп басталған. 1897 жылы бұл өлең 38 тармақ болып жазылған.

1907 жылғы Мүрсейт Бікіұлының қолжазба көшірмесінде – 58 тармақ.

1909 жылғы тұңғыш жинақта – 58 тармақ. Өлеңдегі 2-тармақ 1897 жылы – «Таудан түлкі *табылар* аулағанға».

1907 ж. – «Тастан түлкі *жолығар* аңдығанға».

1909 ж. – «Тастан түлкі *табылар* аңдығанға».

3-тармақ 1897 жылы – «Ынғайлы ат, ықшам киім, ит пен жігіт».

1907, 1909 жж. – «Жаксы ат пен тату жолдас – бір ғанибет».

4-тармақ 1897 ж. – «Осындай болу керек аңшы адамға».

1907 ж. – «Ықшам киім ыңғайлы аңшы адамға».

1909 ж. – «Ынғайлы ықшам киім аңшы адамға».

Әрі қарай өлең 1897 жылғы С.Шорманов қолжазба жинағында мазмұндық желісі бір болғанымен, айтылу, баяндалуында 1907, 1909 жылдары жазылған мәтіндік нұсқалардан мүлде бөлек деуге болады. Бұл тұрғыда 1907 жылғы қолжазбада, 1909 жылғы жинақта бір ғана сөз айырмашылығымен, негізінен, бірдей келетін «Күйеді ер, қалыңдығы сұлу келіп (болып), / Бейне ұқсар тар төсекте жолдасқанға» тармақтары С.Шормановта «Байы жаман, қатыны сұлу болып, / Ұқсайды ол екеуі қосылғанда» деп берілген (Шорманов, 1897: 9). Бұл нұсқада 1907, 1909 жылдарғы, кейінгі Абай жинақтарындағы аса образды, айшықты, контрасты оралымдар мәтіндік көп түйткілсіз, ықшам, жинақы берілген.

1897 жылғы қолжазба жинақта Абайдың «Күз» өлеңі «Жыл фасылы» атауымен берілген. 1897 жылғы қолжазбада 1-ш. 4-т. – «Ат ойнап, құлын қашқан, тай жарысқан». 1907, 1909 жж. – «Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан». Бұл тармақ 1897 жылғы нұсқасында жатық көрінеді. «Бие қашқан» тіркесінде екі мағына бар. Көрініс туғыза баяндалған өлеңде биенің жай-жапсары емес, құлынның ойнақтап қашқаны көзге «көрініп» тұр.

2-ш. 2-т. 1897 жылы – «Жастар ойнап, жүгірмес бала шулай».

1907, 1909 жж. – «Жастар күлмес, жүгірмес бала шулай».

«Жастар күлмес» деу қисынға келмей тұр (1907, 1909 жж.).

Бұл өлең бойынша мәтіндік салыстырулар да бірнеше айырма барын көрсетті.

С.Шорманов қолжазбасындағы 17 өлеңнің мәтіндік нұсқасын 1907, 1909 жылдарғы нұсқалармен арнайы салыстыру жасалды. Абай шығармаларының толық академиялық басылымында «Жазғытұры» өлеңін жолма-жол салыстыру бойынша нақты сөз өзгерістеріне мән беруде С.Шорманов қолжазбасы алғаш рет мәтінтанымдық айналымға тартылды (Абай, 1-т., 2020:). С.Шорманов қолжазбасын текстологиялық тұрғыдан арнайы қарастыру Абай мұрасының барша мәтінтанымдық тұғыр, өзекті текстологиялық зерттеу бағыттарымен сабақтастықта жасалады.

Абай өлеңдері мен кара сөздерінің текстологиялық түйткілдерінің басым көпшілігі қазақ жазуының айналасы 30 жылдай уақыт ішінде 3-4 қайтара қаріп ауыстыруынан туындады. Ұзақ жылдар бойы ескі жазуды дұрыс аударып оқудың, жаңа қаріпке түсірудің машақаты сақталып келеді. Келесі текстологиялық келенсіздік кенестік кезең идеологиясының талаптарынан туындаған «жағымсыз» сөзді қысқарту, өзгертіп, басқа сөзбен мақсатты түрде алмастырудан өрістеді. Техникалық жаңсақтық, баспагердің сөз түзеу «еркіндігі» де текстологиядағы өзіндік факторлар.

С.Шорманов қолжазбасын арнайы зерттеу осы мәселелердің тұрақты текстологиялық бұзылуларға себепші екенін айқындай түсті. Сонымен бірге ілгеріде кен қамтылып, пайымдалу тұрғысында асығыс, үстірт, тіптен қараусыз қалған жеке сөз қолданысы фактілерінің өзгеру факторлары айқындала түсті. Абайдың бір сөзі, бір өлеңі тұрғысында жазылған арнайы мақалалар негізінде қолжазба құрастырушының ғұмырбаяндық деректері, қолжазбаның жинақталу, сақталу бағытында тың пайымдау, жаңа мағлұматтар жүйесі де нақтылана түсті. С.Шорманов қолжазбасы бойынша жұмыс жүргізу Абай текстологиясын әр сөзге бірнеше ұстанымда тоқталу мүмкіндігінде жаңа пайымдаулармен толыға түседі.

Хакім Абайдың астарлы ұғымдары, айналымға тартқан жаңа сөздері, сөз тіркестері, тұтастай образды поэтикалық жүйесі мәтіндік тұғырға әрдайым басымдық береді. Түпнұсқа мәртебесіндегі сөз ғана – шын (Seisenbieva, Begmanova, Aitova, Tulebaeva, Madibaeva). Сол сөздің ғана бойы озық. Анық Абай сөзі. Осы бағытта Абайдың замандасы, жақын араласқан жандардың бірі болған, өз уақытындағы белгілі тұлға Сәдуақас Шормановтың қолжазбасына айрықша ден қойған жөн.

**Қ.Қ. МӘДІБАЕВА,**

*М.Әуезов атындағы Әдебиет және*

*өнер институтының*

*бас ғылыми қызметкері*



**Оразалы СÆБДЕН,**

академик,  
Мемлекеттік сыйлықтың  
иегері

## 1. Абай феномені

Ұлы Абайдың кереметтігі — оның шығармаларының дәл қазіргі заманда өміршеңдігінде. Біз Абай ілімі арқылы кешегі де, бүгінгі де көріп, келешегімізді бағдарлай аламыз. Абай феномені осында.

Хакім Абайдың көп ақыннан өзгешелігі, ол тек ақын ғана емес, ол кемеліне келген кезде әлеуметтік-экономикалық қатынастарға тікелей араласып, халық мүддесі үшін қызмет етті. Осыған қарап-ақ Абайды сирек кездесетін ірі қоғам қайраткері, гуманист, ағартушы ретінде мойындауымыз керек. Ол — қоғамды ізгілендірудегі қазақ халқының рухани-әлеуметтік өміріне серпіліс берген Шығыстың ұлы ойшылы.

Ұлы Абай заманында қазақ жүргізер билік болмады. Қазіргідей жеке мемлекет, Президент, Парламент, сот жүйесі жоқ еді. Сонда Абай жалғыз өзі Ресей патшасының әмірімен алысты, күресті, соттасты, түрмені де көрді. Қиын-қыстау заманда Абай өз орнын тауып, мәселеге басқа қырынан келіп, халық тағдырына дендей білді. Өзінің поэзиясы, қарасөздері, білімімен, болыс бола тұра нақты іс-қимылымен сол кездегі қоғамдық қатынастарды шешіп, қазақ қоғамының көзін ашты. Ол ұлы еңбектерімен қазақ қоғамына және алдағы өркениетке риясыз еңбек етті.

## 2. Абайдың «Толық адам» ілімі

Абайдың «Толық адам» ілімі дүниенің көрінген сыры мен көрінбеген сырын ашып, оған толық дендей алғанда және оларды қазіргі өмірмен байланыстырғанда ғана тиімді болуы мүмкін...

Қазіргі өмір демекші, ғалым-экономист ретінде айтарым, бұл жерде дүниежүзілік өзгерістерді есепке алмасқа болмайды. Дана Абайдың «Толық адамы» — экономикалық-әлеуметтік мәні әлі де болса ашылмаған ғылыми әлеуеті жоғары тұжырым. Экономика ілімінде «экономикалық адамы» тек қана табыс табуға бағытталған, кез келген нәрсенің шығынынан тиімділігін арттыруды көздейтін тұлға ғана емес, сонымен қатар рухани қажеттіліктерді қанағаттандыратын маңызын көрсеткен америкалық экономист Г.Беккер болатын. Ол, негізінен, адамның мәдени, қоғамдық-саяси көзқарастары мен ұстанымдарының еркіндігіне баса назар аударды. Ал осы тұста, менің ойымша, «экономикалық адам» Абай тұжырымының негізіндегі нұрлы ақыл (*білім мен парасат*), жылы жүрек (*адамгершілік, адалдық*), ыстық қайратпен (*ерік, мотивация*) қаруланатын болса, экономикалық дамудың кемшін тұстары азаяр еді. Демек, біз экономика мен технологияда Еуропа мен АҚШ сияқты дамуға ұмтылғанымыз дұрыс, алайда ұлттық негізіміздегі рухани құндылықтарымызды өзек етіп алғанымыз жөн. Тек тәуелсіз ой ғана кемел істерге бастайды.

Абайдың «толық адам» ілімін шығыстық рухани даму жүйесімен ұштастырып, осыларды дүниежүзілік

ой өркениетінің дамуымен жүйелі түрде синтез жасап, жандандыруға болады деп ойлаймын. Ол үшін бізге материя мен сананы, рухты бір жүйе ретінде қарастыратын жаңа идеялар керек, бұл біздің батыстық жүйеден басты айырмашылығымыз болмақ. Ол — Ұлы Жібек жолын жандандыру, Түркістанды қайта жаңғырту, үлкен экономикалық белдер жасау, рухани, логистикалық, өндірістік жобалар ұсыну, т.б.

Мемлекетімізде ғалымдардың қатысуымен «Хакім Абайдың толық адам ілімінің жол картасын» жасау керек. Барлық оқу орындарында Абайдың толық адам ілімін жол картасымен оқыту арқылы біз қоғам өмірін ізгілендіре аламыз, өркениетке жанаша бет бұрамыз. Абай армандаған заман енді туады.

Көп кешікпей дүниежүзі Абайды Конфуций мен Нострадамустай оқитын болады. Сонда ғана адамзат Абай феноменін түсінеді.

Қазақтың тербеліп өсер бесігі ескі жүйенің сеніп келген шетел насихатшылары мен Тони Блэр сияқты ақылы кеңесшілері емес, ол — ұлы Абайдың шығармалары, қарасөздері, Шығыс философиясы. Ұлы Абай — Шығыс даласында рухани революция жасаған әлемдік тұлға. Ойшыл хакімді өзінің осы лайықты биігіне көтеру — біздің парызымыз. Ұлы Абайдың «Толық адам» ілімін игерген жас қазақ өзін де, елін де бақытты етеді.

Келешекке көз салсақ, әлемнің постиндустриалды даму кезеңінде қоғамды ізгілендіру заманының моральдық кодексін жасақтағанда, басқа әлемдік генийлермен бірге, Ұлы Абайдың ой өркениеті, оның «Толық адам» ілімі, асыл сөздері сол Моральдық кодекстің іргетасының бірі болып қаланатынына негіз мол және де олар — күллі адамзат ұстанатын мұраттар...

Абайдың ілімін зерттеумен және насихаттаумен айналысып келе жатқан «Хакім Абай» ғылыми-зерттеу орталығын ірілендіріп «Абай атындағы рухани академия» ашып, сол академияда Абайдың мұрасын, Шығыс философиясын зерттейтін, Еуразия кеңістігіне ғылыми кадрлар дайындайтын орталықтар қызмет етсе, өркениеттің дамуына үлкен септігін тигізеді. Ұлы Абайға қайта бет бұру — әділетті Қазақстанның талабы.

## 3. Абай ілімінің елімізді дамытуға әсері

Жалпы, болжам бойынша, адамзаттың ХХІ ғасырдағы жаңа құрылымы, жаңа формациясы — интегралды қоғам, ал даму үрдісі қоғамды ізгілендіру жолы болмақ. Хакім Абай: «*Рухани құндылық адамзат өмірі мен адами жетілудің қос қанаты — ізгілік пен танымға бірдей азық әрі жетекші*», — деп пайымдайды. Ақыл мен жүректі ізгі етуші — әділет. Қазақтың бас ақыны «Он төртінші сөзінде» ақыл жүректің ізгі қызметінде көрініп, нұрлы болуы — әділеттен дегенді байқатады. Әділетті ақыл мойындаған нәрсені ғана жүрек ісі деп біледі. Ұлы Абай ілімін іле-шала толықтырған — Шәкәрім. Абайдың «Толық адам» іліміне басқа қырынан

**“ Абайды танып білген, сондай-ақ, Абай өнегесімен сусындаған адамға, өмірдің тауқыметін жеңіп шығу жеңілдірек болмақ. Оған басқадай моральдық кодекстің қажеті шамалы. Десек те, мұндай адамдар көбірек болса ...**

Қайым МҰХАМЕДХАНОВ



Ш. Ниязбеков.  
Абай портреті

келіп, «адамның танымдық қасиетінің жоғарғы сатысы жүректің көзі ашылғанда болады» дейді өлеңінде.

Өркениет қоғамын құру жолында адамзатқа ортақ ізгі құндылықтар: адамгершілік, адалдық, әділдік, ар, т.б. қасиеттерді қамтитын халықаралық мораль кодексін де қабылдаудың мәні жоғары. Бұл өз кезегінде экономикалық дамуға тұрақтылыққа әсер етеді.

Мысалы, қазіргі уақыттағы қазақ қоғамын алсақ, зиялы, адал адам таза еңбегімен ешқандай жетістікке де, байлыққа да жете алмайды. Біздің бүгінгі өміріміз, Шәкәрім айтпақшы, «әйтеуір қол жетпейтін бір жанталас». Қарапайым дәрігер, мұғалім, инженер, ғалым, жазушы, ақын материалдық құндылыққа қол жеткізбек тұрмақ, айлығын шайлығына жеткізе алмай жүр. Біз сонда қандай қоғам орнатып жатырмыз? Неге біз адамзатқа лайық таза жолмен жүрмейміз?

Қоғамды, адамды ізгілендіру үшін мынадай қағидаттарды ұстанған жөн: Бірінші, адамдардың санасына өзгеріс керек. Абай қоғамға серпіліс беретін екі нәрсе, ол уақыт туралы білім мен оны дұрыс пайдалануға жетелейтін қоғамдық сана екенін айтады.

Екінші, саннан сапаға көшу. Біз осы уақытқа дейін алдымызға «баламызды ақылы оқуда оқытсақ та, диплом ала болды» деген мақсат қойдық. Сапасыз білім алып, кейде 2-3 дипломмен жұмыссыз жүруден гөрі, нарықтық заманға ыңғайлы, нан тауып жей алатын мамандық таңдайық, сол салада кәсіби біліктілігімізді арттырайық. Сонда ғана бақуаттылығымыз артады. Елдің ең басты капиталы — адам. Әр жан жан-жақты, ізгі, әділетті, рахымсүйгіш болғанда ғана елдегі адам капиталының сапасы артады. ХХІ ғасырда халықаралық деңгейде адамның сапасын өлшеуде белгілі көрсеткіштермен қатар Абайдың «Толық адам» ілімі ең озық идея ретінде пайдаланылуға тиіс.

Үшінші, санасы өзгерген, сапалы кәсіби білімі бар, мақсаты айқын адамға патриоттық сезім, психологиялық пәрмен, яғни жоғары ерік-жігер қажет. Ол

күнделікті үздіксіз жаттығумен келеді. Соның арқасында адам сананың ең жоғарғы деңгейіне жетеді. Бұл жерде Абай айтқан адамның үш қасиеті көмекке келеді — «нұрлы ақыл, ыстық қайрат, жылы жүрек. Осыларды бірдей ұста, сонда бола-сың елден бөлек. Ақиқат жолы біреу-ақ, ол — хақ жолы», ал Шәкәрімше айтсақ, ол — жүрек көзі.

Төртінші, әр адам дүниежүзінде орын алып отырған сын-қатерлерге адекватты түрде өзінің барлық күш-жігерін, мінез-құлқын, қайратын, қайсарлығын жұмсауы қажет. Бұл жерде Абайдың «Сен де бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та бар қалан» деген ойы адамның бұл өмірге не үшін келгенін айқындап тұр. Негізгі мәселе, басқаларды басқарудан гөрі әр адамның өзін-өзі игеруге мән бергені жөн. Өз кәдірін білген адам басқаның да кәдірін біле алады, ал басқалар соған сай ізет қылады.

Бесінші, адамның рухани дамуы дін жүйесімен ғана байланысты емес, ол — қоғамды ізгілендіруге талпындырумен жүзеге асатын процесс. Керек болса, біз Құдайдың алдында, ең алдымен, байлығымызбен емес, керісінше, істеген жақсылығымыз, рухани құндылығымыз бен санамыз қай деңгейде екенімен есеп береміз. Оқу орындарында сапалы білім берумен қатар «моральды азамат» тәрбиелесек игі болар еді. Бұл мақсат жолында да Абай ілімі тірек болмақ.

Алтыншы, 3-секторды дамыту, бұл дегеніміз — нашар дамыған үкіметтік емес, қоғамдық ұйымдарға пәрмен беру. Жалпы, дамушы елдердің және Қазақстанның даму келешегі үкіметтік емес ұйымдардың қоғамды жаңғыртуғағы белсенді жұмыстарына байланысты болмақ. Бұл — Абай кезеңінде қоғам дамымағандықтан қолға алынбаған жаңа жүйе. Финляндия тәжірибесін қараңыз.

Талай айтсақ та, жазсақ та осы күнге дейін «Жергілікті өзін-өзі басқару заңы» Парламентте қабылданбады. Бұл жергілікті халықтың конституциялық құқығын таптау болып саналады, ешкімге ештеңе керек емес. Сөздің токетері, реформаны жергілікті жерден бастау керек.



## ӘР БУЫННЫҢ ӨЗ АБАЙЫ БАР

Ұлт руханиятының темірқазығы Абай Құнанбаевтың туғанына 180 жыл толуына орай, хакім мұрасының зерттелу барысына ой жүгіртіп көрдік. Газетіміздің «Алқа» айдарында әдебиеттанушы Қарлығаш Әубәкірова, зерттеуші ғалым Абай Қалшабек, «Жидебай-Бөрілі» мемлекеттік музей-қорығының бөлім басшысы Қуат Қиықбай мен жас ақын Ғылымнұр Кәдірбайға бірқатар сауалымызды қойып, Абай әлеміне бойлап көрдік.

**Қ.Ә.:** Абай шығармашылығының, Абай философиясының шыңы неде деп ойлайсыз?

**Қарлығаш ӘУБӘКІРОВА:** Абай шығармашылығының, Абай философиясының шыңы — адамтану, құдайтану мәселелеріндегі ой иірімдерінде... Бұл — субъективті жеке пікірім. Абай төрт жол өлең жазғаны үшін емес, қыс, күз, көктем деп атап, көркем суреттеген табиғат лирикасы үшін емес, ең бірінші кезекте «Махаббатпен жаратқан адамзатты», «Аланың өзі де рас, сөзі де рас», «Өлсем, орным қара жер сөз болмай ма?» деп тарқата берсең, шегіне жеткізбейтін, шексіз, шетсіз сырлы пәлсапасымен ұлы ақын. Абай поэзиясы канондық мәтін тәрізді... Әр ойы дидактикаға, полемикаға толы... «Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап», «Баламды медресеге біл деп бердім», «Әсемпаз болма әрнеге», «Пайда ойлама, ар ойла», «Ғылым таппай мақтанба» деп тәрбие әуезін әуелетсе, «Өлең — сөздің патшасы, сөз сарасы» деп бастап, «Аланың өзі де рас, сөзі де рас» деп ой қорытқан поэзиясы мен трактат түріндегі қара сөздері — сакральды мәнге ие ғаламат ой-тұжырымдардың көрінісі. Абай өлеңдерін хронологиялық ретпен оқып шыққан адам, оның бар ғұмырын, ойлау жүйесін, интеллектуалды даму эволюциясын көре алады. Білімнің, ғылымның мәніне зер салады. Адамтанудан бастап, Құдайтанымға тіреледі. Абай шығармашылығындағы құдайтаным — ең әдемі, терең, ғажап ақылдың нұры, ең мейірімді жүректің соғысы, ең қуатты күш-жігердің екпіні. Жылаған адам Абайды оқып жұбана алады, қуанған адам Абайды оқыса, «шүкір» дейді, сынған адам ес жияды, қайғыға батқан адам үміттің шырағын жағады...

Кейде, Абай пәлсапасын сөзбен түсіндіру мүмкін емес пе деп те ойлаймын... Себебі адам баласы басына таяқ тимейінше қайғының не екенін, махаббаттың дерті өзегін өртемейінше сезімнің қуатын, сағыныш, құсаныш өрмегіне түспейінше алаңсыз көңілдің, мазасыз ойдың жетегіне ермейінше терең ақылдың қадірін білмей ме деймін... Сондықтан адамға «әлдебір жүрек тыныштығын іздесең, «Абайды оқы!» деп қана айту керек пе деймін... Өйткені әр оқырманның өз Абайы бар... Абайға жаралы жүрек, қам көңілмен келген адам керегін табады, «Әбілхаят» сусынының бал дәмін татады... Көйлегі көк, көңілі тоқ адамға Абай ашыла қоймайды... анығы Құдайға аян!

Абайды түсіну үшін, сүю үшін, тамсану үшін Абайға илләни сезіммен, халмен, армен, ақылмен, біліммен, жүрекпен келу керек шығар. Сырсандық сол кезде ашылады... Абай әлемінің жауһарлары сол кезде көрінетін секілді.

**Абай ҚАЛШАБЕК:** Абай шығармашылығының шыңы — «Китаб тасдиқ». Біз «38-қара сөз» деп атап келген туынды. Бұл шығармада Абай үш негізгі мәселені қозғайды: 1. Алланы тану; 2. Адамның өзін-өзі тануы; 3. Алла жаратқан дүниені тану.

Һәм «Толық адам кім?» деген сұраққа былай жауап береді: «Енді біліңіздер, ей фәрзәндер! Худай Табаланың йолы деген йол Аллаһ Табаланың өзундей ниһәйтсіз болады. Аның ниһәятінә һеч кім йетмейді. Бірақ сол йолға йүруні өзіне шат қылыб кім қадам басды, ол таза мұсылман, толық адам делунеді». Абай қозғаған мәселенің де, Абай талдаған танымның да, ойдың да шоктығы, шыңы осы болар, сірә!

**Қуат ҚИЫҚБАЙ:** Тұтастай алғанда Абай шығармашылығының шыңы — оның әрбір өлеңінің, бір ауыз сөзінің қазақы дүниетанымға егене жақындығында. Жалпы, адамзат баласының мақтансүйгіштігін, мансап жағалағыштығын, атакқұмарлығын (*слава немесе популизм куалағыш*), жалқаулығын, тіпті даракылығы мен өз ісіне есеп бере алмайтын бассыздығын болсын, бәрі-бәрін алдыңызға жайып салады. Біздің хакім сөзінен алыстап кеткеніміз соншалық, адамдығымызды алға тарта алмаймыз. Азғындық деген алып

жадһаның аузына қарай адымдап барамыз. Абай есім-сойы біз үшін қазіргі күні жұрттан асқан ақылды, дүйім жұртты сөзіне иіткен данышпан болу үшін ғана қажет болып қалды. Абай философиясы мен психологиясы туралы ойлы сауал беріп отырсыз. «Философия» мен «психология» сөзін қазақы түсінікке жақын-датып алсаңыз ойшылдыққа бойлау немесе өз ойындағы, бойындағы жаман ғадеттерден арылу болып шығады.

*«Төңкеріліп құбылған жұрт — бір сағым, Шыңға шыдап, қоса алмас ынтымағым. Көптің аузын күзетсең, күн көрмейсің, Өзіңді-өзің күзет, кел, шырағым!»*

Абай мұрасының биік шыңы да, көзге анық көрінетін мұнартан нысанасы да — данышпан ақын шығармаларындағы шындық. Қараңызшы, кез келген адам баласының күзетшісі кім? Ар-ұят пен ақыл ғой. Бізде осы үшеуі де кемшіл. Әдепсіз іске ұялмаймыз, арамдық қысқак, арымыз мазаламайды, ақылға салып пырықтап, таразыға өлшеу жоқ.

*«Көп айтса көнді, Жұрт айтса болды,*

*Әдемі надан адамның», —* деген әләулайға басып, даракылықпен дараланып, жұрт алдында жалаңаш құйрығымызды шапқтап, шаптанып жүруден арлана алмаймыз. Содан кейін де арланбайтын, ойланбайтын мына жұртқа кім көрінгеннің бәрі де ақыл айтқыш келеді. Сол «әулие, әмбиелер» керек болса Абайға көлеңке түсіріп, оның атын жамылып, болмаса жұрт жадынан сызып тастауға әзір-ақ. Бұл бекер іс екенін білеміз. Тіпті Абайдың ойын да, бойын да қазақтан аулақтатқысы келген қаншама дүрбелен өткен. Абайдың алыптығы, халыққа жақындығы сол, қасындағы қазақ баласы да, айдай әлемдегі адамзат баласы да өз керегін тауып, Абайға қайта-қайта соға береді.

**Қ.Ә.:** Абай әлемі, Абай болмысы қай қырынан зерттей түсуді қажет етеді?

**Қарлығаш ӘУБӘКІРОВА:** Абай әлемі — руханият әлемі. Демек, шексіз кеңістік. Сондықтан қай қырынан зерттеймін десе де ерік зерттеушінің өзінде, біздің айтарымыз — «Мархабат!» Абай дүниетанымының шежіресінен бастап (архетип), құдайтаныммен түйіндеген күннің өзінде сұрақ өте көп. Абайдың Абай болып қалыптасуына әсер еткен факторлар: оқыған кітаптары, тәлім алған ұстаздары, фкір қылған достары, абайтанушы ғалымдар, текстология, интерпретация тақырыптарының әрқайсысы толыққанды зерттеуді қажет етеді. Кенес Одағы кезінде Абайдың:

*«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,*

*Ақылың мен қайратың екі жақтап», —* деген жолдары:

*«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар,*

*Еңбегің мен ақылың екі жақтап», —* деп, тың игеру жылдарындағы еңбекші қазақ идеологиясына сай өзгерген болатын. Осы текстология мәселелері өз күрмеуін әлі шешкен жоқ. Жалпы, қазақ әдебиетіндегі цензура тақырыбы әлі тың... Демократиялық қоғамның негізгі көрсеткіші саналатын «сөз бостандығы, ой еркіндігі», «цензура» зерттелуі тиіс деп айтудан жалықпаймын. Ал Абай қара сөздерінің тәпсірі — аса күрделі бағыт. «Әр қара сөз қашан, қалай, қандай жағдайда жазылды, қалай жарыққа шықты, түпнұсқа мәтінмен салыстырмалы сараптама жасалды ма?», «М.Әуезов, Қ.Мұхамедханов, Т.Жұртбай көрсеткен текстологиядағы мәселелер қалпына келтірілді ме?» деген сауалдар аясында істейтін жұмыс жетерлік. Абай және дін тақырыбы туралы айту тіптен бөлек. Абай және Алаш мәселесіне қатысты да тарих қатпарында жатқан сыр жетерлік. Мысалы, Тұрағұл, Ақылбайлардың Алашордаға қатысы, Халиолланың оқуы, абайтанушы ғалымдардың ғұмыры мен шығармашылығы, зерттеулері... т.б.

(Жалғасы 22-бетте)

**Орыстар үшін — Пушкин, ағылшындар үшін — Шекспир, грузиндер үшін — Руставели... қандай ұлы құбылыс болса, Абай да — қазақтар үшін сондай теңдессіз құбылыс.**

Қайсын КУЛИЕВ

## ІЗГІЛЕНДІРЕЙІК

Тиісті заңдарды қабылдап, жұмыспен қамтамасыз етіп, әр ауыл тұрғыны үшін барлық жағдайды жасау қажет. Ауыл көтерілмей ел, мемлекет, қоғам дамымайды.

Жетінші, осыларды іске тиімді асыру үшін адам өзін-өзі бақылап, басқара білуі керек. Алдына қойған мақсатына жетіп, «толық адам» болуы үшін өзін бірқалыпты ұстауы, сыртқы және ішкі факторлардан өзін сақтап, іс-әрекеттерін басқара білуі керек. Мұндайда Абайдың «егер ісіңнен нәтиже көргің келсе, әр уақытта өзіннен өзін есеп алып отыр» деген сөзін еске алсақ, жарар еді. Қоғамдық ұйымдар да халық алдында есеп беріп отырғаны жөн. Осының бәрін игерген адам тұлға болып қалыптасады. Одан ары адам өзінің бір даму деңгейіне жеткенде, «Толық адам» болып есептеледі.

Егер адам Абайдың «толық адам» ілімін шын жүрегімен түсінсе, «мен өзімді өзгертемін, қойған мақсатыма жетемін» деп мақсат қойса, ол адамды енді бұл жолда ешкім тоқтата алмайды. Түптеп келгенде, моральдық қалпын сақтаған адам өзін де, елін де, адамзатты да ала алып баруға өз септігін тигізеді. Сонда ғана ол адам осы өмірде өзінің ішкі дүниесінің жұмағына кіруі мүмкін. Ал моральдік қалпы жоқ адам кешірілмейтін қателік жасайды.

Адамзат ең жоғарғы моральдік қалпымен, сананың шыңымен жүретін болса, зорлық-зомбылық, соғыс, үлкен қақтығыстар болмас еді. Ол үшін білім мен тәрбие жүйесі түбегейлі өзгеруі керек. Оның басында әр адамға жеткілікті деңгейде материалдық тұтыну қажеттігі мен мораль тұрғаны дұрыс. Адами қасиеттердің қалыптасуы әр адамның ой-санасына енгізілуі қажет. Әрине, бұл көп іс-әрекет пен ұзақ уақытты алатын процесс. Дегенмен әр адамның жеке рухани мүмкіндіктері іске аспайынша, өмірдің жақсаруы екіталай. Абай жолымен Қазақстан қоғамын ізгілендірейік.

### 4. Абай ілімінің халықаралық Резиденциясын жасау

Ұлы Абай: «Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста, сонда толық боласың елден бөлек», — дейді. Ұлы Абайдың «Толық адам» ілімін балабақшадағы, мектептегі баладан бастап, бәріміз арифметиканың көбейту кестесіндей білуіміз керек. Жапониялық атақты кәсіпкер Масару Ибука: «Үш жастан кейін балаға әлдене үйрету кеіш», — деген екен. Сондықтан біз Абай ілімін төменнен бастап ұлттық идеологияға сыналап енгізуіміз керек.

Қысқаша айтсақ, Абайдың «Толық адам» ілімі дүниенің көрінген сыры мен көрінбеген сырын ашып, оған толық дендей алғанда және оны қазіргі өмірмен байланыстырғанда ғана өз тиімділігін береді. Дүниенің көрінген сыры дегеніміз — материалды сала, бай-қуатты болу, экономикалық өмір. Ал көрінбеген сыры — адамның рухани әлемі, жан дүниесі, ішкі құндылықтары, болмысы, тазалығы, жүрек сыры, санасының тереңдігі, керек болса, моралі. Осы жағына келгенде ақсап жатырмыз.

Өйткені бұған дейін Батыстың тек баю деген материалистік ықпалында кеттік. Абайдың «пайда ойлама, ар ойла» деген өсиетін ұстансақ, бұлай болмас еді!

30 жылда халық арасы, адамның қатынасы бүлінді: болмысы, мінез-құлқы, тәрбиесі, психологиясы, тез пайда табу, байлыққа жақындығы, кредитке көзсіз байлануы т.б. Мен Парламентке 4 рет сайланған депутат болған адам ретінде айтсам, өкінішке қарай, егемендік алғалы 30 жыл ішінде Абайдың ой-өркеніетін мұқият зерделенде, баяғыда жүйені басқа арнаға салып, шет ел үстемдігінде кетпес едік. Түбін қазбаласақ, бұл жерде елге мәлім кешірілмейтін қателік көп.

Ұсынысым:

Мемлекетімізде ғалым-жазушы, зиялылардың қатысуымен «Хакім Абайдың «Толық адам» ілімінің жол картасын» жасау керек. Барлық оқу орындарында Абайдың толық адам ілімін жол картасымен оқыту арқылы біз қоғам өмірін ізгілендіре аламыз, өркениетке жаңаша бет бұрамыз.

Ұлт ұстазы, ағартушы, реформатор Ахмет Байтұрсынұлының «Исі қазақ Абайды білуі тиіс» деген сөзін нақты іске асыру қажет. Біздің міндетіміз — Абайдың «толық адам» іліміне терең бойлау.

#### АБАЙДЫҢ ЖОЛ КАРТАСЫНЫҢ АЯСЫНДА:

1. *М.Мырзахметовтың көп жыл жасаған «Абайтану әліппесін» мектептерге дәріс ретінде кіргізу керек.*

2. *«Абайтану» пәнін ЖОО-да оқыту.*

3. *Абай ілімін қызметкерлерге насихаттау, мекемелерде Абай кабинеттерін ашу қажет.*

4. *Күнде таңертең де-нешынықтырудан кейін барлық жұмыс орындарында сағат 9:00 «Абайтану» хабары (пятиминуткасы) болса, радио, ТВ қызмет етсе, мынау отырған орнымыздан Абайға қарай жақындар едік, жұмысқа да кешікпес едік. Абай оқулары халқымызға дендер еді.*

5. *Абайдың жол картасы аясында оның толық адамы етіп С.Зиманов, Г.Бельгер т.б. ғұламаларды жастарға ұғындыру керек.*

6. *Осылардың жиынтығы ретінде Қазақстан қоғамын ізгілендіруде «Ұлы Абай ілімінің халықаралық Резиденциясы» атты жобаны қолға алу керек.*

Шығыстық мораль философиясына арналған әл-Фараби, Қожа Ахмет Ясауи, Абайдың дүниетанымын бірге таныстыруды ұштастыра отырып, «Қазақстанды ізгілендірудегі ұлы Абайдың «Толық адам» ілімінің халықаралық резиденциясын ашу» идеясына орай халықаралық конференциялар, форумдар ұйымдастырып, дөңгелек үстелдер өткізген дұрыс. Көп ұзамай-ақ бұл қоғамды ізгілендіру орталығына алыс-жақын шет ел азаматтары да рухани білім орталығы ретінде қатысар еді.



**Еркін ШҮКІМАН,**

әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері

**ХІХ ғасырда қазақ даласында орын алған мәдени өзгерістер тұсында көрінген тұлғалардың бірі – Абай Құнанбайұлы. Оның шығармашылығы қазақ халқының рухани мәдениетінде түбегейлі бетбұрыс жасап, философиялық ойдың, қоғамдық сана мен жазба әдебиеттің жаңа бағытта дамуына жол ашты. Сондай-ақ ол қазақтың әуен жүйесіне де тың бағыт, қазақ музыкасының көркемдік тіліне жаңа сапа әкелді. Абай шығармашылығы қазақ музыкасы мен поэзиясын біртұтас көркем кеңістік ретінде дамытып, мүлде жаңа ырғақтық-интонациялық мазмұнмен байытты. Абайдың бұл бағыттағы мұрасы шығарушылық пен орындаушылық өнердің бөлініп, жаңа композиторлық мектептің іргесін қалады. Айтушы мен тыңдаушы мәдениетін жаңа биікке көтерді. Бұл қазақ ән өнерінде мүлде жаңа тарихи кезеңнің бастауы болды.**

Абай әндері туралы алғашқы жазба деректер қазақ музыка этнографиясы тарихының екінші жүзжылдығында – ХХ ғасырдың басында ғана хатқа түсе бастады. Алғаш 1919–1922 жылдары А.Э.Бимбоэс нотаға түсірген «Татьянаның хаты» мен «Сегіз аяқ» әндері «Қазақтың 25 әні» атты мақаласына еніп, «Музыкалық этнография» жинағында жарияланса, «Татьяна әні», «Абай», «Қор болды жаным», «Тілек батам» («Қарашада өмір тұр»), «Өлеңді қайтіп қоярсың» шығармалары 1925 жылы А.Затаевичтің «Қазақ халқының 1000 әні», «Қазақтың 500 ән-күйі» жинақтарында басылды. Кейін В.Дернова, Б.Ерзакович, Ғ.Бисенова сынды ғалымдардың зерттеулері негізінде Мәскеудегі М.И.Глинка атындағы Музыкалық мәдениет музейіндегі А.Затаевич қолжазбаларынан Абайдың тағы 12 әні сақталғаны анықталып, аталған ғалымдардың еңбектерінде көрініс тапты. Бұл – Абай әндерінің жинақталуының алғашқы кезеңдері.

Абай әндерін жинау ісінің екінші кезеңі 1935 жылы М.Әуезовтің тікелей басшылығымен басталып, қазақтың рухани әлемінде тарихи және мәдени мәні зор игілікті іске айналды. Л.Хамиди, А.Жұбанов, А.Серікбаева, Е.Брусилловский, Б.Ерзакович, У.Бекенов, К.Жүзбасов сынды музыка зерттеуші ғалымдар М.Әуезовтен бастап, Ә.Қашаубаев, Ә.Ысқақов, Т.Арғынбаев, К.Лекеров, Ж.Елебеков, М.Мұхаметжанова, Ғ.Сармұрзин, Х.Демшінов, Ж.Стамбаев секілді ел ішіндегі әртүрлі айтушылар және белгілі кәсіби орындаушылардан Абайға тиесілі музыкалық мұраларды хатқа түсіріп, ғылыми айналымға енгізді.

Бұл іске түрлі ғылыми-зерттеу институттары мен өнер оқу орындары да белсене атсалысып, Абай әндерінің насихатталуына, ғылыми негізде зерттелуіне зор үлес қосты. Құрманғазы атындағы Қазақ ұлттық консерваториясының жанынан құрылған фольклорлық зертхана 1958 жылдан бастап Абай әндерін дыбыс таспасына жазып алып, ғылыми өңдеуден өткізді. 1984 жылы М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының

ұйымдастыруымен М.Мұхаметжанова орындауындағы Абайдың 17 әні жазылып, Қ.Жүзбасовтың нотаға түсіруінде белгілі жинақтарға енді.

Ал Абайдың музыкалық мұрасының алғашқы топтамасы 1940, 1945 жылғы академиялық жинақтарға (түр-нұсқаларымен 20 ән) енсе, жеке жинақ ретінде тұңғыш рет 1954 жылы Б.Ерзаковичтің құрастыруымен «Абайдың музыкалық творчествосы» деген атпен жарық көрді (36 ән). 1986 жылы «Айттым сәлем, қаламқас» атауымен (65 ән, 3 күй) екінші рет басылып шықты.

Қазақтың рухани-мәдени тарихында Абайдың музыкалық мұрасы – қайталанбас құбылыс. Оның әндері тек эстетикалық туынды ретінде ғана емес, ғылыми тұрғыдан да терең зерттеуді қажет еткен салаға айналды. Бұл бағыттағы алғашқы жүйелі

бұл іске жауапкершілікпен караудың маңызын ескертсе керек. Осы тұрғыдан келгенде соңғы жинақтарда (2020, 2022) Абай әндерін сұрыптау жүйелі түрде саралау негізінде қарастырылды. Мәселен, композитордың ән шығару мәнеріне тән стильдік ерекшелігі алдымен назарға алынса, ақын әндерінің тікелей ұрпақтары мен туыстарының орындауында жеткен үлгілері жеке қарастырылып, олардың түпнұсқалық сипаты ескерілді. Бұдан бөлек, ертедегі кәсіби орындаушылар мен жеткізушілердің орындауында нотаға түсірілген нұсқалар өзара салыстырылды. Сондай-ақ дауысы таспаға жазылып сақталған бұрынғы және кейінгі кәсіби әншілердің орындауындағы үлгілер талданып, олардың интонациялық ерекшеліктері сараптала отырып, 24 ән, 3 күй (түр-нұсқасымен 35 ән) таңдалып алынды.

дәстүрлі орындаушы болған жоқ. Нәтижесінде «Татьянаның әні» деген атпен Ж.Елебеков үлгісіндегі «Татьянаның жауабы» ғана орындалып келеді. Ал «Татьянаның хаты» ертедегі Р.Жаманова, Ә.Нұғманова сынды академиялық бағыттағы орындаушылардың репертуарында ғана кездескені болмаса, дәстүрлі орындаушылардың айтуында (қыздар) естіле қойған жоқ. Бүгінде Б.Төлегеновадан ғана тыңдауға болады. Дегенмен, қос туындының негізі ортақ болғанымен, олардың өлең құрылымы мен мазмұнына сай әуендік өрнектелуі де өзіндік ерекшеліктерге ие. Осыған байланысты болашақта бұл әндер орындаушылар репертуарына екі бөлек, дербес шығарма ретінде орныққаны жөн. Бұл тұста қосар тағы бір сөз, поэтикалық құрылымы жағынан бірдей болып келетін, М.Мұхаметжанова айтуында

## ХАКІМНІҢ МУЗЫКАЛЫҚ

зерттеулер өткен ғасырдың орта шенінен басталып, ән мәтіні мен әуеннің байланысы, жаңа поэтикалық формалардың музыкалық құрылымға ықпалы, әндердің нотаға түсу барысы мен түр-нұсқалары, Абай әндерінің жалпы музыкалық стиль аясындағы орны секілді бағыттарда зерделене бастады. Мәселен, Абай әндеріндегі жаңашылдық пен ерекше стиль алғаш рет А.Жұбанов тарапынан атап көрсетілсе, Г.Шомбалова Абай енгізген жаңа өлең өлшемдерінің әуенге әсерін нақтылауға септігін тигізді. В.Дернова бұл әндердің стилистикасын зерттеудің әдіснамалық негізі мен түр-нұсқалардың авторлық түпнұсқаға жақындығын салыстыру мәселелерін ұсынса, В.Беляев пен М.Ахметова оларды қалалық-демократиялық әндер деп бағалап, дәстүрлі музыкалық жүйеден ерекшеленетін тұстарына тоқталды.

Кейінгі кезеңде бұл салада тың көзқарастар музыкатанушы ғалымдар А.Бердібаева мен Ә.Сабырова тарапынан көріне бастады. Ә.Сабырова Абай әндерінің ішкі композициялық құрылысы мен философиялық мәнін ашуға бағытталған зерттеу жүргізіп, ән мен сөздің тұтастығын ұлттық таным тұрғысынан талдауға ден қойса, А.Бердібаева Абай мен Жаяу Мұса шығармаларын салыстыра қарастырып, олардың көркемдік ұқсастықтары мен айырмашылықтарына поэзиялық және музыкалық тұрғыда сипаттама берді.

Алайда жинақталған әндер әр басылым сайын көбейіп қана отырғаны болмаса, жүйеленіп, стильдік жағынан сараланып, іріктеліп, бірізділікке түспеді. Атап айтқанда, жинақтардағы бір әуеннің екі ән сөзіне арқау болуы, ақынның бір өлеңі екінші әннің әуенімен айтылуы, Абай сөзімен айтылған халық және салсерілер әндері мен жоқтау сарындағы әуендер, тіпті жаңа заман композиторлары туындыларының Абай әндері қатарында қарастырылып, жариялануы осыны көрсетеді.

Абайдың музыкалық мұрасы ең соңғы рет 2020 жылы жарық көрген шығармаларының академиялық толық жинағында бір арнаға тоғыстырылды деуге болады. Бұл жинаққа 1919 жылдан бастап 2020 жылға дейінгі барлық ғылыми еңбектер, онда жарияланған ақын әндерінің үлгілері, архив және ғылыми зерттеу зертханаларындағы Абайға қатысты музыкалық мұралар толық қамтылды. Алайда мұндағы түр-нұсқалар саны 150-ден асса, осы академиялық жинақ негізінде 2022 жылы жарық көрген «Көзімнің қарасы. Абайдың музыкалық мұрасы» атты толықтырылған жеке жинаққа енген ән үлгілерінің саны 170-ке жуықтады.

Иә, Абай мұрасын жинау – тек көлем немесе сан қуалау емес, оның мәнін түсініп, маңызын жоғалтпай сақтау деген сөз. «Абай сөзін көбейтеміз деп, көбік етіп алмайық» деген М.Әуезов сөзі



Ал алдыңғы жинақтарда жарияланған Абайдың әуен өрнегінен алыс әндер ақынның музыкалық мұрасы қатарына қосылмады.

Аталған мәселелер биылғы соңғы басылымда да деректермен толықтырылып, салыстырулар жасалды. Осы жайттарға ішінара тоқталсақ.

Абайдың дара қолтаңбасын танытатын ерекше туындыларының бірі – «Сегіз аяқ» әні. Әннің жұртшылыққа кеңінен мәлім болған түрінен бөлек, бірқатар музыка зерттеушілердің әртүрлі орындаушылардан жазып алған өзге де үш түрі және оның бірнеше нұсқасы бар. Мәселен, А.Бимбоэстің М.Нұрабаевтан және А.Затаевичтің Қ.Мырзабеков, К.Қашқымбаевтардан жазып алған және Б.Ерзаковичтің Қ.Лекеров айтуында түсірілген үлгілер бір тектес түр-нұсқалар болса, Т.Арғынбаев, Х.Елебекова айтуындағы түрлері өзара үндес болып келеді. Бірақ осының бәрінде Абайдың өзіне тән композиторлық стилінен гөрі халықтық әуенге тән сипат басым, яғни әндердің саздық құрылысы мен интонациялық өрнегі ақынның төл әуенінен алыс. Дегенмен, бұл нұсқалар ел ішінде Абайдың «Сегіз аяқ» әні ретінде қабылданып, бүгінгі күнге дейін түрлі мәдени іс-шараларда сахна төрінен көрініп калып жүр.

Онегин тақырыбындағы туындыларының ішінде «Татьянаның хаты» («Амал жоқ қайттым білдірмей...») мен «Татьянаның жауабы» («Тәңірі қосқан жар едің сен...») өлеңдерінің музыкалық нұсқалары халық арасына «Тәтіштің әні» деген атаумен кең таралғаны белгілі. Алғашқы кезеңдерде «Ішім өлген, сыртым сау» әнінің әуенімен айтылып, сол үлгіде нотаға да түсірілген. Алайда зерттеушілерден өзге бұл әндердің қайсысы «хаты», қайсысы «жауабы» екенін ажыратып, олардың әрқайсысының қай әуенмен орындалатынына нақты үңілген

жеткен «Онегиннің хаты» мен «Онегиннің жауабы» да дәстүрлі орындаушылар назарында болғаны дұрыс.

Абай аудармаларының ішінде әнге айналып, халыққа кең тарағаны – «Қараңғы түнде тау қалғып» әні. Бұл әннің де бірнеше нұсқасы жетті. Осы нұсқалар ішінде еркін де кең, халықтық ән формасына жақын Қ.Байжанов интерпретациясынан туған үлгі де алдағы уақыттарда сахналардан естілуі керек деп ойлаймыз.

Абай сөзіне қазақ жұртының іздеген жоғын тапқандай құмар болуы – оның өлеңдерінің халықтық музыкалық дәстүрмен тоғысуынан да көрінеді. Мәселен, «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма», «Қыс», «Ғашықтың тілі – тілсіз тіл», «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да», «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Аш қарын жұбана алмас майлы ас жемей», «Ойға түстім толғандым» секілді өлеңдері мен поэмалары халықтық әуендермен айтылып, ел арасына кең тараған. Мұны Абай поэзиясының ұлттық музыкалық санада қалай қабылданғанын айғақтайтын құбылыс деуге болатын шығар. Алайда Абайдың шығармашылық бағытынан алшақ халықтық мұраны авторға телу – оның шығармашылық ауқымын кеңейтпейді, керісінше бұрмалап, музыкалық мұрасына қатысты нақты шекараны көмескілендіреді. Орындаушылар бұл жағына келгенде де Абайға абай болғаны дұрыс.

Абай әндерінің ішінде екі түрде жеткен жалғыз ән – «Көзімнің қарасы». Оның көпшілікке белгілі үлгісінен бөлек Ә.Ысқақов айтуында жеткен түрін Т.Базарбаев әуелде «бұл ән басқа бір мәтінмен айтылатын ең сияқты» деп бағалаған, кейіннен «Көзімнің қарасының» екінші түрі ретінде қарастырған. Осы әуенмен «Қарға мен бүркіт» мысалы да айтылған. Алайда Абай, Шәкәрім әндерін зерттеушілердің бірі, семейлік композитор А.Ахметжанов бұл әуеннің «Көзімнің қарасының»

**Абай – қазақ халқының поэзиясын, тілін, жан-жақты көркем өнерін оң жолға түсірген, тарихи еңбегі бар асқан дана, ұлы ұстаз. Қазақ халқының ойын өсіру, сезімін тереңдету, ар-намыс, адамгершілік қасиеттерін шыңдау осы ұстазымыздың қолынан өтті. Қазақ ақын-жазушыларының ана сүтімен қанына тараған деп айтарлық тәрбиесі Абайдан келеді.**

*Фабим МҮСІРЕПОВ*

екінші түрі болып қате берілгенін, өзінің жазып алған дерегі бойынша бұл ақынның Әбдірахманға арналып жазылған «Мен сәлем жазамын» өлең-әні деген тың дерек әрі қисынды пайым ұсынады. Дегенмен, жинаққа алдыңғы жинақ бойынша әннің

шығарма ретінде айтылғандығы жазылған. Демек, бұл – ертеде Шығыс өңірінде халық әуендері (ән-жыр болсын, күй болсын) Абайдың өлеңдерімен айтылғанын көрсетеді. Ал бұл тұрғыдан алғанда, 1977 жылы Х.Демшіновтен жазылып, алдыңғы

## МҰРАСЫ

екінші түрі ретінде енді. Бұл – болашақта абайтану мен музыкатанудың біріге отырып қарастыратын мәселесі болуға тиіс.

Абайдың музыкалық мұрасына қатысты жана деректердің пайда болуы ХХІ ғасырда да жалғасын тауып отыр. Алайда табылған деректерді сыни тұрғыдан қарастыра пайдаланбау белгілі шығармаларды жаңсақ тануға алып келуде. Мәселен, 2024 жылы қобызшы Ә.Қазақбаев «Егемен Қазақстан», «Қазақстан дәуірі» газеттерінде жариялаған «Абайдың жана әні табылды» мақаласында (кейіннен жеке кітапша болып жарық көрді) А. Балғожиннің 1956–1957 жылдары ШҚО өңіріне жасаған экспедиция кезінде «Жарқ етпес қара көңілім не қылса да» өлеңімен айтылған «Абайдың өлеңі» деген атпен жазылып алынған әнді түп негізін зерттемей, зерделемей, интуитивті пайымдармен шектеліп, Абайдың әні деп тұжырым жасаған. Ал бұл анықталғандай, «Жарқ етпес...» өлеңімен айтылған ертеден келе жатқан орыс халқының «Из-за острова на стрежень» әні болатын. Абай мұрасына келгенде сенсация жасаудан гөрі селкеу түсіріп алмайық деген ой бұрын тұру керек деп санаймыз. Жинақ түсінігінде бұл да ескеріліп, кең мағлұмат берілді.

Абайдың музыкалық мұрасы төңірегінде көрінген жаңалықтың бірі – оның күйлері. Өткен ғасырдың 70-жылдарынан бастап «Желдірме», «Май түні», «Торы жорға», «Майдақоңыр» секілді төрт күйі белгілі бола бастады. Алайда аталған үш-төрт күй оның күйшілік өнердегі орнын, стилі мен көркемдік тәсілдерін анықтауда қиындық туғызатыны жайлы пікірлер де айтылды (Т.Қоңыратбай). Оның үстіне «Май түні», «Торы жорға» күйлерінің алғашқы және кейінгі ноталық үлгілері арасында да айтарлықтай көркемдік айырмашылықтардың көрінуі – Абайдікі делінген күйлердің түпнұсқалығы мәселесін өзектендіре түссе, «Желдірме» күйінің аты мен затына қатысты сәйкессіздіктер мен стильдік алшақтығы да бұл туындылардың Абай шығармашылығына қатыстылығын дәлелдеуді күрделендіреді.

Мәселен, алғашқы басылымда У.Бекеновтің ноталық үлгісі берілсе, «Көзімнің қарасы» жинағына Ғ.Сармұрзиннің өз орындауынан түсірілген С.Малаевтың ноталық үлгісі І нұсқа, У.Бекенов үлгісі ІІ нұсқа ретінде енген болатын. Алайда соңғы басылымға Абайға тиесілі делінетін күй мұрасын тарихи-музыкалық тұрғыда біріздендіру мақсатында «Май түні» мен «Торы жорғанын» 1983 жылы Ғ.Сармұрзиннің алғашқы телевизиялық таныстырылымдағы орындауы бойынша С.Малаевтың нотаға түсіруіндегі соңғы нұсқасы ғана берілді. Сондай-ақ Ә.Қазақбаев мақаласында А. Балғожин қолжазбасынан «Желдірме» атты екі күйдің кездескенін, алайда олардың Абай сөзіне үйлестіріліп (Қыран бүркіт не алмайды салса баптап...), музыкалық-поэтикалық

жинақтарда жарияланып келген «Желдірме» күйінде де Мәдидің «Үшқарасы» мен Зілқараның «Жиырма бес» әні интонациясының байқалуы – ол «Желдірмені» де тікелей Абайдың төл туындысы ретінде қабылдауға ғылыми негіздің әлсіз екенін көрсетеді. Осы негіздерге сүйене отырып, Х. Демшіновтен жазылып алынған «Желдірме» соңғы басылымда Абай мұрасы қатарынан алынып тасталды.

Сонымен бірге ақынның 175 жылдығы қарсаңында күйші, зерттеуші А.Мәулетұлының «Егемен Қазақстан» газетіндегі (21.05.2020) мақаласында Қытай жерінен «Абайдың Ақтолқыны» секілді күйдің табылуы айтылса, автордың «Ақтолқын» атты бір-біріне ұқсамайтын тағы да бірнеше күйді әртүрлі орындаушылардан жазып алуы, алайда бұлардың нақты қайсысы Абайға тиесілі екенінің анықталмауы, тіпті Қытайдың Іле аймағына белгілі күйші Әшім Дүңшеұлының «Ақ ерке» күйінің «Абайдың Ақтолқыны» болып тартылуы күдік-күмәнді қоюлата түседі. Бұл тұрғыда күй зерттеуші музыкатанушылар тарапынан әлі де кәсіби пікірлердің көрінбеуі – ақынның күй өнеріндегі орнын анықтауда тұрақты көзқарастың қалыптасуына екіұштылық тудырады. Бұл мәселелер де жинақтың түсініктер бөлімінде ескеріліп, кеңінен қамтылды.

Қорыта айтқанда, Абай шығармалары мәтінтану ғылымы тұрғысынан қалай сарапталса, оның музыкалық мұрасы да классикалық үлгі ретінде қарастырылып, біріздендірілгені дұрыс. Сондай-ақ Абай мұрасын зерттеу кеңестік кезеңде идеологиялық шектеулермен жүргізіліп, ұлттық болмыс көбіне назардан тыс қалып, Абай әндері саяси жағдайға сай сипатталғаны да белгілі. Мұндай тұжырымдарға А.Жұбанов, Ғ.Бисенова, С.Күзембаева сынды ғалымдар өз уақытында қарсы пікірлерін білдірді. Дегенмен қазір Абайдың музыкалық мұрасын қазақтың төл мәдени болмысы мен интонациялық табиғатына негіздей отырып, жана-ша пайымдау қажеттілігі айқын байқалып отыр. Бұл – тек ғылым зерттеуді ғана емес, сонымен бірге ұлттық рухты, дүниетанымды және көркемдік ойлау жүйесін тереңірек танудың маңызды жолдарының бірі.

Абай есімінің қазақ халқы үшін аса қастерлі болуы – оның рухани мұрасының баға жетпес құндылығында. Сол мұраның ажырамас бір бөлігі – ақынның музыкасы. Ал Абайдың ән-күйлері – ұлттық мәдениеттің көркемдік әлеміндегі терең мәнді құбылыс қана емес, сонымен бірге қазақ музыкасының дамуына серпін берген қайнар бастаулардың бірі. Ол – төл халықтық интонация мен поэтикалық сезімнің, эстетикалық талғам мен дүниетанымның тоғысынан туған, мазмұндық әрі формалық жағынан өзіндік ерекшелігі бар музыкалық мұра. Сол мұраны зерттеу, зерделеу, ұлттық дүниетаным биігінен пайымдау, методикалық тұрғыдан қарастыру – болашақтың басты мұраты болуға тиіс.

## ӘДІЛ БИ БОЛҒАН

Биыл қазақ әдебиетінің классигі, ағартушы, данышпан, әділ би Абай Құнанбайұлының туғанына 180 жыл толады. Қазақтың болыс Абайдың болыс болғанын жұрт біледі, ал оның әділ би болғанын және «Қармола» ережесін жазғанын көпшілік біле бермейді. Абай әділ би болған деген сөзім жалаң болмас үшін, ол өзінің туған інісі Оспанға тарттырған айыбына қатысты бір нақты мысал келтірейін. Құнанбайдың кенже баласы ретінде қара шаңыраққа ие болып отырған Оспан жастайынан содыр мінезді, дандайсыған, сотқарлау болып өседі. 1880-жылдары Оспан малын айдап жайлауға көшіп кеткенде, қыстауда қора-қопсыны бағып қалған 12 үй жатақ бірлесіп, ағаш соқаға сауын сиырларын жегіп, ой-ойдағы тың 20-25 десятина жерді жырттып, аз-

ды-көпті бидайларын егіп, оны күтіп, еңбектеніп өсіреді. Бірде Оспан жайлаудан жылқыларын айдап келе жатып, жатақтардың жайқалып өскен егініне жылқыларын жаюды бұйырады. Жылқылар егінді тұяқтарымен жайпап, жеп кетеді. Бұны көрген жатақтар зар жылап, өкініп қалады.

Осы кезеңде Абай Қарқаралыдағы Қоянды жәрменкесінде болатын төтенше съезге келе жатып, жатақтың егіні інісі Оспанның бұйрығымен тапталып қалғанын, содан қыстаудағы халықтың, шиегтей бала-шағаның ас-сусыз қалғанын біледі.

Орын алған келеңсіз мән-жайдың анық-қанығына жеткен соң Абай Оспанға жылқыдан 24 жылқы айдап әкелуді бұйырады. Сөйтіп, оны 12 жатақ үйге 1 ірі жылқы және 1 құнаннан бергізіп: «Бұл менің Оспаннан әпер-

ген айыбым, қорықпай алып, пайдаланыңыздар!» – дейді. Ал Оспанға: «Әкеннің шаңырағының қасиетін сақтасаң, жайлауға кеткенде қыстауыңды күзететін, іркітінді құрт қылатын, жүнінді киіз қылатын, малыңның көңіні отын ететін жатақтарда әкеннің құны кеткен жоқ. Оларды неге қорлайсың, жер-суды сен жаратқан жоқсың. Жерсу Құдайдыкі, оны кім пайдаланып, игілікке асырса, соныкі. «Әдепсіз өскен ұл-қыз ата-анасының сүйегіне тіл тигізеді» деген сөз бар», – деп інісі Оспанға жатақтың егініне малын жайғаны үшін айыбын тартқызыған екен.

Міне, осыдан-ақ «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ» деген халық нақылының айқын көрініс тапқанын аңғарамыз.

**Қабыл ДҮЙСЕНБИ**



Ақшоқы. Құнанбай қорымы

## Абайдың шешендігі

Жанқұтты шешен бірде Құнанбай ауылына қонаққа келгенінде Абаймен жауаптасып, бала Абайдың болашағын болжап, батасын беріпті деседі. Ел ауызында кең тараған әңгіме былай өрбіпті: «Аға сұлтан Құнанбайдың үйінде мейман болып отырған Жанқұттыға ауыл молдасынан сауат ашқан, өзі алғыр бала Абай сәлем бере келеді. Құнанбайдың өзі тапқыр, өлең шығаратын баласы туралы естіп жүрген Жанқұтты баланы шақырып, қасына отырғызып алғаннан кейін сауал тастайды:

- Шырағым, дүние неге сүйенеді?
- Абай лезде:
- Дүние үмітке сүйенеді.
- Көздің көрмесі бола ма?
- Көз қабағын көрмейді.
- Шам жарығының түспесі бола ма?
- Шам жарығы түбіне түспейді.
- Болат пышақтың кеспесі бола ма?
- Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді.
- Тамағына тартпайтын махлұқат бола ма?
- Өз тамағына тартпайтын махлұқат болмайды.

Абай жауабына риза болған шешен оған өлең түрінде жауап беруін сұрайды. Сонда Абай:

*Сіз сұңқар самғай ұшқан*

*қиядағы,*

*Талпынған мен балапан ұядағы.*

*Өрнекті өлең сөзбен жауап*

*берсем,*

*Дүниенің жалғыз үміт тиянағы.*

*Көз көруі жетпейді қабағына,*

*Шам жарығы түспейді табанына,*

*Өз сабын болат пышақ өзі кеспес,*

*Махлұқат тартпай қоймас*

*тамағына, –*

деп жауап береді.

Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай:

– Сізден сұрауға бола ма? – дейді тағы да үзілген әңгімені жалғап.

– Е, шырағым, сұрай ғой, – депті Жанқұтты шешен.

– Арзан не, қымбат не, дауасыз не? – депті Абай.

– Шырағым, арзан – тірлік, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік емес пе? Жанарың отты екен

– ақындығың шығар, маңдайың жазық екен – ойлылығың шығар, халқыңның қалаулы азаматы бол!

– деп батасын беріпті.

**Қуат ҚИЫҚБАЙ**



(Жалғасы. Басы 2-бетте)

## Жазғытұры

Жазғытұры қалмайды қыстың сызы,  
Масатыдай құлпырар жердің жүзі.  
Жан-жануар, адамзат анталаса,  
Ата-анадай елжірер күннің көзі.

Жаздың көркі енеді жыл құсымен,  
Жайрандасып жас күлер құрбысымен.  
Көрден жаңа тұрғандай  
кемпір мен шал,  
Жалбандасар өзінің тұрғысымен.

Қырдағы ел ойдағы елмен араласып,  
Күлімдесіп, көрісіп, құшақтасып.  
Шаруа қуған жастардың  
мойыны босап,  
Сыбырласып, сырласып,  
мауқын басып.

Түйе боздап, қой қоздап, қора да шу,  
Көбелек пен құстар да сайда ду-ду.  
Гүл мен ағаш майысып қарағанда,  
Сыбыр қағып, бұрандап ағады су.

Көл жағалай мамырлап қу менен қаз,  
Жұмыртқа іздеп, жүгіріп балалар мәз.  
Ұшқыр атпен зырлатып тастағанда,  
Жарк-жүрк етіп ілінер көк дауылпаз.  
Құс қатарлап байлаған қанжығаға  
Қыз бұрандап жабысып, қылады наз.

Жазға жақсы киінер қыз-келіншек,  
Жер жүзіне өң берер гүл-бәйшешек.  
Қырда торғай сайраса, сайда бұлбұл,  
Тастағы үнін қосар байғыз, көкек.

Жаңа пұлмен жамырап саудагерлер,  
Диханшылар жер жырттып, егін егер.  
Шаруаның бір малы екеу болып,  
Жаңа төлмен көбейіп, дәулет өнер.

Безендіріп жер жүзін Тәңірім шебер,  
Мейірбандық дүниеге нұрын төгер.  
Анамыздай жер иіп емізгенде,  
Бейне әкендей үстіңе аспан төнер.

Жаз жіберіп, жан берген қара жерге  
Рахметіне алланың көңіл сенер.  
Мал семіреді, ақ пенен ас көбейер,  
Адамзаттың көңілі өсіп көтерілер.

Қара тастан басқаның бәрі жадырап,  
Бір сараңнан басқаның пейілі енер.  
Тамашалап қарасаң Тәңірі ісіне,  
Бойың балқып, ериді іште жігер.

Кемпір-шал шуақ іздеп, бала шулар,  
Мал мазатсып, қуанып, аунап-қунар.  
Жыршы құстар әуеде өлең айтып,  
Қиу салар көлдегі қаз бен қулар.

Күн жоқта кісімінер жұлдыз бен ай,  
Ол қайтсін қара түнде жарқылдамай,  
Таң атқан соң шығарын күннің біліп,  
Өңі қашып, бола алмас бұрынғыдай.

Күн – күйеу,  
жер – қалыңдық сағынышты,  
Құмары екеуінің сондай күшті.  
Түн қырындап жүргенде  
көп қожандап,  
Күйеу келді, ай, жұлдыз к... қысты.

Ай, жұлдызға жылы жел хабар беріп,  
Жан-жануар қуанар тойға елеріп.  
Азала ақ көрпесін сілке тастап,  
Жер күлімдер, өзіне шырай беріп.

Күн – күйеуін жер көксіп ала қыстай,  
Біреуіне біреуі қосылыспай,  
Көңілі күн лебіне тойғаннан соң,  
Жер толықсып, түрленер тоты құстай.

Адам тіктеп көре алмас күннің көзін,  
Сүйіп, жылып тұрады жан лебізін.  
Қызыл арай сары алтын шатырына,  
Күннің кешке кіргенін көрді көзім.

# «Өлсе өлер Табиғат, адам өлмес...»

## Сегіз аяқ

Алыстан сермеп,  
Жүректен тербеп,  
Шымырлап бойға жайылған.  
Қиуадан шауып,  
Қисынын тауып,  
Тағыны жетіп қайырған,  
Толғауы тоқсан қызыл тіл,  
Сөйлеймін десең өзін біл.  
Өткірдің жүзі,  
Кестенің бізі  
Өрнегін сендей сала алмас.  
Білгенге маржан,  
Білмеске арзан,  
Надандар бәһра ала алмас.  
Қиналма бекер, тіл мен жақ,  
Көңілсіз құлақ – ойға олак.

Басында ми жоқ,  
Өзінде ой жоқ,  
Күлкішіл кердең наданның.  
Көп айтса көнді,  
Жұрт айтса болды,  
Әдеті надан адамның.  
Бойда қайрат, ойда көз  
Болмаған соң, айтпа сөз.

Қайнайды қаның,  
Ашиды жаның,  
Мінездерін көргенде.  
Жігерлен, сілкін,  
Қайраттан, беркін  
Деп насихат бергенде,  
Ұятсыз, арсыз салтынан,  
Қалғып кетер артынан.

Аулаққа шықпай,  
Сыбырлап бұқпай,  
Мейірленбес еш сөзге.  
Пайдасыз тақыл –  
Байлаусыз ақыл,  
Атадан бала ойы өзге.  
Санасыз, ойсыз, жарым ес,  
Өз ойында ар емес.

Тасыса өсек,  
Ысқыртса кесек,  
Құмардан әбден шыққаны.  
Күпілдек мақтан.  
Табытын қаққан,  
Аңдығаны, баққаны.  
Ынсап, ұят, терең ой  
Ойлаған жан жоқ, жауып қой.

Болмасын кекшіл,  
Болсайшы көпшіл,  
Жан аямай кәсіп қыл.  
Орынсыз ыржан,  
Болымсыз қылжаң  
Бола ма дәулет, нәсіп бұл?  
Еңбек қылсаң ерінбей,  
Тояды қарның тіленбей.

Егіннің ебін,  
Сауданың тегін  
Үйреніп, ойлап, мал ізде.  
Адал бол – бай тап,  
Адам бол – мал тап,  
Қуансаң қуан сол кезде.  
Бірінді – қазақ, бірін – дос  
Көрмесен, істің бәрі бос.

Малынды жауға,  
Басынды дауға  
Қор қылма, қорға, татулас.  
Өтірік, ұрлық,  
Үкімет зорлық  
Құрысын, көзің ашылмас.  
Ұятың, арың оянсын,  
Бұл сөзімді ойлансын.

Тамағы тоқтық,  
Жұмысы жоқтық  
Аздырар адам баласын.  
Таласып босқа,  
Жау болып досқа,  
Қор болып, құрып барасын.  
Өтірік шағым толды ғой,  
Өкінер уақытың болды ғой.

Жұмыссыз сандал,  
Еріксіз малды ал  
Деген кім бар сендерге?  
Қулықты көргіш,

Сұмдықты білгіш  
Табылар кісі жөн дерге.  
Үш-төрт жылғы әдетің  
Өзіңе болар жендетін.

Ауырмай тәнім,  
Ауырды жаным,  
Қаңғыртты, қысты басымды.  
Тарылды көкірек,  
Қысылды жүрек,  
Ағызды сығып жасымды.  
Сүйеніп күлкі тоқтыққа,  
Тартыпты өнер жоқтыққа.

Қайратым мәлім,  
Келмейді әлім,  
Мақсұт – алыс, өмір – шак.  
Өткен соң базар,  
Қайтқан соң ажар,  
Не болады құр қожак?!  
Кеш деп қайтар жол емес,  
Жол азығым мол емес.

Бір кісі мыңға,  
Жөн кісі сұмға,  
Әлі жетер заман жоқ.  
Қадірлі басым,  
Қайратты жасым  
Айғаймен кетті, амал жоқ.  
Болмасқа болып қара тер,  
Қорлықпен өткен қу өмір.

Сөзуар білгіш,  
Законшік, көргіш,  
Атанбақ – мақсұт, мақтанбақ.  
Жасқанып, қорқып,  
Жорғалап, жортып,  
Именсе елің, баптанбақ.  
Қарғағанын жер қылмақ,  
Алдағанын зор қылмақ.

Хош, қорықты елің,  
Қорқытқан сенің  
Өнерің қайсы, айтып бер.  
Ел аңдып сені,  
Сен аңдып оны,  
Қылт еткізбей бағып көр.  
Ойнасшыл қатын болса қар,  
Андыған ерде қала ма ар?

Көмексіз көзің,  
Бір жалғыз өзің  
Баға алмай, басың сандалар.  
Бауырына тартқан,  
Сырынды айтқан  
Сырласың сырт айнарлар.  
Ол қаны бұзық ұры-қар,  
Қапысын тауып сені алар.

Басы-көзі қан боп,  
Арқа-басы шаң боп,  
Және тұрып жалпылдап;  
Жығылып тұрып,  
Буыны құрып,  
Тағы қуып салпылдап,  
Абұйыр қайда, ар қайда?  
Өз басына не пайда?

Ит үрсе, бала  
Таяғын ала,  
Қуады итпен кектесіп.  
Ұрысқансып «ой» деп,  
«Ұят» деп, «қой» деп,  
Үлкендер тыяр «тек» десіп.  
Оны білсең, мұның не?  
Мен де ұят іс қылдым де.

Білгенге жол бос,  
Болсайшы қол бос,  
Талаптың дәмін татуға.  
Білмеген соқыр,  
Қайғысыз отыр,  
Тамағы тойса жатуға.  
Не ол емес, бұл емес,  
Менің де күнім – күн емес.

Ғылымды іздеп,  
Дүниені көздеп,  
Екі жаққа үнілдім.  
Құлағын салмас,  
Тілінді алмас,  
Көп наданнан түнілдім.  
Екі кеме құйрығын  
Ұста, жетсін бұйрығын.

Жартасқа бардым,  
Күнде айғай салдым,



Онан да шықты жаңғырық.  
Естісем үнін,  
Білсем деп жөнін,  
Көп іздедім қаңғырып.  
Баяғы жартас – бір жартас,  
Қанқ етер, түкті байқамас.

Жаяуы қапты,  
Аттысы шапты,  
Қайрылып сөзді кім ұқсын.  
Іште дерт қалың,  
Ауыздан жалын  
Бұрқ етіп, көзден жас шықсын.  
Күйдірген соң шыдатпай,  
Қоя ма екен жылатпай?

Мамықтан төсек,  
Тастай боп кесек,  
Жамбасқа батар, ұйқы жоқ.  
Сыбыр боп сөзі,  
Мәз болып өзі,  
Ойланар елдің сиқы жоқ.  
Баяғы қулық, бір алдау,  
Қысылған жерде – жан жалдау.

Атадан алтау,  
Анадан төртеу,  
Жалғыздық көрер жерім жоқ.  
Ағайын бек көп,  
Айтамын ептеп,  
Сөзімді ұғар елім жоқ.  
Моласындай бақсының  
Жалғыз қалдым, тап шыным.

## Оспанға

Жайнаған туың жығылмай,  
Жасқанып жаудан тығылмай,  
Жасаулы жаудан бұрылмай,  
Жаужүрек, жомарт құбылмай,  
Жақсы өмірің бұзылмай,  
Жас қуатың тозылмай,  
Жалын жүрек суынбай,  
Жан біткеннен түңілмей,  
Жағалай жайлау дәулетің  
Жасыл шөбі қуармай,  
Жарқырап жатқан өзенің,  
Жайдақ тартып суалмай,  
Жайдары жүзің жабылмай,  
Жайдақтап қашып сабылмай,  
Жан біткенге жалынбай,  
Жақсы өліпсін, япырмай!

\* \* \*

Қарашада өмір тұр,  
Токтатсаң тоқсан көнер ме?  
Арттағы майда көңіл жүр,  
Жалынсаң қайтып келер ме?

Майдағы жұрттың іші – қар,  
Бәйшешек қарға өнер ме?  
Ішінде кімнің оты бар,  
Қар жауса да, сөнер ме?

Талаппен ұшып, талпынып,  
Шартарапты көздемес.  
Пайданы қуып алқынып,  
Өзгені әсте сөз демес.

Кеудесі толған қулық ой,  
Бәрі де пысық, езбе емес.  
Құмары оның айт пен той,  
Пайда мен мақтан өзге емес.

Алдадым, ұрдым, қырдым деп,  
Шалықтап, шалқып, шатпай ма?  
Қапысын аңдып тұрдым деп,  
Қулығын бұлдап сатпай ма?

Момыннан жаман қорқақ жоқ,  
«Қу», «пысық» деген ат қайда?  
Арсыз болмай атақ жоқ,  
Алдамшы болмай бақ қайда?

\* \* \*

Кешегі өткен ер Әбіш,  
Елден бір асқан ерек-ті.  
Жүрегі – жылы, бойы – құрыш,  
Туысы жаннан бөлек-ті.  
Өнері оның жұрт асқан,  
Ғылымға көңілі зерек-ті.  
Аямаған ғаріптен  
Қолдан келген көмекті.  
Кісіге сідет жүктетпей,  
Еңбекпен тапқан қоректі.  
Біреудің қылған қарызын  
Айтқызбай артық төлепті.  
Боямсыз ақ көңіл,  
Кірлетпей кетті жүректі.  
Ойламаған өлімнен  
Жасқанамын демек-ті.  
Таддырға тәбділ бола ма.

## Онегиннің өлердегі сөзі

Жарым жақсы киім киіп,  
Келді жанға жылы тиіп.  
Диуана болды бұл көңілім,  
Басылмай бір құшып, сүйіп.

Бойым тұр дал болып ұйып,  
Көңілім жүр құс болып шүйіп.  
Есіркеп сүйгізіп еді,  
Кетіппін жүз есе күйіп.

Қылдың арам ойынды,  
Бір бұрмадың мойныңды.  
Сен ақылмен көңіліңді  
Тыйып, жемнің бойынды.

Мен бұрылып түзеле алман,  
Қайтсін дедің сорлыңды...  
Атам, анам - қара жер,  
Сен аша бер қойныңды.  
Сенен басқа еш жерден  
Таба алмадым орнымды.  
Сабырлық қылсақ керек-ті.

(Өлеңдер Абай шығармаларының ака-

демиялық толық жинағынан алынды)

**Сөздің, ойдың, сананың, идеяның күш-қуатын, мүмкіндігін біз әлі түсініп, бағалай алмай келеміз. Сөз көп, іске асып жатқаны аз. Егер де озық ой, идея санаға сіңіп, жүрекке жетсе, нақты күшке айналар еді.**

ламау, қызғаныш, көреалмаушылық орын алады. «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесен, істің бәрі бос» деген Абайдың өсиеті назардан тыс қалады. Жатсыну деген осы болады.

Тағы бір данышпан, ұлтжанды ақын Міржақып Дулатов:

*Атымыз да, затымыз да қазақпыз.  
Көп емеспіз, аз-ақпыз.  
Ру болып ірімей,  
Жүз болып жіктелмей,*

Әсіресе сана деген алынбас камал сияқты. Адам — сөз жоқ, өз заманының, өскен ортасының түлегі. Дегенмен өз уақытынан озық туған, сөзімен де, ісімен де болашақта өмір сүретін тұлғалар болады. Сократ өз уақытын басып озды. Конфуций он мың ұрпақтың ұстазына айналды. Абай да өз уақытын басып озды. Таланттар, дара тұлғалар көпке қатысы бар жалпы заңдылықтың шеңберіне сыймайды. Олардың болмысында отбасының, қоғамдық ортаның

сенесін. «Қызыл тілім буынсыз, сөзімде жаз бар шыбынсыз» дегені де түсінікті. «Көңілде қайғы қалың зар. Айтатұғын сөзім бар, Салсын құлақ ұққандар» деп өз ойын көпшілікке арнайды. Абай қазағына сөзін батырып та, жеріне жеткізіп те айтты. Бірақ Тәңірі «тындаушысын ұғымсыз» етіп бергесін, сөзі өтпей күйінді. «Осы жасқа келгенше, Өршеленіп өлгенше, Таба алмадық бір адам, Біздің сөзге ергенді» деуге мәжбүр болды.

Абай көргенін, білгенін, көңіліне түйгенін халқына жеткізуге асық. Жырлап та, көркем сөзбен сырлап та айта алады. Оған дейін ешкім айтпаған, одан кейін де тап өзіндей етіп ешкім айта алмайтын «жалын мен оттан жаралған сөздер». Бірақ сөзді ұғатын адам жоқ. Абай амалсыздан өзегін өртеген шындықты жайып салады: «Өзің жалғыз, надан көп, Ұқтырасың сен не деп, Әулекі, арсыз елге енді?» — дейді. Қандай ауыр, қандай ащы?! Абайдың сөзі есті адамның сай-сүйегін сырқыратады, опындырады, ашындырады. Абайды оқып отырып, өзің үшін, халқын үшін күйінесің, қиналасың. Би-шешендер заманындағы сөздің қадірін білетін, сөзге тоқтаған, құйма құлақ адамдар ғылым-білім, техника дамыған заманда болмағаны ма? «Адам деген даңқым бар, Адам қылмас халқым бар», — деп бүгін де ол айтар ма еді?

«Адам ата-анасына, жақын-жуықтарына, үкіметке, тіпті Құдайға да үміт арта алады. Бірақ адам өзі де қарап қалмауы керек. Түбі бәрі өзіне келіп тіреледі», — дейді неміс философы Кант.

Тап осындай сұраққа Абай да жауап береді:

*Сенбе жұртқа, тұрса да қанша мақтап,  
Әуре етеді ішіне құлық сақтап.  
Өзің сен, өзіңді алып шығар,  
Еңбегің мен ақылың екі жақтап.*

Даналық деген осы болса керек. Ғажап қой. Терен ғой.

Жамбыл Абайдың суретіне қарап: *Мынау тұрған Абайдың суреті ме?  
Өлең-сөздің ұқсаған құдіретіне,* — дейді.

Мен айтар едім: «Абай өлең — сөздің ғана емес, өлең мен сөз арқылы жеткізе білген даналық ойдың, философиялық ойдың құдіреті» деп.

Даналықтың үлгісі деп тағы бірер шумак өлеңдерін келтірейін:

*Жас қартаймақ, жоққ тумақ,  
туған өлмек,*

*Тағдыр жоқ өткен өмір қайта келмек.  
Басқан із, көрген қызық артта қалмақ,  
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.  
Бар ма мұнда философия?*

Толып тұр, тұнып тұр.

Немесе

*Әсемпаз болма әрнеге,  
Өнерпаз болсаң, арқалан.*

*Сен де — бір кірпіш, дүниеге  
Кетігін тап та, бар қалан!* — дейді.

Өлмес, өшпес өсиет осы.

Осылай Абайдың әрбір өлеңін, қара сөздерін талдап, философиялық тереңдігін, даналығын, көргендігін аңғаруға болады. Абай XIX ғасырда өмір сүрді, оның рухы қазір бізбен бірге өмір сүріп келеді, болашақта да халқымен бірге жасайды. «Өлді деуге сия ма, ойландаршы, өлмейтұғын артына сөз қалдырған» деп өшпейтін сөз, яғни мәңгі жасайтын мұра қалдырған Абайдың нәзі өзі туралы айтуға болады.

Мәселе Абайда емес, оның ұрпағы — біздерде, бізден кейінгі ұрпақтарда. Абайдан кейін, Абаймен бірге біз қалай өмір сүріміз керек? Қазіргіше бейқам, жайбарақат, ойланбай жүре береміз бе, әлде Абайға қарап, Абайды оқып, ғибрат алып, рухани жұтандықтан, рухсыздықтан арылуын жолын іздеп күресеміз бе? Абайдың аманатын ақтай аламыз ба, жоқ па? Қазір де Абай арамдыда жағыз емес пе? Әркім алдына осындай сұрақтар қойып, есеюге, жетілуге тырысуы керек.

Абайдан басқа, Абайдың қыруар мұрасынан басқа бізге ешқандай ұлттық идеяның, идеологияның керегі жоқ. Абайда бізге керектің бәрі де бар. Тек соны игеріп, жүзеге асырып алайық. Ар жағындағысын көре жатармыз. Қытай халқы Конфуций жолымен жүріп, алдыңғы қатарға шықты. Бізге де Абай жолымен жүріп, қатарға қосылатын кез жетті. Абай — біздің арқа сүйер рухани темірқазығымыз.

**Тележан РЫСҚАЛИЕВ,**  
*философия ғылымдарының докторы, профессор*

# ТҰНЫП ТҰРҒАН ТАҒЫЛЫМ

Елімізде «Бабалар сөзі» деген аты айтып тұрғандай, сұңғыла жинақ 100 том болып жарық көрді. Кітапханаларда сол томдар тізіліп тұр. Сұрап жатқан, оқып жатқан жастар көрінбейді. Бабалар сөзі тұнып тұрған тағылым, даналық, асыл қазына емес пе? Қазақ деген — дана халық. Би-шешендердің, ақын-жыраулардың сөздері, халқымыздың мақал-мәтелдері тұтас бір педагогикалық университет деуге болады. Кім оларға жүгініп, бойға сіңіріп, іске асырып жатыр?

Француз философы Жан-Жак Руссо: «Егер де біз үлгілі азаматтарды тәрбиелей алсақ, онда бізде бәрі де болады. Ал ондай адамдарды тәрбиелей алмақ, онда бізде билік басындағылардан бастап, бәрі де басыбайлы құлдар ғана болады», — дейді. Солай болады екен деп келіспеске болмайды. Байлықтың, жемқорлықтың, құр мақтанның, даракылықтың, атақ-мансаптың, лауазымның құлдары арамдыда толып жүр.

Экономикаға, өндіріске, ішкі-сыртқы саудаға, саясатқа көңіл бөліп жатырмыз. Өте орынды. Сонымен бірге ертең кеш қалып, өкінібеу үшін Руссо айтқан үлгілі адамдарды тәрбиелеуге де жете көңіл бөлген дұрыс болар еді. Бұл арада Шәкәрімнің тілін алып, Абайға жүгінуге тура келеді. Шәкәрімнің жастарға өсиеті:

*Мынау Абай — бір ғалым жол шығарлық,  
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.  
Амалы жоқ, айналды енді бізге,  
Күн туды етегіне жабысарлық...  
...Білімді сол кісіден ізденелі!  
«Әдейі іздеп біз келдік сізге» делік.  
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,  
Ақылыңды аяма бізге» делік...*

Абай деген — Мұхтар Әуезов айтқандай, таусылмас дария. Абайда бізге керек үлгі, нұсқа, ақыл-кеңестің бәрі бар. Абай заманынан бері, міне, 180 жыл өтіпті. Сол арада Абайдан біз не алып үлгердік екен? Кеңес заманында Абай басқа қырынан көрінді. Ақын дедік, ағартушы дедік. Солай көрсету керек болды. Даналығы, ойшылдығы, көргендігі тасада қалды. Жоғарыда айтқандай үлгілі адамдарды тәрбиелеу үшін бізге Абайдың даналығы, ойшылдығы, яғни философиясы ауадай қажет. Мен философияға тән аңғалдықпен кейде Абайдың шығармалары әрбір ата-ана, мұғалім, билік басындағылардың алдында күн сайын пайдаланатын кітап болып жатуы керек қой деп ойлаймын.

Мұхаммед пайғамбардың (с. а. с.) өсиет сөзі бар: «Қолыңнан келсе ғалым бол, білімді бол. Оған мүмкіндігін жетпесе, ғалымның қасында жүр. Енді болмаса, оның айтқанын істе. Басқа жол жоқ». Абайға жақын болсақ, Құдайға жақындағандай болар едік. Абайдың ақылын алсақ, айтқанын істесек, пайғамбарымыздың өсиетін іске асырған болар едік.

Абай бізге тек оқу үшін, үйрену үшін ғана емес, өсіп-жетілу үшін, Руссо айтқан үлгілі адам болу үшін керек. «Біз әлі есейген жоқпыз», — деген екен ойшыл жазушы Асқар Сүлейменов. Осы сөзді бүгін де қайталауға болады. Қазіргі адамдардың көксейтіні ақша, байлық болса, оған жету үшін ұрлыққа, зорлыққа, тонауға, жемқорлыққа барып жатса, біз есейдік, өсіп жетілдік деп қалай айтамыз? Есеюдің орнына кері кеткен сияқтымыз.

Философияда жатсыну — «отчуждение» деген ұғым бар. Адам мен табиғаттың, адам мен қоғамның, адамдардың өздерінің арасында жатсыну, бір-бірін елемей, баға-

*Ұлт болып ұйыссақ — азатпыз,* — деп ескерткіп еді.

Одан бері де бір ғасыр өтті деуге болады, тап бүгін айтылғандай әсер қалдырады.

Шынында да, аз халықпыз, бірімізді-біріміз қолдап, демеу болып бірігудің орнына әркім көрпесін өзіне тартып жатсынар болса, көршілерге күлкі боламыз, тіпті Құдай басқа салмасын, жем болуымыз да мүмкін. Арамызда Абай айтқандай, «Әр қазақ — менің жалғызым» деп ойлайтын қазақтар көп болса, бізді кім басынар еді.

Есеймегендіктің тағы бір белгісі — тек бүгінгі күнмен өмір сүру, ертеңгі, ұрпағымыздың болашағын ойламау. Осы арада жан-жақты ғұлама Ахмет Байтұрсынұлының ұлағатты сөзі еске түседі:

*Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,  
Ойлайтындай мен емес, бір күнсің.  
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, жабықпаймын,  
Ел бүгіншіл, менікі ертеңгі үшін.*

Тағы бір ғажап құбылысты атайын: капиталистік қоғамға адамды алға жетелейтін, ғылымды да, философияны да қолдайтын жаңа дін қажет болды. XVI ғасырда сондай дін, христиан дінінің жана тармағы — протестантизм пайда болды. Еуропада капиталистік қатынастардың орнығып, нығаюына көрнекті неміс философы Макс Вебер атап көрсеткендей, протестантизмнің, әсіресе протестанттық этиканың ықпалы зор болды. Менің айтқаны дегенім, XIX ғасырдың орта кезіндегі қазақ қоғамына, бодандықтағы қазақ халқына Абайдай кеменгер ойшыл, ақын қажет болды. Абайдың миссиясы — қазаққа тығырықтан шығатын жолды ұсыну.

Шоқан да, Ыбырай да, Абай да қазақты өркениетке бастайтын, қатарға қосатын қарулы көтеріліс емес, оқу, білім, ғылым жолы екенін жақсы түсінді. Абай «біз малы барлар билейтін елде өмір сүріп жатырмыз, басқа елдерді қуып жету үшін білімді барлар билейтін елге айналуымыз керек» деп есептеді.

Абайдың қазақ еліне, қазақ халқына ықпалы өз заманында ғана емес, кейінірек, әсіресе қазақ халқы егемендік алып өз жолымен дами бастаған XXI ғасырда басым болар деп үміттенемін. Замандастары Абайды түсінген жоқ, соңына ерген жоқ, айтқанына көнген жоқ. Ол кезде халықтың көпшілігі надандықты бастан кешіп жатты, ақынның өзі айтқандай, жақсы мен жаманды айырмады.

Маған Абайдың ойлары, сыншыл сөздері тап бүгінгі біздерге арнап айтылғандай әсер қалдырады. Әрбір өлеңінен, әрбір сөзінен мен бүгінгі біздің тірлігімізді, болмысымызды, қам-қарекетімізді, кем-кетігімізді көргендей боламын. «Ғылым таппай мақтанамыз, орын таппай баптанамыз». Бүгін де бізде «бірлік жоқ, береке жоқ, шын пейіл жоқ». Абайдың «Таласып босқа, жау болып досқа, қор болып, құрып барасын» дегені де шындық. «Пайда үшін біреу жолдас бүгін танда» немесе «Әркім жүр алар жердің ебін қамдап» десе, сондай пысықтар бірінен соң бірі алдымыздан шыға келеді. «Бас-басына би болған өңкей қикым, мінеки, бұзған жоқ па елдің сиқын?» деген сөзді де ешкім жоққа шығара алмайды. Бізде не көп, әкімдер, шенқұмарлар көп.

Өркениет өрлеген, білім-ғылым дамыған кезде ақыл-есі, түйгені, түсінігі мол адамдар көбейер десе, олай болмай жатыр. Қоғам өзгергенмен, адамның адамшылық жағынан өзгере қоюы қиын екен.

**” Абай – әлемдік әдебиеттен белгілі орын алған кемеңгер**

**ойшыл, адам баласын шындыққа, игілік іске, еркіндікке шақырған ұлы ақын. Ақынның жазғандары өзінің бейнелі көркемдігімен сәулетті сұлу дүниедей адам көңілін баурап алса, оның мазмұны да жүрекке сәуле түсіргендей, жаңа бір қызықты, қуанышты дүниеге кіргізгендей болады.**

*Әлкей МАРҒҰЛАН*

ықпалымен бірге өзінің ынта-жігері, еңбегі, белсенділігі басым болады. Бір сөзбен айтқанда, олар өзін-өзі жасайды.

Абай да өзін-өзі жасады деуге болады. Оған, әрине, ата-анасы, әжесі, өскен ортасы, шығыс, батыс, орыс әдебиеті зор ықпал етті. Сонда да сахарда тұрған, рухани байланыстан тыс қалған, сөйлесіп ақылдасар, пікір алмасар, түсінер жан таппаған адамның біз білетін даналық, ғұламалық деңгейге көтерілуі Абайдың өзіне ғана байланысты болды. Ол өз еңбегімен, ынта-жігерімен, ізденісімен сондай дәрежеге жетті. Ол өскен ортасынан да, әлем әдебиетінен де өзіне керегін ала білді. Неге ол Сократты жақсы көрді, бағалады? Неге ол Пушкин мен Лермонтовты сүйіп оқып, аударып, айналасына насихаттады? Неге ол И. Крыловқа назар аударды, мысал өлеңдерін қазақшаға аударып жариялады? «Қалын елін, қазағын, қайран жұртын» ояту үшін, алға жетелеу үшін.

Мен «Қазақ әдебиеті», «Егемен Қазақстан» газеттерінде, «Ақиқат» журналында жарық көрген мақалаларымда, «Даналық пен түсініктің үлгілері», «Философия тарихы» деген кітаптарында Абайдың тағылымға толы өлеңдері мен қара сөздеріне философиялық талдау жасадым. Қазір оларды қайталап жатқым келмейді. Осы мақалада Абайдың назардан тыс қалып келе жатқан терең мазмұнды «Келдік талай жерге енді» деген өлеңін талдап, түсіндіріп көрейін. Бұл өлеңді мен ақынның ағынан жарылып айтқан жан сыры, халқына, кейінгі ұрпаққа қалдырған аманат-өсиеті деп білемін. Өлең «Келдік талай жерге енді, кіруге-ақ қалдық көрге енді» деп басталады. Бұдан Абайдың өткен өміріне шолу жасап, өзіне-өзі есеп беріп отырғаны байқалады. Ол өзінің неге ұмтылып, нені мақсат еткенін, не тындырып, неге қолы жеткенін, неге үміт артып, неден опық жегенін ашып айтады.

Философияда «экзистенция» деген ұғым бар. Экзистенция — латын тілінде тіршілік деген мағынаны білдіреді. Бірақ философия тіршілік деп күнделікті жайбарақат жайлы тұрмысты айтпайды. Экзистенция деген өмірде кездесетін қысылтаған шақты, күйзелісті, түңілуді, тығырыққа тірелуді білдіреді.

Абайдың «Келдік талай жерге енді» деген өлеңі экзистенциалдық сарында жазылған. Абай өлеңіндегі мұң мен зар, уайым-қайғы, өкініш, торығу, жалғыздық экзистенциалдық тақырыптар қатарына жатады.

Ақынның «Туған жерді қия алмай, Тентекті жеңіп тия алмай. Әлі отырмыз ұялмай, Таба алмадық өңге елді» деуі шарасыздықты, тығырыққа тірелуді меңзейді.

Абай, әрине, өзінің орнын, дарынын, ой-өрісін, сөзінің салмағын біледі. «Қазақта кара сөзге дес бермедім» десе, оған

## Жамбыл ЖАБАЕВ

### Абайдың суреті

Мынау тұрған Абайдың суреті ме?  
Өлең-сөздің ұқсаған құдіретіне,  
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған,  
Қарсы келер Абайдың кім бетіне!

Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,  
Сонғыларға қалдырған үлгі-нұсқа,  
Арғын, Найман сөзіне таңырқаған,  
Қандай арман бар дейсің бұл туыста!

Терең ойдың түрінде теңізі бар,  
Тесіле көп қарасаң, көңіл ұғар.  
Сол тереңге сүйсініп жан үнілмей,  
Есіл сабаз ызамен өткен шығар!..

## Шәкәрім ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ

### Жастарға

(үзінді)

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,  
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.  
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,  
Бір білімді данышпан жан табалық.

Ал, енді, олай болса, кімді алалық?  
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?  
Шын іздесек, табармыз шыны ғалым,  
Күнде күйлей бермелік бозбалалық.

Сақ болалық, бір шоқып, бір қаралық!  
Қарауылдар мезгіл ғой, тұр, қаралық!  
Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,  
Жалыналық Абайға, жүр, баралық!

Білімді сол кісіден ізденелік!  
«Әдейі іздеп, біз келдік сізге» делік.  
«Өмір зая болмастық өнер үйрет,  
Ақылыңды аяма бізге» делік.

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,  
Әртүрлі асылы көп өтпей жатқан.  
Тегін білсең — аласың, бос береді,  
Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан.

Мынау Абай — бір ғалым жол шығарлық,  
Замандасы болмады сөзді ұғарлық.  
Амалы жоқ, айналды енді бізге,  
Күн туды етегіне жабысарлық.

Қой, ойлалық шатылып, шатаспастан,  
Онамыз ба Абайдан бата алмастан?  
Асыл алсақ, асылын аямайды,  
Келді ғой өз еліне сата алмастан.

Пұлы өтсе, үміті бар қуанбақтан,  
Еңбегім жанды ғой деп жұбанбақтан.  
Абай кетсе, осы елде кім қалады,  
Не табамыз наданнан сұранбақтан?

Осыған қазақ бар ма жанасарлық,  
Ғылым, өнер, ақылмен санасарлық?  
Жұрт алмаса, ақылын біз алалық,  
Өзгедей надан емес адасарлық.

Бұл елде түк ақыл жоқ жарасарлық,  
Рахым ғып бір-біріне қарасарлық.  
Өз Абайын өздері ұнатпайды,  
Шын надан осылар ғой біз қашарлық.

## Нүрпейіс БАЙҒАНИН

### Абай

Ұстазы көркем сөздің асыл Абай,  
Білімді, зейінді асқан, ақын Абай,  
Зейіні артық ұшқыр жаннан асқан  
Озатша астанадан затың, Абай.  
Сіңірген байтақ елге еңбегіңмен  
Шашылды жер жүзіне атың, Абай!

# «Асыл сөзді іздесең,

Асқар тау, биік шыңсың қол жетпеген,  
Білікпен зейініне сөз жетпеген.  
Бұтағың көк тіреген сен бәйтерек,  
Мәуеңе қараса жұрт көз жетпеген.

Зейінің артық асқан, көңілің кеңіс,  
Ақылың, ақындығың бәрі тегіс.  
Үлгіңнен, Абай ақын, нұсқау көріп,  
Ақындар күннен-күнге тапты өріс.

Үлгің деп сенің берген, ақын Абай,  
Заманда рақатты жедік жеміс.  
Аузыңнан шыққан сөзің —

гауһар-маржан,

Жырыңның бас-аяғы бірдей тегіс.

Абайдың өзі өлсе де, сөзі өлген жоқ,  
Абайға ешбір ақын теңелген жоқ.  
Мәңгілік бүгінгідей сенің жырың,  
Ескіріп айтқан үлгің көнерген жоқ.  
Халыққа үлгі берген сенен өзге,  
Ақында сіз сияқты шебер де жоқ.

Көңіл салып оқыңыз Абай жырын,  
Аузынан шыққан жыры шекер-шырын.  
Үлгілі айтқан жыры ақын Абай,  
Халыққа үлгі берген бізден бұрын.  
Мақпалдай қалы кілем секілденіп,  
Тыңдатқан астанаға жырдан түрін.  
Халықтың қамы үшін жырлап өткен,  
Сайратып шын шежіре шешен тілін.

Ақтарып көңілінен асыл сөзді,  
Заманның болжап өткен ақыр түбін.  
Өзінің терең ой мен ақылынан  
Ер Абай болжап кеткен ойдың түбін.

## Көкбай ЖАНАТАЙҰЛЫ

Абайдан сабақ алдым бала жастан,  
Тең бар ма ойға терең одан асқан.  
Алды пейіш, артына ырыс болсын,  
Мен оның шәкірті едім, ізін басқан.

Абаймен бірнеше жыл араластым,  
Шешімін әр жұмбақтың ақылдастым.  
Мұра етіп өсиетін, ләззаттанып,  
Жолына білім, өнер қалыптастым.

Жаннатта жаның болғыр Абай құтып,  
Жаныңда бос жүріпін шатып-бұтып.  
Осындай ен дарианы жайлағанда,  
Тым болмаса қалмаппын қана жұтып.

## Сұлтанмахмұт ТОРАЙҒЫРОВ

### Асыл сөз

Асыл сөзді іздесең,  
Абайды оқы, ерінбе.  
Адамдықты көздесең,  
Жаттап, тоқы көңілге.  
Сөз мәнісін білмесең,  
Өлең оқып не керек?  
Не айтқанын сезбесең,  
Жарапазан не беред?

## Мағжан ЖҰМАБАЕВ

### Атақты ақын, сөзі алтын хакім Абайға

Шын хакім, сөзің асыл — баға жетпес,  
Бір сөзің мың жыл жүрсе, дәмі кетпес.  
Қарадан хакім болған сендей жанды,  
Дүние қолын жайып енді күтпес.  
Сөзіне құлақ салып, баға бермей,  
Қисайып, қыңырайды жұрттың итес!



Ақын өз отбасының ортасында  
1-қатарда: немересі Бәкізат  
Ақылбайқызы, Тұрағұл Абайұлы,  
немересі Әубәкір Ақылбайұлы;  
2-қатарда: Абай, Еркежан, келіні  
Кәмилля;  
3-қатарда: Мағауия Абайұлы

## Қасым АМАНЖОЛОВ

### Абайға айтарым

Бұл күнге лайық алыпсың!  
Ол күнге қалай сыйғансың!  
Бір өзін — бүкіл халықсың,  
Қалдырмай бәрін жиғансың.  
Жарылып кете жаздапты-ау,  
Жырламай тынсаң жүрегің.  
Айтпаған сөзің аз қапты-ау,  
Бөлек бір туған кім едің!..  
Атаның ұлы емессің,  
(Кешіре жатар Кеңгірбай),  
Халықтың ұлы боп өстің,  
«Ибраһим» демей, деді «Абай».

Абай десе, Абайсың,  
Абайладың жан-жақты,  
Риза еттің жарайсың,  
«Қалың елің — қазақты».

Сен өлгелі елу жыл,  
Деген сөзге кім нанар?  
Жүз тоғызда сен биыл,  
Бір мүшелің тойланар.

Ақын ата ақсақал,  
Академик құрметті!  
Ұсынамыз, қабыл ал,  
Жазушылық билетті.

Өзің бастап ашарсың  
Пленумды, съезді.  
Құнсыз өлең, нашар сын,  
Көпірмелі көп сөзді.

Көрсетуге ұялсын,  
Кейбір кесір керауыз.  
Бағалансын, сый алсын,  
Ойлы, күйлі жыр нағыз.  
«Заманына ақын сай  
Болса...» дерсіз, білемін.  
Болмай жатыр, япырмай,  
Болсын — менің тілегім.  
Жатыр көп жыр жырланбай,  
Шырқар кім бар шындықты?!  
Керек боп тұр, шіркін-ай,  
Өзіңіздей бір мықты.  
Күтуліміз асыға,  
Келе жатыр, тым жақын,  
Сыншысын ертіп қасына,  
Келеді бір мықты ақын.  
Сол керемет тудырса,  
Ешбір ақын тең келмес,  
Біздің кейбір достарша

Бұртиып, теріс қарап:

«Аулақ жүр!», — деп,

Болды ғой жақын туған бәрі кектес.  
Тыныш ұйықта қабірінде, уайым жеме,  
«Қор болды қайран сөзім босқа», — деме.  
Артында қазақтың жас балалары  
Сөзінді көсем қылып, жүрер жөнге!  
Ай, жыл өтер, дүние көшін тартар,  
Өлтіріп талай жанды, жүгін артар.  
Көз ашып, жұртың ояу болған сайын,  
Хакім ата, тыныш бол, қадірің артар.  
Жүрген жанның артында ізі қалар,  
Етікші өлсе, балға мен бізі қалар.  
Бір бай өлсе, төрт түлік малы қалар,  
Жүйрік өлсе, артында сөзі қалар!  
Сұм дүние сылаң беріп көптен өтер,  
Сау қалғанның көбісі ертен бітер.  
Токтамас дүниенің дөңгелегі,  
Жүйріктің айтқан сөзі көпке кетер.

## Сәкен СЕЙФУЛЛИН

### Ақын

Гибратты сөздер айтып болдың ақын.  
Мүсәңләфләр сөзіне сөзің жақын.  
Үлгі қып кейінгіге жаздың нұсқа,  
Қиыннан қиыстырып сөздің нарқын.  
Сөзіңнің қарап тұрсам мағынасы мол,  
Бастаушы адасқанды болғандай жол.  
Өзге сөздің патшасы — сенің сөзің,  
Я бар бол бұл дүниеде, яки жоқ бол.  
Өлсең де мың жыл бұрын сенің өзің,  
Тозбайтын алтын үлгі қалған сөзің.  
Сынар жақ пікір қисық тон мойынды  
Түзеуге үміт етіп құрған тезің.  
Сөзіңді үлгі қылды білген адам.  
Түсінбес оқыса да бітеу надан.  
Надан құр қу ағаш құрған тезің,  
Көткеншек, алға қарай баспас қадам.  
Сөзіңнің жылдан-жылға қадірі асты,  
Оқуға құмар қылды талай жасты.  
Құмар болған кеудесі — сәулелі ар,  
Айтпаймын ауылдағы шыбай масты.  
Саналы көзі ашыққа сөзің алтын,  
Санасызға — жел, сөз — соққан салқын,  
Ойында санасыздың еш нәрсе жоқ,  
Ілгері басын деген қазақ халқын.

# Абайды оқы, ерінбе!»

Сіз болмассыз бақ күндес...  
Мынау біздің кеңсеміз,  
Анау сіздің көшеңіз.  
Таңданарсыз көрсеніз,  
Терезесі неше жүз...

Нұрлы сарай енсеніз,  
Іші толған ән мен күй.  
Бұл түс емес, сенсеңіз,  
Сізге лайық осы үй.

Төрлетіңіз, келіңіз,  
Қолмен ұста, көр, тыңда...  
Осындай ма еді төріңіз,  
Шыңғыстағы жұртыңда?..

Сіздің кітаптарыңыз...  
Тиражын бір сананыз.  
Тек бұл емес барыңыз,  
Мынаңыз бар, анаңыз...

Орысша да қазақша,  
Қытайшасы және бар...  
(Емес-ау бұл аз ақша,  
Сұрай қалса гонорар).

Үйілген жүк сона бір,  
Сіз туралы, сіз жайлы...  
(Өзгелерін соң оқыр,  
Абай алды «Абайды»).

Ал ақсақал, мен қойдым,  
Айтсын енді басқалар.  
Қиыры жоқ бұл тойдың,  
Қызығы енді басталар.

## Қалижан БЕКХОЖИН

### Абаймен сырласу

Жиылыс бітті.  
Жалғыз мен залда қалдым.  
Өтті міне,  
Өлеңге арнаған күн.  
Сонша неге шуладық?  
Басым мең-зең...  
Маған төрден кадалып  
Қараған кім?  
Ойлы көзбен  
Ол төнді қабырғадан.  
Көрді-ау, жаңа  
Біздерді дабырлаған.  
Әлде ұнатпай қалды ма?  
Не түйінді?  
Не айтпақ екен, өзі,  
Қазір маған?  
— Абай аға,  
Дауымыз жақпады ма?  
Мұршамыз жоқ  
Өзіндей баптануға,  
Жыр шіркінді,  
Түйдектеп жазамыз да,  
Асығамыз  
Жарыса мақтануға.  
Биігіндей  
Жыр деген даналықтың,  
Сен жазыққа  
Асқардай дара біттің.  
Біз көппіз ғой  
Төбе мен төмпешіктей,  
Сен шыңысың —  
Жүз жылғы аралықтың.  
Арамызда  
Өзіндей биік күз жоқ,  
Таласпаймыз,  
Таппаған тұйықты іздеп.  
Жаңа ғана көрдің ғой,  
Таласамыз,  
Абайдан соң

Қайсымыз, биікпіз? — деп.  
Сен өлеңді жазбадың  
Жүлде тілеп.  
Атағынды тараттың  
Жыр жетелеп.  
Кітапсыз-ақ,  
Даланы кезді сөзің.  
Қаламақы қумадың  
Сен ентелеп.  
Ал біздер ше?  
Том-томдап жыр құрамыз,  
Жүлде десе,  
Мен бар! — деп жұлқынамыз.  
Бұйымдарын өткізген бақалшыдай,  
Жыр бағасын  
Бұлдауға ынтығамыз.  
Мейлің күл,  
Ерсі болса кәсібіміз.  
Дүниеқұмар емеспіз әсілі, біз.  
Жидебайда  
Жусаған жылқымыз жоқ,  
Өлең ғана  
Нәріміз, нәсібіміз.  
Иә, бізде көп,  
Ду жиын, қызу кеңес.  
Өлең үшін  
Боламыз қызыл өңеш.  
Арамызда аға жоқ  
Сендей дара,  
Жасымыз да  
Көкпайдай кішік емес.  
Бәріміз нән...  
Сөз сырын кім сараптар?  
Сынға қырын  
Әлі көп қисалақтар.  
Оралсаң сен,  
Сайлар ек местком етіп,  
Егер саған,  
Қызметін қиса Жаппар...  
Дарындылар аз емес,  
Жырға шебер.  
Аз да емес,  
Сөзуарлар тілмен шенер.  
Жесір дауы,  
Жер дауы  
Жоқ болса да,  
Біз де бар  
Керезу Жиреншелер.  
Солар тегі  
Тақылдап сауысқандай,  
Сәуерлейді-ау,  
Қасымен қағысқандай,  
Тырмысқанда,  
Сондайлар, тасбақадай,  
Сөйлегенде,  
Сірескен қайыс таңдай.  
Аш кенедей  
Жабысып денемізге,  
Өрмелейді сондайлар өремізге.  
Түймең түссе,  
Түйедей зіл тағады,  
Керіспей ше,  
Сондайға көнеміз бе?  
Ал сен жалғыз ашындың,  
Ойлар тулап,  
Армандарың  
Шашылды сайға құлап.  
Біз мың ойды  
Гулесіп жаңғыртамыз,  
Шуламай ма  
Тасырда қайнар бұлақ?  
Біз солаймыз,  
Жақтырма, мейлің сына!  
Біз бұлақпыз —  
Айдыңның құйылысында.  
Өзін де өршіп сөйлер ең  
Қатыссаң бір,  
Бұл күнгі  
Поэзия жиылысына.

Сан заманнан  
Біз өскен дәуір мықты!  
Арқалатты  
Жырға да ауыр жүкті.  
Жалғыз емес,  
Жүз Абай  
Қажет шығар,  
Тербетуге қазіргі қауым-жұртты...  
Кеше гөр!  
Бұл сырым ғой, айтылмаған!  
Сыр ашпаса,  
Шыдайды қайтіп адам?  
... Ол күбірлеп,  
Қозғалып қалды білем,  
Абай аға,  
Не ойладың, айтшы маған?..

## Жұбан МОЛДАҒАЛИЕВ

### Мұңыңнан қанықтыршы, Абай, мені

*Қайғысыздан сақ бол,  
Қайғылыға жақ бол.  
Абай*

Қайран Абай, сендейсіз жесір өлең.  
Кереметінді кеш білсем, кешір, ием.  
Ұлылығын тұлғанның ұққан сайын  
Мен түскі көлеңкедей кішірейем.  
Құдай саған ат берді, ас та берді,  
Болмасаң да, ми берді бастар елді.  
Махаббат та жыршысын мүсіркейді,  
Мұрагер боп қаншама жастар өрді!  
Қақ айырып қырық жамау жүрегінді,  
Қазағым деп, жұртым деп жыр егілді.  
Озбырлықты кешпедің әкене де,  
Әділеттің арман боп бүр-егіні.  
Ала болса бір тәнде бас, қол, тілек,  
Жанымызға от,  
жүрекке тас бол дер де ек!  
Сенде ала жоқ, ыза, мұң, ізгілік боп,  
Жырларыңда тұрғандай жас мөлдіреп.  
Мен жүріппін қолда жоқ ай, күнге алаң  
(Жокты да бар дегізді қай күн маған).  
Даналығың, даралығың өз алдына.  
Өре жетпес биіктей қайғың маған.  
Ауыс қылшы демеймін таланыңнан.  
Өзге Абайды таба алмас дала мыңнан.  
Жұғар ма екен жырыма, қанықтыршы  
Жұртым деген қайғыңнан, дана мұңнан.

## Ғафу ҚАЙЫРБЕКОВ

### Абай күні

Ардақ Семей, қабыл ал керуенді!  
Бір алтын көш қақпаңа келіп енді.  
Ол — Абайдың мұрагер ұрпақтары,  
Кең пейлінді сағынған, кең кеуденді.  
Болғанменен сан күмбез сарайлары  
Күнмен күлген шағылып сары айдары.  
Сол сарайға құдіретті үн беретін,  
Өзгелердің болмаған Абайлары!  
Шыңғыс пенен аспанды жалғастырған,  
Бұл бәйтерек тек сенде алғаш туған.  
Мынау — сонын жайнаған  
жапырақтары,  
Ажары бар айнымас жап-жас нудан.  
Жылда осылай жаз болса жамырап кеп,  
Бәйтеректі басады жапырақ көп.  
Көңілінді, туған жер, кеңірек жай,  
Нөсерінді аямай қаттырақ төк!  
Біз өсейік дүркіреп күнге қарай,  
Басымызды мың шұғыла сүйген арай.  
Сонда ғана бәйтерек — бәйтерек боп,  
Сонда ғана туысар бізбен Абай!  
«Абай күні» — сапардың аты бүгін,  
Жыр мен әннің тиеген алтын жүгін.  
Жаңа кірді қақпаңнан жас керуен,

Жайдағыдай деп жүр ме «Ау, кім мұның?!»  
Суы шәрбәт Ертістің, жағасы бай,  
Бар адамға байырғы нағашыдай.  
Болғанымен Абайдың жыры биік,  
Күні биік болған жоқ дәл осылай!  
Сен білесің, Семейім, соның бәрін,  
Сол аңсаған міне тұр, қолыңда күн!  
Көтер соны шыркатып, көрсет жұртқа.  
Салтың әсем халықсың, жолың мәлім  
«Абай күні» — қазақтың жыр мейрамы,  
Бұдан былай келетін жылда айналып.  
Жылда осылай тасымақ өлеңімен,  
Сахараның төсіне сыймай халық!  
Аппақ таңның жамылып арай нұрын,  
Көк даланың тағынып талай гүлін.  
Ал сәт сапар, халайық, ал келіндер,  
Біз Семейден бастадық Абай күнін.

## Мұқағали МАҚАТАЕВ

### Дала данышпаны

Дала жатыр, өн бойы тұнған өлең,  
Абай, міне, жапанда тұрған емен.  
Ата сөзі тербеткен бесігімді,  
Ата сөзін өмірде тындап өлем.  
...Ұлы емес Абай жалғыз сахараның,  
(Мен емес, солай деген аталарым).  
Сол ұранды ұрпаққа апарамын,  
Мен қазақ — Абай болып атанамын.

Уһ, дала!  
Дала толған көл-көсір жыр,  
Дала — қобыз тұтпайды пернесін кір.  
Тірі Абайды әлдиле, дарқан далам,  
Өлең селі өңірді тербесін бір.

Дала, дала...  
Сал дала селеулеген,  
Жырмен ұйықтап, оянған өлеңменен.  
Дала деген — күй сандық бұл қазаққа,  
Абай десе құлағы елендеген.  
Жылдар, жылдар...  
Қаншама алыстадық,  
Қаншама өзен өзгертті ағыстарын.  
Уақыт озды, сен бірақ қалыспадың,  
Уа, армысың, арысым, данышпаным!

## Марфуға АЙТХОЖИНА

\*\*\*

Кінә қойма, мыңмен жалғыз алысқан,  
Құдіретті үн естіледі алыстан.  
Сол құдірет —  
Адамзаттың Абайы,  
Кемеңгер де данышпан!

Кінә қойма, мыңмен жалғыз алысқан,  
Естіледі сол үн  
Жерден,  
Ғарыштан!  
Өтсе-дағы арадан жүз алпыс жыл,  
Сол құдіретті үн ұрпағымен қауышқан.

Көңілді үнге толып бүгін маңайы,  
Төгіледі атқан тандар арайы.  
Жалпақ әлем,  
Жаттап жүрген жырларын,  
Адамзаттың Абайы.

Көрсетсе де заманасы мың қысым,  
Үркітсе де әуелеген түз құсын.  
Мақтанышпен тұр ғой қарап әлемге,  
Кеуде керіп  
Шыңғысың!

Тербеп жатқан атын қазақ даласы,  
Кемеңгердің келбетіне қарашы!  
Адамзатты жүгіндірген алдында,  
Құдіретті  
Құнанбайдың баласы!..

(Жалғасы 24-25-бетте)



(Басы 15-бетте)

Сондай-ақ 1955–1959 жылдар аралығында Абай оқыған Семейдегі Ахмед-Риза медресесіне қатысты мәселе де жабулы қазан күйінде қалды. Осы уақытқа дейін Ахмед-Риза деген бір адам деп есептелсе, кейінгі жас ғалымдар Абайға тәлім берген Ахмед-Риза екі бөлек адам деген ойды бірнеше мәрте атап көрсетті. Семейдегі қорымда Ахмедуәли хазіреттің жерленген жері де, тасы да бар. Екі ұстаз да ел ішінде



Карлығаш ДУБӘКІРОВА



Абай ҚАЛШАБЕК



Қуат ҚИЫҚБАЙ



Ғылымнұр КӘДІРБАЙ

# ӘР БУЫННЫҢ ӨЗ АБАЙЫ БАР

аса танымал және қадірлі болғандықтан, Ахмед-Риза деп аталған деген тұжырымды нақтылап, бекітуіміз керек. Негізінде, бұл екі адамның аты-жөндері, өмір сүрген уақыттары мен шәкірттеріне берген білімдері туралы нақты ақпарат бар. Құрбанғали Халидидің Семейдегі мешіт-медреселерде қызмет еткен дін қайраткерлеріне қатысты жазған жазбаларынан бастап, барлық архив деректерін қайта қарау керек. Бұл — Абайдың 180 жылдық мерейтойы қарсаңында Әдебиет және өнер институты ғалымдары істейтін шаруа ма еді деп ойлаймын. Себебі Абай тәлім алған ұстаздардың ғұмырнамасын анықтаудың астарында Абай алған діни білім, Абай дүниетанымының қалыптасу ерекшелігіне қатысты аса маңызды түйінді ойлар шығады. Мысалы, Ахмед-Риза медресесінің атағы зор болғаны сондай, уағында татардың ең мықты деген байлары сонау Қазаннан Семейдегі медресеге жазғы демалыс айларында балаларын оқуға жіберген деген нарратив деректерді неге тексермесек?.. Бір сөзбен айтқанда, абайтану мәселелерінде зерттелуі тиіс тақырыптар легі әлі жетерлік. Әр тақырыпты айтқанға, регламент жетпейді-ау деп бір шолғандағы ойым — осы.

**Қуат ҚИЫҚБАЙ:** Абай — асқан ойшыл, дарынды ақын. Мұндай ақын қазақ әдебиеті мен мәдениеті тарихында бұрын-соңды болмаған. Бұл біздің сөз емес. Осы тектес лепесті сөзді айтқан Алаштың аяулысы, ұлт ұстазы — Ахмет. Абайдың өмірі мен шығармашылығына терең бой ұрсаң, сан қырлы Абай алмас тастай әр қырынан жарқырай түседі. Біз соның ақындығын ғана алып қалдық. Бірақ Абай «Мал үшін тілін безеп, жанын жалдап, Мал сұрап біреуді алдап, біреуді арбап» сөзін де өзін де саудаламаған ақын еді. Қазақтың қанына сіңген кереғар мінез-құлықты өшкереге шығарды. Бүгінгі ойлау жүйемізге салсаңыз, қазіргі коуч-мотиватордан, психолог пен отбасы құндылықтары туралы «оттаубай» сөз саптайтын, сол сөзін уялмай-қызармай саудаға салатындардан, «модаға айналған молда-ұстаздардан» Абай ғибраты әлдеқайда екі бас жоғары тұруы тиіс. Абай Семей қаласында 1883 жылы ашылған Семейдің тарихи-өлкетану музейіне алпысқа тарта жәдігерді тапсырды. Не үшін? Кім үшін? Өзі үшін емесін анық білеміз. Мыңжылдық мәдениетімізді, әлеуеті биік ауыз әдебиетімізді насихаттайтын айтулы дүниенің барлығы бүгін Абайдан бұрын мына қазаққа керек болып тұр. 1885 жылы Шар өзенінің жағасындағы Қармола елді мекенінде өткен шұғыл съезде төбе би болып, бағзыдағы билердің жолын бұра тартпай, Ресей империясының заң-қарары қазаққа қарсы болғандықтан ортақ жарғыны да жазып шықты. Мұнда Абай қазақ мүддесінен мүлде айнымағанын аңғару қиын емес.

Абай қазақтың саятшылық-аңшылық дәстүрінен де бір кісіді хабары болған. Ұлттық ойын тоғызқұмалақты да жақсы білді, мал сүйегінен арнайы дойбы тастарын жасатып, адамның ақыл-ойына әсер ететін, сананы сауықтыратын ермекті үлгі қылды. Ауылынан қонақ арылмайтын, Абай шаңырағы сол күндегі ақын-әнші, жыршы-термешінің жыл он екі ай бойы басып жататын құтты шаңырағы еді. Өзі бас болып үлгі шашып, жаһан әдебиетінің жауһарымен танысуға құштарлықпен құлаш сермеп, онысын жұртқа насихат қылды. Сондықтан менің айтарым, Абайдың үлгі шашқан ұстаздық болмысы, әке Абай бол-

мысы, әр нәрсені білуге ынтық бала Абай болмысы, «Егіннің ебін, сауданың тегін үйреніп, ойлап, мал іздеуге» үндейтін бар үрдісі терең зерделеуді талап етеді.

Ойшылдың қара сөздері де өз алдына жіті зерттеуді қажет етеді. Абай мұнда бір сарынды ақыл айтып отырған жоқ. Ақылдасып та отыр ғой. Ұққан адамға. Адамды танытын, танытатын, Жаратушы иені тануға талпынатын бірқанша ойларды ортаға салады. Ұлт болып ұйысып, өнер, ғылым іздеп, ақыл табарлық қаншама жолға шырақ алып түсіреді. Сондықтан оның қай қырын алып қарасаңыз да, қазаққа ауадай қажет аяулы ұғымдар жетерлік.

**Абай ҚАЛШАБЕК:** Биыл Абайдың шығармалары Мүрсейіт Бікіұлының қолжазбаларына сүйеніп толық транскрипцияланды. Транскрипцияны жасаған — ғалым Ақжол Қалшабек. Бұл — абайтану тарихында тұңғыш рет жүзеге асқан ірі, іргелі хәм күрделі жұмыс. Түпнұсқаға сай транскрипциялау деген — Абай шығармалары қайта тірілді, ортамызға өзінің саф қалпында, болмысын бұзбаған күйі қайта оралды деген сөз. Ендігі зерттеулер осы бағытта жүруі керек.

**Ғылымнұр КӘДІРБАЙ:** Алаш қайраткерлері «Қазақтың бас ақынының» мұрасын алғаш болып зерттеп, абайтану ғылымының іргетасын қалағаннан бері бұл сала қордалы ілімге айналды. Қаншама алыптар ұлы ойшылдың жұмбағын ашуға өмірін арнады. Осылайша, қазақ руханиятының алтын өзегі қалыптасты. Алайда бұл — Абай әлемі толыққанды зерттеліп болды деген сөз емес. Әр буынның, жас ұрпақтың өз ойы, өз көзқарасы бар. Заман ауысқан сайын Абай да жарқыраған жаңа қырынан көріне бермек. Себебі ол мәңгі өлмес асыл ой айтты. Дүние — дүние болып жаралғалы бері адам баласы жеткен парасатты өз тілінде жеткізді. Сондықтан да Абай мұрасы уақытпен бірге өмір сүре бермек. «Ақындықтың Әбілхаят суын ішкен, өлімді жеңген, мәңгі тірлік тапқан Абайдай дана, даңғыл ақын тарихтағы өз мүшелін жүз жылдан қайырмақ», — дейді емес пе Мұхтар Әуезов. Абай болмысын қай қырынан зерттей түссеніз де, тың көзжиек табасыз. Жазушы Таласбек Әсемқұлов бір сұхбатында: «Қандай қиыншылықта болсаң да, тар заманда тусаң да жазған шығармаң өміршең болуы керек, нұрлы болуы керек. Абайдың ең қасіретті деген өлеңін оқығанда да ішкі дүниең жаңғырып, жасарып шығады. Неге? Себебі Абай әр сөзді жүрегінің жылуына бөлеп шығарады», — дейді. Ұлы ойшылдың жалғыздығы мен қайғысы біздің ұғымдағы әдепкі түсініктен әлдеқайда терең екені анық. «Мен ішпеген у бар ма?» дегендегі уы — жаңа айтылған Әбілхаят суы. Сондықтан қоғамдық сана тереңдеген сайын хәкімнің «бақсының моласындай» жалғыздығы мен адам баласынан асып туған кемелгерлігіне бойлай түсеміз.

**Қ.Ә.:** Абай туған топырақты, Абай тіршілік еткен, Абай ғұмырының, туындыларының куәсі болған мекендерді дүниежүзі оқырмандарына етене жақын ету мүмкін бе? Осы тарихи, рухани өмірінде қандай мұралар ерекше әсер етті?

**Абай ҚАЛШАБЕК:** Абай туған топырақты дүниежүзі оқырмандарына етене жақын ету дәл қазір мүмкін емес деп ойлаймын.

Оның қажеті де жоқ шығар. Абайды тану, түсіну, оның даналығына терең бойлау, ең алдымен, өзіміз үшін керек. Абай еліне үш рет арнайы сапар шектім. Семейден жүз жетпіс бес шақырым жердегі Жидебайға бара жатып, «Осы сапарым дұрыс па? Не үшін бара жатырмын? Мен барғанмен қазір Жидебайда Абай жоқ қой» деген сұрақтар ойға оралды. Бармайын десем, Жидебай өзіне тартып барады. Барған соң жанаға сұрақтар жайына қалды. Абайдың үйін, ондағы Абай қолданған заттарды, Абай оқыған кітаптарды көргенде, «Жидебайға келу керек, Абай ғұмыр кешкен мекенді, Абайдың сүйегі жатқан мекенді көру керек, сезіну керек» деген ойға бекіндім.

**Ғылымнұр КӘДІРБАЙ:** Әлбетте, әлем әдебиетінде Ұлы жазушылардың туған жері немесе туындыларына арқау болған мекендер бүкіл дүниежүзі оқырмандары үшін киелі орындарға айналғаны белгілі. Ондай жерлерге жыл сайын мыңдаған әдебиетсүйер қауым зиярат етеді, олар әдеби туризмнің өзегіне айналған. Мысалы, Англияға барсаңыз, Уильям Шекспирдің туған жері, сөз өнерінің «Меккесі» саналатын Стратфорд-апон-Эйвонды көргіңіз келеді. Прагадаң Франц Кафканың қолтанбасын іздеп, Токиода «Мураками маршрутмен» жүргіңіз келеді. Ыстамбұлға табаны тиген қаламгер «Сезім музейіне» соқпай кетпес. Айта берсек көп. Мұның бәрі — әдебиеттің құдіреті. Ал Абай атамыздың «жүрегінің түбіне терең бойлаған» адам қарт Семейді, қасиетті Шыңғыстауды, Жидебайды көргісі келеді. Біз хәкімнің кіндік қаны тамған Сырт Қасқабулақтан тартып дүниеден озған Балашақпаққа дейін, өмірінің ізі қалған барлық мекенді әдеби туристік орынға айналдыруға толық мүмкіндігіміз бар. Әрине, жұмыстар істеліп те жатыр. Ол ең әуелі, Абай мұрасының танымалдығына едәуір ықпал ете түседі деп ойлаймын. Ұлы ойшылдың шығармалары жаһан жұртының 30-дан астам тіліне аударылды деп жатамыз. Соның қаншағы сапалы аударма? Аудармашы мен айналасынан өзгелер тәржімаланғанын біле ме? Аударып қана қоймай ары қарай сол елге кең көлемде насихатталса, онда жер кіндігі Жидебайға ағылатын адамдардың саны көбейе түсер еді.

Тағы бір мәселе бар. Әлем оқырмандарын қоя тұрып өзімізге келейікші. Жидебайға жыл сайын қанша қазақ барып, Ұлы Абай мен Шәкәрімнің рухына, оның әулетіне тағзым етеді? Әрине, аз болмауы керек. Бірақ онда зияраттап барушыларға толыққанды жағдай жасалған ба? Дәрет алатын орыннан тартып, құрбан шалатын, басында түнейтін қонақүй бар ма? Оғаландыдағы Бекет атаның, Екібастұздағы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының, Ақсуаттағы Ырғызбай әулиенің басына барған боларсыз? Киелі Жидебайда тым болмаса сондай жағдай жасалса, қандай ғанибет болар еді. Жидебайдан кесенеге дейінгі жолдың бойы барған адамды Абай әлеміне жетелеп кірсе, данышпанның ұлағатты ғұмыры мен тағылым-танымына сол араның өзінен таныса алса, қандай жақсы. Биыл көктемде барғанымда Құнанбайдың құдығынан су ішкім келді. Бірақ қанша уақыттан бері су алынбаған құдықтың іші борсып кетіпті. Кесенеге кірсең, шаңы бес елі. (Одан бері, ауқымды деңгейде өткелі отырған ақынның мерейтойына орай біраз шаруа істелген болар). Ал Ақшоқыда аға сұлтан Құнанбай бастаған

қаншама жақсы-жайсаң жатыр. «Абай жолын» оқыған адамның алғаш соғатын жерлерінің бірі. Осының бәрін қадіріне алдымен өзіміз жетсек, сосын барып, әлем оқырмандарының жайы қиын болмас.

**Қуат ҚИЫҚБАЙ:** Бір сөздің басы ашық. Біз Абай сөзін өмірлік ұстанымға емес, атақ пен абырой әкелетін күнбағыс құралына айналдырып алдық. Азды-көпті Абайдың өмірі мен шығармашылығын насихаттап жүргеннен кейін ірілі-ұсақты шараларда төбе көрсетіп қалатынымыз бар. Жаныннан қарадай түңілетін жайттар аз емес. Абай кейде «орынсыз ыржан, болымсыз қылжан» болып, тиімсіз трендтер мен пайдасыз флэш-моб құралына айналып, құр аттан-айғай ретінде алаңнан тіл қатып тұрғандай сезіледі. Қазір аузы ауырмағанның бәрі Абаймен алысып кетті. Абай тақырыбы ұяты кем, өтірікті көпіртіп айтатындардың оң жамбасына келіп-ақ тұр. Сол арқылы ат шығарып, танымалдыққа қол созбақ ниетте. Бұл қызғаныш емес. Абайға деген жанашырлық. Мұхтар Әуезовше айтсақ, ақын кешкен дәуірді танымай, біз оның мұрасын тани алмақ емеспіз.

Біздің Абайды «сүйетіміз, жете танитындығымыз» аядай ғана кабинеттен аспай жатыр. Абай — Құдай емес. Оған табыну емес, ақын еңбектерінен өз керегінді табу басты орында. Абайға қатысты жерлер жайында, расында, кенінен қозғамаса болмайды. Әрине, Абай арқылы қаншама нысандарды танытуға болады. Алайда өздеріңіз жақсы білесіздер, өткенде желіде блогер қыз Абайға қатысты әбес нәрсені айтқанда шулай жөнелдік. Бірақ түпкі сырын ешкім ұққан жоқ. Бұл — біздің тарихты қолдан жасап жүргеніміздің кінәсі хәм күнәсі. Семейге не Шыңғыстауға барғанда «мынау ақын туған топырақ» десең, анша-мұнша әсер етпеуі мүмкін. Бұрыннан білетіндей-ақ кейіп танытуыңыз кәдік. Ал егер әлдебір жерге барып, «мынау жерде Абай Тәкежан немесе Оразбайды аттың бауырына алып сабаған екен» деп өтірікті қосып жіберсеңіз, сол өтімді болады. Қарқаралыда орын алған оқиға да сол. 1905 жылы қазақтан шыққан меценат, оқыған-тоқығаны мол аяулы азамат Халиулла Бекметовтің үйінде жұртқа мәлім атақты Қарқаралы петициясы жазылды. Көп жұртқа мәлім сол құтты мекен жайлы «Абай мен Ділде сол үйде қонып шыққан екен» деп көпе-көрінеу өтірік айттық. Осындайдан кейін олқылықтар орын алып, содан барып жаңағыдай бассыздықтар балалап шыға береді.

Жасыратыны жоқ, кең көсілген еліміздің салқар даласында ақынға қатысты тарихи жер де, орын алған оқиғаларымен ойландырып-ақ тастайтын киелі мекендер де көп. Соның мәні мен мағынасына тереңдеп аламыз. Әйтпесе Абайға қатысты ел мен жердің санын көбейтудің данышпан ақынға да, адастып ақыл іздеген қазаққа да берер қайыры шамалы.

Той қарсаңынан тыс уақытта арнайы келген меймандармен ұдайы барып тұратындықтан Абайдың ізі қалған, саф ауасын жұтқан жерлерді өз көзімен көруге құмартатындардың қарасы қалын. Абай атымен аласарған абыройды да, жоғалған ар-намысты да табарымыз кәміл. Алдымен, Абайға жалғайтын түймедей дәнекер болса да дұрыс-бұрыс әділ айту, анық жеткізу парыз.

**Қарлығаш ДУБӘКІРОВА:** Жүсіпбек Аймауытұлы: «Семей — бір губерния елдің жүрегі. Семей бүлікдесе, бір губерния ел бүліктейді» дегеніндей, Абай туған топырақтың әр тасы — тарих, әр тауы — әпсана. Дүниежүзі оқырмандарына таныту үшін зерттеуді күшейтіп, этнотуризм бағытында тиімді пайдалану керек. Мүмкіндік бар. Себебі сакральды мәнге ие Абайға қатысты мұра жетерлік. Абай туған, Абай оқыған, Абайдың балалары тәлім алған тарихи ғимараттар, Алашорда кеңселері, кітапхана, медресе, мешіт тек Семейдің немесе Қазақстанның емес, Орталық Азияда мәдени-ителлектуалды трансформациялардың қалай жүзеге асқанын таныта алады. Бұл орайда Семейдің потенциалы күшті, қуатты. Тарихы — қатпар-қатпар. Бүтін қазақ баласына Абай тойы құтты, елдігіміз мәңгі болсын дегім келеді. Абайды оқыңыздар (жүрекпен), өкінбейсіздер!



# Абай өлеңдерін жинақтаушы Мүрсейіт қолжазбасына 120 жыл

Абайдың әдеби хатшысы, шығармаларын жинақтаушы Мүрсейіт Бікеұлының (1860–1917) туғанына 165 жыл, қолжазбасына 120 жыл толды.

1905 жылы жаз айынан бастап Мүрсейіт Абай өлеңдерін 3-4 айдың ішінде көшіріп, аяқтап шығады. Халық мәдениетінің рухани шежіресіне алтын әріппен жазылған бұл оқиға жайлы Абайдың немере інісі Әрхам Кәкітайұлы былай баяндайды. «1905 жылы жаз шығып, киіз үй тіккенде Кәкітай Абылайша қос тіккізіп, Мүрсейіт молданы шықыртып алып, «сен мына біз жинаған Абай өлеңдерін реттеп жаз» деп онаша қосқа отырғызды. Мүрсейіт асықпайтын, сұлу жазатын адам еді. Біріншісін тұтас қос беттің алдына жазып, оның бір жағын ақ тастап, оқылып, тексерілген соң, қайта көшіріп отырды. Бір ай шамасында дайындағып алып, Кәкітай Семейге өзі алып жүрді. Жол расходына сатуға екі семіз ат, екі семіз түйесін әкетті.

1905 жылы шілденің аяғында Кәкітай Ысқақұлы Абайдың қолжазбаларын кітап қылып бастыру үшін Омбыға арнайы іздеп келіп, Әлихан Бөкейхановқа береді. Абайдың ақыл-кеңесімен Тұрағұл екеуі қара сөз, аударма тақырыбындағы қысқа өлеңдер жинаумен айналысады. Кәкітай өз естелігінде «Абай ағамның қатарында жүрген 24 жыл ішінде оның үйретпеген білімі болмады, бірақ бәрін түгел ұғып ала алмадым. Сондықтан мен ағама зор қарыздармын. Ендігі мақсатым, шамам келгенше оның асыл қазынасын кейінгі жастарға жеткізіп беру» деп өзіне-өзі уәде берген. 1904 жылы Абайдың сүйікті ұлы Мағауия қайтыс болады. Одан кейін үлкен баласы Ақылбай қайтыс болып, Құнанбай әулеті үлкен қайғыға душар болғанда, барлық ауыртпалықты осы Кәкітай көтереді. Жидебайда бала оқытып жүргенде молда Мүрсейіт Бікеұлына өз ақшасын беріп, бұрыннан жинап жүрген Абай өлеңдерін көшіртіп толықтырған. «Мен Абайдың қарызын ұмытпай, шамам келгенше қызмет етуді өз борышым деп біліп, арттағы жастарға қалдырған өсиетін, қазақ халқына істеген еңбегін баспаға бастырып, көпке таратуды міндетіме алдым» деп, Абай баласы Тұрағұлмен бірге ақын мұрасын ыждахатты түрде жинастырады. Соның нәтижесінде Кәкітай құрастырған 56 өлең өзгеріске ұшырамай, өзінің түпнұсқалығын сақтап қалды.

Мұхтар Әуезовтің деректеріне сүйенсек: «Мүрсейіттің өзі жас жағынан алғанда, Абайдан 10-15 жас кіші адам болған. Абай ағайындарының бірнеше ауылдарында кезекпен бала оқытып жүрген» дейді. Бізге жеткен мәліметтер бойынша Абай шығармаларын жазардан бұрынғы уақытта молда Семейде үлкен қызметтерде жұмыс істеген екен, ояғға тілмәш, яғни баспасөз хатшысы болған. Мүрсейіт осы қызметінде жүргенде тағы бір жесір дауында қызға көмектесемін деп генерал-губернатордың мөрін оның келімінсіз ақ қағазға басып беріп, құтқарады. Кейіннен бұл ісі ұлық алдында әшкере болып, жазаға тартылып, Өскемен жағына үш жыл мерзімге жер аударылады. Сол жақта Сұлшоқы болысы Терістаңбалы елінің Көнек деген руындағы нағашы атасы Рай деген кісінің қолында молдалар құрып, бала оқытады. Айдау мерзімі біткеннен кейін Тобықты еліне қайта оралады.

Бұл кезде Мүрсейітті қазақ әдебиетінің алдында жауапты да хәм ұлы миссия күтіп тұрған еді. Осы елдің Сапарғали, Бай-мүсілім деген қарияларының айтуынша, Мүрсейітті осы келген сапарынан бастап,

Абай өзінің ауылына алғызып, балаларын оқытуды сеніп тапсырады. Абай өз балалары мен немерелері Мекайл, Зікайл, Уәсила, Ақилага Мүрсейіттің «жарапазан» өлеңін жазып бергенін байқап: «Сен ақын екенсің, оның үстіне жазуын құсын көрінеді. Сен бүгіннен бастап менің барлық өлеңімді жинап жаза баста, қолақынды өзім төлеп тұрам», – дейді. Содан ел ортасынан жинап, жаза бастапты. Абай өлеңдері жазылған дәптерді қолқалап, қалаушылар көбейген соң, Абайдың рұқсаты бойынша еңбеккері алып, сұрағандарға да жазып беретін болған екен. Мұндай көшірме дәптерлерді ұзатылған қыздар өздерімен бірге ала кету дәстүрге айналған. Абайдың Әбдірахманынан (Әбіштен) қалған жалғыз қыз – Рахила Бәстами Ысқақовқа тұрмысқа шыққанда, бір дәптер Абай өлеңін өзімен бірге ала кетіпті. Оны Мүрсейіт көшіріп жазған. Құлатай Ақбердин деген Абайдың туысы өз естелігінде былай дейді: «Мүрсейіт біздің ауылда бала оқытып жүргенде, Ақбердиннің Өміртай деген баласы Абайдың өлеңдері жазылған екі қалың дәптерді одан сұрап әкеткен. Оны мен жақсы білем. Сол дәптердің біреуін Жақсыбай – Әбуали деген мұғалім 1930 жылдары бізден сұрап алып еді. Енді біреуін кім алғанын білмеймін» депті. Мүрсейіттің қолжазбасы, не онан кейінгі көшірмелері Абай өлеңін толық қамтыған, аса бағалы, негізгі бұлақ көзі деуге болады. Бұл жинақтың тағы бір ерекшелігі, үлкен кітапханада сақталмай, ауылда, сандық ішінде сақталып келген. Сандық түбінде жатқан сирек қолжазбалардың көбі бізге жетпей, көшпелі тұрмыстың жағдайында жоғалып отырғаны зерттеуші ғалымдарға бұрыннан мәлім. Егер Мүрсейіт қолжазбасының тағдыры осындай болса, онда Абай ақынды жарыққа шығару тіпті қиын болар еді» деп Мүрсейіт молданың жақсылығын ерекше атап өтеді.

Абай өз өмірінің соңғы кезінде Мүрсейіттің бейімділігін таныған соң, Ескі тамда бала оқытуға, өзінің де балаларын оқытуға Мүрсейітті тұрғызады. Мүрсейіттің өзі де Ғабитханның шәкірті болып «ескі тамда» оқыған. Абай бұл тамды жылда жөндеуден өткізіп отырыпты. Абай дүниеден өткеннен кейін «ескі тамда» қамқорлық азая бастайды. Мүрсейіт Біке баласынан Мұхтар Әуезов те сабақ оқып, алғаш сауатын ашқан мектеп үйі осы – Ескі там. Мүрсейіт Біке баласының бойына біткен зор қасиет ертегі мен киссаларды айта жүріп, оларды көшіріп алуға ерінбеген. Келе-келе Абай шығармаларын көшіріп, оны таратуға зор еңбек сіңіреді. Күні бүгінге дейін Абай өлеңдерінің баспа жүзін көргендері тегіс Мүрсейіт қолжазбаларымен салыстырылып отырады.

Бұл жөнінде М.Әуезов: «Өз өлеңдерін 1898 жылға дейін жиығы келмегені Абайдың өлең сөзге өте үлкен сынмен қарап, үлкен шарттар қойғандығынан болған сияқты» дейді (М.Ә. «Абайдың туысы мен өмірі»). «Абай сөзін қадірлі көріп, әрбір шыққан жана өлеңдеріне ынтық болып отыратын ел қара сөздер шыға бастаған соң, мұны өлеңнен кем көрмейтін болып алған. Қара сөздер кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен манайындағы молдалардың қолына түсіп, соларда шашылмай аман сақтап қалған ғой деймін» дейді. Жазушының «манайындағы молдалар» деп отырғаны әуелі қартаң Ғабитхан Назарұлы, оның өкшесін басқан Кішкене молда атанған Мұхаметкәрім. Екеуі 1882–1895 жылдар аралығында Абай өлеңдерін алғаш көшіріп, жинақтаушы, Абайға «хатшы» болғандар. М.Әуезов: «Ғабитхан, Кішкене молда сияқты жасы үлкендері өлеңдерін ертеректен жинастырып, көшіріп жүрсе, кейінгі Мүрсейіт бастатқан көпшілік Абай шығармаларының жинақтарын 1896 жылдан бері көшіретін болды» деп толықтыра түседі.

Өкініштісі – қара сөздердің түпнұсқасы сақталмаған. Кейбір деректерге қарағанда, қолжазбалар ақынның Әйгерімнен туған кенжесі Ізкәйілдің қолында болған. Қуғын-сүргін, қудалау басталған тұста Абайдың өз қолымен жазылған басқа да мұраларымен бірге жерге көміліпті. Кейіннен табылмай кеткен. Көшірменің бүгінгі күнге жеткендері 1905, 1907, 1910 жылдардағы Мүрсейіт Бікеұлының жазбалары. Абай өзінің қара сөздерін екі қолжазба кітапқа топтаған. Бірі – «Ғақлия», екіншісі – «Ғақлият-Тасдихат». Мүрсейіт оларды сол қалпында екі кітап қылып көшіріп отырған. Жазылған уақыты жағынан да, ішкі мағынасы жағынан да екі бөлек туындылар. «Ғақлия» – көлемі жағынан шағын-шағын 41 бөлек шығармалар жинағы. «Ғақлияда» өз атауымен енген екі сөз бар. «Сократ хакімнің сөзі» (27 қара сөз) және «Насихат» (37 қара сөз). Бұлар 1898 жылы

**“ Сөз өнеріндегі сыр мен сымбаттың үлгісі қандай? Мұның**

**жауабын да Абайдан табамыз.**

**Ол үшін Абайдың лирикасын пайымдап байқау шарт.**

**Абайдың лирикасы – кең көлемді мол қазына; биігі бітпес, тереңі таусылмас сырлы мұра.**

**Алдымен, Абай – ақын. Ақын болғанда бүкіл бір халықтың, ұлт мәдениетінің ғасырлық мерейі, әдебиетінің заңғар биігі болған данышпан, классик ақын. Олай болса, Абай творчествосының дені – поэзия. Ал, сол Абай поэзиясының дені – лирика.**

**Осының өзінен-ақ, үлгі айтқанымыздай, мұның қаншалық шалқар теңіз екені белгілі.**

**Зейнолла ҚАБДОЛОВ**

жазылғандықтан Мүрсейіт көшірмесінің бастапқы нұсқасына енгізілмеген. Ал «Насихат» деген Абайдың нақыл-афоризмдері. Әуезовтің айтуы бойынша, «Ғақлия» аяқталар тұста 1896 жылы жинастырылған. Жиыны 23 афоризмнің Мүрсейіт көшірмесінде 16 ғана болған, қалған жетеуін Мұхтар кейінгі жазбалардан жинақтап қосқан. Енді «Ғақлият-Тасдихат» деп атаған 38 қара сөзінің табиғаты бөлек шығарма.

Бір өкініштісі, Мүрсейіт қолжазбалары ешқашан жарық көрген емес. Оған ғалымдар 1905, 1907, 1910 жылдары жазылған деп баға берді. Ал, шын мәнінде, бұл қолжазбалар бір емес, бірнешеу болған деген деректер бар. Өйткені молда мұны көзі тірісінде қаншама жасқа, ұзатылатын қыздарға дейін жазып бергенін ескерсек, көптеген қолжазбалар бар деген сөз расқа айналады. Мұны Мұхтар Әуезов те растайды: «Абайдың өз жанынан жазған өлеңдерінен 1909 жылғы баспада шыққаны – 4309 жол болды. Ал Мүрсейітте бар дегенге келсек, оның қолжазбасы біреу емес, әлденешеу болған» дейді. Мүрсейіттің 1905, 1907, 1910 жылдары жазған қолжазбаларының тағдыры өте ауыр болған, тіпті қуғын көрген. Әдетте, біз Абайтану саласында Мұхтар Омарханұлы мен Шәкәрім сынды тұлғалардың қажырлы еңбек сіңіргенін көп айтамыз. Жоғарыда келтіргеніміздей, Мұхтар Әуезов «Мүрсейіт шығармасы асыл нұсқа» десе, Әлкей Марғұлан «Мүрсейіт болмаса, Абай шығармаларының жарық көруі қиын болар еді» деп қазақ абайтану ғылымында Бікеұлының қолжазбаларына ерекше баға береді. Сонымен, біз ауызға алып жүрген Мүрсейіт Бікеұлының тағдыры қиын туындыларының бізге қалай жеткенін

айтайық. Бұл жайында Мүрсейіт молданың Мүфтибек Рахымбай атты немересі өзінің естелігінде: «Мен Мүрсейіттің атаконысы Абай туған Қасқабұлақтың теріскейіндегі Шолпан деген жерде туыппын. Мүрсейіттің 6 ұл, 1 қызы болыпты. Үлкені Рахымбек (Төлти) одан Тоқтар, Тоқтардан Ақлия деген жалғыз қыз Семейдің Шар стансысында тұрады. Одан кейінгі Рахымберлі, Тілеубек, Мұхамедрахым, Рахманбек пен Зейнеп атты қызынан ұрпақ жоқ. Біздің әкеміз Рахымбайдан (Қысық) Мықтыбек екеуіміз. Інімнің әйелі Олжай ішінде өскен, ата руы – көгібақ Сіләтайқызы Мәйке». Дәл осы Мүфтибек Мүрсейіт молданың Рахымбай атты ұлынан туған. Рахымбайды ел-жұрт бірбеткей, тура мінезді, өткірлігі мен шыншылдығы үшін «Қысық» деп атап кеткен деседі. Бұл Рахымбайдың Абайға және қазақ ұлтына жасаған ұшан-теңіз жақсылығы бар екенін айтпақпыз, бұл жайында Мүфтибек атаның естелігіне көз жүгіртелік: «1932 жылы халық барынан айырылып, жаппай аштыққа ұшырағанда, Шолпандағы қоражай, салулы төсек, салқын үй, қасиетті атаконысты тастап, шешем Мағрипа екеуі менен кейінгі Нұритдин, Нәзипа деген екі бауырымды алып, Ақшоқы, Тақырбұлақ арқылы Қарауылға бет түзепті. Мен ол кезде 5 жаста, аяғыммен жүре алады екенмін. Кішкентай екі бауырымды аштан бұралған ата-анам өздері алып жүре алмай, Тақырбұлақта шала өлік күйінде беттерін әрен дегенде таспен жабуға шамалары келіпті. Кейін ес жиып, етек жауып дегендей ел қатарына қосылғанда патефоннан Кененнің «Базарым-ай, Назарым-ай» әнін естігенде әкем бұлаудай болып жылаушы еді. Сөйтсем, менен кейінгі екі баласының тірі өлік қайғысы шерін қозғайды екен. Әкем хат танымай-ақ, киындық тауқыметімен сан рет бетпе-бет келсе де, ашаршылықпен ауып бара жатса да, әкесінің қолжазбасын Шолпандағы шешесі Ажардың қабірінің бас жағына су өтпейтін затқа орап, көміп кетіпті. Зұлмат жылдар өтіп, халық өз қоныс аймақтарына орала бастаған кезде, әкем де Қасқабұлаққа келіп, қолхозға мүше болады. Қай жылы екенін тап басып айта алмаймын, сол кезде Мұхтардың арнайы тапсырмасымен Алматыдан әкеммен жерлес, ескі замандас руы Көгібақ Сармұрзаның Ғайсасы келіп, Мүрсейіт қолжазбасына сұрау сақлан. Әкем Шолпандағы шешесінің қабірінің бас жағын қазғанда, еш жері бұзылмай сақталған атамның қолжазбасын Ғайса арқылы Алматыдағы Мұхтарға жөнелтіпті» дейді.

Алайда ұлы жазушы Мұхтар Әуезов Абай Құнанбаев атты монографиясында: «Жалпы, Абай мұраларын көшіріп, таратушылар арасында Мүрсейіт Бікеұлының еңбегін айрықша атап өту керек. Бұл адам Абай тәрбиесін, үлгісін дұрыс ұғынуы бойынша, ескі діншіл молдалыққа берілмей, Абайдың өзге достары сияқты, өздігімен ізденіп, орысша да оқыған. Жазуы аса анық, шебер болғандықтан және өзі Абай сөздерін оның халқына ұқыптылықпен көшіріп таратуды өмірлік мақсат-міндеті етіп алды. Қазір Абайдың басылып жүрген таңдамалы өлеңдер жинағы немесе толық жинақтары болса, барлығында да біздің асыл нұсқа есебінде сүйенетініміз – сол Мүрсейіттің көшірмелері. Өйткені Абайдың өз қолымен жазылған нұсқалар сақталмай, жоғалып кеткен. Тек бір ғана «Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққандығы туралы» деген жалғыз бөлек қара сөзінен басқа қолжазба болмағандықтан, Абайдың өз заманындағы оның шығармаларын көшіре бастаған Мүрсейіттің қолжазбаларын біз нақтылы жазба дерек есебінде бағалаймыз», – дейді.

Мүрсейіттің 1905 жылғы қолжазба кітабы Алматыдағы Ұлттық ғылым академиясының ғылыми кітапханасында сақтаулы. 1907, 1910 жылғы қолжазбалары Мұхтар Әуезовтің мұражай үйінде сақталған. Абай мұрасының ең асыл түпнұсқасы ретінде зерттеушілердің сүйенетіні осы – үш қолжазба кітап.

(Ақпарат көздері Ә.Мырзақасымның «Абайдың әдеби хатшысы» жинағынан алынды).

**Алмахан МҰХАМЕТҚАЛИҚЫЗЫ,**  
Астана



(Басы 20 – 21-бетте)

# «Асыл сөзді іздесең,

**Төлеген АЙБЕРГЕНОВ**

## Семей

Астынан алшақ белдің орап ойлар,  
Мен сені аңсап келдім, кара кайнар.  
Армысың, менің кара шаңырағым,  
Ботакөз қарындастар, нар ағайлар,  
Алдымнан қаптап шыққан қарағайлар.

Төсінде Абай өткен кіл самғаумен,  
Армысын, менің жұпар жусан кеудем!  
Көк Ертіс көкірегімде буырқанған,  
Қос жаға қоңырау қаққан мын  
сан баумен,  
Мен сенде келдім қайта тусам деумен.

Шулатып көкірегімнің бар құрағы ән,  
Сәлемге келдім саған, жарқын апам.  
Орап ал шалғайыңа, кара шалдар  
Мен ғашық кара мәрмәр жарқыраған,  
Ормандар төбесімен сарқыраған...

Әуезов әлдилеген сырлы әуезді ел,  
Менің де жүрегімнен нұрға кез бол.  
Тоғжанның жанарында мөлтендеген  
Қайдасың, кара бұрым, тырна көз көл?  
Кел, менің жанарымда жырлап өзгер!

О, менің ақ жайлауым, Әміре еңсем,  
Қашаннан махаббаттың тәңірі ең сен.  
Мұнша ну орманыма орап сүйер  
Орала бермес маған өмір өңшен,  
Аяулым, жанымда жүр тебіренсем!

Бір бұрып мандайыңды қарат маған,  
Арманым ақша бұлттан әрі аттаған.  
Айдында ақ мамығын бұрқыратып,  
Сыбызғы қайындардың аспанынан  
Сыбырлап, сынсып ұшып баратқан ән...

## Фариза ОҢҒАРСЫНОВА

### Абай аға!

Биікте ме – қайда жүр аруағың?  
Құлағыңа жете ме шағым-әнім?  
Көкті кезіп іздер ем – жерде мені  
Шырмап қойды шырғалаң шаруа, мұн.

Жердің беті балшық пен былық әлі,  
Жол табады жылпос пен ұры-қары.  
Жұртын данғой әм надан баяғыша,  
Мәз болады бір-бірін жығып әлі.

Алтын шапақ шашпай тұр қырдың таңы,  
Аяқты алшаң басқанға құлмын тағы.  
Саған дерт боп жабысқан ел тірлігі  
Бүгін менің жанымды шыңғыртады.

Жылымшы өмір жанымды құлазытты,  
Талмап-талмап тауыстым жыр-азықты.  
Құдай емес, кісіден келген жұтан,  
Шөлге айналған жерімнен құлан ықты.

Ашсам деген жұрт көзін қыран едің,  
Мерт еткенде сені де құба жерім,  
Ел етем деп тыртыңдау не тәшіме,  
Керек екен десеңші мына менің!

Қалқиды әнің – рухыңның кептері ме,  
Ұстаймын деп әуремін текке, міне.  
Дарыныңнан, ойыңнан бермей маған,  
Тек дертінді жұқтырып кеткенің не?..

## Есенбай ДҮЙСЕНБАЙҰЛЫ

### Абайға мұң шағу

«Жұртым деуге арлымын,  
Өзге жұрттан ұялып...»  
«Менінбеуші ем наданды,  
Ақылсыз деп қор тұтып...»  
Абай

Алашым деп арман-мұң, қиял әнім,

Абай аға, ақ қағаз сияладым.  
Жарлы емеспін, зарлымын мен де  
сендей,  
Ұлтым деуге жат жұрттан ұяламын.

Ғасырда да ел бостан, азат дала,  
Қалар емес қашанғы мазак-таба.  
Аузы түкті кәуірге құлдық ұрып,  
Айырылмайтын қамыттан қазақ қана.

Қандастары сорынан бақ табатын,  
Күлембайлар қазіргі таққа жақын.  
Отаршылдан бетер жеп Отанымды,  
Орыстанған діліне мақтанатын.

Наласы мол намыстың зарлап әнін,  
Жыр жазбасқа Абайша бар ма амалым?!  
Өзге жұрттан ұялып мен де бүгін,  
Жұртым деуге арлымын, арланамын.

Не әкеледі алдағы заман күткен?  
Тайғақ боп тұр бүрі жоқ табан біткен.  
Алысады бұл ғасыр Абайлары,  
Ақылды һәм оқыған надандықпен.

## Қанипа БҰҒЫБАЕВА

### Таң атқанша

Таң атқанша, бір қызамын, бір суып,  
Түсімде ылғи кезем өзге тіршілік.  
Тас мүсінді ұлы Абайдың басынан,  
Тұрды нұрлы шұғылалы Күн шығып.

Көз алдымда көрген күнім сағынып,  
Осы шығар, асыл арман, ақ үміт.  
Шашыраған сансыз жарық сәулесі,  
Көздеріме түсті менің шағылып.

Жүргендеймін қыл көпірдің үстімен,  
(Өмір деген – өмір емес, түс, білем).  
Көк байрақтан көріп едім өңімде,  
Күн көтерген қайсар қыран құсты мен.

Ұмытылмас... болды өзгеше, өмір бұл,  
Күн көзіне қарай өсер көңіл гүл.  
Түні бойы танды күтіп сарғайған,  
Сағыныштың сәулесіне шомылдым.

Жан жүрекке жарық түспей басқадан,  
Жылу күтіп, болдым неге «тасқа» алаң?  
Кейде өмірден түнілгенде, түстегі  
Күліп шыққан Абай күнін еске алам.

Таң атқанша сезім кештім, өртендім,  
Көкірегім жайып қанат көркем күн?  
Дүниеге неге ертерек туды екем,  
Мен қызығам бақытына ертеннің.

Өзі білсін... жорыса да қалай, кім,  
Содан бері жүзі болды сан айдын.  
«Бағамды» алмай барам «өмір-базардан»  
Күліп шыққан Күнін көріп Абайдың.  
Өзі білсін, жорыса да қалай, кім?..

## Жәркен БӨДЕШҰЛЫ

### Жыр көктемі

Көгеріп, жасарғандай дала, қыстақ,  
Айнала балауса өмір, даналық шақ.  
Алатау ұлы Абайға ұксап отыр,  
Қолына көк сиялы қалам ұстап...

Жаңғыртып барша әлемді мәңгілік жыр,  
Оятты тәтті ұйқыдан танды бұлбұл.  
Бозторғай «Жаз» өлеңін аспанда оқып,  
Айызын тыңдаушының қандырып жүр.



Сахара бір көгілдір нұрға толып,  
Ағады арнасында су да толып.  
Әйгілі «Айттым сәлем, Қаламқасты»,  
Барады көкжиекке тырна созып.

Сикырлы үн боп кіріп құлаққа – Абай,  
Жатқандай жылтырайды құраққа май.  
Тоты құс түстес алуан көбелектер,  
Қонады гүлден-гүлге тұрақтамай.

«Қарға мен өгіз» сырын шымшық оқыр,  
Жүрегін әлдекімнің шымшып оқыр.  
Жұп аққу «Жазғытұры» жырын жаттап,  
Бір байғыз кәрі қыздай сынсып отыр...

«Мінеки, болыс болдым» дегендейін,  
Өнешін созды құзғын өлердейін.  
Көгершін «Сап-сап, көңілім,  
сап, көңілім!» деп –  
Аударды пенделердің өленге ойын.

Өлеңсіз – көңіл күйге жарымайды,  
Өлеңсіз – өтсе өмірдің бәрі қайғы.  
Қараңғы түнде ұлы тау қалғиды,  
Тындаса «Желсіз түнде жарық айды».

Бұл-дағы Абай – көктем күші деп біл,  
Көкек те әуілдейді іші кепкір.  
Тойынған қар суына сәуірік-бұлт,  
Аспанның ар жағынан кісінеп тұр.

Кеткендей бойдан ызғар, санадан кір,  
Емеді Ана-Жерді бала-жаңбыр.  
Тұяғын қайта-қайта тасқа соғып,  
Тау ішін құлын-бұлақ аралап жүр...

Көкпенбек туым түстес болды атырап,  
Көк түсті қызартам деп болма ақымақ.  
Қазаққа, сірә, қызыл жаққан емес,  
Жарасар ақ терекке – көк жапырақ.

Қоңғанда ақ шешекке көк көбелек,  
Көрінер көркемдігі көптен ерек.  
Қолына көк бөрілі байрақ алса,  
Алашың арыстан боп кетсе керек...

## Темірхан МЕДЕТБЕК

### Абайға шағыну

«Алланың өзі де – рас, сөзі де – рас...»  
Күмәнім жоқ, Данышпан!  
Рас! Рас! Рас!

Не істеймін бірақ та  
Бұл өмірдің бәрі лас!  
Лас! Лас! Лас!  
Мен қазір  
Қоқыста жүргендеймін.  
Бастар жарылып,  
Қарындар ақтарылып жатқан  
Тартыста жүргендеймін.  
Бастар жарылып,  
Қарындар ақтарылып жатқан –  
Дүниенің! –  
Өкпе-бауырын жеп,  
Құзғындар ұшып жатыр...  
Қаңғыбас ит біткен  
Сол дүниенің  
Қанын жалап,  
Ішіп жатыр.  
Тойынғаны соншама –  
Лобылып,  
Құсып жатыр...  
Рас! Рас! –  
Дінім-ай!  
Лас! Лас! –  
Дүние-ай!

## Жүрсін ЕРМАН

### Абай ескерткішіне

I  
Тас болып тұрсың,  
Өтеміз күнде осы арадан.  
Өзіңнен басқа таппаймыз мұңдасар адам.

II  
Абай ағамыз!  
«Қазағым-ау!» – деп сіз бізді көп  
аямаңыз:  
Қатыгездікке келгенде қарайып әлі  
Сабақ алатын жақсыны  
Сабай аламыз.

Өтірік! Жалған –  
Аспанның астын кернеген,  
Бабаларымыз, меніңше, қасқырды  
ембеген:  
Қақпанға түссе тірсегін қиып кететін,  
Бөрінің серті сондықтан дәстүрге  
енбеген!

Қанағат та жоқ,  
Рақымның ізі қалмаған,  
Қайырым қылар дегенің – бұзық.  
Оңбаған.



# Абайды оқы, ерінбе!»

**Бауыржан ЖАҚЫП**

## Абайдың Қасқабұлағы

Абайдың Қасқабұлағы  
Сағасы інжу-маржаннан.  
Жағасы жасыл пүліштен,  
Тамшысы алтын, күмістен.  
Жапырақ сүйген бетіннен,  
Суыңнан сұлу гүл ішкен.  
Абайдың Қасқабұлағы  
Елімді қорғар қылыш па ең?  
Жеріме біткен ырыс па ең?!  
Ай сүйіп асыл ернінен,  
Күлімдеп келіп Күн ішкен.  
Абайдың Қасқабұлағы,  
Ағасың асқақ тыныспен,  
Шайырсың дәйім жыры үстем,  
Батыспен байтақ тілдестің,  
Шұғыласын шашқан Шығыспен.  
Абайдың Қасқабұлағы,  
Тұлпарлар тоқтап су ішкен.  
Тұлпардай сен кең тынысты ең.  
Етбеттеп жатып жағанда,  
Бала Абай сенен су ішкен.  
Абайдың Қасқабұлағы,  
Ұлы Ақын мұңын бөліскен,  
Сөйлеспей жақын туыспен.  
Іштегі өртің сөндіріп,  
Дана Абай сенен су ішкен.  
Абайдың Қасқабұлағы,  
Қазағым атын қойған су,  
Әлемге атын жайған су.  
Шақпаққа бара жатқанда,  
Шәкәрім бетін шайған су.  
Абайдың Қасқабұлағы,  
Әуелеп шабыт қуған су.  
Әуезов үні туған су,  
Бетінде кілкіп қаймағы,  
Мұқанның сөзі тұнған су.  
Абайдың Қасқабұлағы,  
Халқымның аққан жыр-әні,  
Көрмедім сендей тұманы,  
Жағандар сенің киелім,  
Ұлылар ғана туады.  
Абайдың Қасқабұлағы,  
Қырық өрім таспа бұлағы,  
Аспанның аспа бұлағы.  
Отыз жыл ойран салса да,  
Қырық жыл қырғын болса да,  
Мөлдіреп жатыр суы әлі.  
Абайдың Қасқабұлағы!!!

**Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА**

## Абайдың тілі

Абайдың тілі, анамның тілі,  
Не деген ғажап үндестік.  
Жауратып жанды ғаламның мұны,  
Ақын боп сонсоң күн кештік.

Неңдей қайғыны басыма тілеп,  
Жоғалттым нені білмедім.  
Балбал тастардың басына түнеп,  
Өтті ғой бөрі күндерім.

Өгей орманның ығында өскенмін,  
Айта алман оны арланбай.  
Ана бір жылдар ғұмыр кешкенмін,  
Анадан жетім қалғандай.

Ол күннің дерті ұмытылмайды,  
Уы мен балы аралас.  
Бір ұртым қанды, бір ұртым майлы,  
Рухым тұттай жалаңаш.

Анамның тілі, аңырап келіп,  
Алдыға бүгін жығылдым.  
Шаттығы кетті шаңырақ керіп,  
Адасқан албырт ұлыңның.

Көк байрақ тіктім, көкке телміріп,  
Түп-тегім түркі болғасын.  
Күпті көңілден кетті сең жүріп,  
Пайғамбар Абай, қолдашы!

Сізден соң өмір-өлеңге  
Біз қайдан келдік қаңғырып.  
Адасқан күшік секілді,  
Ойларым жұртта қалды ұлып.  
Тұлпар тұяғы кетілді  
Алашқа тілеп арлылық.  
Ей, Шыңғыстаудың баласы,  
Запыран құстым зар қылып,  
Қазақтың қайран даласы –  
Жаңғырықтардан мәңгіріп,  
Есімнен кетті тандырып...  
Беу, елімнің ерен Абайы,  
Теңіздей терең Абайы.  
Ататын таңның арайы,  
Шұғылаға тұнған маңайы.  
Санама мені пендеге,  
Өзінді көрем түсімде.  
Жартасқа бардың сен неге  
Жаңғырық есту үшін бе?..  
Қара көңілдің жарығы ең,  
Халқымды бастар мәңгілік.  
– Абай! – деп айқай салып ем,  
– Абайла! – деді жаңғырық.

Аймалап өстік Күн, Айды,  
Көкейде көктеп көп өлең.  
Жаңғырық шықса жылайды –  
Абыралы, Мыржық, Дегелен...  
Жаңғырық естіп құрсактан,  
Ұрпақ боп тудық күнәлі.  
Абайдың өзі мұң шаққан –  
Меңіреу жартас тұр әлі.  
Жаңғырды бүгін тау іші,  
Жанымда менің жанды үміт.  
**РУХЫМНЫҢ** өлмес дауысы –  
Шыңғыстан шыққан жаңғырық...

**Әбубәкір ҚАЙРАН**

## Ғасыр өтті

Ғасыр өтті ұлылық көз жұмғалы,  
Көрге бірге көмілді өз жұмбағы.  
Солғындады сорлы тіл содан бері,  
Томаша жұрт томсарып, тозғындады.  
Сөздің мәні сөгілді бой-бой болып,  
Ытқып акты қып-қызыл көздің қаны.  
Ғасыр өтті ұлылық көз жұмғалы!

Ғасыр өтті ғажайып нұр көшкелі,  
Дүмпіп өтті дүлейдің дүрмектері.  
Білместері көбейіп біздің жұрттың,  
Танауынан қара қан дірдектеді.  
Кірлетпеді кім сонда аппақ арын,  
Арманына кім жетіп, кім жетпеді?!  
Ғасыр өтті ғажайып нұр көшкелі!

Ғасыр бұрын ұлы Абай баз кешкенде,  
Өлеңінен қазақтың саз кеткенде,  
Әздектерге ілесіп ән менен жыр,  
Қара саннан қара өлең қан кешкенде,  
Қайыспаған қайда екен қайран ерлер  
Қарсы шапқан атойлап наркескенге?!  
Ғасыр бұрын ұлы Абай баз кешкенде!

О, қазақ-ай! Не деген өлермен ең,  
Тепсе-дағы доп қылып көнермеген!  
Кезермеген ерінің Кербалада,  
Жүріп өтіп жүз жылды төбенменен.  
Өнерменен бір туған егіз едің,  
Несиесі ешқашан төленбеген.  
Сайрап тұрған сананда бүгін таңда  
Сіңбес болып барады өлең деген...

Ғасыр өтті ұлы Абай көз жұмғалы,  
Ойы жоқ-ау айналып келем деген...

сөздің бората,  
Аңқыған еспен отыру қайда-а-а  
нұр бағып!..  
Өттіңіз, әттең жаяулап мына  
бес күннен...  
Өлеңнің күні кешкірген.  
Сіз кеткен жолдың басында балбал  
тұр бүгін,  
Аузынан аспан естілген!..

**Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТОВ**

## Жидебайда

Абай ата, келмеймін күнде саған,  
Саған шақпай мұнымды кімге шағам?  
Көресіні түгелдей көріп болмай,  
Күтіп тұрған көрге де кірмес адам.

Жерден сырлас таппадым сөз ұғарға,  
Көкте жүрген көзелдің көзі бар ма?  
Тіршіліктен түңілген тамам бала,  
Өзін асып жатыр ғой өзі дарға!

Ақзу тілім ақ сор боп шұбарланып,  
Қыжылымды айтпадым құмар қанып,  
Гәкку әнім гөй-гөйге көп ұласты,  
Сұңқылдаған аққудай сыңар қалып.

Туған жерді тозаққа айналдырып,  
Амалсыздан аһ ұрам айлап құрып.  
Жайылымсыз өңірім қайырымсыз,  
Өрісімді алыппын ойран қылып.

Жау жықпаған қазақты арақ жығып,  
Қайта басты даламды қараңғылық.  
«Қартта – мейір, балада – пейіл қалмай»,  
Әлекедей жалаңдар арам қылық.

Намыс емес көбіміз табыс қуып,  
Өгей өстік өрліктен алыс туып.  
Тәуіп еткен таспұтым телкек қылды,  
Өзімді әкеп өзіммен шағыстырып.

Ала жіптен аттамай ас батпады,  
Бүйрек пенен жүректі тас қаптады.  
Жылан жылытып жүрген соң  
қойнымызға,  
Жанымыздан жылу да қашқақтады.

Ертоқымның сынған соң айылбасы  
Ұмытылды ұлы әннің қайырмасы.  
Сүтте қаймақ қалмайды, қызда оймақ,  
Су мен удың жоғалды айырмасы.

Жидебайда жарылса талай атом,  
Жырлап жүрген біз соны – сарай ақын.  
Ұрпағына «тоқтат!» деп тоқтам айтшы,  
Бар еді ғой аруақты Абай атың!!

**Ғалым ЖАЙЛЫБАЙ**

## Жаңғырық

...*Жартасқа бардым,  
Күнде айқай салдым.  
Одан да шықты жаңғырық...*  
*Абай*

Дауысым шықты жаңғырып,  
Жан-жағым толған жаңғырық.

Патшайым болар дейтіндей періште де жоқ,  
Қу аяқ бар ма қазақтың  
қызын алмаған!


Адамгершілік айырылды өз бағасынан,  
Алдауға келсе інісі озды ағасынан.  
Түндіктен түсіп,  
Кіндіктен қылмыс жасайтын  
Түңіліп жүрміз қазақтың қозбаласынан.

Мұсылман таппай — отырап  
тізгін басында,  
Тұлпарға тоқпақ таққан соң,  
Құзғынға — сырға,  
Құдайдан медет болмаса, қазағың әлі  
Жылап көрісер, ей, аға, сіздің ғасырға!

**Тыныштықбек  
ӘБДІКӘКІМОВ**

## Абайға

Сіз өскен Түзде Тәңірдің иісі бұрқырап,  
Киені көрген, көздері көркем  
жылқылар!..  
Өмірдің сыры өзіңіздей жанға сол кезде,  
Оқылған шығар бес күндік жалған  
сыртынан?



Сіз сүйген ел-жұрт байраққа, ерге,  
жаракқа  
Әнінен – алтын, күйінен – күміс  
жалатқан!..  
Күнтекті Қыдыр құрдасы болған сол  
қазақ,  
Құдайдың өзін шақырған екен қонаққа!..

Сіз құшқан ару аңыздан перде ұстанып,  
Ұйықтатпай қойған әлемнің небір  
мыстаның!..  
Сіз ашқан тылсым өлеңнің аппақ әлемі,  
Пенделік жасыл қиялдан алыс!  
Тысқары!..

Сіз шеккен қайғы заманның басын  
дан қылып!..  
Ғасырға ғасыр тасумен жатыр жаңғырық.  
Сіз айтқан өсиет...  
Оны біз барша өнерге,  
Хан сайлап қойдық мәңгілік!  
Арман-ай, арман!..  
Біздердей мына құлдағы  
Құлпырса-дағы тұрмыстың  
қызыл сырғағы,  
Өзіңіздей болып, жұпарын



**Нағашыбек  
ҚАПАЛБЕКҰЛЫ**

жазушы, Қазақстанның  
еңбек сіңірген қайраткері

Ұлыларды белгілі бір дәуір туғызады. 1845 жылы Шыңғыстауда Абай дүниеге келсе, арада алты-жеті ай өткенде Жамбыл тауының бөктерінде Жамбыл туды. Екеуі қазақ деген ұлы халықтың екі алыбына – поэзиядағы піріне айналды.

Әрбір ұлы тұлға – өзінше бір әлем, бөлек жаратылыс! Абай мен Жамбыл – есімдері казак әдебиеті тарихында алтын әріптермен жазылған ғажайып құбылыс. Бірі – мына әлемдегі алуан толқынды алып мұхит десек, екіншісі – сан түрлі бедер-белгісі бар құрылық секілді. Екеуі де алып та биік, айдынды да айбынды.

Ақын деген әрқашан туу биікте жарқырап шыққан күндей, адамдардың тіршілік пайымын саралап, жақсылығына жаны жадырап рақаттанса, қиянат, қиыс істеріне күйінеді, жүрегі сыздап, қапаланады. Өйткені ол өзі өмір сүрген қоғамнан сырт қала алмайды, қандай суреткер болмасын белгілі бір дәуірдің жемісі.

Ақынды әулие демей көріңіз, кім болса да жетістігі мен кемшілігін дәулеті мен беделіне қарамай ашық айтып тастайды. Қисықты сын тезіне алып, сөзбен тіліп түседі. Бұл білер жанға батырдың бас кесер алмас қылышынан да ауыр.

Абай ақын айтады:  
*Аяғыңды аңдап бас, ей, Жақсылық,  
Өз басыңда жаның бар бір бақсылық.  
Борышқорлық адамға қиын нәрсе,  
Әрқайда өткізеді мал тапшылық  
немесе  
Жамантайдың баласы Көжесек деген,  
Әркімге өсек тасып, безектеген.  
Досын келіп досына жамандайды,  
Шіркінде ес болсашы сезед деген.*

Осындай бір шумаққа сыйғыза түйреп тастар, өткір де уытты сынды «Күмісбайға», «Дүйсенқұлға», «Рақым шалға», «Назарға» және басқа да өлеңдерінен көреміз.

Жамбыл ақын да көңіліне ұнамағанын бет-жүзін бар демей, түйреп-түйреп айтып кете берген, ол ауыздан-ауызға көшіп, ел арасына тез тарайды. Бұдан өткен ауыр сокқы болар ма? Батырдың гүрзісінен ақынның бір ауыз өлеңі артық деген осы.

Жамбыл ата «Байұзақ молдаға» деген өлеңінде былай дейді:

*Отынға екеу кетті, бірі – молда,  
Мінгені – молдасының шұбар жорға.  
Молдасы Сарыкемнің ұрлық қылып,  
Құдай, кешіре гөр, өзің тоба?!*

«Көкімге» деген өлеңінде:

*Бері отыршы Көкімім,  
Қандай екен өкімің?  
Елді билеп алуға  
Қай арадан бекідің.  
Әлде бекіп келдің бе?  
Арын сатып бетіңнің.  
Бір тояйын дедің бе?  
Ақысын жеп жетімнің.  
Әлде ғаріп көз жасын,  
Көрейін деп бекіндің.  
Ашып жасап қайыршы,  
Көкім, сенен өтіндім, – дейді.*

«Мәмбетке», «Өлеңші Омарға», «Есен-әлі мешкейге» және басқа да көптеген өлеңдерінен Жәкеңнің жүрек жұтқан өткірлігіне тәнті боламыз. «Иіні келген жерге түйе де шөгеді» демекші, сөз қадірін білгендер өздері келіп, кешірім сұрап, сын тезінен оң шешім қабылдайды. Туа біткен көрсоқырды мола ғана түзетер.

Абай мен Жамбыл жай қаймана қазаққа

сын тағып койса бір сәрі, қолында билігі бар, әмірі күшті, дүмі мықтылармен ашық майданға шығып, келенсіздіктерді аяусыз әшкерелейді.

Абай Күлембай болысқа былай дейді:

*Болыс болдым, мінекей,  
Бар малымды шығындап.  
Түйеде қом, атта жал,  
Қалмады елге тығындап.  
Сүйтсе-дағы елімді,  
Ұстай алмадым мығымдап.  
Құштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап.*

көрсем-ау деп інкәр боласын. Өзара үндес, елге, жерге ғашық, інкәр көңіл. Сол өлеңдері арқылы Шыңғыс пен Жидебайды, Құлансаз бен Майтөбені бір көруді аңсап, армандайсыз, ғашық боласыз. Бұл – талант күдіреті!

*Жаздыкүн шілде болғанда,  
Көкорай шалғын, байшешек  
Ұзарып өсіп толғанда.  
Күркіреп жатқан өзенге  
Көшіп ауыл қонғанда.  
Шұрқырап жатқан жылқының  
Шалғыннан жоны қылтылдап,  
Ат, айғырлар, биелер  
Бүйірі шығып ыңқылдап,  
Суда тұрып шыбындап,*

# ҰЛЫЛАР ҮНДЕСТІГІ

(Абай мен Жамбыл)



*Сияз бар десе жүрегім,  
Орнықпайды суылдап,  
Сыртқыларға сыр бермей,  
Құр күлемін жымындап.  
Ал Жамбылдың Мәнке болысқа айт-  
қаны:*

*Жанғойлық болысы пысық келеді,  
Мұрындағы пұшық келеді.  
Екі арадан ештеп жерінде,  
Көздерін қысып келеді.  
Сөздерін ұзарта келеді,  
Өңешін қызарта келеді.  
Өнімі азырақ жерде,  
Үстіне тұз арта келеді.  
Ыңыранып отырып алады,  
Әр алуан қырға салады.  
Ақыры Құдай жарылқап,  
Қалталарын толтырып алады.*

Мәне, «бас кеспек болса да, тіл кеспек жоқ». Атақты Сүйінбайдың алты атасынан бері хандық үзілмеген, азуын айға білеген Тезек төрені ықтыруы асыл сөзінде, ақындық киесінде. Ұлы ұстазынан өнеге алған Жамбыл да – бір ғасырға жуық ғұмырында ешкімнен тайсалып көрмеген, сол биік тұғырдан түспей кеткен ақиық ақын.

Абай мен Жамбылдың бетке шығар қаймақтар дегендердің жағымсыз қылықтарын осылай «сойып» салғанын көріп, басқалар да іш жиып, қалыпқа келеді, жөн-жосыққа көшеді. Ақын өз ортасының көз-құлағы, дуалы аузы деген осы-ақ болар!

\*\*\*

Екі алып інжу-маржандай кестеленген өлеңдерінде туған жерді, оның көркем табиғатын тебірене суреттейді. Тамылжыған туған жер бейнесі көз алдына келеді, бір

*Құйрығымен шылпылдап,  
Арасында құлын-тай  
Айнала шауып бұлтылдап,  
Жоғары-төмен үйрек, қаз  
Ұшып тұрса сымпылдап...*

Міне, жаздың ғажап көрінісі, төгілген сурет қаз-қалпында тіріліп кеп көз алдына тұра қалады. Абай әдебиетте табиғаттың мінезі, жыл мезгілдері келбетінің қайталанбас керемет полотно-галереясын жасап кетті.

Жаз келбетін Жәкең былай жырлайды:  
*Атымды ертте, балалар,  
Күлімдеп, міне, жаз келді.  
Түйе боздап, қой қоздап,  
Тізіліп қатар қаз келді.  
Жастардың жүзі жайраңдап,  
Кең өмірде сайрандап,  
Махаббат, мейірім ән мен күй  
Ойын-күлкі наз келді.  
Тамаша өмір, шаттық жыр,  
Қала, дала, ой мен қыр,  
Ерекше жаз – биыл жаз.  
Төгілген көктен алтын нұр.  
Назданар адам аз ба енді.  
... Шағаласы шаңқылдап,  
Қаз-үйрегі қаңқылдап,  
Көкорай шалғын, орман, көл  
Салтанат, шаттық, сән-сәулет  
Аймағым – асқар қорған бел!*

Ұқсастық бар ма, бар. Бұл жай үндестік қана емес. Тұлпардың шабысы тұлпардай болады. Қыран биікте шырқайды. Ұлылар ғана осылай жырлай алады.

\*\*\*

Абай мен Жамбыл шығармаларын қайта бір зерделеп қарап шыққанымда кенен ойлар, философиялық толғамдар,

ұлағат болар сом-сом алтын сөздер кеніне кенелдім! Біз бұл ұлыларды қайта-қайта оқуымыз керек, ұрпақтарымызға үзбей оқытып отыруымыз керек. Оқыған сайын ой-өрісің өседі, тереңге бойлайсың, қазынаға кенелесің.

Данышпан Абайдың ғақлиялық қара сөздері өз алдына бөлек бір әнгіме. Өлеңдерін алып қараңыздаршы, сол заманда да, бүгінге де, болашақ ұрпаққа да өсиет, өнеге.

*Жаман адам қазады өзіне ор,  
Оған енсең, бір күні боларсың қор.  
Ары бар, ұяты бар үлкенге сен,  
Өзі зордың болады ығы да зор.  
немесе*

*Өсек, өтірік, мақтаншақ,  
Еріншек, бекер мал шашпақ –  
Бес дұшпаның, білсеңіз.  
Талап, еңбек терең ой,  
Қанағат, рақым, ойлап қой –  
Бес асыл іс, көнсеңіз.*

Абайдың философиялық ойға тұнған осынау қанатты сөздерін әр оқу орнының кіреберісіне іліп қойып, ұлағатты тұжырым-пікірлерін жастар санасына сіңіре білсек қой, шіркін!..

Ғұмыр деген қамшының сабындай қысқа өмірдің парқына жете білейік десек, Абай мен Жамбыл кітаптарын парактайық, ағайын.

Жамбыл атам былай деп өсиетнама қалдырыпты:

*Жігіттіктің кезінде,  
Жігерлі болса ер болар.  
Тұрмаса жігіт сөзінде,  
Нәсілі оның кем болар.  
Қажырлы болса майданда,  
Халыққа сөзі ем болар.  
Елі үшін туған ерлердің,  
Алды-арты дария кең болар.  
Бірлігі кетсе ағайын,  
Әркімдерге жем болар.  
Білімсіз болса жолдасың,  
Қылған қайырың сел болар.  
Артықша туған азамат,  
Халыққа үлкен бел болар.  
немесе*

*Көп қарға тең болмайды бір сұңқарға,  
Көп жылқы тең келмейді бір тұлпарға.  
Жақсының әрқашанда жөні бөлек,  
Жаман адам жарамас бір қымтарға.  
немесе тағы бір өлеңінен үзінді келтірейік:  
Қылған қайыр болмаса,  
Не әкетесің өмірден?  
Дәулетіңнен не пайда,  
Таусылмастай көрінген.  
Жалғыз мұраң сол болар,  
Қол қайырың берілген.  
Басқа дүние бірі де,  
Көмілмейді кербінен.*

Осындай қанатты, мәтел болар өлең жолдарын оқығанда жанына нұр сәуле толады, санаң ашылып, жүрегің таза-рады. Күнделікті қым-қуыт тірліктен бір сәт болса да биіктеп, жоғарыдан төмен қарауға, бағамдап-пайымдауға мүмкіндік туады. Ойлы жырлар арқылы жанына ізгілікке нұрын құятын осындай ұлылар барына тәубә етесің, шүкіршілік қыласың.



\*\*\*

Ақын тағдыры қашан да жеңіл болмаған. Мына дүниенің әділетсіздігімен күресе-күресе, әлсізге арашашы болам деп жүріп жүрегі қырық жамау болған ақын өзін аямайды.

Мына бір ұқсастыққа зер салыңызшы. Абай өзі жанындай жақсы көретін, ерекше үміт күткен сүйікті ұлы Әбдірахман жастай қайтыс болғанда күндей күніренді, түндей түнерді. Қайғы уығына малынып, аһ ұрды, қасіреті өлең болып ақ қағазға түсті.

*Жиырма жеті жасында,  
Әбдірахман көз жұмды.  
Сәулең болса басыңда,  
Кімің көрдің бұл сынды.*

*Қайғы болдың күйгендей,  
Ол қуатым еді рас.*

*Көзге қамшы тигендей,  
Шыр айналды артқа жас, —*

деп бірнеше қасіретнама өлеңдер легін жазды.

Жамбыл да сүйікті ұлы Алғадайды әскерге шығарып салып тұрып, «Әке атына сын келтірме» деп ақ батасын беріп, аттандырды. Жамбыл өзінің жанындай жақсы көретін ұлы Алғадайды соғысқа жібермей алып қалуға күдірет-күші жетер еді. Жок, «Қош, қош, балам, қош айттым, қолымды, міне, шошайттым» дейді. Мыңдаған боздақтармен бірге қантөгіс соғыста Алғадай да мерт болды. Мұны естірткенде «Алғадай өлгенше мен өлгенім жөн еді» деп қарт жырау қатты қапаланады, бүк түсіп, шөгіп, төсек тартып жатып қалады.

Ел-жұрт, азаматтар жиылып, ақын үзіліп кетпес үшін не істейміз деп ақылдаса келе Кененді алдыртады. Кезінде егіз ұлынан айрылып, бірақ тәубешілдік жасағаннан кейін артынан ұрпақ ерген Кенен ұлы ұстазына жырман тоқтау айтады, сабырға шақырды. Сонда ғана Жәкең басын көтеріп, тоқсан жыл серігі болған домбырасын алып көзінен аққан жасы аппақ сақалынан тамшылап, Алғадайын сағынып, зарлап жоқтайды-ай...

*Алатауды айналсам,  
Алғадайды табам ба?  
Сарыарқаны сандалсам,  
Саңлағымды табам ба?..*

Төңір жарылқағыр, белгілі жыршы Аяз Бетбаевтың орындауындағы осы жоқтауды естісем, ылғи да көзіме ыстық жас келеді. Иә, Құдайым, әкеге баласының өлімін естіртпей-ақ қойсын!

*Қазығұрт пен Қаратау,  
Тамам тауға пана тау.  
Дүниенің қызығы,  
Ұл мен қызда болады-ау.*

*Жасым жүзге кеп еді,  
Ақ таяққа сүйеніп, Алғадай-ау,  
Сен жылдасаң жөн еді...*

Терең тебіреніс, зарлы күрсініс, запыран өкініш!.. Ақын жүрегі — нәзік, тым сезімтал. Тағдыр артқан осындай батпан қайғы екеуіне де егізден қатар келгенін қараңызшы?

Ардақты Абайдың баласы Әбдірахман Верныйда ауырып жатыр дегенді естіп Жамбыл мен Сәт болыс арнайы барып, көңілін сұрайды. Кейін Әбдірахман қайтыс болып, сүйегін еліне алып кетуге келген ағайындарынан Жамбыл Абайға көңіл айтып, мынандай өлең жолдайды:

*Сәлем айт барсаң Абайға,  
Кеңесі кеткен талайға.  
Ауырды жеңген қара жер,  
Сабырлы болсын қалайда.  
Бір жұтқан судай дүниесін,  
Ащысын татып күймесін.*

*Жапанға біткен бәйтерек,  
Жалғызбын деп жүрмесін.  
Кемелге келген асыл-ай,  
Тасқынды тәңір басу-ай.  
Нар көтерген ауырға,  
Арқаны тоссын жасмай!  
Ақындардың бір-біріне деген ақжарма  
көңілі-ай, десеңізші?!*

\*\*\*

Бүгінгі мынау алмағайып заманда жан-жағындағы құбылыстардан басынды арашалап аман алып шығу үшін де Абай мен Жамбылды қайта-қайта оқып шығу керек шығар-ау деп қалдым. Бүгінгі кейбір қабынған індет, қабарған көңіл, алақүлік жағдайды Абай атамыз өз заманында-ақ айтып қойған және одан қатты сақтандырған.

*Қалың елім, қазағым, қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді екі ұртың?!*

*Ендігі жұрттың сөзі ұрлық-қарлық,  
Саналы жан көрмедім сөзді ұғарлық.  
Осы күнде, осы елде дәнеме жоқ,  
Мейір қанып, мәз болып қуанарлық.*

Ел тірегі — бірлік, ынтымақ. Бірақ ұябұзар, басбұзар дегендерін өрмекшідей өріп, жат қылықтарға кейбір жастар бас ұрып бара жатқандай. Бұған қалай қын-жылмасың?

*Сабырсыз, арсыз, еріншек,  
Көрсө қызар жалмауыз.  
Сорлы қазақ сол үшін,  
Алты бақан ала ауыз.  
Өзін-өзі күндейді,  
Жақынын жалған міндейді.  
Ол арсыздың белгісі,  
Ұятсынбай, ойланбай,  
Қой дегенге тіл алмай,  
Іс қылмай ма ол кісі?*

Қазіргі заман — елдігімізге сын! Абай біздің көлеңке тұсымызды, бойымызда бар кеселімізді тап басып көрсетіп, «қазағым-ау, арылсаңшы енді бұлардан» дейді, сол үшін қиналып, ой түбіне батады.

Жамбыл бабамыздың мына бір өлеңі де жігерімізді жанып, қайрат беретіндей:

*Ақын деген бір бұлақ —  
Көмілер көзін ашпаса.  
Көзін ашар көпшілік,  
Сүйсіне тыңдай қоштаса.  
Ер қадірін ер баққан,  
Ерлер білер деген сөз.  
Зер қадірін зер соққан —  
Зергер білер деген сөз.  
Өмір барда ескірмес  
Бағасы құнды асыл сөз.*

Сын үстінде тұрған бүгінгі жаһандану дәуірінде ерлер рухын жанып, жігер берер сәт келді. Еңсені түсіре бермей, ел болып алға тура қарайық. Бір-бірімізге демеу болып, көтерейік, сүйейік. Кертартпа мінезден арылып, үлгілі іске ұмтылайық, ілім-білім, еңбек болсын көздегеніміз. Абай мен Жамбыл осыған үндейді, ұрпақтарына осыны аманат етті.

В.Белинский «Пушкин туралы жазу — тұтас орыс әдебиеті туралы жазу деген сөз» депті. Біз де Абай мен Жамбыл шығармашылығын бір мақаламен шектеу тіпті мүмкін еместігін ескеріп, тек өзара үндес, сарындал, ұқсас қырларын әңгіме етуді парыз санадық.

Абай — жазба поэзияның жауһары, Жамбыл — ауыз әдебиетінің асыл кені! Екеуі де әлемдік әдебиеттің алтын қорынан орын алып, қазақ деген ұғыммен қатар аталатын биікте тұр.

## Жидебайда айтқан экспромт өлеңдер

Хақім Абай Жидебайда табан астында айтқан бір-бір шумақ өлеңдер баршылық. Олардың сақталғаны — Абай сөзін қадір тұтқан ортаның арқасы. Жылы белгісіз «Қиясбайға», «Бәкизатқа», «Смағұлға» сияқты өлеңдер Жидебайда туылған. Олай болатыны, аталған кісілер осы аумақтың тұрғындары. Экспромт шумақтың қай-қайсы да Абай ой еңбегінен демалған кезінде, көңілі мамыражай, хош сәтінде туылғаны аңдалады.

### «Әйелің — Медетқызы, аты — Ырым»

Абай замандасы Қайранбай дейтін жігітке шығарған бір ауыз өлең:

*Әйелің — Медетқызы, аты — Ырым,  
Айында бір жумайды беттің кірін.  
Ер кезек ер жігітке үшке дейін,  
Бір бокты тағы бас та және сүрін.*

Алғаш рет 1945 жылғы жинаққа енген. Ондағы түсінік: «Ел аузынан жазылып алынған. Әрхам мен Қайымның айтуынша, Абайдың замандасы Қайранбай дейтін жігіт алған әйеліне көңілі толмай, «тағы әйел аламын» дегеніне қарата айтқан екен». Өлеңде Абай «Айына бір жумайтын беттің кірін» салақ әйелді сынаған және жар таңдай білмейтін жігітті «Бір бокты тағы бас та және сүрін» деп әжуалаған. Абайға тән тұрашылдық танылады. Кейіпкерлері Жидебай аумағының тұрғындары, сол себептен бұл өлеңді де 1894 жылғы болар деп болжамдап отырмыз.

### Бәкизатқа

Бәкизат Ақылбайқызы (1885—1924) — Абайдың немересі. Ағасы Әубәкір екеуі Оспан мен Еркежанның қолында тәрбиеленген. Оспан өлген соң, Абай Еркежанға үйленген кезден Бәкизат ата тәрбиесін көп көреді. Абайды көк өрім қыздың білімге құмарлығы тәнті еткен. Алғаш рет 1961 жылғы жинақта жарияланған бір ауыз өлең мынау:

*Бәкизатым, шұбарсың,  
Оқуға өзің құмарсың.  
Жазайғын мен бәйітті,  
Тани тұғын шығарсың!*

Осы төрт жол өлеңді редакцияға әкеп тапсырған Әрхам Кәкітайұлының айтуынша, Бәкизат оқуға зерек болған, Абай оған жазған өлеңдерін оқытып, қызықтап отырады екен. Мына өлеңді он жасар қыздың солай бір өлең оқыған кезінде айтқан. Атаның көңілі

хош сәтіндегі немереге деген мейірімге толы ыстық ықыласын аңғартады. Арабтың «бәйіт» сөзі «өлең» дегенді білдіреді. Өлеңді 1895 жылғы десек, жансақтыққа ұрына қоймаспыз.

### «Смағұлға»

Абай өкпешіл інісіне ағалық назын айтқан өлең:

*Тау жебелеп жортады көк бөрілер,  
О дағы ат артына бөктерілер.  
Қиыр жайлап, шет қонған ағайының,  
Талай жанның көзіне жек көрінер.*

Өлең 1945 жылы Ермұса Елібаев деген қарттың аузынан жазып алынып, алғаш рет 1961 жылғы жинаққа енгізілген. Смағұл — Құнанбайдың Айғыз деген кіші әйелінен туған баласы. Ол мінезі тіктеу, палуан тұлғалы, біртоға адам екен. Жидебайдан қоныс тимегеніне өкпелеп, біраз уақыт елден жырақ, қиыр жайлап кеткен. Абай өкпешіл інісін сабырға шақырып, басу айтқан. Өлең жанашыр ағаның: «Сен түгілі тау жебелеп жортқан көк бөрі де бір күн атқа бөктеріледі, жат жерде жақсы атана алмайсың» деген ескертпесі. Бұл өлең де «Абай Жидебайға орныққан тұста айтылған» деп тұр, яғни 1895 жылға сұранып тұр деген ойдамын.

### «Қиясбайға»

Абай Жидебайға жақын жерде тұратын жетім бала Қиясбайды (Қодардың ұрпағы) жақын тартып, оның жанашыры болып жүреді екен. Бір жолы:

*Үстіңдегі киімің,  
Киім емес қызыл шу.  
Жүрген жерің күнде ду,  
Уайым жоқ, қайғы жоқ,  
Атадан тусаң, сендей ту —  
деп, аяғын өзін айтып жіберші дегенде, Қиясбай:  
Тамағым тоқ, уайымсыз,  
Жаным-ау, менің өзім неткен қу?  
Әдей-ай, әзгей... — депті.*

Қиясбайдың сыбызғы тартып, күлдіргі өлеңдер айтатын өнері де болған. Көріп отырмыз, мына өлеңде оның диуана мінезі, үстіне киім кимей, екі иығына еңдей мата орап жүретін қылығы суреттелген. Өлең «кейіннен табылған» делініп келеді. Әзіл өлеңді Абай Жидебайда жана үйді салуды аяқтаған 1896 жылы айтқан болар деп топшыласақ, жалғандық бола қоймас деген ойдамын.

Асан ОМАРОВ,  
абайтанушы





**Серік АҚСҰҢҚАРУЛЫ,**

ақын, Мемлекеттік сыйлықтың иегері

көңілім құлазып кетеді. Екі оттың ортасында жүрмін мен. Оны оқыған сайын өзгелерге ғана емес, өзіме өзімнің көңілім толмай, көкірегім қарс айырылып барады...

«Негізі, шын ақындардан гөрі нашар ақындар көп. Ақын көп болмайды ғой. Абайдың тұсында, Мағжанның, Қасымның тұсында қаншама ақындар болды. Абайдың тұсында да қора мен көпсының айналасындағы ақындар болған. Бірақ Абай бір өзі тарихта қалды. Негізі, шын ақындардан гөрі нашар

келді! ХХІ ғасырда «Шалқайып күлдім. Талтайып тұрдым!» деп Темірхан Медетбек келіп тұр Көк Түріктер Жұртынан! Оған ілесе, «Жоқтық деген немене — барлық делік, Бақыт деген дүние ме — алдық бөліп. Дүниедегі ең ұлы көрініс не? Ол шідерін үзген ат қарғып келіп. Мен қайрылдым, сен-дағы бұрылшы, інім, қалай не деп ұғамыз мұның сырын. Аяғыма қараймын — шідерім жоқ, неге қаксай береді жіліншігім?» деп Есенғали Раушанов шықты...

Мемлекетінде меншіктеп армия ұс-

”

**Абай қоғамды ұлтқа, дәрежеге бөлмей, жынысқа бөлмей, «адамзаттың бәрін сүй, бауырым, деп», «атаның баласы болма, адамның баласы бол» деп, жалпы адамзатты түгел сүйетін гуманизм биігіне шақырады.**

Сәбит МҰҚАНОВ

# МЕНІҢ АБАЙЫМ



Н. Крутильников.  
Абай өлең жазуда,  
1927–1928

ғана емес, мемлекеттен — мемлекет те бірінен-бірі Алланың хикметін анығырақ сезінуімен асып, асқақтайды. «Адамшылықтың алды — махаббат, ғаделет, сезім» (Абай). Ата заңында махаббат, ғаделет сезімі айқұлақтана көрініп тұрған мемлекеттер өркениет өріне бет алып барады. Біз де содан қалмауға тиіспіз. Сапарың сәтті болсын, Абайды алдына ұстаған Қазақ Елі!

## 2. «Түсініксіз» Абай

Осыдан он шақты жыл бұрын Ресей тағы бір дүрлікті. Алты ай қыс ұйқыда жатқан орыс аюы орнынан қорбандап тұрған. Соңғы президент сайлауына көңілі толмаған орыс оппозициясы Мәскеудегі қарсылық акциясына қарай ағылды. Оппозиционер-блогер Алексей Навальный ереуілшілерді «Чистые пруды» бульварындағы «түсініксіз қазақ» — Абай ескерткіші басына жиналуға шақырды. Сол-ақ екен, саяси шеруден хабардар болып, интернетке көз телміртіп отырғандардың біреуінің: «Ех, Алеша, Абайдың кім екенін білмегенің атыңа ұят емес пе?! Нағыз от ауызды оппозиционер Абай емес пе?!» — дегені күллі жер-жаһанға жарық жылдамдығымен тарап кетті. Содан бастап, Батыстағы «окупайоулстрит» қозғалысына пара-пар «окупайабай» шеруі басталды да жөнелді. Ресейдің «Альпина нон фикшн» баспасы сол кезде Абай шығармаларын 330 данамен шығарды. «Өте ме, өтпей ме?» деген күдігі болған. Баспа директоры Павел Подкосов оның бірінші күні-ақ сатылып кеткенін аң-таң қалып айтады. Сонан соң іле-шала 3 мың тиражбен қайта шығарған. Ол далезде жоқ болады! Күндердің күні ол 30 мың, 30 миллионға жетуі мүмкін...

Сыңсаған қалың орманның ішінде аузы аққа жарымай, аш-жалаңаш, шынылтыр аяз, азынаған жел өтінде еркіндік пен тоқшылықты аңсап өсіп, патшалық-советтік империялардың темір шенгеліне түскен шерлі орыс жұрты Пушкин, Лермонтов, Некрасов, Блок, Есенин, Евтушенко, Вознесенский сынды аузымен күс тістеген арқалы ақындарын аттап өтіп, неге Абайдың басына келіп, ботадай боздап тұр? Орыс тарихының арғы жағына бармай-ақ, бергі жағын шолып өтсеңіз, бірімен-бірі іркес-тіркес, қым-қуыт тарихи оқиғалар көз қарықтырады. 1917 жылғы Қазан төңкерісі, жекеменшікті жаппай тәркілеп, бай-бағландарды жер аударып, атып-асу, қанды қасап репрессия, Ұлы Отан соғысы, халық шаруашылығын қалпына келтіру, қырғиқабақ соғыс, сонынан Кеңес Одағы секілді алып империяның шаңырағының ортаға түсуі — ормандай орыс жұртының жүрегіне зілдей салмақ түсіріп, қабырғасын қақыратып-ақ кетті. Содан бері жиырма тоғыз жыл өткен екен. Бұл — ер жігіттің ат жалын тартып мініп, азамат атанар тұсы. Не өзгерді? «Адамның адамшылығы істі бас-

## 1. Алаштың рентгені

Бәріміз де кеудемізді ашып соның алдында тұрмыз: кеудемізде қандай өрт? Көкірегімізде нендей дерт?! Соның бәрі Абайдан айнаға түскендей көрініп тұр! Мұхамед (с.ғ.с): «Менен кейін бұл дүниеге пайғамбарлар келмейді, ақындар келеді!» деген. Бұл енді адамзат қоғамдастығындағы пайғамбарлық миссияны ақындар атқарады деген сөз-ді. Пушкиннің «Пайғамбар» атты өлеңінде Тәңірі ел-жұртына бір ауыз лебіз айтсам деп, қолына қалам ұстаған адамның көкірегіндегі өлі етті суырып алып, оның орнына берісі — ұлтының, әрісі — адамзаттың асау рухы атойлаған асау жүректі ат ойнатып қоятыны хақында айтылған. Өлең емес — «Інжілдің» хикаясы бұл: Құдайдың осындай рухани операциясынан аман қалған адамның құлағына тірі жанға естілмейтін сиқыр дыбыстар шалынып, көзіне өзінен басқа жұмыр басты пендеге көрінбейтін құбылыстар көрінеді. Оның атын поэзия дейді. Пушкиннің өзін пайғамбардай сезінетінінің түбі сол тәңірлік тезден төркіндейді. Қолына қалам ұстағанның бәрі жер бауырламай, өздерін Пушкинше ұстағанда, Алла адам баласынан дәл бүгінгідей теріс айналып кетпес еді... Пушкиннің «Пайғамбарының» тебіренісіне кенеліп, тереңіне бойлай алмаған пенденің қолына қалам ұстауға хақысы жоқ! Абай-Мағжан-Сұлтанмахмұт, Ілияс-Қасым-Мұқағали-Әуезов-Мағауиндер сол тұңғықтың тереңіне жеткен соң телегей теңіздей тебіреніп, жазушының пайғамбарлық миссиясын атқарып кетті...

Абайдың жазған-сызғандарына қарасаң — бір-ақ том! Академиялық түсіндірмелерімен ғана әрең дегенде екі-үш том болып тұр... Мен де шатып, инерциямен көп шимайлап тастаған екем. Абайды телміріп оқыған соң, енді есімді жиып отырмын. Жинақтап қарасам, әрқайсысы 20–25 баспа табақтан 10 томдай дүние шықты. Алпыс алты жыл жазғаным екен. Іштен шыққан шұбар жылан. Алты том — өлеңдер мен поэмалар, бір том — қарасөзді компьютерден жойып жібердім! Үш том болды бәрі. Меніңше, бұ да көп...

Көз алдында тұра берсе, аландап, ақырында қимай қалады екенсің. Біз Абайдан кері, кейін шегініп барамыз! Біздікі бос әуре екен. Әттең, өлең жазудың техникасын меңгеріп алып, бұрқыратып жаза беретін профессионалды ақындықтың да айықпас бір дерт екенін Александр Блок баяғыда-ақ айтып кетті. Алдымызда Абайдай ұлы үлгі тұрғанда мұнымыз не?! Абайдың томын ашқан сайын өзімнің ақымақтығым мен дарынсыздығымды аңғара бастағандаймын (бас қойып оқымайтыным — содан!). Мына опасыз дүниеден көресінді көрген сайын Абайдың кітабын жаңа ашқандай боласың! Басына күн туғанда ғана Алланы еске алатын өлімге бола туған маңдайы қушық пендеге ұқсап, мен де тағдырдың тәлкегіне түскенде Абайдың кара томдарына үнілемін, сонда ол сол сәттегі көңіл күйді тап басады! Дертіме одан басқа дауа таппай барамын. «Абай 1902 жылдан кейін өлең жазған жоқ» дейді Мұхтар Әуезов. Ол сонда елу төрт жаста екен. Алпыс сегіз жаста мен де бұрқыратып жазып жатырмын. Не тындырдым?! Қаламдастарыма қарасам, өзіме деген бір қанағат сезім лып етіп, Абайға қарасам... көкірегім сыздап,

ақындар көп. Оның бәрін уақыт сұрыптайды. Мәселен Мұқағали, Жүмекен, Қадыр, Тұманбай дегеннен кейін сен өзің тосылып қаласың. Сол сияқты уақыт бөріне төреші», — дейді ХХІ ғасырдағы тегеурінді ақын Темірхан Медетбек.

Пенде атаулыдан көңілі қалған қайран Абай «Ғақлиясының» 38-сөзінде тек Тәңірі хақында ғана ой толғап, «Алланың өзі де — рас, сөзі де — рас» деп, ХІХ ғасырдың соңы, ХХ ғасырдың басында Аллаға жеткен еді. Бүгін Алаш кеудесіне Құранын ұстап Алланың алдына келіп тұр! ХІІ ғасырда Оған «Құлдарыңды Құдайына қараған, Сұқбан Ием, сақта, пәле-жаладан!» деп, Қожа Ахмет Ясауи барған. «Айтар болсаң, Алланы айт!» деп, ХVІІІ ғасырда Бұқар Жырау — Көмекей Әулие барған-ды. ХХ ғасырда «Жүрегім, мен зарлымын жаралыға, сұм өмір абақты ғой саналыға. Қызыл тіл қолым емес кісендеулі, сондықтан жаным күйіп, жанады да. Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң, толғанып қарауым сол баяғыға... Ертегі уатпай ма баланы да, сөз сиқыр ғой, жазбай ма жараны да? Ақын да бір бала ғой Айға ұмтылған, Еркімен өзі-ақ отқа барады да; Жай тақтақ жабайыдан жол қалғанда, Қанды өрт боп ақын жолы қалады да; Ойлайды, күніренеді, толғайды ақын, күрсініп көзіне жас алады да, Ақында адамзаттан дос болмайды, жалғыз-ақ сырын сөйлер қаламына!» деп, Тәңірінің алдына Мағжан барған. ХХ ғасырдың соңын ала оған «Иә, Аллам! Жаратушы Жалғыз Ием, медет бер, жапандағы жалғыз үй ем; Хал сұрар, жай түсінер бір пенде жоқ, Жүрек — жүн, ойым — опат, жанды — жүйем. Иә, Аллам! Жаратушы Жалғыз Ием!» деп Мұқағали

тамаған ел бұл. Әлемде ешбір елді баса көктеп басып алмаған жұрт! Полиция, түрме дегенді ХІХ ғасырда көріп, аң-таң қалған халық бұл: «Еңкейгенге еңкей, ол — атанның құлы емес, шалқайғанға шалқай, ол — Құдайдың ұлы емес!» деген асқақ жұрт осы еді. Алла, сонсоң, осы күнге дейін аялап тұр оны!

Сонау Көк Түріктер заманында Көк Тәңірмен тілдескен, Ұлы Қағанат құрып, Шыңғыс ханмен бүкіл Еуро-Азияға әмірін жүргізген бұл жұрттың да шалыс басып, шалқасынан құлаған, бармағын тістеп, егіле жылаған кездері де аз емес. Неге? Құдайдың айтқанын, Құранның сөзін тындамаған кездері көп-ті — пенденің айтқанына еріп, айдағанына жүріп қателесті... Алла не дейді? «Әй көпір! де — сен табынған дәлдүрішке мәнгіріп, Тәңірі бар да мен бас имен — Мәңгілік!» (Құран, «Мағұн» сүресі). Тәңірі бәрін көріп тұр. «Алла көнбес аярыңа не түрлі» дейді Құранның «Мағұн» сүресі. Халықтың қазына байлығын көзін бақырайтып қойып ұрлап алып, қоттедж-виллаларда ықылық атып отырғандар Құранның «Һұмаза» сүресін оқыса, не бетін айтады: «Өңшең тексіз! Сұм-зымиян! Қайда қырт?! Малын санап, алған іші майланып! Күннің күні Хұтамаға түседі ол, Алла алдына келеді қайтсе де бір, айналып!»

Алаш — ана Абай томдарын кеудесіне басып, Алланың алдында тұр. Адамзатта маңдайы жарқыраған небір марқасқа ғұлама айтпаған сөзді біздің Абай айтқан: «Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетін пендеміз. Сол махаббат пен ғадалетке қарай тартпақпыз, сол Алланың хикметін біреуден-біреу анығырақ сезбекпен артылады». Пендеден—пенде

тағанынан білінеді, қалайша бітіргенінен емес» дейді Абай. Кеңес Одағының заңды мұрагері Ресей құқықтық мемлекет, азаматтық қоғам құрудың алғышарттарын да жасай алмай, феодалдық-патриархалдық, патшалық-советтік, тоталитарлық- авторитарлық қоғамның ұрандарын ұстанып қалды. Ресейдің тарих тақырыптары тандайына әбден татыған мемлекет ретінде соңынан ерген біздей еншісі бөлінбеген елдерге үлгі-өнеге көрсетіп, өркениет өріне қаймықпай қадам басатындай қақысы бар еді ғой? Ақыры не болды? Сахара ойшылының XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында сын тезіне алған «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсеқызар, жалмауыз, өсек, өтірік, мақтаншақ, бекер мал шашпақтық» сынды антиадамзаттық мерез мінездердің XXI ғасырдың басында Ресейде (бізде де!) одан сайын ордаланып, ойнақ салып бара жатқаны орыс оппозициясының да өзегіне өрт түсіріп, Абайдың басына жетектеп алып келді. «Чистые пруды» бульварындағы шерудің түп-төркіні, міне, осында жатыр!

«Малға достың мұңы жоқ малдан басқа, Аларында шара жоқ алдамасқа. Табысына табынып, қалтаң қағып, Тойғанынан қалғанын берсе алашқа. Мал жияды мақтанын білдірмекке, Көзге шұқып, малменен күйдірмекке. Өзі шошқа, өзгені ит деп ойлар, Сорпа сумен, сүйекпен сүйдірмекке. Ақылды деп, арлы деп, акпейіл деп, Мақтамайды ешкімді бұл күнде көп. Осы күнде мал қайда, бок ішінде, Алтын алсаң, береді боғынан жеп. Осыны оқып, ойлай бер, болсаң зерек. Енбекті сат, ар сатып неге керек? Үш ақ нәрсе адамның қасиеті: Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» (Абай). Біздегі нарықтық экономиканың бүгінгі сықпыты осы! Адамзаттың сан ғасырлық шежіресінде әбден сыннан өтіп, мойындалған, күнделікті әдет-ғұрып, тұрмыс-салтқа айналуға тиісті адамдық-гуманистік мұраттар аяқ астына тапталған! «Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек» жөнінде әңгіме қозғаудың өзі күлкілі... Аспанмен таласқан, алтынмен апталып, күміспен күптелген сарайларда халық қазынасына суық қолын салған ұры-қарылар тұрады! Ашқұрсақ халық – қараша үйлерде... Билік – бір жақта, халық – бір жақта. Жұрт «бірі қан, бірі май боп екі ұрты, жақсы менен жаманды айырудан қалғалы» қашан?! «Аузымен орақ ораң өңкей қырт, өз сөзінен басқа сөзді ұқпайды», «бас-басына би болған өңкей кикым елдің сыйқын бұзып» бітті!

Абай «измдердің» бәрінің төбесінен асқақ қарап, Аллаға қарай бет алып келе жатқан тұлға. Ол өзі ғұмыр кешкен феодализмге де, әлеуметтік әділетсіздік деп ұрандатқан социализмге, тіпті біздің бүгінгі жабайы капитализмге де жақпай отыр! Абай жолы – адамзатты Аллаға жетектейтін сүрлеудің басы екенін бажайлатады. 30-жылдары совет өкіметінің одан зәресі ұшып, қорыққаны да содан!

Абайдың «Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да, алдамаған кім қалды тірі жанда?!» дегенін белгілі бір тарихи тұлғалар, таптар мен топтарға, саяси ағымдарға қарата да айтуға болады. Ресей «Еуропаны кезіп жүрген коммунизм елесіне өзі ессіз сеніп қана қоймай, өзімен қоса біз секілді боданындағы «бұратана» елдерді де қоса алдап соқты! «Пайда үшін біреу жолдас бүгін танда, ол тұрмас бастан жыға қисайғанда» дейді тағы сол «түсініксіз» Абай! Ресей мен бүгінгі Еуропалық одақ, бірінғай экономикалық кеңістіктегі елдердің болмыс-бітімі, міне, Абайдың осы сөзінен айқұлақтана көрініп тұр ғой!

Мұхтар Әуезовтің «Абай» романы жарық көргеннен кейін 70 жыл өткенде 2012 жылдың 25 шілдесі күні орыстарды шуылдатып, Мәскеудің «Чистые пруды» бульварына алып шыққан айықпас дерттің атауы, міне – осы! Батыс Еуропа, Балтық жағалауындағы бауырларымыздан басқа, ТМД елдері деген атқа ие болып, айдар тағып алған бұрынғы Кеңес Одағындағы жұрттың басындағы жағдай осындай! Орыс халқы ғұмыр

бойы қолына шырақ алып, сандалып, сарсыла іздегенін Абайдан тауып алып, енді Аллаға бет қойғалы жатыр! «Алланың өзі де – рас, сөзі де – рас» (Абай) болып шықты. «Замана, шаруа, мінез күнде өзгерді, оларға кез-кезімен Нәби келді. Қағида, шариғатпен өзгерсе де, Тағриф Алла еш жерден өзгермеді» (Абай).

Абай шығармалары орыс тіліне әлі өз мәнінде тәржімаланып жеткен жоқ. Шала аудармасының өзі құдайы көршімізді шалқасынан түсірді! Мәскеудегі оппозициялық шерулерді ұйымдастырушылардың бірі Борис Акунин «Азаматтық белсенділік қандай жақсы еді! «Чистые прудыда» отырамын деп, Абайды оқып шықтым, ғажап ақын!» деп жазады «Альпина нон фикшн» баспасынан шыққан Абай кітабы хақында.

Абай «Махаббатпен жаратқан адамзатты, Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті, адамзаттың бәрін сүй бауырым деп және нақ жолы осы деп әділетті!» деген. Тарих зұлымдық пен сұмдықтан, қантөгістен құрылған қоғам адам баласының көсегесін көгертпейтінін әбден дәлелдеді. Абайдың да айтпағы осы еді ғой! Бір кезде Абай сынаған, қазақ қоғамында бұрынсоңды болмаған, орыс отаршылдығымен қоса келген жемқорлық, ел-жұртының үстінен бишік үйретін билікқұмарлық, мансапқұмарлық секілді бюрократиялық кеселдер мен «көзінен басқа ойы жоқ, адамның надан әуресінің» (Абай) Алаш жұртындағы жиіркенішті көріністері бүгінгі орыс қоғамын да тығырыққа тіреп отыр!

Біз Абайды табынатын пұтқа, культке айналдырып алған жұртпыз. Мүлде оқымаймыз! Оқымаған соң – түсінбейміз! «Абай былай деген...» дейміз. Алашты ауымызға қарату үшін, тіпті имендіру үшін де Абайдың атын атаймыз! Бұл – ұлттық трагедияға айналып барады! Неге? Енді бізден кейін дүниеге келетін буын Абайды мүлде оқымай кетуі мүмкін! Атын айта салсақ жетеді деп ойлауы ғажап емес. Осыдан екі-үш жыл бұрын «Әдебиет порталы» «Қасымнан кейінгі үздік он ақын кім?» деген сауалнама өткізді. Қасымнан кейінгі үздік он ақынды 7-8 млн қазақ «анықтайтын» болса... жетіскен екенбіз! 7-8 миллион қазақтың ішінде Абайды түсініп, Абайға тұшынатын 700-800 қазақ болса біз интеллектуалдық дамудың биік шыңында тұрған ел боламыз ғой?! Россия Пушкинді түсініп бітті ме?! Англия – Байронмен, Америка – Уитменмен, Германия – Гетемен, Испания – Лоркамен, Россия – Пушкинмен өмір сүріп жатыр ма?!

«Жақсы менен жаманды айырмадың, Бірі – қан, бірі – май боп енді екі ұртын» деген Абай сөзі бүгінгі қазақ үшін әлі де көкейкесті сөз болып тұр! Меніңше, Абай ұлттық ақын ретінде мойындалғалы оны көз майын тауысып оқып, Хәкімнің қадіріне жеткен санаулы қазақтың ғана аты-жөндерін ауызға алуға болады. Кімдер дейсіз ғой?! Әлихан Бөкейхан, Мұхтар Әуезов, Қайым Мұхамедханов, Тәкен Әлімқұлов, Мұхтар Мағауин, Мекемтас Мырзахметов, Жүмекен Нәжімеденов, Нұрмахан Оразбеков, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Әмірхан Мендеке...

### 3. Ішіміз толы – күдік пен қулық ой...

...Бір ауылда көктем бір тамшы тамбай, құрғақшылық жұт болып, ел Алладан медет сұрап, тасаттық береуге жиналады. Сөйтсе, бір бала үйден қолшатырын ала шығып бара жатыр екен. Үлкендер танырқап: «Мына ыстықта қолшатырды қайтесің?!» – демей ме, сонда бала: «Біз тасаттық беру үшін бара жатқан жоқпыз ба?» – депті...

Періштенің көкірегі қандай саф таза еді! Көңілі ананың ақ сүтіндей қандай аппақ еді! Шіркін, біз де еліміздің тәуелсіздігі мен ертеңіне, ұлттық хәм адамзаттық құндылықтарымызға, Алла мен Абайға осы сәбидей риясыз сенсек, бәсекелес 30 елді баяғыда-ақ шаңымызға көміп кетер ме едік, қайтер едік?!



Ескерткіштің авторы Х.Наурызбаев

#### Жүмекен НӘЖІМЕДЕНОВ

##### Абай ескерткішіне

Бір сенімі бар еді маған да елдің,  
«Ұлғайды арман»,  
Мен-дағы алаң болдым.  
Ымыртта ымырт құсап қоңырайып,  
Өзімді іздеп шығып ем, саған келдім.

Кетті дейді жыр оңбай... құрсын бәрі,  
Сыншылар жүр том жазып,  
ырсыл қағып...  
Жүз мода өзгерді ғой, мың бір заман,  
Түйе жүн күпі киіп тұрсын ба әлі?

Қара шал-ай, қарашы мойын бұрып:  
Жырды алдым шау

тарттырып, қойылдырып.  
Басқа барар жерім жоқ, саған келем,  
Қалғанда сөзім жүдеп, ойым құрып.

Таппаған соң өлеңмен жүрек емін,  
Бір-ақ сілтеп қолымды жүрер едім:  
Туатұғын сықылды бүгін-ертең,  
Мраморға жазылар бір өлеңім.

Қажып келдім, қасына қалғыншы,  
Не қарғыс, не бата айтшы... ал құйылшы.  
Сен маған туған жерім сияқтысың,  
Аңсағанда келетін шалдың ісін...



**Болат ЖҮНИСБЕКОВ,**  
жазушы

Абыралының данғойлығын елемей, ұмыта салу Абайдың қолынан келмейді. Жабыққан ақынның жүзін елестете отырып, қабағымыз тұнжырайды.

Біздің де, әлгі Абыралының көлеңкесіндей, кейбір замандастарымыз көз алдымызда нашар елестей, көлбең қағады. Солардың бірі — қасиетті кітап сөздерін «жұтып қойып», шала-пұла, яки сақауланып оқыса, екіншісі — әйел дауыспен сұңкылдай жөнеліп, көңілді одан бетер құлазытады. Ең екіншісі сол, ондайлар «құлшылығым Құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді...» Сонда мұндай намазда қандай сауап бар?

Бұл сауапқа Хакімнің жауабы да дайын: «Тегін ойлап байқасаң, Мұнда ми жоқ, құлақ

Абай «сырты күміспен» қапталып, «іші алтынмен» апталғандай өлең сөзбен бірге тыңдаушысына да түзелуіне үмітті. Бұл-бұлдың «есек» сынампазға кеткен есесін қаптал қайтарады. Сондай-ақ әлін білмей, күлкіге қалатын қарға мен шегірткенің, бака мен қанденнің мысалынан да талай жанның тәлім аларының үмітті. Бірін-бірі аңдып, менменсіген тәкаппар, ақылсыз, данғой мен ойсыз замандастарын орыс сатиригіне қосыла «құрықпен» аударып, «шаңға» аунатады. Бірақ өзі мысал жазбайды, яки «жамандықтың жайын жалтарып айтқанды» місе тұтпайды.

Хакім надандық пен қараулықтың «түңлігін ұшыра соғып» (М.Әуезов) айтуды қалайды. Еріншектік, арамтамақтық пен мансапқорлыққа, өсекшілік пен мақтанқұмарлыққа жақын айналасын жеңіл әзілмен «шымшылайды». Ал әділет пен адамдық туралы ойларымен бөліскенде «әбілет басқырларды» аямайды. Алайда оқырманы мен тыңдаушысын күлдіре отырып та ащы әжуасының тартымды әрі пайдалы болғанын қалайды. Әсіресе шен мен шекпен үшін таласып, елдің ауызбірлігін «ірітіп», андысқан атқамінерлерді «сойылға» жығады.

Бетке ұстар азаматтар мансап үшін бірін-бірі «орға» құлатуға құлшына, елдің берекесі қашпағанда қайтсін! «Атаны бала андиды, ағаны — іні, Ит қорлық немене екен сүйткен күні?» — деп, қабырғасы қайысады. Алыс-жақын қазақтың бәрі қаңғып, Аямай, бірін-бірі жүр ғой андып...» Ең екіншісі, әлгілер өзара тобықтан қағып, аяқтан шалысуды әлі де қоймауда. Жоқ, жақсыға жанаушы азаматтар қай кезде де баршылық: «Қыран бүркіт не алмайды, салса баптап...» Бірақ кейбіреу бұрын да, бүгін де қолынан іс келмейтін «қарғасы мен күйкентайын» үкілеп әлекке түседі.

Ондай ел-жұртына елжірей алмайтындар өздеріне де, өзгеге де опа бермейді. Сонда қалай, «жақсы менен жаманды айырмаған күйі» адамзат «көшінің» соңында салпақтап жүре береміз бе?! Пайдақұмарлық пен малжандылық «көзін» байлағандар адал достықтың да қадірін қашырады. Тірлік майданында әлгілер қоян-қолтық күресіп түгілі, «бастан жыға қисайғанда» ізім-ғайым жоғалады. Адамшылық арзандағанда жұрт сөз ұғудан қалатын секілді. Бай мен саудагер, құда-тамыр мен дос-жаран «құбылған» кезең тым созылып бара жатқандай-ау!

Олай болса, «тайғанак», екіжүзді мінезден, тым құрыса, жастарды аршалап алғаннан басқа не қалады? Өз қатарластарынан көңілі айныған Хакім елінің келешегімен кеңеседі. Дәйім өскелең ұрпақтың жастық шактың бағасын білгеніне тілектес: «Бір дәурен кемді күнге — бозбалалық, Қартай-мастай көрмелік, ойланалық», — деп ақыл қосады. Адал еңбектің орнына босқа қол қушырып, қысыр сөз бен сән қуудан сақтанғырады. Білім мен өнер іздеп, талапты болуды мензейді: «Керек іс бозбалаға — талаптылық, Әртүрлі өнер, мінез, жақсы қылық...»

Хакім әсіресе Семейде оқып жатқан жастармен кездескенде оларға бірін-бірі «ғиззат, құрмет етуді» қайталап айтуды парыз санайды. «Пайда ойлама, ар ойла, Талап қыл артық білуге. Артық ғылым кітапта, Ерінбей оқып көруге...» Жастардың әскери қызметке бармай, оқалы киім кимей, оязға қызмет етпеуін өсиет етеді.

Олай болса, қып-қызыл диктатураның содыр саясаты «миға құйып», кейбіреулер ойлантайдай, хакімнің сыны қазаққа ғана арналмаған еді. Абай, әлбетте барша адам баласының басына түскен қараңғылық пен надандыққа ашынады. Соның ішінде әсіресе «қайран қазағының» кенжелеп қалғанына жаны күйзеледі.

Ауыртпашылығы зілбатпан ағартушылық жолда, өкінішке қарай, өзіне қолғабыс жасап, ұрпақ тәрбиесіне атсалысар-ау деген жақсының теріс қылығынан Абай түңілгендей халде. Болыстыққа таласамын деп, шығынға белшесінен батып, жағымпаздықпен «шыбындаған» биші-гештердің ешкімге опа бермейтіні даусыз. «Сүйегі жасық, буыны бос» әлгі байғұстар елге сүйеніш болудың орнына, керісінше, оның зықысын алады. Ұлық арқаларынан қағып, «шенді шекпен жапқанға күлмең қағады». Қазір де «қақпанға» түсіп жатса да «қақалмайтындар» азаймауда.

Семейге сол жолы барон Таубе деген генерал-губернатор келеді. Ұлықтың қолынан сыйға шекпен, қылыш алған болыстар мен билер естері шыға далатайды. Көздері «елбіреп, ғылымнан басқаның кеселі көп» екенін, «асқанға тосқан боларын» ойлап жатпайды. «Басында ми жоқ, Өзінде ой жоқ / Күлкішіл кердең наданға» не шара?!

**Мен 1993–1994 жылдары Алматы қаласындағы Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінде оқып, бір жылдық тағылымдамдан өттім. Сол кезде қазақ тілін үйреніп, қазақ мәдениетіне алғаш қадам бастым. Университетте оқып жүрген кезімде Абай өлеңдерін тыңдап, сол өлеңдерін жаттап, домбырамен айтып үйрендім. Қазақ тілі мен руханиятына деген ықыласым сол кезден басталды.**

*Дәуіп Шомпаи КАРА,*  
түркітанушы-ғалым

Осыны көрген ақынның қабағы түйіледі. Өйтпегенде ше, кейбір қандасы қолы билікке жеткен күні-ақ түксініп, тырсыып, құбылып шыға келеді. Ондай «жылмаң пішін» қазір де кеудесін соғып, өңмен қағады.

Шынында да, «Бір көрмеге тәп-тәтті / Қазаны мен қалбаңы. Дөң айналмай ант атты, Бүксіп, бықсып ар жағы» деген осы. Көз алдында неше құбылған мұндай замандастар іргені аулақ салған абзал. Бүгін жалбаң қағып, ертең бұзылып, «тұрлауы жоқ құбылған» Дүтбай сияқтылар ол заманда да, қазіргі кезде де аяқтан шалады. Уақытша пайдалы үшін «құрдай» жорғалап, мақсатына жеткен соң, айнып шыға келетіндерге жүрегі суынады. Елдегі бас көтерер адамдардың түрі осы болса, жан сырын кімге айтып, кіммен бөлісең?

Қандастарының арасындағы нәсіп болмас «орынсыз ыржаң, болымсыз қыл-жаңды» ақын сөзбен «тұсауға» тырысады. Еңбегін «сауғанның» ғана ешкімге тіленбей, дәулетке жететінін айтудан талмайды. *Алайда* «көңілсіз құлақ — ойға олақ» екен. Көп наданмен алысып, көмекке зар ақынның «адасқан күшкі секілді ұлып жұртқа қайтқан ойдан» көңілін уайым басып, тіпті тірліктен қайы бастағанын сезіледі. Сондықтан «бойы бұлған, сөзі жылмаң» қулар» жолыға қалса, олардан қашып құтылғанша асығады.

Апырау, тіпті тыныш жатқанға барып тиісетінін қайтерсің! Жоқ жерден пәле іздеп, бос сөзбен ел арасын бұзатынның бірі — Қыздар деген құрдасы. Ол болыстық сөзге барғанда асық сөйлеп, ақын еріксіз «қорамсаққа» қол салады: «Сөзіннің басы ыржан, соны қылжаң, Жүгенсіз жүре бермек — сенің ыржан. Сенен күшті кісілер не боп жатыр, Заманыңның тарлығын ойла, мырзам». Ойланатындар, әсілі қазір де баршылық. Ақын «көзінен басқа ойы жоқ» наданның бірталайын біледі. Ақылының «көзі» бітеу жан ақиқаттың қадірін қайдан ұқсын!?

Ұлық пен ояздың қабағын баққан бай мен биге, көршінің ошағының түтінін андыған қыдырмашы мен жалқауға «дырау» сөзбен «дүре» салады. Қоғамның «дертіне» ем таба алмай, қайратты жасының «айғайы мен» өтіп бара жатқанына өкінеді: «Қайғы шығар ілімнен, Ыза шығар білімнен. Қайғы мен ыза қысқан сон, Зар шығады тілімнен». Сауыққұмар, меніреу жандарға Хакімнің қаны «қайнайды». Осында «түсі суық бір жан отыр, Алысты тұманданған ол ойлайды, Өзге жұрт ойды нетсін, өңкей соқыр». Құлағымызға күңіренген дауыс алыстан талып жететіндей.

Шынында да, меніреу жандарда «не жұмыс бар тағдырменен, Ойнай бер де, күле де бер күні-түні... Елемесен, елетер, бір танытар, Қайда айдаса, барасын, кім тартынар?» Бұған ойлы пендені тоқтаса керек, ал қулық пен құбылудан түзелмеген жаннан жақсылық күту әбес. Олай болса, көкірегі ояу замандастың парызы — «жол нұсқап, жоба көрсетіп, жиһан кезіп» білім жинау. Хакім ниеті түзу, көңілі таза қандастарына, әсіресе келешек ұрпағына сыбыр мен өсектен қашып, жұртқа ілім-біліммен, озық өнермен, адал еңбекпен жағуды үлгі тұтады.

Ақынның татар Ғабитқан молданың мал тапқанына мастанған Ғабидолла деген ұлына арнаған әжуа өлеңі бірқатар мақтаншақтың пысын басып, айналасын күлкіге қарқ қылады. Абай осылай «тәуекел мен батыр ой, өткір тілді найза етіп», сайысып-ақ бағады. Енді жалғыз да емес, айтқан сөзі бірден-бірге тарап, қазақ даласында «қоныраулатып», ел-жұртын ұйқыдан оятады. Бірақ ақынның жандырайтын кезі де азайып бара жатты. Ол заманда да «опыртқыр», даракы бас қосулар, «ішкен жеген, таласқан, кезексіз сөйлей берген... асау той, тентек жиын» асқынып тұрған болатын.

# Ақын кейіпкерлері АРАМЫЗДА

Қараңғылық пен надандық «көлеңкесі», өкінішке қарай, адам баласын өкшелеп, артынан қалмайтын көрінеді. Одан қара үзіп кетудің қиындығына Абайдың сөзіне ден қойып, бүгінгі күнмен салыстырған сайын көзіміз жете түседі. Ақын сынының «нысанасына» ілінген кейіпкерлер қазір де арамдыда жүр. Жастық шағында ол замандасының олақ сөзі мен орашолақ ісінен күлкіге кенелер еді. Есейе келе, өзгенің «сүрінгеніне» масайраудың әбестік екенін ұғып, іштей қысылатын әдет табады. Алайда «жақсы адамның жақсылық тапқанына рақаттанып» күлудің жөні басқа.

Осылай қатарынан ерте оянған Хакім күлкінің де түр-түрі барын жадына тоқып, төңірегіне түсіндіруге тырысады. Тіпті «уайым-қайғысыздықты азайтатын да орынсыз күлкі емес, орынды қарекет» екен. Сондықтан «жаман кісінің қылығына ыза болғаннан күледі... ызалы күлкінің өзі қайғы». Ашудан бұлыққан ақынды ерте «қартайтатын» — елінің малдан басқаны ойламай, қараңғылық «қорасына» қамалған тірлігі. Ой теңізіне «сүнгіген» сайын өзін күлкіге жеңдірмей, «мастыққа жібермей, уақытымен тоқтататын ғибрат» табады.

Мұның да пайдасын өмір жолында әрбір адам талай түйсінсе керек. Сөйтіп енді біз де жақсының ғана алаңғасар мінез-құлқына Хакіммен қоса жадраймыз. «Іштен, көкіректен, жүректен келмейтін» күлкіден аулақ болғанның қадірін сезіне білгенге не жетсін! Кейбіреу секілді «қолдан жасап, сыртыменен бет-аузын түзеп, әдемілік үшін күлетін бояма күлкінің» мойынға шығармаған ләзім. Асыл мұра алдамшы күлкіні айнадағыдай көрсетіп, бұлтартпай әшкерелейді. Жалған қарқыл-жырқылдың сырына көзіміз бірте-бірте ашылады.

«Бояма күлкіге» тегінде біреулер көңіл үшін ғана қосылса, екіншілерінің шын сырын қарқылмен «қалқалайтынын» да көріп жүрміз. Хакім орынсыз күлкіден азар да безер болады: «Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өзі бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетұғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын». Бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек. Осындай ғафилдік көп өткізіп, өлмеген кісінің не дүниеде, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек».

Қабырғасына батқан жайға ақын бейжай қарап, бейтарап бола алмайды. Өзінің тұрғыласы «Абыралыға» арнаған өлеңін оқи отырып, езу тартпау мүмкін емес. Әлгінің құран аятын түсінбей, қарадүрсінге салғанына қынжылған ол ашуын қағаздан алады. Өз басы талай «мұсылманды көріп жүрсе» де тап мынадай «намаз білмес пақырды» жолықтырмапты. Бұл шіркіннің міндетті бес уақ намазын келістіре алмай жүріп, жайнамазға алтыншы рет «жығылғаны» қай сасқаны! «Көз алдымыздағы» шала намазханның әрекетіне біз де қосыла күлеміз.

Өйтпегенде ше, өзіңіз қараңыз: «Намаз-шамның артынан / Құржаң-құржаң етеді. Жер ұшық берген кісідей / Тонқандай ма, не етеді...» Ең масқарасы сол, әлгі намазхан тонқандап жүріп, ұятқа қалады: «Нәпіл түгіл, намазы — Бәрі желге кетеді». Өткен, пендені жаратушыға шын құрметін білдіре алса, оның бұл «сыйы кәусар суындай» емес пе! Құран аяттарын шала-шарпы қайырған

бар». Ақиқат жолына азды-көпті «иілген» пендені мұндай ой кірмеген тәкаппардан, әлбетте, қайтсе де артығырақ.

Әділет пен адамдық талабын ұмытқан ондай нысапсыздарды ақын, тіпті маңайынан жүргізбек емес. Әкесі Құнанбайдың жасаған көп қамқорлығын тез ұмытып, «жау жағадан алғанда» қарсы жаққа шығып кеткендер де ойында. Бірақ өзі білетін кейбіреудің «тайғанак» болмысына таңғалмайтын болғалы қашан?! «Досым деп ат беріп жүрсең, дұшпаның келіп тай берсе, бұзыла қалатындарға» ашулануды да қояды. Соның бірі — Көжекбай, оның әкесі Құнанбайға өкіл ата болып, Ұлжанды өкіл қыз еткен Жамантай деген кісі екені Тұрағұлдың естелігінен мәлім.

Кезінде қажы жерге талас үстінде өлген Жамантайдың құнын жақсылап төлеттіріп, марқұмның Көжекбай, Тезекбай, Мақаш деген ұлдарынан қамқорлығын аямапты. Бірақ ел арасы бұзылғанда осы Көжекбай жау жағының намысын жыртады. Тіпті Құнанбай қайтыс болғанда, Абайға бауырларын шағыстырмақ болады. Сондағысы «қажының басқа балалары жабдық әкел-мепті, болыспапты-мыс». Ақын «Жамантайдың баласы Көжек деген, Әркімге өсек тасып безектеген», — деп, оған «қамшысын» үйіреді.

Міне, сол сәттегі дір-дір қаққан «қоянның» кейпі арамдыдағы өз кінәсін мойнымен көтере алмайтын кейбіреуді еріксіз еске түсіреді. Ақынның ащы әжуасы Көжекбайларды ұяттан «өртесе» керек: «Досын келіп досына жамандайды, Шіркінде ес болсайшы сезед деген». Хакім «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсекызар мен жалмауызды» сынаған өленінің бірінде Құсайын деген жолдасының ызасынан оған да Көжектің «тұлыбын» кигізеді. Көп уақыт сырлас болып, басына іс түскенде «іздесең таптырмайтындар» қай заманда да табылады.

Құдайдан қорықпай, «өзі көрген қой-масын жауына ашып беретін» антұрғандардың «сыбағасын» Хакім ондырмай береді: «Келіп-кетіп көп жүріп, Мен досымды деп жүріп, Дұспандығын оздырар». Яки «кеселді боп біткен жақындар», тіпті «Жау жағадан алған күн / Өздері иттей тақымдар». Бұлардан не қайыр: «Жау көп болса басында, Бірі қалмас қасынданың» кебі.

Хакім жанын сыздатқан қоғамның «сырақтарын» қандастарына «тұспалдап емес, туралап айтып, көрсеткенді» (М. Әуезов) жөн санайды. Ол, әсілі жеке адамға, тіпті «қайран қазағына» қарата сөйлегенімен, «Бір кісі емес, жазғаным, жалпақ жұрт қой» деп, барша адам баласына тән кемшіліктерді жайып салады. Сол себепті оның қайғы-шерінен әркім өз қайғы-шерін ұғынады.

Адам баласының түр-түсі мен тілі өзгеше болғанымен, мінезінде айырмашылықтың аз екені белгілі. Жалқау мен жағымпазға, арам мен арсызға, сабырсыз бен санасызға қай халық болса да кенде емес. Ондайлар қазір де ар-ұятқа пысырмай, «шайқап өтуді» көздеп, шалқайып күн кешкеніне масаттанады. Бірақ солай екен деп, замандасқа бірден теріс айналып, күдер үзудің жөні қайсы? Ақын жоқ жерден сылтау іздеп, жаңылыс басқан замандастарын жұрттың күлкісіне қалдырудан әсте аулақ. Сондықтан бастапқыда оларды жеңіл әзілмен сипай «қамшылайды».



**Мұхтар ҚАЗЫБЕК**

Абай өлеңдерінің ішінде оқшау тұрған «Қансонарда бүркітші шығады аңға» болса, бұл туындының аңшылыққа арналғаны, ал аңшылықтың «қазақ халқының ежелгі кәсібінің бірі, күнкөріс құралы болса, бергін келе спорттық, саяткерлік өнер түріне айналғаны»<sup>1</sup> бұрыннан белгілі жайт. Ұлы ақынның осы өлеңді жазуға саналы түрде баруының себебі, дәл осындай аңшылық ләззатын, оның құмарлық құпияларын бұрынғы әдебиет өкілдерінің сөз етпегенінен емес, кансонар арқылы да қазақтың мінезін сомдап, елдің саятшылық өнеріне елең еткізуді ойлағанында. Аңшылық, саятшылық кәсіпке, өнерге Абайдың айрықша мән беріп жырға қосуы қалай болғанда да тегін емес, ұлттық болмысымыздың табиғатын да аңдатқандай кансонар қыс мезгілінің ерекше бір сыйы іспетті. «Қансонарда» өлеңі табиғат аясында, қысқы сахарада өтіп жатқан ежелгі саятшылық өнерінің қыр-сырын, баптап түлкіге салған қыран құстың тегеурінін, алпыс екі айлалы алтайы қызыл түлкінің арпалысын қимыл, қозғалыс үстінде жандандырып суреттеген ақын көп нәрсенің астарына да үнілуге итермелейді, ой салып өтеді.

Ит пен құстың өзін қолына үйретіп шаруасына пайдаланып келе жатқан ата-бабаларымыз жан-жануарлардың да мінез-құлқын, тіршілік-тынысын зерттеп зерделегені сонша қыран құстың, ителгі мен қырғидың өзін құс болса да қолына үйретіп, баулып, баптап күтім жасай білген, бұл — құстың да тілін білген деген сөз. «Қансонарда» халқымыздың бай этнографиялық қазынасының көп жәдігерлік көріністерін ақын поэтикалық тілмен түйіндеп кетеді. Оқырман сырттай ғана емес, ұлттық болмысымен, ұлттық таным-түсінігімен қабылдайтын аңшылық көріністің картинасы кең-полотнолы суреттей көз алдында тұрады. «Қыран құстың» қызығы ақынның өзін де, оқырманын да елітіп, еліктіріп, желпіндіріп те жібереді. Сонда онда не сыр, не күдірет болғаны?

Саятшылық өнерге, соның ішінде, саят құстарына қатысты деректерді реті келіп тұрғандықтан келтіре кетейік. Өйткені Абай жырлап отырған құсбегілік өнердің табиғатын, қыр-сырын аша түссек, өлеңге тақырып болып отырған объектіні де кеңірек түсініп, тани аламыз. Саятшылар құс атаулыны желбесін құстар, тұяқты құстар деп екі топқа бөледі. Желбесін құстар етін жейтін, жүнін мамық ретінде пайдаланатын құстар тобы. Оның өзі су құстары (аққу, қоңырқаз, қоқиқаз, бірқазан, қалбағай, аққұтан, көкқұтан, керқұтан, әузілдек, шағалалар), қыр құстары (дуадақ, жорға дуадақ, безгелдек, оқпақ, қарабай, тырна, шыңырау, тарғақ), судың бойы мен қырды бірдей жайлайтын құстар — қырғауыл, құр, шіл, ұлар, таукүдірет, орақтұмсық, сатауық, бөдене, бұлдырсық сияқты түрлері бар. Тұяқты құстардың өзі «қыран затты», «керексіз заттылар» болып бөлінеді, соңғысына әртүрлі қарақұстар (көкжөре, күшіген, балтақұстар, сақалтақ), субүркіт, санқылтақ, сарышағыл, саржала, жалмансары, бөктергі, кезқұйрық, құладың, күйкентай, ақсары, ақүкі, жапалақ, сондай-ақ құзғын, қарға, сауысқан осы топқа кіреді. «Қансонарда» Абай желбесін құстарды емес, болат тұяқты қыран құстың аң аулау тәсілін суреттейді әрі қызықтайды. Тұяқты

құстардың ішінде «ақылдысы» әрі адам қолына үйренуге икемдісі, әрі пайдалысы, түйсігі мол қыран заттылар, ол өте сезгіш әрі сезімтал құс. «Тумысынан аң, құс алып кәделі қызмет атқаруға лайықталып жаралған қыран құстардың негізгі тұқымы үш түрлі. Олар бүркіт, қаршыға, сұңқар тектес қанаттылар. Бұл көрсеткен үш текті құстың жаратылысы өзге құстан бүтіндей басқа. Олар тұз құсының ішіндегі ең қарулысы, тегеуріндісі әрі ұшқыры және олардың тұяқ, тұмсық бітісі де басқа құстан өзгеше келеді. Сондықтан оларды саятшылар тілінде «қыран құс» деп атайды» деп жіктеп, салалап түстеп

дай бейнелеп өрнектеуі, бұл — қыранның ең мықты қаруы сегіз тұяғы. Саятшылар бірден ұға кететін әдемі әрі бұрын сөйлеу машығында ұшыраспайтын тын тіркесті теңеу. Сөз зергерінің бүркіттің ең мықты қаруын сегіз найза қолында деп жырлауы ұтқыр да ұтымды шыққан.

Академик Ә.Марғұлан жоғарыда келтірген мақаласында былай деп жазады: «Ылғи аңмен алысып күн өткізетін саят құстарының тарамыс бітісі де басқа хайуандікінен өзгешерек. Бұлардың тарамысы жембасар (алға қарай кеткен үш саусак) мен тегеуріннің (артқа қарай біткен саусак) бауырын ала иректеле бітіп,

аңшылық рақатынан адам бір жасап қалатын әсем көрініс.

Аңның да, құстың да мінез-құлқын, ерекше қасиеттерін қапысыз тануы жағынан Абай кәнігі саятшыдан да асып түседі. Қыран бүркіттің әдемі, келісті қимыл-қозғалысын шеберлікпен әрі шабытпен сипаттауы соның айғағы. Абай «Шоқпардай кекілі бар, қамыс құлақ» деген өлеңінде жануардың ішіндегі сұлу түлкі жылқыға берген сипаттамасы сыны қандай ғажап болса, «Қансонарда» қыран құстың да бойынан сондай бір өзге жануарларға ұқсамайтын ерекшеліктерді танып, соны өлең тілімен тамаша мөлдіретіп өрнектей білген. Ақынның қыранды суреттеуінің астарында Абайдың өзі қанық болған, бізге бүгінде беймәлімдеу этнографиялық құндылықтарға айналып бара жатқан астарлы дүниелер табиғатының беткі көрінісі сипатталып өткендей болатыны сондықтан. Ол көрініске үнілсең дала табиғатының мінезін, халқымыздың этномәдени мұрасын, этнографиясын, тұрмыс-салтын тануға алып барады. Ақынның бір сөзбен көп дүниенің басын қайырып кететіні, көріністеріне дейін сыр шертіп тұратыны сондықтан.

«Қансонарда» Әуезовше айтқандай, Абайдың «жаңаша қалыптанған ақындық мәдениетін танытады». Ол қандай мәдениет, ең алдымен, орыс классикалық поэзиясының дәстүрін сіңіру, солай бола тұра орыс поэзиясына тікелей еліктеу де жоқ, бұл — таза қар жамылған қысқы далада өтіп жатқан аңшылық, саятшылық, ұлттық болмысымызға тән құсбегілік өнер. Құсбегілік өнердің қызық та қызығарлық сәттерін ақын өзі де оқиға ішіне еніп кеткендей етіп еліктіріп суреттейді. «Қансонар» ақынның табиғатты да көркем суреттеген, бүркіттің қимыл-қозғалысын, бүркітшінің ширақ әрекетін томағасы сыпырылған қыранның биіктен сорғалап түлкіге шүйілгендегі көріністер аңшылықтың тұтас картинасын береді. Абай «Қансонарда» даланы, тау мен тасты нақты суреттейді, реалистік дәлдікпен бейнелейді. Оқиға табиғат аясында, Абай өзі талай саятшылық құрған қысқы сахарада өтеді. Бүркіт пен түлкінің арпалысқан сәтін бейнелегенде Абай «жеке батыр шыққандай қан майданға» деп, дәстүрлі теңеуді де қолданып өтеді. Одан әрі ақын: «қар — аппақ, бүркіт — қара, түлкі — қызыл, ұқсайды хасса сұлу шомылғанға» деп батыл теңеу қолдана сипаттайды. Аппақ қардың үстіндегі қара бүркіт пен қызыл түлкінің тайталасқан, қарбалас қалпын «хасса сұлудың шомылғанына» ұқсатып жіберуі ақын танымның, көркемдік әлемін қабылдауының биіктігін, образдылығын көрсетеді. Табиғаттың көркін ерекше түрлендіре суреттеген өлең — осы «Қансонарда». «Қансонар» табиғат лирикасының ең бір гауһары десе де болады. Аңшылық өнер, саятшылық бұл бір жағынан спорт өнері де. Егер ақын:

*Құсы да иесіне қоразданар,*

*Алпыс екі айлалы түлкі алғанда,*

*«Үйірімен үш тоғыз» деп жымылдап,*

*Жасы үлкені жанына байланғанда,* —

десе бұл шумактан, біріншіден, өлеңнің таза ұлттық сипаты аңғарылады, «үйірімен үш тоғызды» жасы үлкенге сыйлау — қазақ дәстүрі. Ал салт пен сана, тұрмыс, әдет-ғұрыптар — ұлттық мінез қалыптауының қайнар көздерінің негізі. Үлкенді сыйлау, алдынан кесе өтпей, айтқанын екі етпеу — ұлттық сезім ғана емес, мінез де. «Құсы да иесіне қоразданар» деген жолдар сәл нәрседен мәре-сәре болатын аңқылдақ, бала мінезді халқымыздың бейнесін беріп тұр.

«Қансонарда» өлеңінде орыс халқының өмірінен, не орыстың классикалық поэзиясынан түп-тура ауысып келіп, араласып тұрған ешбір сырт белгі, дерек жоқ. Бұндағы көретініміз қазақ халқы мекен еткен қысы қарлы, табиғат. Бүркіт салуға салт атқа мініп шыққан анық қазақтың аңшылар тобы. Еркек үшін еңбек еткен ширақ, сергек, қажырлы әрекет үстіндегі адамдар. Көпшілік елдерде, бұл замандарда қолданылмайтын бүркіт аңшылығы суреттелмек... деп жазған еді М.Әуезов.

## «Қансонарды» қайта оқығанда



**77** *Әр елде ұлы ақындар болады. Мәселен, Германияда Гете, Түркияда Юнус Эмре сияқты ақындар әлемге танымал. Қазақтар да ақыннан кенде емес, әсіресе Абай — әлем таныған ұлы ақын.*

*Әбдіуақп ҚАРА,  
тарих ғылымдарының докторы, профессор*

жазады Ә.Марғұлан «Саят құстары және олардың жаратылыстағы ерекшеліктері» деген мақаласында<sup>2</sup>. Қыран құстардың қыр-сырын аңшылықпен көп уақытын өткізген, саятшылық құрған ақын өте жақсы білген, өзі басынан өткерген. Қыран құстар биікке самғап, көбіне қалықтай сыза ұшады, оның дене бітімі сұрапылдай ағызып, сыпырта, сыпылдап ұшуға ыңғайлы. Қаршыға, лашын, сұңқар көбіне кенеттен жоғарыға атылып, не төменге қарай құлдилап, сорғалай, не қырындап бұлдырап ұшады, ол өте жылдам ұшатындықтан жемін қандай жағдайда да іліп түседі. Ал қыран бүркіттің аңға шүйлігі бөлек, ірілік сезілетіндей:

*Төмен ұшсам түлкі өрлеп құтылар деп,  
Қандықоз қайқаң қағып шықса аспанға.*

Ақын қыран құстың түлкінің қай бағытқа қарай қашарына дейін аңдып білетін сергек қырағылығына тоқталады. Абай бүркітті батыр бейнесінде сипаттаса, енді бірде паң қалпында суреттейді, қыранға кейде адамға тән іс-әрекетті бейімдеп жырлап, табиғи сипатта жымдастырып жібереді. Айла-тәсіл, әдіс қолдану қыранның түйсікпен дағдылы түрде іске асыратын қару-машығы. Түлкі жоғары өрлеп құтылып кетпес үшін қыран лезде аспанға қайқаң етіп көтеріледі. Жаратылысынан түйсігі мол жануардың бұл тәсілін саналы жанға тән қимыл әрекетін суреттейді. Енді биікке көтерілген пантның, батырдың қолындағы қаруын ақын:

*О дағы осал жау емес қыран паңға,  
Сегіз найза қолында, көз аудармай*

*Батыр аял қылмайды ертең таңға,* — деп бедерлеп, айшықтап суреттейді. Өте әдемі бейнелеу, алайда сегіз найзасы не нәрсе? Бұл ақынның тапқырлығы. Бүркітті батыр кейпінде жырлап отырған ақын, енді оның қолында сегіз найзасы бар деп бұрынғыдан да күшейтіп сипаттайды. Сегіз найза жан шыдата ма? Сегіз найза деп бір жағы жұмбақтап отырған-

<sup>2</sup> Егемен Қазақстан, 22 ақпан, № 43-46 (24299), 2006 ж.

<sup>1</sup> Қалиев С. Абай және халық дәстүрі, Қазақ тілі мен әдебиеті, 1992, № 10.



Түркі дүниесіне ғана емес, әлем поэзиясына кеңінен мәшһүр хақим бабамыз сатира жанрын да терең меңгерген. Қайсыбір тұста сарказмға да «сүңгіп» кетіп отырған. Сықақтары қағытпа, қалжыңнан әлдеқайда ұытты.

**Көжекбайға**

Жамантайдың баласы  
Көжек деген,  
Әркімге өсек тасып безектеген.  
Досын келіп досына  
жамандайды,  
Шірінде ес болсайшы  
сезед деген

\*\*\*

Кім екен деп келіп ем  
түйе қуған,  
Қатын ғой күлдәрімен  
белін буған.  
Төркінінің бергені жауыр айғыр,  
Бауырынды ұрайын бірге туған.

\*\*\*

Қалың елім, қазағым,  
қайран жұртым,  
Ұстарасыз аузыңа түсті мұртың.  
Жақсы менен жаманды  
айырмадың,  
Бірі қан, бірі май боп енді  
екі ұртың.  
Бет бергенде шырайың  
сондай жақсы,

Қайдан ғана бұзылды  
сартша сыртың?  
Ұқпайсың өз сөзіңнен  
басқа сөзді,  
Аузымен орақ орған  
өңкей қыртым.  
Өзімдікпей алмай өз малыңды,  
Күндіз күлкің бұзылды,  
түнде ұйқың.  
Көрсеқызар келеді  
байлауы жоқ,  
Бір күн тыртың етеді,  
бір күн бұртың.



Бас-басына би болған  
өңкей қиқым,  
Мінеки, бұзған жоқ па  
елдің сиқын?  
Өздерінді түзелер дей  
алмаймын,  
Өз қолыңнан кеткен соң  
енді өз ырқын.

\*\*\*

Сабырсыз, арыс, еріншек,  
Көрсеқызар, жалмауыз,  
Сорлы қазақ сол үшін  
Алты бақан алауыз.  
Өзін-өзі күндейді,  
Жақынын жалған мінейді,  
Ол арысдық белгісі.  
Ұятсынбай, ойланбай,  
Қой дегенге тіл алмай,  
Іс қылмай ма ол кісі?  
Бір-ақ секіріп шығам деп,  
Бір-ақ ырғып түсем деп,

Мертігеді, жатады.  
Ұрлықпен мал табам деп,  
Егессе ауыл шабам деп,  
Сүйтіп Құдай атады.  
Бұл нең десе біреуге,  
Жоқ нәрсені шатады.  
Құтылам деп ісінен,  
Бәрін көріп кісіден,  
Шығынға әбден батады.  
Бұл болмаса, онысы,  
Аударылып қонысы,

Алыстан дәм татады.  
Қызмет қылып мал таппай,  
Ғылым оқып, ой таппай,  
Құр үйінде жатады.  
Ел қыдырып ас ішіп,  
Еркек арын сатады.  
Бала-шаға, ұрғашы  
Үйде жарап қатады...

**Көкбайға**

Бұралып тұрып,  
Буыны құрып,  
Қисайта тартып мұрынын;  
Әсемсіп, сәнсіп,  
Білгенсіп, бәлсіп,  
Әр нәрсенің орынын.  
Керенау, кердең, бір керім,  
Жақпайды маған сол жерін.

\*\*\*

Еңбегі жоқ, еркесіп,  
Бір шолақпен серкесіп,

Пысық деген ант шықты.  
Бір сөз үшін жау болып,  
Бір күн үшін дос болып,  
Жүз құбылған салт шықты.  
Пысық кім деп сұрасаң,  
Қалаға шапса дем алмай,  
Өтірік арыз көп берсе,  
Көргендерден ұялмай.  
Сыбырдан басқа сыры жоқ,  
Шаруаға қыры жоқ,  
Өтірік, өсек мақтанға  
Ағып тұрса бейне су.  
Ат-шапаннан кем көрмес,  
Біреу атын қойса «қу».  
Кү нәпсісін тыя алмай,  
Атым шығып жүрсін деп,  
Берекеге қас болса,  
Желіктірген айтаққа  
Арақ ішпей мас болса.  
Ел тыныш болса азады,  
Ерігіп өле жазады.  
Үйде отырса салбырап,  
Түзге шыкса албырап,  
Кісіні көрсе қылжандап,  
Қалжыншылсып ыржандап,  
Өз үйінде қипандап,  
Кісі үйінде күй тандап.  
Ақылы бар кісіні  
Ғайбаттайды, даттайды.  
Ауқаты бар туғанды  
Қайырсыз ит деп жаттайды.

Мал мен бактың дұшпаны,  
Кеселді пысық көбейді,  
Күшік иттей үріп жүр,  
Кісіден кеммін демейді.  
Қу тілменен құтыртып,  
Кетер бір күн отыртып,  
Қызмет қылған кісісін  
Құрытуға таяйды.  
Қылып жүрген өнері:  
Харекәті — әрекет.  
Өзі оңбаған антұрған  
Кімге ойлайды берекет,  
Кімді ұялып аяйды?  
Расы жоқ сөзінің,  
Ырысы жоқ өзінің,  
Өңкей жалған мақтанмен  
Шынның бетін бояйды.  
Бұл сөзімде жалған жоқ,  
Айтылмай сөзім қалған жоқ,  
Абайлаңыз, байқаңыз  
Елдің жайы солай-ды.

Болыс болдым, мінеки,  
Бар малымды шығындап.  
Түйеде қом, атта май  
Қалмады елге тығындап.  
Сүйтсе дағы елімді  
Ұстай алмадым мығымдап.  
Күштілерім сөз айтса,  
Бас изеймін шыбындап.  
Әлсіздің сөзін салғыртсып,  
Шала ұғамын қырындап.  
Сыяз бар десе, жүрегім  
Орнықпайды суылдап.  
Сыртқыларға сыр бермей,  
Құр күлемін жымындап.

Жай жүргенде бір күні  
Атшабар келді лепілдеп:  
«Ояз шықты, сыяз бар»,

**Болыс болдым, мінеки**

«Ылау» деп, «үй» деп  
дікілдеп.  
Сасып қалдым, күн тығыз,  
Жүрек кетті лүпілдеп.  
Тың тұяқ күнім, сүйтсе де,  
Қарбандадым өкімдеп.  
Старшын, биді жиғыздым:  
«Береке қыл» деп, «бекін» деп,  
«Ат жарамды, үй жақсы  
Болсын, бәрін күтін» деп

Қайраттанып халқыма  
Сөз айтып жұрмін күпілдеп:  
«Құдай қосса, жұртымның  
Ақтармын осы жол сүтін» деп,

Қайраттысып, қамқорсып,  
Сайманымды бүтіндеп.  
Онашада оязға  
Мақтамаймын елімді,  
Өз еліме айтамын:  
«Бергем жоқ, — деп, — белімді».  
Мақтанамын кісімсіп,  
Оязға сөзім сенімді.  
Көрсеттім деймін, ымдаймын,  
Кәдік қылар жерімді.  
Сөз көбейді, ұлғайды,  
Мақтанның көті көрінді.  
Қазақты жеген қайратты «ер»  
Ұрынды да берінді.  
Әрлі-берлі тартысып,

Ісі арамы жеңілді.  
Алқыны күшті асаулар  
Ноктаға басы керілді.  
Үлкен-кіші ақының  
Бәрі сөз боп терілді.  
Қайрауы жеткен қатты би  
Қайрылып нетсін көңілді.  
Өз малым деп қойған мал  
Иесіне берілді.  
Ақылы жандар қамалап,  
Кептірді сонда ерінді.  
Арызшылар көбейді,  
Болыстың көті шөмейді,  
Қайтсын байғұс демейді,  
Бір кептірмей терімді.

<b>ЗАМАНАҚЫР ЖАСТАРЫ</b> Заманақыр жастары, Қосылмас ешбір бастары. Біріне бірі қастыққа Қойнына тыққан тастары. Саудасы — ар мен иманы, Қайрат жоқ бойын тыйғалы. Еңбекпен етті ауыртпай, Құр тілменен жиғаны. Өнімсіз іске шеп-шебер, Майданға түспей несі өнер? Сиыршатайса мас болып, Өреге келіп сүйкенер.	Күлмендеп келер көздері, Қалжынбас келер өздері. Кекектеп секек етем деп, Шошқа туар сөздері <b>БОЙЫ БҮЛҒАҢ</b> Бойы бұлғаң, Сөзі жылмаң Кімді көрсем, мен сонан. Бетті бастым, Қатты састым, Тұра қаштым жалма-жан. Өз ойында, Тұл бойында Еш міні жоқ пендесіп. Түзде мырзаң,	Үйде сырдан, Сөзі қылжаң еркесіп. Бас құрасып, Мал сұрасып, Бермегенмен кетісер. Адам аулап, Сыпыра саулап, Байды жаулап жетісер. Сөз қыдыртқан, Жұрт құтыртқан, Антын, арын саудалап. Бұтты-шатты, Үй санатты Байдан атты алмалап. Кедейі — ер, Кеселі зор,	Малды байдан сорлы жоқ. Аш көмектің, Жемдемектің, Босқа әлектің орны жоқ. Ел қағынды, Мал сабылды, Ұрлық, өтірік гуде-гу. Байы — баспақ, Биі саспақ, Әулекі аспақ, сірә, қу. Ақы берген, Айтса көнген, Тыныштық іздер елде жоқ. Аққа тартқан, Жөнге қайтқан,	Ақыл айтқан пенде жоқ. Әз тұтуға, Сыйласуға Қалмады жан бір татыр. Сыпыра батыр, Пәле шақыр, Болдың ақыр тап-тақыр. Су жұғар ма, Сөз ұғар ма, Сірә, жалмаң желбуаз? Айтты — көндім, Алды — бердім, Енді өкіндім — өзіме аз.
--	--	---	--	---

ҚҰРЫЛТАЙШЫ — ҚАЗАҚСТАН ЖАЗУШЫЛАР ОДАҒЫ

Редакторлар кеңесінің төрағасы  
**Мереке ҚҰЛКЕНОВ**

Бас редактор  
**Бауыржан ЖАҚЫП**

Бас редактордың орынбасары  
**Қали СӘРСЕНБАЙ**

Редакция алқасының мүшелері:  
**АЙТҚОЖИНА Марфуға, ӘБДІҚҰЛЫ Төлен, БАҚТЫГЕРЕВА Ақұштап, ЕЛУБАЙ Смағұл, ИРАН-ҒАЙЫП, КӨПІШ Әшірбек, ҚАБЫШҰЛЫ Ғаббас, ҚАНАЗ Молдахмет, ҚОШЫМ-НОҒАЙ Байбота, НҮРЖЕКЕ-ҰЛЫ Бексұлтан, НҮРМАҒАНБЕТОВ Тынымбай, ОРАЗАЛИН Нұрлан, СЕГІЗБАЕВ Кәдірбек, СЕЙСЕНБАЕВ Роллан, СМАТАЕВ Софы, ШАХАНОВ Мұхтар, ЫСҚАҚБАЙ Марал**

Жауапты хатшы  
**Мұратқали ДҮЙСЕНБАЕВ**

Әдебиет бөлімі:  
**Еркін ЖАППАСҰЛЫ, Еділбек ДҮЙСЕН**

Мәдениет және руханият бөлімі:  
**Мөлдір РАЙЫМБЕКОВА**

Әлеумет, тарих бөлімі:  
**Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ Жүніс ОМАР**

Art-редактор  
**Марат СӘБДІКЕН**

Компьютер орталығының жетекшісі  
**Данияр ҚАБА**

Терімші  
**Рысқұл ЖҰМАБАЕВА**

Корректорлар:  
**Айнаш ӘЛДІБЕК, Гүлбану ЕРКІН**

**Меншікті тілшілер:**  
Астана қаласы,  
Ақмола, Солтүстік Қазақстан,  
Қарағанды, Ұлытау облыстары  
**Айтбай СӘУЛЕБЕК,**  
Алматы облысы  
**Ержан ТОҚТАРҰЛЫ**  
Абай облысы  
**Дәулет СЕЙСЕНҰЛЫ**  
Ақтөбе облысы  
**Бауыржан ҚҰРМАНҚҰЛ**  
Атырау облысы  
**Әлия ДӘУЛЕТБАЕВА**  
Батыс Қазақстан облысы  
**Мәрлен ҒИЛЫМХАН**  
Жамбыл облысы  
**Көсемәлі СӘТТІБАЙҰЛЫ**  
Жетісу облысы  
**Жангелді НЕМЕРЕБАЙ**  
Қостанай облысы  
**Жанұзақ АЯЗБЕКҰЛЫ**  
Қызылорда облысы  
**Қаршыға ЕСІМСЕЙІТОВА**  
Маңғыстау облысы  
**Сағындық РЫЗАХМЕТ**  
Павлодар облысы  
**Серік ЕЛІКБАЙ**  
Түркістан облысы  
**Айдар СЕЙДӨЗІМ**  
Шығыс Қазақстан облысы  
**Тоқтарбек МАҒЗҰМОВ**  
Шымкент қаласы  
**Момбек ӘБДӘКІМҰЛЫ**

**Кезекші:** Еділбек ДҮЙСЕН,  
Рымтай КӨКЕНАЙҚЫЗЫ

**РЕДАКЦИЯНЫҢ  
БАЙЛАНЫС ЖҮЙЕСІ:**  
**8 (727) 272-88-17**  
**e-mail:**  
Kazakh\_adebiety@mail.ru  
**Мекенжайымыз:**  
050009. Алматы қаласы,  
Абылай хан даңғылы,  
105-үй. 3-қабат.

**Таралымы 15 000. Тапсырыс 895**

**Газетте** жарияланған авторлар пікірі редакцияның көзқарасы болып есептелмейді. Материалдарды көшіріп басқанда редакцияға сілтеме жасау міндетті. Кей суреттер галамтордан алынады. Редакцияға келген хаттарға жауап жазылмайды, қолжазба авторға қайтарылмайды.  
**Газет** Қазақстан Республикасының Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2011 жылғы 21 қарашада №12120-Г кәуәлігі берілген.  
**Газет** «Алматы» – Болашақ» АҚ баспаханасында басылады. С.Мұқанов, 223-В. • Офсеттік басылым.  
**Газет** материалдары «Қазақ әдебиеті» газетінің компьютер орталығында теріліп, беттелді.

**Газетіміздің келесі саны  
15 тамызда шығады**